Қорыта айтқанда, ғылым мен техниканың қазіргі даму барысында өндіріс және мәдени орындар мен мектептерге компьютердің енгізілуі тегіннен-тегін емес. Ол білім берудің ғылыми базасын және олардың өзара байланысын күшейте түсуді қажет етеді. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға, білім беру жүйесінің алға басуына көмектеседі. Өйткені, физика – оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және дамытатын негізгі буын. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасайды. Елбасы «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте қажет» деп атап көрсеткендей, инновациялық оқыту технологиясын қолдану – жаңа білім берудің бірден-бір шарты деп есептеймін.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан мектебі. 2008 ж. №6 «Ақпараттық технологиялардың тиімділігі».
2. Қазақстан мектебі. 2008 ж. №11 «Электрондық оқулықтарды пайдаланудың педагогикалық ұстанымдары».
3. Б.Б. Жолдасова «Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану» Білім, №5, 2007 ж.
4. «Физика және астрономия» республикалық ғылыми - әдістемелік педагогикалық журналы. 2012 ж. №2.

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

*Ахмедина Ақтоты Қабдрашитқызы
Б.Алтынсарин атындағы
гимназияның жаратылыстану
пәнінің мұғалімі*

Аннотация: Бұл мақалада білім берудің жаңа әдіс - тәсілдерімен инновациялық технологияларды пайдалану тәсілдерінің тиімді жолдары қарастырылады.

Кілт сөз: Білім, интербелсенді тақта, инновация

Abstract: This article discusses effective ways of using innovative technologies with new methods and methods of education.

Keyword: Education, interactive whiteboard, innovation

Биология – ХХІ ғасыр ғылымы. Сондықтан да ол жаңа ақпараттық технологиялармен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесіндегі негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пәнді оқыту мұғалімнен зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептердің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Интерактивті әдіс диалогтік әдіс нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір – бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде биологиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде оның құрылғылары қолданылады. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивті тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. Интерактивті тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дұрыс дайындау керек.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген, соның бірі – білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, бүкіләлемдік коммуникация желісіне шығу[1].

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу – тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.

Мұғалімдердің пайымдауынша инетраактивті бағдарлама олардың жартылай жұмысын атқарады. Мысалы, белгілі бір материалды интерактивті тақтада орындау арқылы файлдағы белгілермен өзгерістерді сақтап қалуға, оны сабақта болмай қалған оқушыларды қайта түсіндіруге немесе келесі жолы тағы да қолдануға болады.

Мұғалім оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын меңгері, оны пайдалану арқылы өзінің материалдық базасын толықтырып, әрі уақытты үнемдейді.

Сабақта мұғалім интерактивті тақтаны бір емес бірнеше рет пайдалана алады, қарапайым тақтаға қарағанда интерактивті тақта пайдалануға ынғайлы, әрі уақытты үнемдейді.

Мектептегі пәндерді оқыту процесінде компьютермен сабақ өткізу мұғалім мен оқушы қарым – қатынасы жүйесін, олардың іс - әрекетінің мазмұнын, құрылымын, өзгерте отырып, олардың мотивациялық эмоционалдық ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді.

Интерактивті тақтаны оқытудың басқа тәсілдеріне қарағанда көптеген жетістіктері бар. Бұл жетістіктер туралы өз сабағында интерактивті тақтаны пайдаланатын мұғалімдер айта алады. Мұғалім әріптестерімен бірге отырып сабақ беру мен уақытты үнемдеу ғана емес, сонымен қатар берілген материалдардың сапасын да арттырады[2].

Білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады[3].

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер

Білім беру – жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған. Бағдарлама жалпы алғанда әлемдік дәрежеге жету мақсатын көздей отырып, жаңаша қырда қолданылатын технологияларды тиімді пайдалану.

2. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау

Бағалау – одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Мұғалімдер мен оқушылар өздерінің қандай мақсатқа жететіндерінің өлшемдерін түсіну. Осыған байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін қарастырады.

4. Оқытуда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды АКТ пайдалану

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, оқушының ой өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді. Бағдарлама соңында мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді және сыни тұрғыдан пайдаланушыларға айналады.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту

Талантты және дарынды оқушыларға білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жасау. Оқушылардың қабілеттерін дер кезінде анықтай білген ұстаз болашақ талантты да тани біледі.

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқу

Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларына сергіту сәтін жүргізуде жас ерекшеліктерді ескеріп отырып орындату қажет.

7. Білім беруді басқару және көшбасшылық

Аталған модуль білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек деген тұжырымға саяды. Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің өмірлік ұстанымыңызды таңдай білу, адамдық көшбасшылыққа негізделеді. Олай болса, бағдарламаның негізгі идеясы сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатыны негізделеді. Мектеп жұмысының бағдарламасына балаларға көшбасшы болуға үйрететін тренингтер, рөлдік ойындар кіреді. Осы модульдерді тиімді пайдалану арқылы құзыретті мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре түспек. Құзыретті мұғалімнің міндеті оқушының жеке тұлғалық ерекшелігіне мән беру. Құзырлы білім беруде ұстанатын факторы

оқушының өздігінен білімнің мәнін меңгеруі және бағалай білуі. Бағдарлама нәтижесінде - тәуелсіз, ғылымға қызығушылығы оянған, білім алуға бейім, сенімді, жауапты, сын тұрғысынан ойлай алатын, өзгелермен еркін тіл табысатын, сандық технологияларда құзыре ттілігін көрсететін оқушылар дайындалады[4].

Мен жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысамын. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеймін. Ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын.

Олар:

- Жеке шығармашылық тапсырмалар, жобалар.
- Блок-схема, графиктер, диаграмма, т.б.
- Тірек-схема, көрнекіліктер және анықтама құралдары
- Ойын арқылы оқыту
- Сөзжұмбақ, ребустар
- Тестілеу.

Сонымен қатар « XXI ғасыр көшбасшысы» ойынының компьютерлік нұсқасын өз сабақтарымда пайдаланамын. Оқушылар бұл ойын арқылы өз білімдерін шыңдайды.

Сонымен биология сабағын АКТ көмегімен оқыту төмендегі мәселелерді қамтиды:

Оқушыларға оқылатын табиғат құбылыстарын толық және дәл ақпаратты бере отырып, оқу сапасын арттыру .

1) Оқытудың көркемділігін арттырады, яғни оқушыларға қиын да күрделі материалдарды көрнекі түрде түсіндіруге қол жеткізеді.

2) Оқытудың тиімділігін жоғарылатады және оқу материалын түсіндіру мүмкіндігін арттырады;

3) Оқушылардың ғылыми дүниетанымдық көзқарастарын қабыптастыра отырып, олардың білімге құштарлығын , табиғи сұранысын қанағаттандырады.

4) Мұғалімді техникалық жұмыстан босата отырып, үнемдеген уақытта олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

5) Мұғалім мен оқушының жұмысын жеңілдетеді.

Интерактивті тақтаны қолданудың артықшылығы:

1)Интерактивті тақтада өтілген сабақтар оқушыларды жаңашылдығымен қызықтырады.

Интерактивті технологияның ерекшеліктері:

1) Бормен тақтаға жазған кескінді экрандағы түрлі –түсті, айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды. Тақта мен бордың көмегімен әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын, әрі мүмкін емес.

Слайдтарда кемшіліктер мен қателер жіберілсе , тез арада түзетуге болады. Сабақтың өнімділігі артады. Басқа пәндермен пәнаралық байланыс орнайды.

2) Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.

3) Оқу материалын беру беру логикасына көп көңіл аударады, бұл оқушылардың білім деңгейіне оң әсерін тигізеді . Компьютерге деген қарым-қатынас өзгереді.

Биология пәнінен сабақ өту барысында интерактивті оқыту технологиясын, яғни белсенді «Естігенді мен ұмытпаймын», «Істеген ісіме жауап беремін» әдістерін қолдану оқушыларды іс-әрекеттеріне дұрыс баға беруге тәрбиелейді.

Менің міндетім-сабақта берілген материалдарды оқушылар толық түсіну үшін, қолайлы жағдай туғызамын.

Жақсы білім алу үшін қажетті ұстанымдар:

Оқушы білім алуға дайын ;

Білім беруге түрлі әдістер мен тәсілдер қолданамын;

Қайталау –білімді бекіту үшін қажетті элемент

Қаншалықты оқу барысы шынайы болса, соғұрлым білім беру тиімдірек.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай, Болашақ мамандарға сапалы білім беруге, әлемдік білім кеңестігінен мемлекетімізге лайықты орын алуға білім саласындағы қызметкерлерге тиісті жағдай жасауға айрықша мән беріледі. Ғалымдар жаңа технологияларды көптеп енгізуде. Себебі, жаңа оқыту технологияларын енгізу заман талабына сай білім беру бағыты өзгереді, өздігінен білім ала алатын логикалық пайымдай, талдай, қорытындылай алатын коммуникативті тұлғаны қалыптастыру қажет[5].

Жаңа ақпараттық технологияларды білім беру жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылады. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалу керек.

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерімді тұжырымдай келе, компьютерді қолдану негізінде мектеп пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады.

Мектептегі ақпараттандыруға осылай мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, алдыңғы қатарлы мемлекетке айналады. Ол дәрежеге жетуге қажетті білім алуына біздің жас ұрпақтың қабілетінің жететініне сенімім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қуанышева С.Е. Биологияны оқыту әдістемесі
2. Қайым Қабділрашид. Биология. Анықтамалық көмекші құрал.
3. География, Экология және Биология журналы.
4. Биология анықтамалылығы журналы
5. Биология Қазақстан мектебінде әдістемелік журналы

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

*Әбілдина Әйгерім Бисенбіқызы
Информатика пәнінің мұғалімі
№4 жалпы орта білім беретін мектебі
Арқалық қаласы, Қазақстан
aab1991.912@mail.ru*

В течение урока учащиеся научатся критически рассуждать, уметь отстаивать свои мнения, принимать альтернативные решения, развивать интерес учащихся к предмету информатики, также играет большую роль в развитии исследовательских навыков с применением различных методов и приёмов. Критическое мышление играет большую роль в развитии логических способностей учащихся, и дает возможность быстро адаптироваться к жизни.

Ключевые слова: исследования, критическое мышление, интерес.

At the end of the lesson, students will learn how to think critically, often to argue, to make alternative decisions, to develop students' interest in the subject of informatics, and to develop their research skills. role plays a role. Critical thinking makes it clear that the student plays a large role in the rapid development of the ability to adapt to life.

Keywords: research, critical thinking, interest.

*«Бүгінгі күн – талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оны жүзеге асыруға ерік- жігері бар адамдардың уақыты»,
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев*

Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне ену отандық білім дамуының стратегиялық жоспарын әзірлеуді және соған орай ұлттық білім жүйесінің жетістіктері мен білім дамуындағы жалпы әлемдік үрдістерді ескеретін жаңа үлгісіне көшуді талап етуде. Білім бере отырып, тиімді жолмен жаңа заман тұлғасын қалыптастыру әр оқытушының мақсаты екені анық.

Білім беру жүйесі алдындағы міндет технология өзгерістеріне бейімделе алатын атқарушы тұлғаны қалыптастыру. Білім берудің болашақ мұраты ойлауға, үйретуге негізделуі тиіс. Ойлау әдістері мен амалдарын сапалы түрде игеруге көшу – оқу үрдісіндегі өте маңызды кезең. Жаңа технология негізі – ізгілендіру және демократияландыру.

«Информатика сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту» бағдарламасына негізделген сабақтар оқушыларды жан-жақты және тереңірек ашуға, оларға бағыт-бағдар беріп, әсер етуге, оқушы көзқарасын өзгертуге септігін тигізеді. Мұндай сабақтарды өту барысында сабақтың мақсатын нақтылап, оған шығармашылық тұрғыдан келіп,

оқушының білімділік, тәрбиелік жағынан қызығушылығын арттырып, ой-өрісін дамытуға баса назар аударамын.

Сын тұрғысынан ойлау сабақтарында оқушы өзін-өзі еркін ұстап, өзгеге сенімін, жылуын күшейтеді. Кейде өзгеге көмектессе, кейде өзіне көптің көмегі қажет болады.

«Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» бұл бағдарлама 60 түрлі стратегиялардан: әдістерден тұрады. Мақсаты - шығармашылық ойлауды, сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Мұғалімнің міндеті - баланың шығармашылық қабілетін дамыту, өзін тұлға ретінде сезінетіндей мүмкіндік ашу. Сонымен қатар, сын тұрғысынан ойлау әдісі мұғалім қызметінде ұйымдастыра отырып, оқушылардың жеке, топпен, жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл стратегия оқушының жекелеген мүмкіндіктерін ашуға бағытталған. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Оқушылардың ауызша, жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады.

Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту арқылы:

- әр оқушы сабаққа толық қатыстырылып, деңгейін анықтай алады;
- жеке тұлғаның танымдық белсенділігін арттырады;
- қызығушылығын оятады;
- сұрақ қойып, өз ойын еркін айтады;
- мазмұнын толық түсінуге жағдай туғызады.

Халық даналығындағы мына бір ұлағатты сөзді әрбір ұстаз өмірлік ұраны етіп қалыптастырар болса, біздің елде сауатсыз шәкірт болмайды «Бір жылдығын ойлаған егін егеді, он жылдығын ойлаған ағаш егеді, ал жүз жылдығын ойлаған ұрпағын тәрбиелейді». Осы сөзді ұран ете отырып, мен өз сабақтарымда жаңа әдіс - тәсілдерді, соның ішінде Сын тұрғысынан ойлау технологиясын жиі қолданамын.

Сын тұрғысынан ойлауға дамыту модулінде мен келесідей: «Қос жазба күнделігі», «Sinkuein», «Автор орындығы», «Блум түймедағы», «Екі жұлдыз, бір ұсыныс», «Жіңіше-жуан сұрақтар», «Raft», «Джиксо», «Бір айналым сұхбат» «Ашық хат» және т.б. әдіс-тәсілдерді қолданамын.

Өз пәніме қатысты айта кетер болсам, бізде көпнеше теориямен практиканы ұштастырып оқытамыз. Б. Алтынсарин: «Балаға айтып түсіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды» деген. Яғни бала теорияны меңгерумен қатар тәжірибе жүзінде де қалай жасау қажеттігін ұғынуы керек. Тәжірибелік жұмыс жасау барысында көптеген сұрақтар туындайды. Оқушылар өзара пікірлері мен болжамдар айта отырып, бірлесе жұмыс жасайды. Бұл таңда «Тыңдап отырған үштік», «Жұптық әңгіме», «Қар үйіндісі», «Әңгіме-дебат» сияқты әдіс-тәсілдерді пайдалану тиімді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. «Сыни ойлау» анықтамасына еш келмейтін ойлаудың үшінші түрі – ол шығармашылық немесе көкейкесті ойлау. Сонымен сыни тұрғыдан ойлау үш бөліктен тұрады: Біріншіден, сыни тұрғыдан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Ал сабақ сыни тұрғыдан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Біз үшін басқа біреу сыни ойлай алмайды, біз барлығын өзіміз үшін жасаймыз. Сонымен қатар ойлау

өзіндік сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлағандық болып есептеледі. Өз бастарымен жұмыс істеп, ең қиын деген мәселені өзі шеше алулары үшін оқушыларға жеткілікті түрде бостандық берілуі керек. Мысалы: оқушылар мұғалімнің айтқанын жаттанды түрде қайтып айтып беруі мүмкін.

Мұғалім бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс. Сыни тұрғыдан ойлау өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ал, сабақ сыни тұрғыдан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам басқаның көзқарасымен жиі келісе бермейді. Олар не ойлау керектігін өздері шешетін болады. Сыни тұрғыдан ойлауды дамытудағы әдіс-тәсілдерді қолдану сабақта көп нәтиже береді. Оқушының жеке басын дамыту үшін мынандай қағидаларды есте үнемі ұстап отыру керек.

1. Баланың бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай оны үнемі алға жылжуға деген талап тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру.

2. Білімді өз бетімен іздену арқылы ойлауға жағдай жасау.

3. Өзін-өзі қалыптастыратын тұлға қалыптастыру.

Жалпы әр сабақ психологиялық дайындықтан басталады. Оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтып, өздерін сабаққа дайындап алады.

Сын тұрғысынан оқыту технологиясын тәжірибемде қолданғанымда мынандай қорытынды жасауға болады: оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға үйреніп жатыр, еркін сөйлеуге, ой бөлісуге тырысып жүр, ізденеді, берілетін шығармашылық тапсырмаларды орындауға тырысады. Және байқағаным балалардың сөздік қорлары кеңейді. Мысалы, оқушылар өз достарын туған күнімен құттықтағанда өте жақсы-жақсы тілектер айтып жатады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде менің сабағымда оқушылар арасында: -белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды: — мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға үйренді; — бір-біріне құрметпен қарауға үйренді; — бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланды; — өзін жеке дара тұлға ретінде тани біліді; — өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға үйренді; — өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға үйренді; — достарының ойын тыңдап, мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге талпынады;

Өз пікірін айта алатын, өз көзқарасын қалыптастыра алатын, ұлтын сүйетін оқушы ертеңгі өмірдің ағымына да төтеп бере алатын азамат болатынына мен кәміл сенемін.

Дегенмен, ХХІ ғасыр қарыштап дамыған білім ғасыры. Бүгінгі жастардың өмірден үйренері көп. Сондықтан олар мұғалімге, оның өткізген әрбір сабағына сын көзбен қарайды. Оларды тандандыру, қызықтыру үшін әрбір сабақ жаңалық болуы керек. Сабақтарды сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану оқушылардың білім алуға қызығушылығын оятып, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытып, белсенділігін арттыратын, жан-жақты тұлға етіп тәрбиелеуге бағытталған әдіс деп қарастырылады. Ұлы ойшыл психологтар

айтпақшы, «Мұғалім бала жанының инженері» деген сөзі еріксіз еске түседі. Алдында мақсат қойып, соған қарай ұмтылған ұстаз әрқашанда өз биігінен көрініп, ел аузынан түспей кейінгі ұрпақтың өнегесі мен мақтанышы болып қалатыны хақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сабақта жаңа технология элементтерін қолдану
2. Қазақстан мектебі, №12, 2010 ж.
3. Интернет желісі.
4. С.Мирсеитова, Ә. Іргебаева «Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері».
5. С.Стил, С.Крутис «Сын тұрғысынан ойлай технологиясы» Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
6. «Информатика негіздері» ғылыми-әдістемелік журналы №1-2011 ж., (б.8-11)
7. «Қазақстан мектебі» ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет белгісі» орденді республикалық ғылыми-педагогикалық журналы №1, 2012 ж., (б.31-32)
8. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» 2012 ж (б.72)

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ҚҰРАЛДАРЫ

Алматова А.М.

аға оқытушы, магистр

Айдар Н.Н.

Информатика мамандығының 4 курс студенті

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан*

В статье рассматривается оценка знаний учащихся, который актуально на сегодняшний день. А так же важность правильного оценивание, и их влияние на учеников, преподавателей и на качество образования. И отмечается оценивания знание учащихся, деление на несколько этапов формирование и развитие оценивания, и их роль и функций на каждом этапе.

Ключевые слова: образование, оценивание, оценка знаний, качество образование.

The article discusses the assessment of students' knowledge, which is relevant today. As well as the importance of proper assessment, and their impact on students, teachers and the quality of education. And there is marked the assessment of students' knowledge, the division into several stages of the formation and development of assessment, and their role and functions at each stage.

Keywords: education, appraisal, assessment of knowledge, quality education.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек. Оқытудың, әр оқушының білімі мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау қажет» деп көрсеткен болатын.

Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш — жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады. Жалпы «бағалау» ұғымы бір нәрсенің деңгейін, сапасын, дәрежесін белгілеу дегенді білдіреді. Оқутаным үдерісінде бағалау оқушының дайындық деңгейі, білімді меңгеру менбілік, дағдысының даму дәрежесін анықтайтын құрал ретінде қарастырылады.

Білімді бағалау – оқушының алған білімінің жүйелі, сапалы болуының көрсеткіші. Бұл дәстүрлі мектептен тиімді мектепке одан әрі ең заманауи-баланың жеке адам ретіндегі роліне негізделген және бүгінде алдыңғы қатарлы әлемдік тренд болып табылатын феноменалды мектеп моделіне көшу деп атап көрсеткен болатын. Аталған жоспар бойынша оқушылардың нәтижелерін бағалау жүйесіне қатысты әртүрлі көзқарастар қалыптасып отыр. Ұлттық жоспардың екінші тетігі-оқыту нәтижесін бағалау жүйесін жаңарту, функционалды сауаттылық мектептегі білім жетістіктерін «білім-түсіну-қолдану-жүйелеу-жинақтау» жаңа жүйесі бойынша бағалайтын мүлдем жаңа көзқарасты талап етеді. Бағалаудың негізгі екі түрі анықталған: оқыту үшін бағалау (формативті немесе қалыптастырушы) және оқу үшін бағалау (суммативті немесе жиынтықтық).

Оқыту үшін бағалау(қалыптастырушы) — бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысындатұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігінанықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. Оқыту үшін бағалауда оқушылар өзін-өзі, сыныптастар бір-бірі бағалайалады. Өзін-өзі бағалау нәтижесін мұғалім бақылауарқылы жиынтық баға ретінде оқу журналына баға қояды. Формативті бағалаудың тиімді әдіс-тәсілдер қатарына: «Қолмен белгі беру» әдісі, «20 секунд» әдісі, «Үш минуттық үзіліс» әдісі т.б.

Ал оқу үшін бағалау (жиынтықтық) — оқушыларға қорытынды, немесе формативті бағалау нәтижесінде жиынтықбағаны қояды. Жиынтық немесе суммативті баға бағалаудың ішкі түрі, оған бағалаусараптық жұмыс, бақылау жұмысы, диктант, мазмұндама, шығарма, өзіндік жұмыс, мәтінмен жұмыс жатады. Ал сыртқы бағалау оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ), Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ), олимпиадалар, ғылымижобалар, т.б. арқылы ұйымдастырылады.

Жаңартылған білім беру жүйесіне көшу білім жүйесін модернизациялауға алып келді. Бұл, әрине, бағалау жүйесіне де қатысты мәселе болып табылады. Қазіргі кезеңде бағалаудың әртүрлі әдіс-тәсілдері енгізілуде. Осы кезеңге дейін қолданылып келген дәстүрлі бағалау жүйесі 5 баллдық жүйемен бағалау өз мәнін жоғалтып отыр. Дәстүрлі бағалауда оқушыларға өмірде теориялық білім қажет деп санап, мұғалім оқу материалын түсінікті етіп жеткізуді ғана қажет деп есептелді және олардың пәндік білімдерін машықтарын, дағдыларын ғана қалыптастырылды. Оқушылардың білімін

жіберілген қателерінің санымен бағаланды. Дәстүрлі бағалаудың кемшіліктерін сынға алған атақты орыс педагогы К.Д.Ушинский: «5 баллдық бағалау жүйесінің тәсілдері мен әдістері оқушылардың ақыл-ой қызметіне кері әсерін тигізеді. Мұғалім бір немесе бірнеше оқушыдан сабақ сұрайды, ал осы уақытта қалған оқушылар қандай да бір қызметпен айналыспай бос отырады. Олар өз кезектерін күтумен уақыттарын, күш-жігерлерін текке жұмсайды. Кезек оқушыға жетпей қалуы да мүмкін. Осыдан оқушының пәнге деген қызығушылығы төмендейді» деп сынға алған. Ал қазіргі заман талабына сай бағалау жүйесі оқушыны мәселені көруге, мақсат қоюға, жоспар әзірлеуге оны жүзеге асыруға, өз жұмысын талдауға, тұжырым жасауға, өзін-өзі бағалауға, бір сөзбен айтқанда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға көмектеседі. Оқытудың түрлері мен әдістерінің жаңартылуына байланысты бағалаудың да түрлері алуан түрлі. Қазіргі кезеңде оқыту үрдісінде Кембридж тәсілдеріне негізделген жаңа форматтағы әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылуда. Сабаққа қойылатын негізгі талап - қалай оқу керектігін үйрету. Сыныпта оқуды үйрететін білім ортасын құрудың ең тиімді әдісі-топтық жұмысты ұйымдастыру. Тиісінше, бағалау жүйесі де оқушы білімін айқындайтын және оқу сапасы туралы қорытынды нәтиже болып табылады. Топтық жұмысты бағалаудың түрлері: жиынтық және қалыптастырушы. Жиынтық бағалаудың мақсаты - баға қою немесе оқу қорытындысын шығаруда қолданылады. Қалыптастырушы бағалаудың мақсаты - оқушылардың оқуына ықпал етуіне арналған оқытудың бөлігі ретінде бағалау. Бұл ынталандыру, сыни бағалау, қолдау, 2 жұлдыз, 1 тілек, кері байланыс, өзін-өзі бағалау, рефлексия негізінде жүзеге асады.

Баллды жинақтау жүйесі 3 деңгей аясында жүргізіледі: білім, білік, құзырлылық. Рейтингік көрсеткіші төмендегідей жинақталады:

1. Барлық пәндердің баллдарын қосып қорытынды балл шығарылып, ол оқушының портфолиосында жинақталады.

2. Оқушының өзін-өзі бағалау көрсеткіші

Өзін-өзі бағалау – өз қабілетіне, мүмкіндігіне, мінез-құлқына, ішкі жан-дүниесіне, басқа адамдардың ортасында өз орны тағыз басқа бойынша өзіне баға беруі болып табылатын адам санасының құрамдас бөлігі. Өзін-өзі бағалау арқылы адамның мінез-құлқы реттеледі, өзіне сыни көзқараспен қарауға үйренеді. Мұғалім бағалауынан өзін-өзі бағалауға көшу айтарлықтай қиындық тудыратын қадам және өзінің сыныптастарын бағалауда осы үдерісті жеңілдетуге мүмкіндігі бар. Сыныптастарын бағалау маңызды рөл атқарады, себебі ол ынталандыру деңгейін көтереді, оқушыларға өз тілінде сөйлеуге мүмкіндік береді, сынды қабылдауға ықпал етеді, өзіне және мұғаліммен пікірталасқа түсуіне сенімділігін арттырады, сондай-ақ мұғалімдерге үдерістен шектелуіне және жай ғана бақылауына мүмкіндік береді.

3. Бағалауды мониторинг және рейтинг арқылы жариялылығын қамтамасыз етеді.

Мониторинг – бұл педагогикалық үрдіс негізінде білім беру мақсатынтандаудағы өзекті мәселе мен құралдарын шешу барысында диагностикалық, зерттеудің жағдайын ғылыми негізге сүйене отырып

үздіксізбақылау.Мониторинг ішінде басқарудың өзіндік қызметі, педагогикалық әрекетбарысындағы бағалау жүргізіледі. Соның барысында кері байланысқамтамасыз етіледі. Педагогикалық жүйенің соңғы мақсатына нақтынәтижелер мәлімделеді. Педагогикалық мониторинг педагогикалық жүйеніңдамуын болжау, сонымен қатар оның жағдайын үздіксіз бақылауынқамтамасыз етуді көрсетеді. Сондай-ақ, ол әлеуметтік-психологиялық, медициналық мониторинг, оқушының жеке басының көзқарасын жалпылайалу мақсатында бұл оқу орындарына ең қажетті болып табылады.Мониторинг бойынша мұғалім кезекті тақырыптық бақылаужұмысының алдында әр оқушының өткен материалды қандай деңгейдемеңгергенін қадағалап, үлгірмеушілермен қосымша жұмыс жүргізеді.Мониторингтің мәні әр тоқсанның не әр тараудың соңында шыққанграфиктен осы тұстағы алған білімнің кем тұстары, жетістіктері айқынкөрініп тұрады. Даму мониторингіне қарап, білім деңгейін оқушы өзі бақылапотырады. Яғни оқушылар өздігімен орындайтын жұмыстарын өзі бағалайды.

Рейтингтік жүйеде -сабақта орындаған әрбір тапсырмаларын ұпайарқылы бағалап отыру көзделеді. Бұл жүйе арқылы оқушының әр пәнбойынша даму деңгейі мен бейім қабілетін ертерек байқауға мүмкіндікжасалады.

Электрондық журналE-Learning электрондық оқыту жүйесі – Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020ж арналған мемлекеттік бағдарламасына қосылған мемлекеттік жоба болып табылады. Бұл жобаның мақсаты оқыту технологиясын жақсарту негізінде білім берудің сапасын арттыру, цифрлық/сандық технологиялардың заманауи құралдарының мүмкіншіліктерін пайдаланумен оқу процесін қатысушылар үшін сапалы білім беру қызметтерін дамыту.Әрбір мұғалім электрондық күнделік пен журналдарға тек бағаны қоймай, онымен қоса әрбір оқушының үлгерімін қадағалай алады. Автоматты түрде есептерді жасау арқылы құжаттамамен барлық жұмысты одан да тез орындауға болады және бұл жүйеде өзінің жасаған жұмыстарын салып, оқушылардан жеке тест алуға болады.

Компьютерлік тестілеу көмегімен нақты бақылау жүйесін ұйымдастыруға яғни, әр модульді аралық бақылау (тестілеу), барлық модульдер мен олардың өзара қарым-қатынас қортындысын, сондай-ақ, «қара жәшік» әдістемесін ұтымды пайдалануға; әрбір модульді педагогикалық мазмұнмен толықтыруды жүзеге асыруға; модульдердің семантикалық байланыстарын және олардың басқа пәндік салалармен қарым-қатынасын анықтауға және ескеруге көмектеседі.

Қандай да бір жүйені бақылаудың(тестілеу) екі амалын ерекшелеп айтуға болады:




- 1) «ақ жәшік» әдісі - білімнің сараптау моделін тестілеу принципі;
- 2) «қара жәшік» әдісі – кіріс және шығыс деректерін бақылау принципі бойынша (компьютерлік тестілеу үшін ең қолайлы) қандай да бір күрделі жүйелерді тестілеу.

Тестілеу – оқушының жеке басының білім моделінің эксперттік сараптамалық білім моделіне сәйкестігін бағалау процесі. Тестілеудің басты мақсаты - осы модельдердің сәйкес еместігін анықтау (білім деңгейін өлшеу емес), олардың сәйкес еместігінің деңгейін бағалау болып табылады.

Бағалау құралдары:

Смайликтер

Оқушылар тақырыпқа қатысты өздерін қолайлы сезіну деңгейін білдіру үшін смайликтер салады.

		
Жалғастыруға дайынмын	Бір нәрсе түсінемін, бірақ бәрін емес	Түсінбеймін, қайталап қарау қажет

Бағдаршам

Түсінгендікті көрсету үшін бағдаршамның түстерін көрнекі құрал ретінде пайдаланыңыз. Мысалы: Оқушыларда қызыл, жасыл және сары түсті карточкалар бар, оны олар өз парталарына қояды немесе жоғары көтереді (қызыл = түсінбеймін, жасыл = барлығы түсінікті). Оқушылар бағдаршамның түстерін пайдалана отырып, өздерін бағалайды. Мұғалімге көрсетілген бағалауды оқушылардың күнделіктеріне жазуына болады. Сыныптастары бағдаршам түстерінің көмегімен таныстырылымдарды және т.б. бағалайды.

Бас бармақ

Оқушылардың бас бармақтарын көрсету арқылы сіз түсіндіргенді олардың ұғу деңгейін тексеріңіз.

Бас бармақ жоғарыға қарап тұрса = Мен түсінемін.

Бас бармақ көлденең тұрса = Мен түсінгендеймін.

Бас бармақ төмен қарап тұрса = Мен түсінбедім.

Құрастыр, сосын жауап бер

Оқушыларға жауап бергенге дейін өз ойларын жинақтауға мүмкіндік беріңіз:

- жауап алдындағы 30 секундтық үнсіз ойлау;
- жұптағы 2-3 минуттық миға шабуыл;
- жауап бермес бұрын бірнеше ойларыңды жаз;
- өз көршіңмен болжамды жауапты талқыла.

Қорыта айтқанда жиынтық бағалаудың немесе оқытуды бағалаудың мақсаты оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оны мұғалім тест, емтихан т.б. түрде өткізіп, өзі бағалайды. Формативті бағалау әрсабақта және күнде жүргізіліп тұрады. Оқыту үшін бағалау бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. Бұл ретте мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылады. Оқушылар өздерінің сыныптастарын

және өздерін бағалауға тартылуы мүмкін және мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, оқушылар белсенді қатысуы керек. Формативті бағалау мұғалімдерге сыныптағы оқушылардың үлгерімін бақылап отыруға мүмкіндік береді. Сонымен, бағалау жүйесінің негізгі мақсаты - білім сапасын арттыру болып табылады. Ал қазіргі заманғы білім сапасы дегеніміз ол білім алушының келешектегі өзінің әртүрлі жеке мәселелерін шешуге керекті, қажетті күзiреттiлiктерiн қалыптастыратын білім беру нәтижесі.

Бағалаудың жаңа жүйесіне көшу-мектебіміздің білім сапасын көтеріп, оқушыларымыздың функционалдық сауаттылығын қалыптастырып, дамытуға жол ашады. Бағалаудың жаңа түрін енгізу үшін оқушылар мен ата-аналар, ұстаздар мен мектеп әкімшілігі тарапынан үздіксіз еңбек етуді, ізденісті және шығармашылықты талап етеді. Қазіргі бағалау түрлі нысанда, түсінікті, психологиялық тұрғыдан жайлы, екі құрамды: жиынтық және формативті болуы керек

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты. 2012.
2. ҚР білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.
3. Бекбулатова С.Б. Оқушылардың білімін жаңаша бағалау - оқытудың нәтижесі, әрі құралы. - 2015.
4. Бақтыбаева М. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау түрлері. - 2016.
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық. - Астана, 2012. - 58 б.

ХИМИЯ КУРСЫН КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛДЕУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Досмагулова К.К. а.о. магистр,
Хамит А.Ж. а.о. магистр,*

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В статье рассматриваются использование компьютерных технологии и практическую важность предлагаемой методологии. Продемонстрировать важность программ моделирования химических процессов в преподавании органической химии.

Ключевые слова: Информационная технология, Компьютерная технология, Компьютерная графика, Компьютерная программа.

Abstract: The article discusses the use of computer technology and the practical importance of the proposed methodology. To demonstrate the importance of chemical process modeling programs in teaching organic chemistry.

Keywords: Information technology, computer technology, Computer graphics, computer program.

Қоғамның қазіргі даму кезеңі жедел ақпараттандырылу процесімен сипатталады. Ақпараттық компьютерлік технологиялардың білім беру жүйесіне енуі жаңа тарихи - әлеуметтік жағдайлардың талабы болып отыр. Білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз – оқу және оқу-әдістемелік материалдар жинағы, оқу қызметіндегі есептеуіш техниканың техникалық құралдары, олардың ролі мен орны туралы ғылыми білімнің жүйесін және оқытушылар еңбектерін жүзеге асыру үшін оларды қолдану формалары мен әдістері деген анықтама беруге болады. Ақпараттық технология – білім беру мекемесі мамандарының жұмысын жүзеге асырушы әдістер мен формалар және оқушыларға білім беруші құрал. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады.

Қазіргі уақытта сабақ жүйесінде компьютерлік технология көп қолданылып жүр. Ақпараттық технологиялар оқу материалдарын иллюстрация жасау кезінде (мысалы анимациялы слайд-фильмдер) қолданылады. Компьютерлік графика мен визуалды білім мүмкіндіктерімен байланысты еңбектер дамытылды. Оқыту бағдарламасында компьютерлік графиканы қолдану шығармашылық жеке адамды тәрбиелеуді жүзеге асырады. Бұл оқу үрдісін қозғалыста бейнелеуге мүмкіндік береді. Компьютердің көмегімен дыбыстық және бейнефрагменттерді де демонстрация жасауға болады.

Ақпараттық технология – объектінің, процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтер жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын процесс.

Компьютерлік технология – компьютерлік өңдеу базасындағы ақпараттық технология.

Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістемесінің заман талабына сай толық білім беруге, меңгертуге кепілдік бермейтіндігін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту процесінде іске асу үшін оны технологияландыру қажеттілігі туады [1].

Білім беру үрдісін ақпараттандыру–жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Қазіргі кезде, компьютерлік технологиялар мектеп оқу үрдісінде кең қолданысын табуда:

- оқыту үрдісін жетілдіретін, оның сапасы мен эффективтілігін жоғарылататын, компьютерлік техниканы оқыту құралы ретінде пайдалану;
- компьютерлік технологияларды–оқыту, өзін-өзі және шындықты тану аспаптары ретінде қолдану;
- компьютер мен басқа да заманауи ақпараттық технологиялардың құралдарын зерттеу объектілері ретінде қолдану;
- жаңа ақпараттық технологиялардың құралдарын оқушының шығармашылығын дамыту құралы ретінде пайдалану;
- компьютерлік техниканы бақылау, түзету, тестілеу және психодиагностикалау үрдістерін автоматизациялау құралдары ретінде қолдану;

– педагогикалық тәжірибені әдістемелік әдебиетті тарату мен қабылдау мақсатында, ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде коммуникацияларлы ұйымдастыру.

Фишер О.Б. пікірінше компьютердің аталған мүмкіндіктері оқушы бойында біліктерді қалыптастыру қабілеттері мен оқуға деген ынтасының пайда болуына, білімдер мен біліктерді толық көлемінде меңгерілуіне жағдайлар тудыруға әсер етеді. Негізгі оқытушы әсер мен басқару компьютер арқылы орындалатын сабақтың сатыларында, мұғалім оқушыларда ізденіс мақсатын түсіну, алдыңғы зерттелген білімдерді белсенді түрде жаңғырту, дайын ақпарат көздерінен жетіспейтін білімдерін толықтыруға қызығушылық, өзіндік ізденіс сияқты қасиеттерін көрсетуін мұғалім бақылап, бекітіп алуға мүмкіндік алады. Бұл мұғалімге өз қызметін, оқушылардың білім алуға деген шығармашылық қатынасын басқару мен біртіндеп жетілдіруді жобалауға мүмкіндік береді.

Заманауи ақпараттық технологиялардың білім беру ортасына өтуі, педагогтарға оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырушы формаларын сапалы өзгертуге мүмкіндік береді. Осы технологиялардың білім берудегі мақсаты, оқушылардың ақпараттық қоғамда интеллектуалды мүмкіндіктерін күшейту, сондай-ақ оқыту үрдісінің гуманизациясы, индивидуализациясы, интенсификациясы және білім беру жүйесінің барлық сатысында сапасын жоғарылату болып саналады.

Білім беру үрдісіне заманауи ақпараттық технологиялардың едәуір әсерін назарға ала отырып, оны көптеген педагогтар өздерінің әдістемелік жүйесіне қосуға барынша әзір. Алайда, мектеп білім беруін ақпараттандыру үрдісі бірден жүзеге аспайды, белгілі бір реформаға сәйкес, ол сатылы немесе үздіксіз болып табылады.

Психология-педагогикалық әдістемелік әдебиеттерде, сабақтарда демонстрациялық құралдарды пайдалану (слайдтар, атластар, оқулықтағы суреттер, бейнелер, анимациялар, бейнежазбалар), оқушылардың бойында бейнелеп түйсінудің қалыптасуына әсер етеді, ал олардың негізінде ұғымдардың қалыптасқандығы айқындалған.

Баспалардың басым көпшілігі басып шығаратын әртүрлі энциклопедиялар мен электронды анықтамалық қызығушылық тудыруда. Бірақ мұндай оқулықтарда, нақты белгіленген бір жағдайда шынайы қажет болатын және берілген сынып пен берілген мұғалімге сәйкес келетін мәліметтерді табу әрқашан қолдан келе бермейді. Сол кезде мұғалім өз сабақтарын ақпаратты компьютерлік технологиялармен құрастырады және пайдаланады.

Сабақтың барысында слайд-фильмдерді (Power Point) қолдану, дәстүрлі әдістермен салыстырғанда сабақтың динамикалығын, көрнекілігін, ақпараттың жоғары деңгейі мен көлемін қамтамасыз етуге көмек береді, осы кезде зерттеліп жатқан сұраққа және түгелдей пәнге деген қызығушылықтың артуы жүзеге асады. Оқу үрдісінде компьютерлік технологияларды қолданудың мәні бойынша жүргізілген әдебиетті талдау негізінде екінші 1-кесте құрастырылды.

Кестеде компьютерлік технологиялар өзінің қолданысын тапқан негізгі бағыттар көрсетілген.

Кесте 1. Оқу үрдісіндегі компьютерлік технологиялар

Оқу үрдісіндегі ақпараттық технологиялардың тағайындалуы	Компьютерлік технологиялардың оқушылар білімінің қалыптасуына әсері
Таным құралы	Танымдық қызметтің жетілуі
Оқушылар білімін бақылау мен есепке алу құралы	Оқу материалын толық көлемінде меңгеру
Көрнекілік құралы	Сабақтың мақсатын ұғыну
Ақпарат көзі	Сабақта оқу қызметін іске қосу
Зерттеліп жатқан материалды жүйелендіру мен жалпыландыру құралы	Шығармашылық қабілеттерді дамыту
Химиялық экспериментті демонстрациялау құралы (виртуалды зертхана)	Оқушылардың интеллектуалды мүмкіндіктерін дамыту
Ақпаратты тасымалдау құралы	Оқыту үрдісінің эффективтілігі мен сапасын жоғарылату
Оқушылардың ізденіс қызметін белсендіру құралы	Ақпарат көлемін арттыру

Берілген мәліметтерден—компьютерлік технологиялар, оқыту құралдарының бірі қызметін атқарады және оқушыларды негізгі білімдердің қалыптасуына әсер етеді деген қорытындыға келуге болады.

Компьютерлік моделдеу бағдарламаларын қолдана отырып, өткізетін болса, оқушы компьютерді толық меңгеруіне және көптеген мәліметтерді осы бағдарламалар арқылы есептеп алуына мүмкіндік туады және оның артықшылықтары өте зор.

Осы компьютерлік технология әдісін «Органикалық химия» курсы «Спирттер» тақырыбын қорытындылау және оқушылардың осы тақырып бойынша алған білімдерін тексеру мақсатында HyperChem бағдарламасын қолданып ткізілген сабақтың кейбір элементтерін ұсынып отымыз. HyperChem бағдарламасы туралы және оның ерекшеліктері мен қолданылуы жайлы сабақта түсіндіріліп, HyperChem бағдарламасын қолданып әртүрлі тапсырмаларды орындайды. Осылайша, оқушыларға «Органикалық химия» курсы сабақтарын жаңартпа технологияны қолдана отырып, практикалық сабақты өткізу әдістемесі құрылды. Сабақ барысында оқушылар компьютерлік моделдеу бағдарламаларымен танысып, жұмыс істеуді үйренеді. Өз кезегінде мұндай сабақтарды өту оқушылардың сабаққа қызығушылықтарын, құзыретіліктерін арттырады.


Оқушылардың осы тақырыпты меңгеру білімдерін тексеру мақсатында бақылау жұмысы алынды. Оқушыларға 10 минут уақыт беріледі. Осы уақыт ішінде төменде берілген сұрақтың жауаптарын дәптерлеріне жазбаша жауап береді.

Бақылау жұмысының тапсырмалары:

1. Этанолдың суда не себепті еріп, этанның ерімейтіндігін түсіндіріңіз?

Гидроксикосылыстардың сутекті байланыстар түзуге қабілеттілігі – О-Н байланысының полярлығы мен оттегі атомындағы бөлінбеген электрондардың болуының нәтижесі болып табылады.






Бұл тіпті төменгі спирттердің не себепті – қайнау температурасы салыстырмалы жоғары болатын сұйықтықтар болатындығын түсіндіреді (метанолдың қайнау температурасы +64,5 °С).

Сұйықтық буланған кезде олардың молекулалары арасындағы сутектік байланыстар үзіледі. Төмен қатарлы спирттер суда жақсы ериді. Сондықтан, спирттердің молекулалары су молекулаларымен сутектік байланыстар түзеді.

2. Этиленнен этанолды алу әдісі?



1. Жалпы формуласы $\text{C}_n\text{H}_{2n+2}\text{O}$ болатын қосылыстар үшін құрылымдық изомерияның тағы қандай түрі болуы мүмкін? Мысал келтіріңіз.

2. $\text{C}_n\text{H}_{2n+2}\text{O}$ жалпы формуласы – қаныққан біратомды спирттер мен жай эфирлерде болады. Олар класс аралық изомерлер болуға қабілетті

3. Мысалы, класс аралық изомерлер болатындар:

а) этанол $\text{CH}_3\text{CH}_2\text{OH}$ және диметил эфирі $\text{CH}_3 - \text{O} - \text{CH}_3$

б) пропанол-1 $\text{CH}_3\text{CH}_2\text{CH}_2\text{OH}$ және метилэтил эфирі $\text{CH}_3\text{CH}_2 - \text{O} - \text{CH}_3$

4. Көмірсутекті радикалдың ұзындығын арттырғанда спирттердің қайнау мен балқу температуралары өседі, ал судағы ерігіштігі кемиді. Не себепті?

Көмірсутекті радикалдың ұзындығын арттырған кезде спирттердің қайнау және балқу температуралары өседі, себебі молекула аралық әрекеттесу жоғарылайды. Алайда, көмірсутекті радикал үлкен болмаған жағдайда сутекті байланыстар спирт молекулаларын ерітіндіде ұстап тұруға қабілетті, ал егер спирт молекуласының еруге «қарсыласатын» көмірсутекті тізбегі ұзын болса, онда гидроксил тобының есебінен мұндай молекулаларды ерітіндіде ұстап тұруға қабілетсіз болады және қабаттарға ажырайды: спирт – үстінде, су – астыңғы бөлігінде. Басқаша сөзбен айтқанда: көмірсутекті радикалдың ұзындығын арттырған жағдайда, гидрофобты көмірсутекті радикалдың үлесі өсетіндіктен судағы ерігіштік кемиді [2].

5.Этанол синтезінің өндірістік әдісінің мәні неде? (3балл)

Этанол–глюкоза ашыған кезде–глюкозаның ферменттер әсерінен ыдырауында түзіледі. $\text{C}_6\text{H}_{12}\text{O}_6 \xrightarrow{\text{ферменты}} 2\text{C}_2\text{H}_5\text{OH} + 2\text{CO}_2$

Осылайша, медицина мен алкоголь сусындарын өндіруде қолданылатын – этилспирті алынады.


Білім алушыларды оқыту барысында белсенді әдістерді пайдалана отырып, білім алушы тек оқулық көлемінде қалып қоймай, тақырыптың мазмұнына байланысты компьютерлік моделдеу бағдарламаларын қолдана отырып, толқындық функцияны есептеу, атомдардың зарядтарын есептеу, құрылымдарды түзетуді қолдану

Бұл жаттығуда HyperChem бағдарламасы жасай алатын, жартылай эмприкалық кванттық-механикалық есептеулердің әртүрлі түрлерімен танысамыз.

Жаттығуда қолданатын молекуламыз –этанол. Этанол молекуласын құру интерактивті тақтаны пайдалана отырып өттім.

Этанолдың құрылымдық моделін құру:

1. Display мәзіріндегі Show Hydrogens опциясы қосылып, Rendering диалог ұяшығындағы Sticks бөліміндегі Perspective опциясы өшіп тұрсын.
2. Default Element ұяшығындағы Explicit Hydrogens опциясын белгілеп, оттекті таңдаңыз. Draw аспабына L-шертпе жасаңыз.
3. Жұмыс кеңістігіне мезгелінің көмегімен оттек атомын орнатыңыз.
4. Model Builder опциясын шақыру үшін, Selection аспабына қатарынан екі рет шертіңіз. Model Builder опциясы этанолдың моделін құрып, суретпен толтырады.
5. Молекуланы таңбалармен таңбалаңыз [3]. Сурет төмендегідей көрініске ие болады:



Сурет 1. Этанолдың модельі

Компьютерлік бағдарламаларды пайдалану арқылы сабақтың сапасын арттыруға болады. Оқытушының оқушылармен бірге жасайтын практикалық сабақтарында оқушылардың алдына қойылған оқу талаптарын шешеді. Оқушылардың өзіндік жұмыстары кәсіби мамандықтарына қажетті ақпаратты іздестірумен және компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, көрнекілік жасаумен жалғасады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Компьютерде жұмыс істеуді үйренейік. Оқу құралы. Алматы – 2000. 40б. (С.М.Бобкина, Б.А.Жұмаділдиндермен бірлестікте)
2. Программалау негіздерін оқыту. Практикалық жұмысқа арналған әдістемелік құрал. Алматы, 2002. -110б. (К.М.Беркімбаев, Б.Ғ.Бостановтармен бірлестікте)
3. Манапов М.Т. Компьютерлік химия практикумы. Оқу құралы. Алматы, 2011.

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫН ЖОО-да ҰЙЫМДАСТЫРУ

*Ескермесұлы Ә.
Phd, аға оқытушы*

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Елемісов Ш.Қ.

Информатика мамандығының 4-курс студенті

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Аннотация: В работерассматриваются возможности создания, хранения, архивации и преимущества электронного документооборота.

Ключевые слова: Электронный документооборот, Блокчейн, Электронная цифровая подпись, Архив.

Annotation: The paper discusses the possibilities of creating, storing, archiving, and the advantage of electronic document management.

Keywords: Electronic document, Blockchain, Electronic digital signature, Archive.

Электрондық құжат [1]- ақпараттың электрондық-цифрлық нысанда (формада) беріліп, электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылатын құжат. Электрондық құжат жеке файлдың бір немесе бірнеше бөлімдерінен, бүтін бір файлдан немесе жеке-жеке бірнеше файлдан тұруы мүмкін. Мұның бәрінде де файлдардағы құжаттың түпнұсқалық сипатын куәландырып, тұтастығына кепілдік беретін деректемелер ортақ болады. Электрондық құжат деректемелері электрондық-цифрлық нысанда, қағаз құжаттағы куәландырылған парақ түрінде де болуы мүмкін.

Ақпараттық ресурс–қор жасаушының ақпараттық жүйесіндегі мәні мен технологиялық белгілеріне сәйкес топталған электрондық құжаттар кешені. Бағдарламалық ортаның өзіндік сипаттары, мәліметтер базасының немесе ақпарат жүйесінің өзіндік құрылымы, олардағы техникалық құжаттаманың саны – ақпараттық ресурстың технологиялық белгілері болып табылады.

Электрондық құжаттарды сақтау бірлігі– мұрағатта есептік нөмірі бар дербес электрондық негіз.

Электрондық құжаттарды есепке алу бірлігі –мұрағатта есептік нөмірі бар дербес көріністі файлдық объект, реляциялық немесе өзге де компьютерлік.

Электрондық құжаттардың көшірмеленуі –электрондық құжаттарды бір технологиялық платформадан екіншісіне ауыстыру; көшірмелеу процесінде компьютерлік файлдар форматы өзгереді, яғни қайта форматталады. Кейде мәліметтер құрылымы не формат үлгісі өзгеріске түседі (мәтіндік құжаттар графикалық құжатқа немесе керісінше ауысады).

Электрондық құжаттың қолданысқа арналған данасы – бұл құжат пайдалануды ұйымдастыру кезінде сақтау бірлігі берілген электрондық құжаттың бір данасы.

Электрондық құжаттың резервтегі данасы – құжаттың қолданысқа арналған жаңа сақтау бірлігіндегі данасын жасау үшін немесе оны қалпына келтіру үшін әзірленген данасы.

Сақтық форматындағы электрондық құжат – бағдарламалық тұрғыдан тәуелсіз форматта немесе кең таралған компьютерлік форматта сақтаулы электрондық құжат.

Тұтыну форматындағы электрондық құжат – ағымдағы мұрағаттық ақпарат жүйесінің немесе оқу залының, болмаса аулақтағы тұтынушының қолдауында тұрған форматтағы электрондық құжат.

Қазіргі кезде құжаттарды жасау үшін [2] қолданылатын компьютер бағдарламалары жеткілікті (мысалы, MS Word 2010, MS Word 2013). Бұндай бағдарламалар мәтіндік редакторлар деп аталады.

Электрондық құжаттың ақпараттық табиғатына тән бір ерекшелік – ол қағаз құжаттарға қарағанда әлдеқайда ұзақ сақталады және одан гөрі сенімдірек. Мұнда ақпарат сақталатын негізге емес, сол ақпараттың өзіне баса назар аударылады. Оның материалдық негізін сақтауға байланысты жұмыстар қосалқы мәнге ие болады. Бұл құжаттарға қатысты нәрселердің бәрін: ақпаратты (мазмұнды), материалдық негізді, деректемелер мен құжат түзу технологиясын және оны қолдану тәсілдерін тұтас бірлікте алып қарау қажет. Ақпарат жазылатын қандай да бір негіз болмаса, құжат та болмайды. Электрондық құжат та сол сияқты. Электрондық құжаттарды сәйкестендірудің, ең бастысы түпнұсқаландырудың мәні зор. Электрондық құжаттарды сәйкестендіру мен түпнұсқаландырудың үйлесімді әдістемесін жасау – алыс болашақта да олардың түпнұсқалық қасиетін сақтауға кепіл бола алады. Әйтсе де бірыңғай баламалы технологияларды қолданбайынша электронды құжат өз негізіндегі файл күйінде қала береді. Мұндай электрондық құжаттарды мәтіні өшіп қалған қағаз құжаттармен салыстыруға болады: құжат бар болғанымен, іс жүзінде жоққа тән. Яғни электрондық құжатты файлдан шығарып, ақпаратын монитор экранынан оқуға болатын жағдайға келтіргеннен кейін ғана «құжат» деп есептеуге болады.

Қазір электрондық құжаттар бойынша жұмыс жүргізу ісінде мынадай проблемалар бар:

— электрондық құжаттар бойынша жүргізілетін жұмыстарды нормативтік-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету деңгейі ақпараттық-технологиялық тұрғыда қамтамасыз ету деңгейінен артта қалып келеді.

— атқарушы билік органдарындағы электрондық құжаттар бойынша жүргізілетін жұмыстарға қолданылатын техникалық жабдықтардың әр тектілігі.

— басқару органдарындағы құжаттаманы басқару ісін автоматтандыру жөнінде қолданылатын бағдарламалық құралдардың әр түрлілігі.

— құжаттарды басқарудың автоматтандырылған жүйесі мен құжаттарды мұрағаттық сақтау ісінің ұштаспауы.

Электрондық құжат айналымының құқықтық базасын қалыптастыру – істің жартысы ғана. Енді алда келесі кезең – электронды құжаттарды ұзақ мерзімдік сақтаудың сенімді жүйесін жасау кезеңі тұр. Бұл технологиялық шараларды да, ұйымдастыру шараларын да қамтиды.

Электрондық құжаттар мұрағаты – бұл іс қағаздарын жүргізу қызметі мен құжат айналымын автоматтандыруды арнайы бағдарламалармен жабдықтаушылар ойлайтындай жай ғана дербес сервер, компьютер немесе ақпаратты дерек көздерін сақтайтын орын ғана емес; бұл және пайдаланушыға керекті электрондық ақпаратты тауып беруге арналған іздестіру жүйесі де ғана емес. Жалпы, мақсат, міндеті жағынан электронды құжаттар мұрағаты кәдімгі дәстүрлі мұрағаттан ешқандай айырмашылығы жоқ. Бұл, ең әуелі, құжаттардың құндылығын сараптаудан бастап, оларды пайдалануға дейінгі мұрағаттық сақтау ісінің бүкіл циклін қамтамасыз ететін технологиялар мен өндірістік процестер болып табылады. Ол құжаттардың есебін алу, сипаттау, сақталуын қамтамасыз ету және ғылыми-анықтамалық аппараттарын жетілдіру секілді іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады.

Мұрағаттар атқарылған құжаттар мен жабық істерді қайта пайдалану ісін ұйымдастыру үшін құрылады. Мұндай мүмкіндікке ие болу үшін мынадай бірнеше шарттың орындалуы қажет:

- ұзақ мерзімге арналған құжаттамалық саясатты айқындау және соған сәйкес құжаттарды топтап, олардың сақталу мерзімдерін белгілеу;
- мұрағаттық сақтауға арналған құжаттарды белгіленген саясатқа сәйкес іріктеу;
- осы құжаттар бойынша тиімді анықтамалық-іздестіру жүйесінің болуы;
- құжаттардың бүкіл мұрағаттық мерзімде сақталуын қамтамасыз ету, яғни белгіленген уақытқа сәйкес жүйелі түрде олардың есебін алып отыру .
- құжаттарды пайдалану кезінде олардың жоғалу қаупін мейлінше азайтатын жұмыс тәсілдерін ендіру.

Электрондық құжаттарды сақтаудың ұзақ мерзімдік саясаты әзірге жоқ. Іс номенклатурасына электрондық құжаттар мен мәліметтер базасы енбейді. Электрондық құжаттар есебі ұйымдарда не бүтіндей жүргізілмейді не жеткіліксіз дәрежеде ғана жүргізіледі. Электрондық құжаттар бойынша іздестіру жүйесін жасау – ұйымда электрондық мұрағат құрудың негізгі мәні болып табылады. Әйтсе демұрағат негізі – электрондық құжаттардың есебін жүргізу. Электрондық құжаттардың сақталу жайы туралы айту үшін ең алдымен олар жөнінде нақты мәліметтер болуы шарт. Егер электрондық құжаттар сыртта сақталатын негіздерге жазылған болса, онда олардың есебін ретке келтіру оңай.

Құжаттаманы басқару құжаттарды есепке алу, қозғалысқа келтіру, жедел сақтау, іздестірілуін қамтамасыз ету және құжаттық ақпараттарды пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру мәселелерін қамтиды. Құжаттаманы басқару ісінің құрамдас бір бөлігі құжат айналымы болып табылады.

Құжат айналымы деп ұйымдағы құжаттардың жасалған немесе әр түрлі технологиялар арқылы алынған сәтінен бастап орындалғанға немесе жөнелтілгенге дейінгі қозғалысын айтады.

Құжат айналымы мынадай талаптарға сәйкес болуы керек:

- 1) құжаттардың бағдарлы қозғалысы (құжаттар төте жолмен орындаушылар қолына келіп түседі, құжаттардың кері қозғалысы мейлінше азайтылуы тиіс);
- 2) құжаттардың қызметкерлер арасында лауазымдық нұсқаулықтарға немесе функционалдық міндеттерге сәйкес нақты бөлінуі;

3) құжаттар қозғалысы технологиялық схемасы мен сол бойынша атқарылатын технологиялық операциялардың бірыңғайлығы, әр операцияның бір реттен ғана орындалуы;

Қазіргі таңда барлық дерлік құжаттар [2] компьютерде жасалғанмен, қағаз барысында жүзеге асады. Қол қою, тексеру, шешім шығару мен қабылдау, мөр басу секілді кезеңдерден кейін барып қана алушының қолына тиеді. Тіпті, ұзақ уақыт күттіруі де мүмкін. Бұл мәселені шешудің бір жолы – цифрлық құжат айналымы. Құжат жолдауда қиындықтар әлі де кездеседі. Курьер жоғалтып алуы, өзге мекен-жайға жолданып кетуі, жолда бүлінуі, уақытынан кешігіп қалуы, т.б. қиындықтар бар. Нәтижесінде қанша уақыт зая кетіп, қанша адамның ол құжатты қайта қарауына тура келеді. Осының бәрін болдырмаудың бір жолы – құжаттарды басқарудың «цифрлық құжат айналымы» деп аталатын жаңа жүйесін енгізу. Электронды құжат айналымы – қағазсыз іс жүргізу концепциясын жүзеге асыру мақсатында қолға алынбақ. Шартты түрде үш негізгі бөлік арқылы алып қарастыруға болады. Олар: ішкі құжат айналымы, сыртқы құжат айналымы және блокчейн. Электронды құжат айналымы жүйелерінің басты міндеті – ол электрондық құжаттарды сақтауды және олармен жұмысты ұйымдастыру. Бүгінде ірі компанияларды айтпағанда, өзіміз білетін Электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) айтуға болады. Бұл үйден шықпай-ақ мемлекеттік қызмет түрлерін алуға көмектесетін қазіргі бірден-бір құжат. ЭЦҚ алу үшін Сізге Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландыру орталығының – www.pki.gov.kz сайтына кіру керек. Аталған орталық Қазақстанның жеке және заңды тұлғаларына ЭЦҚ берумен айналысады. Сондай-ақ Халыққа қызмет көрсету орталығынан да барып алуға болады. ЭЦҚ – бүгінгі өмірімізге дендеп еніп келе жатқан цифрлық құжат айналымы жүйесінің бір қадамы. Қазіргі таңда көптеген компаниялар цифрлық құжат айналымы жүйесіне өтіп, жаңа технологияның артықшылықтарын оң бағалауда. Ішкі және сыртқы құжат айналымы электронды түрде жүргізілуде. Ал цифрлық құжат айналымының үшінші құрамдас бөлігі саналған блокчейнді пайдалану аясы тарлау. Мамандар осылай деп есептейді. Блокчейн – желіде ақпараттарды сақтайтын белгілі бір тәртіп бойынша құрылған блоктар тізбегі (block-блок, chain-тізбек). Қазіргі уақытта ол түрлі криптовалюталарда транзакциялар жүргізуге қолданылып жүр. Алайда, «блокчейн» жүйесінде өзге де ақпараттарды сақтауға болады. Мамандар бұл технологияны банк жүйесінде, экономикалық салаларда және өзге де индустрияларда қолдануға болатынын айтады. Дәстүрлі банк транзакцияларымен салыстырғанда блокчейннің негізгі басымдығы – арада делдалдардың болмауы. Биыл жазда Ұлттық банкі халыққа блокчейн базасында құнды қағаздарды сатуға және сатып алуға мүмкіндік беретін мобилді қосымша әзірленіп жатқанын мәлімдеді. Мобильді қосымшаның көмегімен әрбір қазақстандық еліміздегі әртүрлі компаниялардың құнды қағаздарын "блокчейн" базасы негізінде сатып ала алады. Қазіргі таңда компаниялардың қағаз құжаттан цифрлық құжат айналымына ауысуына заңдық база жеткілікті. Мемлекеттік көлемде, оның ішінде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында осы жүйені дамыту жолында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Цифрлық құжат айналымының енуі – қағаздың үнемделуіне де сеп болады. Қағазға дейін табиғи ресурстардың сақталуын да ескерген жөн.

Мәселен 1 тонна қағаз алу үшін 17 ағаш кесіледі екен. Яғни, цифрлық құжат айналымын енгізу тек мемлекеттік жоба мен бизнес үшін ғана емес, қоршаған ортаны қорғауға да үлес қосатын жүйе.

Кез-келген фирманың басқару аппаратының тиімділігі қызмет құжаттармен жұмысты дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Мекемеде электронды құжат айналымы жүйесін қолдану құжаттарды басқару, бизнес-процестерді автоматтандыруды, ақпаратты сенімді түрде сақтау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты мәселелерді шешеді.

Электронды құжат айналымы қолданушылардың уақытын үнемдейді және қолдануда тиімді болып келеді. Электронды құжат айналымын ЖОО-да, компания мен фирмаларда іске асыруға болады. Мысалға: ЖОО-да электронды құжат айналымын ұйымдастыру ішкі құрылымдық бөлімшелер арасындағы қағаз құжат айналымын, қағазға шығарып тапсыратын есептерді қысқартады. Сол арқылы қағазды үнемдеуге болады, яғни экономикалық, экологиялық жағынан тиімді.

Электронды құжат айналымын жүзеге асыруға арналған түрлі программалар бар, бірақ ол программалар ақылы. Осыған байланысты ашық ресурстарды пайдаланып, электронды құжат айналымын ұйымдастыруды жүзеге асыру өзекті мәселе болып отыр. Алдымызға осы сұрақты міндеттеп қойып отырмыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. <https://malimetter.kz/elektrondy-kuzhatty-zhasau-tartibi/>
2. https://massaget.kz/mangilik_el/kazakstanda_jasalgan/48808/

PHOTOSHOP ГРАФИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫН ПАЙДАЛАНУ

*Ескермесұлы Ә.
Phd, аға оқытушы,
Жаденов О.А.*

Информатика мамандығы 4-курс

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Аннотация: В графическом редакторе курса информатики визуальные образы могут использоваться в образовательных целях, а неадекватно выбранный учебный материал, напротив, отрицательно влияет на мировоззрение и психологию студента.

Ключевые слова: графический редактор, студент, программа, графика

Annotation: In a graphic editor, the visual information visual aids can be used in educational comprehension, and inadequate, selective teaching material, attentive, discriminatory, attitudes towards the student and psychologist.

Keywords: graphic editor, student, program, graphics

Қазақстан Республикасының 2015-ші жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» қажеттігін атап көрсеткен [1, 11].

Барлық заманауи ақпараттық-қатынастық және телекоммуникациялық технологияларды, олардан алынатын ақпаратты, өнімдерді графикалық кескінсіз көз алдыға келтіру мүмкін емес. Қазіргі кездегі барлық *компьютерлік бағдарламалық орта* өзіндік графикалық кескінімен немесе интерфейсімен іске асады. Сондықтан да, тек компьютерлік графикалық редакторлар арқылы алынатын өнім ғана емес, жалпы компьютерлік орталардың өзінде де графиканың алатын орны ерекше.

Заманауи ақпараттық-қатынастық технологияларды жетік меңгеру қазіргі кездегі мектеп информатика курстарында компьютерлік графиканы оқытудың қажеттілігін тудырып отыр. Мектеп қабырғасында растрлық графиктік редакторларды оқыту оқушыларды болашақта одан да күрделі техникалық жүйелерде жұмыс істеуге дайындау мүмкіндігін береді. Дегенмен де, компьютерлік графиканы оқытуда ескерілуі қажет жайттардың қатарына графикалық редакторларды оқытудың психология-педагогикалық ерекшеліктері де кіретіндігін ескерген жөн.

Оқытудың мазмұндық құрылымы мамандықтарға бейімделген білімі бар оқушыны дайындайтындай етіп құрылуы, яғни, «компьютерлік графика» бойынша меңгерілуі тиіс білім мазмұны оқушының сана-сезімі мен жас ерекшелігіне және басқа пәндер бойынша алған біліміне сай құрылуы қажет.

Компьютерлік графика – дербес компьютерді қолданудағы ең негізгі бағыттардың бірі, сондай-ақ, қазіргі таңдағы білім берудің маңызды компоненті болып табылады. Компьютерлік графика (CG-computergraphics)-компьютер-суретсалунемесемодельдеуқұралы. Компьютерлік графиканы екі өлшемді, үш өлшемді және инженерлік графика деп үш түрде қарастыруға болады.

Білімді ақпараттандыру құралдарының қарқынды дамуы болашақ компьютерлік графика мамандарын бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында қажетті кәсіби шебер маман етіп дайындауды қажет етеді.

Компьютерлік графика және анимация – кино, жарнама, көркемөнер, сәулеттік презентациялар, компьютерлік ойындар, арнайы – оқытушы бағдарламалар сияқты көптеген салаларда қолданылатын қажетті құрал болып табылады. Компьютерлік графиканың қолданылу аумақтары үнемі кеңейіп, жоғары білімді суретшілерге, компьютерлік модельдер жасаушыларға қажеттілік артып, еңбек нарығында арнайы эффект жасаушы, векторлықарт-шебер, CAD-шебер, модельдеуші, аниматор, визуалдаушы т.с.с. жаңа мамандықтар пайда бола бастады. Сонымен қатар, мәліметтерді көрсетудің жаңа визуалды құралдарының пайда болуы кез келген кәсіби қызметтің сипатын өзгертті. Компьютерлік графиканың әдістері мен құралдарын сәулетшілік дизайнында, жарнамада, интерьер дизайндында, графикалық дизайнды дәстүрлі қолданумен қатар, компьютерлік графиканы қолданудың жаңа бағыттары: web-дизайн, коммуникативті дизайн, интерактивті оқыту жүйелерінің дизайны және т.б. пайда болады.

Жалпы компьютерлер көмегімен құрылған кескіндер—*компьютерлік графика* деп аталады. Компьютерлік графиканың әр түрлі топтамасы бар.

Түс ерекшелігіне қарай: қара, ақ және түрлі түсті болып ажыратылады.

Қолдану бағытына қарай үшке бөлінеді: инженерлік графика, ғылыми графика, Web-графика [2, 25].

Жоғарда айтылған мәселелерден байқағанымыз – ол заман талабына сай, аталған жаңа мамандық түрлері мен мамандардың барлығының да компьютерлік графика бойынша нақты білімі болуы қажет. Ендеше, компьютерлік графика саласындағы болашақ мамандарды дайындау психологиялық және әдістемелік жаңа идеяларды қажет етеді. Ал, біз сөз етіп отырған компьютерлік графика мамандарының алғашқы буыны мектеп қабырғасында тәрбиеленеді. Себебі, жоғарыда аталған мамандықтарға бейімделетін оқушы компьютерлік графикаға қатысты білімді өз бойында мектеп қабырғасынан қалыптастыруы қажет.

Мектеп информатика курсына оқытылып жүрген компьютерлік графиканың екі түрі бар екендігі белгілі. Олар: *векторлық және растрлық*. Векторлық бейнелер контурлар мен математикалық сипаттамалары бар қисықтардан тұрады, үшінші реттегі параметрлік Безье қисықтарынан тұрады.

Векторлық графикамен жұмыс жасайтын графикалық редакторларда Безье қисықтары визуалды контурлармен ұсынылған, яғни оларды басқару да сәйкесінше визуалды болады.

Растрлық бейнелер «растр» деп аталатын нүктелер торшаларынан тұрады. Адамның растрлық бейнені көру негізін – көзді алдау деп айтуға болады, себебі растр нүктелері өте кішентай болғандықтан адамның көзі бейненің нүктелерін бөліп емес, бүтіндей көреді.

Цифрлық формада әрбір нүкте бір түс ретінде көрінеді. Сондықтан, бейнені редакциялау оның әрбір нүктесін өзгертуден тұрады. Растрлық және векторлық бейнелердің әр қайсысының өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Бейнені түсіріп, цифрлық формаға келтіретін құрылғыны *растрлық бейнелердің көзі* деп айтуға болады.

Мұндай цифрлық суреттерді алуға болатын құрылғыларға: цифрлық фотоаппараттарды, цифрлық видеокамераларды және web-камераларды жатқызуға болады. Мұндай құрылғыларда түсірілген бейнелер ешқандай өзгертулерсіз, файл түрінде, арнайы ақпаратты тасымалдау құрылғыларында сақталады. Содан кейін, суреті бар файлдар цифрлық құрылғылардан арнайы кабельдердің көмегімен компьютерге көшіріледі.

Суреттерді цифрлық түрге келтіру құрылғыларына әр-түрлі сканерлер және аналогты сигналдарды цифрлық түрге өзгертетін арнайы құралдар жатады. Ол үшін суретті сканерге қойып, дайын суретті компьютерден алуға болады. Растрлық графиканың бұл қасиеттері, балаларға өздерін қандай да бір туынды жасап шығарушы ретінде сезінуге және өз қалауымен көркем суреттерді жасауға кең мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялардың дамыған кезінде, сурет түріндегі цифрлық ақпараттарды, фото суреттерді алуға балалардың мүмкіндіктері өте жоғары. Қазіргі таңда, фотоға және видеоға түсіру мүмкіндігі бар ұялы телефондар кеңінен таралып кетті. Мектеп

оқушыларының психологиялық ерекшеліктері, олар өздерінің суреттерін сырттай байқап көргілері келеді. Олар өздерінің және достарының суреттеріне тәжірибе жасағанды жақсы көреді. Растрлық графикалық редакторларды қолдану осындай мүмкіндіктерді береді.

Растрлық графиканың негізгі артықшылығы деп, берілген суреттің нақтылығын айтуға болады. Растрлық графикада цифрлық түрге негізгі суреттің ең кішкентай фрагменттері де ауыстырылатын болғандықтан суреттің нақтылығы өте жоғары болады.

Растрлық графиканың кемшілігіне келетін болсақ, ең басты кемшілік суреттің өлшемінің үлкендігі. Қазіргі таңда суреттің өлшемдерін кішірейтетін түрлі технологиялар бар, бірақ кішірейткенде суреттің сапасын жоғалтатынын ескерген жөн.

Adobe Photoshop – растрлық графиканы өңдейтін ең мықты құрал болып табылады. Бұл құрал: растрлық суреттерді, коллаждарды, иллюстрацияларды және тағы басқа графикалық көркемсуреттерді өңдеудің шексіз мүмкіндіктерін ұсынады. Бірақ, растрлық редакторларды оқыту тек электрондық құралдардың көмегімен іске асырылатынын ескеру керек. Электрондық оқулықтардың сапасын бағалау кезінде техникалық, мазмұндық және әдістемелік деңгейде сараптама жүргізу қажет[3, 47].

Компьютерлік графикамен жұмыс жасай алу кез келген адамның ақпараттық сауаттылығының бір бөлігі болып табылады. Мұндай жағдай мектеп қоғамында әлеуметтік сұраныстың өзгеруіне алып келді. Графикалық ақпаратты өңдеудің технологиясы тақырыбын оқытуға сапалы жаңа ықпал керек. Бірақ нормативтік документтерде аталған тақырыпты меңгеруге берілген уақыт өте аз. *Растрлық графикалық объектілерді* өңдеуге арналған профессионалды графикалық редактордың көптігі оқытушының алдында үлкен мәселелерді қояды. *Біріншіден*, графикалық редакторлардың ішінен негізделген біреуін таңдай білу, *екіншіден* таңдалған графикалық редактордың оқу әдістемесін жасау болып табылады.

Мектеп информатика курсына графикалық редактормен жұмыс жасауды үйрету кезінде графикалық редактордың барлық мүмкіндіктерін көрсету қажет.

Үйрету барысында фотосуреттерді қолданып оның нәтижелерін көрсету оқушыны одан әрі қызықтыра түседі.

Оқушылардың танымдық қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына және қабілеттіліктеріне байланысты оқытудың мазмұны, ұйымдастыру формалары, әдістерінің көп нұсқалылығы мектептің барлық кезеңдерінде, әсіресе мектептің білім беру жүйесінің жоғарғы сатысында аса маңызды болып табылады. Бұл ең алдымен, оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне негізделеді.

Мектеп информатика курсына графикалық редакторды оқыту кезінде оқытушы мектеп оқушыларының психологиялық күйін ескеруді, оқушыларға басқа адамдардың психологиялық ерекшеліктерін ескеруді үйретуге икемді болуы керек. Себебі, оқытудың нәтижесі көбінесе жұмыстың қаншалықты қабылданғандығына байланысты болады. Сондықтан, оқушылардың қабылдау ерекшеліктерін ескеру қажет.

Жоғарыда айтылғандарды ескеретін болсақ, оқытушының міндеті -

Сабақты дұрыс ұйымдастыра білу, тапсырманың қойылуы мен жұмыстың мақсаттарын анықтап, теориялық материалды түсіндіру, күрделі ұғымдарға анықтама беру болып табылады.


Берілген материалдарды негізге ала отырып растрлық графиканың қасиеттері сурет салуға икемсіз балаларға да өздерін жаңа туынды жасаушы ретінде сезінуге мүмкіндік береді деген шешімге келуге болады. Салынатын суреттердің шынайылығы, баланың қоршаған ортаға әсер ете алатындығына деген сенімін қалыптастырып, баланың ауқымды ойлауына мүмкіндік береді.

Мектеп оқушыларына *Adobe Photoshop* графикалық редакторын оқыту тақырыбындағы сабақтар жүргізу, олардың қабылдау қабілеттерін жетілдіріп елестету, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға үлесін қосады.

Adobe Photoshop бағдарламасы қазіргі заман талабына сай көптеген жұмыстар атқаруға қол жетімді. Мектепте *Adobe Photoshop* бағдарламасынан факультатив сабақтарды өткізу мектеп жасындағы балаларға көп мүмкіндік ашу қажет. Сабақты ұйымдастыру барысы көбінесе келесідей схемамен жүзеге асырылады: алдымен кез келген бір объектіні құру қарастырылады, осы объектінің мысалында жұмыстың тақырыбы анықталады, содан кейін тақырыпқа қатысты басты ережелер анықталады, сонымен қатар, барлық тақырыпқа қатысты бекіту және материалды жан- жақты зерттеу үшін жаттығулар қарастырылады.

Adobe Photoshop бағдарламасымен өзімізге қажетті мол жұмыстарды алуға болады, мысалы: мақтау қағазы, шақыру, алғыс хат, т.б жасауға болады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып мектеп информатика курсына графикалық редакторды оқытудың психологиялық ерекшеліктері визуалды бейнелерді тәрбиелік мақсатта қолдануға болатындығында, ал дұрыс таңдап алынбаған оқу материалы керісінше оқушының дүниетанымына және психологиясына кері әсер етуі мүмкін немесе оқуға деген ынтасын, қызығушылығын төмендетуі мүмкін, сондықтан да оқытуда пайдаланылатын әдістемелік электрондық оқулықтар мен дидактикалық материалдар келтірілген талаптарға сай болуы керек деген қорытындыға келуге болады.



Әдебиеттер

1. Қазақстан республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //Егемен Қазақстан, 27 желтоқсан 2003.
2. Текесбаева Н.А. Компьютерлік графика. «Оқытудың ақпараттық жүйелері». Алматы, 2012.
3. Степанов В.Г. Психология трудных школьников. Учеб. Пособие для студентов высших пед. Учебных заведений / В.Г. Степанов. – М.: Академия, 2001.
4. <http://www.dissercat.com/content/metodika-obucheniya-kompyuternoi-grafike-studentov-vuza>

ӘЛЕМДІК СТАНДАРТҚА САЙ ЖАҢА БІЛІМ НЕГІЗІ – САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

*Жаксылыкова Айсулу Тынымбаевна
Магистр*

*Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан
baglan_aisulu@bk.ru*

Аннотация: Если мы считаем себя современными учителями, мы обязаны четко осознать реалии нового века и запросы тех, кого нам предстоит учить!!! Мир стал другим! Наши дети, в отличие от нас, уже сегодня живут в цифровом мире!!! Как учителям вписаться в цифровой мир и превратиться из эмигрантов в его граждан? В котором мы с вами оказались незаметно для себя и... == СО СКОРОСТЬЮ СВЕТА Нам нужны новые средства и новые задания для новых знаний и новых практических навыков.

Ключевые слова: Цифрлық технология. 3D модельдеу. Әлемдік стандартқа сай білім. Сандық оқыту ресурстары.

Annotation: If we consider ourselves to be modern teachers, we must clearly understand the realities of the new century and the demands of those we have to teach !!! The world has become different! Our children, unlike us, already live in the digital world !!! How can teachers fit into the digital world and turn from immigrants into its citizens? In which we were imperceptibly and ... == AT THE SPEED OF LIGHT We need new tools and new tasks for new knowledge and new practical skills

Keywords: Digital technology. 3D modeling. According to the international standards of education. Digital learning resources.

Ерте ме, кеш пе технологиялық үрдіс адамзат өмірінің барлық саласына әсер етеді, денсаулық сақтау, білім беру, жеңіл және ауыр өнеркәсіп т.б. салалар болсын. Сол кезде алдыңғы қатарға дереу әрекет ете алатын, жұмыстың қырсырын тез игеріп кететін, жаңа тәсілдерге тез бейімделгендер шығады. Бұны бүкіл әлем бойынша көптеген елдер көрсетіп келеді. Демек біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Бұл маңызды міндет елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Цифрлы Қазақстан» 2018-2022ж бағдарламасына сай қолға алынып отыр.

Замануи өмірдің шындығы да сол, сандық технологиялар дамыған сайын адам үнемі ақпарат ағымында болады. Ол үшін елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Конференциядағы менің мақсатым – осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жаратылыстану пәндерін сандық технология негізінде қалай оқытуға ой жеткізу. Өйткені жетістікке жету үшін - мақсатымызға қаншалықты бағытталғанымыз маңызды.

Алдымен сандық технологиялар не үшін енгізіледі деген сұраққа жауап беріп көрейік.«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру. Оның білім беру саласына

әсерін ойып көрсететін болсақ: нарықта жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететіндері ғана қалу керек. Себебі мемлекеттің табысқа жетуінің басты кепілі - мейлінше сұранысқа ие және ІТ технологияны толыққанды игерген жас мамандарды даярлау.

Қазіргі жоғары технология заманын цифрландыру жүйесінсіз көз алдымызға елестету мүлде мүмкін емес. Қазіргі жоғары технология заманында ақпараттың бәрі сандық жүйеге көшіріледі. Мұндай амбициялық мақсатқа жету үшін бағдарлама 5 негізгі бағытқа бөлінген:

1. Уақыт үнемдеу
2. Білім беру саласында қызметтер сапасын арттыру
3. Денсаулық сақтау саласында қызметтер сапасын арттыру
4. Халықтың өмір сапасын арттыру
5. Мемлекеттік басқару тиімділігін қамтамасыз ету.

Сандық технологиялар арқылы білім беру саласында қызметтер сапасын арттыру

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің нормативтік актілеріне сай мектептер мен пәндер екі бағытқа жіктеледі:

1. Жаратылыстану бағыттағы пәндер мен мектептер (лицей)
2. Гуманитарлық бағыттағы пәндер мен мектептер (гимназия)

Бірақ екі жағдайда да алға қойылған мақсат бір - бәсекеге қабілетті әлемдік стандартқа сай білім беру. Ал білім беру мен технология бірін бірі толықтырып тұратын егіз ұғым. Тиісті пәндерді оқытуда сандық технологияларға жүгіну, көптеген проблемаларды жаңаша жолмен толық шешуге мүмкіндік береді. *Мысалы: кванттық физика мен атом ядросы физикасынан зертханалық практикумды жүргізу кезінде жабдыққа байланысты проблемалар, компьютерлік зертханалық жұмыстармен ауыстыруға болады.*

Осы орайда бұның қазіргі «Виртуалды лабораториялық» жұмыстардан ерекшелігі неде деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұны мен шынайы виртуаль немесе жан бітірілген виртуаль деп айтқым келеді. Себебі оның басты ерекшелігі мынада:

- оқушы бұл орайда бір ғана зертханалық жұмыспен шектелмейді. Ол **өз бетінше ойластырылған зертханалық экспериментті**, яғни осылай жасасам қалай болады екен деген сұрақтарына жауап алып, зертханалық жұмысты өзінше түрлендіре алады.
- Қандай да бір құбылыстар бойынша қорытынды жасайтын фактілерді алады.
- 3 D модельдеу қарастырылған.
- электронды оқулық болады.
- аудио лекциялар қоры болады.
- картинкаларға жан бітірілген (сөйлей алады, дауысы шығады,) яғни дыбыс тонын қанша Гц екенін анықтау жұмысын жүргізе алады
- барлық терминдер мен, әрбір суретте басқанда анықтамасы шығатындай гиперсылқалар болады.
- нақты жағдайларда зерттеу мүмкін емес және кез келген теориялармен болжанатын құбылыстарды модельдеуге және зерттеуге мүмкіндік береді.

- экологиялық таза болып табылады және табиғат пен адам үшін қауіп төндірмейді
- биологиялық жүйелердің ішіндегі микро және макроәлемдік құбылыстарды оқып білуге мүмкіндік береді;
- әртүрлі жылдамдықпен өтіп жатқан физикалық, химиялық, биологиялық және әлеуметтік құбылыстарды танып-білуге өте ыңғайлы уақыт көлемінде көруге болады.
- біртұтас білімдік, ақпараттық кеңестікті қалыптастыру және дамыту
- көрнекілікті қамтамасыз етеді
- пайдалануға қол жетімді

Сондықтан мұғалім оқу процесін ұйымдастыруда тиімді оқытудың техникалық құралдарын таңдауы тиіс.

Сандық білім ресурстарына қойылатын негізгі талаптар:

- Оқу бағдарламасы мен оқулықтың мазмұнына сай болуы;
- Оқытудың заманауи формаларына негізделіп, оқытуды интерактивтілік және мультимедиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі;
- Оқушылардың жеке және жас ерекшелігіне сай, оқытуды саралау және даралау мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- Оқушылардың осы пән бойынша алған білік-дағдылары негізінде проблемаларды шешуде өмірлік тәжірибе қалыптастырға бағытталған оқыту түрлерін ұсыну;
- Топтық және жеке жұмыстар ұйымдастыру;
- Шынайы мәліметтерге сүйену;
- Оқулықтың сәйкес бөлімдерінің көлемін ұлғайту;
- Методикалық тұрғыдан мақсатқа сай болғанда ғана қолдану мүмкіндігі;
- Ыңғайлы интерфейс.

Әрине, басында мұғалім бақылауды ұйымдастырады және демонстрациялық тәжірибелерді қояды. Ал нәтижесінде:

- ✓ алған фактілерге сүйене отырып, заңдылықтарды анықтауға тырысады.
- ✓ өмірде өз қажеттілігіне жарататын ақпарат ала алады, яғни **функциональдік сауаттылыққа үйренеді.**
- ✓ тағы да қандай сынақ эксперименттерін қоюға болатынын жоспарлайды
- ✓ халыққа қажетті немесе пайдалы өнім ойлап таба алады
- ✓ идеялары мен мақсаттары не екендігін айқындай түседі.
- ✓ теориялық болжамдармен салыстырады
- ✓ қорытынды жасайды.

Нәтижесінде келешекте техникалық құралдарды ойлап шығаратын және заңдылықтар ашатын ғылымға деген қызығушылығы мол жас ғалымдар тәрбиеленеді.

Жоғарыдағы бір ғана мысалға сүйене отырып осы орайда «Сандық технология - бұл білім беру ортасына АКТ құралдарын кешенді енгізудің ауқымды жобасы» деген қорытынды ой айтқым келеді. Жаңадан келген ештеңе жоқ тек заман талабына сай АКТ ауқымды ордасы кеңеюде.

Бұл әдіс жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндерге, сондай-ақ информатика мен АКТ-ға тән. Әңгіме САНДЫҚ ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК РЕСУРСТЫ тренажерлер ретінде пайдалану туралы болып отыр. Бұл жағдайда объект моделі, құбылыстар немесе процесс, шынайылыққа барынша жақындағанда бағдарламалық жасалады. Мұндай пайдалану тәсілі информатика және АКТ мысалы, мектепте физика немесе химия курсының оқытуында да пайдалы болуы мүмкін, жиналған электр схемасының мінез-құлқын, оның элементтері мен қосылыстарының параметрлерін, қоя отырып, қандай да бір химиялық заттарды алуды орындай алады. Осылайша, кез келген процессті немесе құбылысты, қандай да бір құрылғының мінез-құлқын модельдеу мүмкін, ал бұл қалғандармен қатар оқу процесін біріздендіруге, қауіпті немесе қымбат тәжірибені орындауды компьютерге ауыстыруға мүмкіндік береді.

Тілдік қолданысымызға «цифрландыру» сөзінің енгеніне көп бола қойған жоқ.

Алайда, сонымен қатар оның ата-аналар мен оқушыларға, ал қажет болған жағдайда мұғалімге дәріс материалдарымен танысуға, зертханалық жұмыстар мен тест тапсырмаларын орындауға мүмкіндік беретін қашықтықтан білім беру болып табылады, бұл уақытша еңбекке жарамсыз оқушылар, үйде оқитын немесе кеткен оқушылар үшін өте өзекті. Мұғалім-оқушы-ата-ана үштік одақ құрылып жұмыс жасалғанда еңбек жемісті болады. Ия, сандық технологияға көшу қай саланы да жандандырды. Айталық, сынып журналынан баға жөндеу, ауылдағы ата-ананың бала білімінен хабарсыз болуы дегендей мәселелер шешімін тапты. Барлығы автоматты ақпараттандырылған. Үйде не жұмыста отырып ата-ана да мұғалім де оқушыға көмек көрсете алады. Өз кезегінде мұғалімшәкіртінің жағдайын нақты бейнелейтін статистикалық ақпаратқа қол жеткізетін болады. Баласының білім деңгейінің көрсеткішін электорнды күнделік арқылы қадағалап отырады. Бұл сандық технологияның өте тиімді екенінің тағы да бір дәлелі.

«Сандық білім беру ресурстары (ББО) - бұл білім беру мақсаттарында қолданылатын және оларды жаңғырту үшін компьютер қажет болатын ақпараттық ресурстар».

Менің пікірімше оқуға ықылас-ынтасы, ниеті мен зауқы болмаса, оқу нәтижесінің мардымды болуы екі талай. Ал бұл кемшілікті жою үшін оқушының өзін еркін сезінуге жағдай жасалып, тек ғана бағыт бағдар мен жақсы мотивация берілу керек.

Сабақтың тиімділігі: оқушы шығармашылық деңгейге мұғалім арқылы емес, өз іс-әрекеті арқылы жетуі. Жаңа әдіс-тәсілдердің де ұтымдылығы осында. Технологияны пайдалану шығармашылық тұлға қалыптастыруға алып келеді. Біз сабақтың басында мақсат қойғанда да осындай нәтижені көздейміз ғой. Үлгерімі жоғары студенттер мен оқушыларға мейлінше қолдау көрсетуіміз керек. Осылайша, жаратылыстану-ғылыми пәндер сабақтарында ақпараттық сандық технологияларды қолдану оқылатын пәннің ерекшелігіне байланысты қажет. Презентациялар, ақпараттық технологиялардың бір құралы ретінде биология және география сабақтарында бірқатар артықшылықтарға байланысты ең көп сұранысқа ие болып табылады: көп мәрте қолдану және

қажетті сәтте тоқтата тұру қажеттілігі; сабақтың әр түрлі кезеңдерінде қолдану мүмкіндігі; материалды көру, есту және эмоциялық деңгейде қабылдау. Бұл сабақты ерекше етіп жасауға және оқушылардың қызығушылығын тудыруға мүмкіндік береді. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Байқағанымыздай, білім саласын цифрландыру жұмысы қарқынды. Алдағы уақытта балалардың ойлау қабілетін дамыту мақсатында оқу орындарын «3 Д лабораториялармен», робототехника кабинеттерімен жабдықтау және IT IMAQORDA ресурстық әдістемелік орталығын құру жұмыстары өз жалғасын табу керек. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық-коммуникациялық сандық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттердің біріне айналды. Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жана технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Қазіргі сандық технологиялар заманында осындай еркіндікті сезінген, өзіне сенімді, ынталы, сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыған, өз ойлары мен дәлелдемелерін нақты жеткізе алатын, ойға жүйрік, тілге шешен, бірнеше тілді қатар меңгерген бәсекеге қабілетті «Тұлға» еліміздің тұтқасын жауапкершілікпен ұстап, көркейтуге нақты қадам жасай алады!!!

Әдебиеттер тізімі:

1. Group-global.org/ru/publication/
2. lenta.inform.kz/kz/kazakstanda-cifr...
3. baq.kz/kk/news/zhangirtu_30/tsifrli
4. Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерные сети. Принципы, технологии, протоколы. СПб: ЖПитер, 2000.
5. Лапони́на, О.Р. Протоколы безопасного сетевого взаимодействия [Электронная версия-диск]: Лекции. / О.Р. Лапони́на. - 2009
6. Қоянбаев Ж. Б. Педагогика. - Алматы: Рауан. 1992. - 197 - 206 б.
7. 12 жылдық білім беру бойынша мемлекеттік стандарт жобасы.
8. Жалпы педагогика. 2009ж М. Жұмабаев.
9. Педагогикалық еңбектер. 2008ж
10. Қазіргі мектеп мұғалімінің инновациялық іс-әрекетке даярлығы // Редакторы Л. П. Сейтешев – Алматы, Ғалым, 2000ж
11. Білім берудегі педагогикалық технологиялар. Изденіс. Поиск – 2003ж
12. Роберт И.В. Информатизация образования (педагогико-эргономический аспект). – М.: РАО, 2002.
13. Сибгатов Г.К. Образовательные технологии в практической деятельности студентов вузов. Дисс... к.п.н. : 15.01.04. – Атырау, 2004.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

*Нурханов Маргулан Абилбекович
аға оқытушы, АрқМПИ доценті*

*Балыкбаева Гульнара Шарифжановна
аға оқытушы, педагогика және психология магистрі
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация: В статье рассматриваются методы инновационных технологии в изучении географии. Использование инновационных и интерактивных технологий на уроке способствует качеству преподавания и обучения. В частности, использование информационных технологий способствует всестороннему раскрытию личности, расширяет творческий потенциал и способствует образованию высокоинтеллектуальной молодежи.

Ключевые слова: компьютерное моделирование, MPEG, AVI, информационные технологии, электронные учебники.

Summary: The article discusses the methods of innovative technology in the study of geography. The use of innovative and interactive technologies in a class contributes to the quality of teaching and learning. In particular, the use of information technology contributes to the full disclosure of the personality, expands the creative potential and contributes to the formation of highly intellectual youth.

Key words: computer modeling, MREG, AVI, information technologies, electronic textbooks.

Жаңа ХХІ ғасыр ғылым мен техниканың қарыштап даму жолына жол ашылып, адамзат қоғамын ақпарат тасқыны дәуіріне бастап әкелгені шындық.

Еліміздің тәуелсіздік алып ұлттық даму жолына түсуі білім беру ісін жолға қоюды талап етіп әлеуметтік маңызды істерді жолға қоюды талап етті. Осы маңызды талаптардың бірі білім беру жүйесін ақпараттандыру. Бүгінгі таңда оқу үрдісін сапалы, әрі тиімді өткізудің басты алғышарттарының бірі әртүрлі инновациялық технологияларды ұтымды пайдаланып сабақ беру болып табылады.

Қазіргі уақытта мұғалімдердің алдында тұрған үлкен міндет – оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, саналы, салауатты, жан – жақты дамыған, рухани бай, заман талабын орындай білетін тұлғаны тәрбиелеп дамыту.

Сондықтан білім беру мен оқытудың қазіргі заманғы әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірибесінде қарастырылуы тиіс. География пәнінде ақпараттық технологияны қолдану. Қай елде болмасын, балаға білім беру ісі елеулі орын алып, онымен арнайы шұғылданатын мамандарды ізденіске итермелеп отырған. Солардың бірі – ақпараттық технология. Ақпараттық технологияны оқу үрдісінде пайдаланудың негізгі көзі сабақ барысында компьютерді пайдалану, интерактивті тақталарды қолдану болып табылмақ [1, 27].

География ғылымы өте қызықты да күрделі. Осы пәнге қызықтыру арқылы, оқушыға географияның күрделі құбылыстары мен заңдылықтар мен заңдылықтарын ұғындырып сапалы білім беру мұғалімнен үлкен шеберлікті оған қоса ғылым мен техника жаңалықтарын, яғни жаңа педагогикалық технологияларды әр сабағында тиімді қолдануды талап етеді.

Электрондық оқулықтар ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім. Электрондық оқулықтармен жұмыс істеу әрбір оқушының өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізуге жол ашады. Электрондық оқулық оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұнын қамтитын компьютерлік технологияға негізделген оқыту, бақылау, моделдеу, тестілеу, т.б. бағдарламалардың жиынтығы. Электрондық оқулық жай оқулықтарға өте тиімді қосымша мүмкіндіктер береді.

Атап айтқанда:

- кері байланысты іс жүзінде тез арада қамтамасыз етеді;
- жай оқулықтағы ақпаратты іздеу мүмкіндіктері біраз уақыт алатын болса, электрондық оқулық қажетті оқулықты табуға тез мүмкіндік береді;
- гипермәтінді түсіндірулерге өту барысында уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Ең бастысы, электрондық оқулықтарды дайындаудың бір жүйеге келтірілген заңдылығы болуы керек. География пәніне қатысты үрдістерді анимациялап көрсету, тіпті кино фильмдер мен диафильмдер үзінділерін MPEG, AVI типті файлдар ретінде сақтап, оларды гипер мәтінді формат арқылы электрондық оқулыққа кірістіру оқулықтың көркемдік әдістемелік деңгейін арттырады. География сабағын қызықты өткізудің негізгі талаптарының бірі мұғалімнің үнемі іздену, ұтымды әдіс – тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып оқытуына байланысты[2, 114].

Қазіргі таңда география пәнінің мұғалімдері инновациялық және интерактивтік технологияларды сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы, әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Соның ішінде ақпараттық технологияны қолдану тұлғаның жан – жақта ашылуына жағдай жасайды, шығармашылық әлеуетін арттырып, жоғары интеллектуалды жастар тәрбиелеуге үлес қосады.

Интернетті қолдану жөнінде төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

- интернет студентке материалды асықпай мұқият оқуға жағдай жасайды;
- интернет алынған ақпаратқа талдау жасауға мүмкіндік береді;
- интернет оқушының өз бетімен жұмыс істеуді әдетке айналдыру қабілетін оятады, өзіндік пікірін қалыптастырады.

Ресей ғалымдары О.И. Агапова, О.А. Кривошеев, А.С. Ушановтар компьютерлік оқыту технологиясының үш деңгейін бөліп көрсетті. Олардың айтуы бойынша, «компьютерлік технология – бұл әдістер жиынтығы, адамның даму үрдісіндегі іс – әрекеттің формасы мен қаруы. Оқыту технологиясының негізі білім беру ақпаратының мазмұнына лайықты құрылу қажет».

1. Компьютерлік технологияның алғашқы деңгейі өз негізінде оқытудың қалыптасқан түрі мен әдістерін сақтайды. Ол классикалық оқулықтар мен оқыту кітапшаларына негізделеді, бірақ білім беруде сапаны арттыру мен ұғымдарын қадағалауды күшейтуде компьютер қолданылады.

2. Компьютерлік оқыту технологиясының екінші деңгейі дәстүрлі мазмұнға негізделіп құрылады. Бұл орайда ол интерактивті тақтаны компьютерлік программалар арқылы пайдалана отырып, білім беру жүйелері негізін жан-жақты зерттелген, шынайы өмір құбылыстарымен байланыстыра қолданады.

3. Компьютерлік технологияның үшінші деңгейі біріккен білім үрдісі болып, дәстүрлі емсе мазмұнға, түрге әдіске және оқу жүйесіне негізделеді.

Білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз – оқу және оқу-әдістемелік материалдар жинағы, оқу қызметіндегі есептеуіш техниканың техникалық құралдары, оқу үрдісіндегі есептеуіш техника құралдарының рөлі мен орны туралы ғылыми білімнің жүйесін және оқытушылар мен оқушылар еңбектерін жүзеге асыру үшін оларды қолдану формалары мен әдістері деген анықтама беруге болады. Яғни, ақпараттық технология – білім беру мекемесі мамандарының жұмысын жүзеге асырушы әдістер мен формалар және балаларға білім беруші құрал. *Ақпараттық технологиялармен оқытудың айрықша тиімділігі, қашықтықтан оқыту үрдісін автоматтандыру үшін, барлық қажетті компоненттерді шоғырландырушы қашықтан оқытудың арнайы ақпараттық жүйесі бағдарламаларын қолдану болып табылады*[3, 65].

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу - тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым - қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс - әрекетінің ғылыми - педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар жаңа технологиялар және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Бұл тығырықтан шығудың бірден - бір жолы оқу - тәрбие процесінде жаңа технологиялардың әдіс - тәсілдерін енгізу, әрбір білім алушылардың білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол ашу. Жаңа технологиялық процестің негізі – жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Жаңашылдық білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Педагог – ғалымдар қазіргі кезде қолданып жүрген білім беру технологиясы терминін әр қырынан ашып көрсетуде. Түсіндірме сөздікте «Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы» делінген.

Б. Лихачев педагогикалық технология оқу үрдісінде белгілі бір мақсат көздейтін педагогикалық ықпал десе, В.И. Беспалько «Оқу үрдісін жүзеге асырудың мазмұндық техникасы» деген анықтама береді. М. Кларин «Педагогикалық технология – белгілі мақсатқа қол жеткізу жолында қолданылатын барлық қисынды ілім, амалдар мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті» деп жазады [4, 28].

Ақпаратты жүйелердің басты ерекшелігі географиялық ақпараттардың негізінде әртүрлі мәліметтерді біріктіруге мүмкіндік береді. Оқушылар компьютермен INTERNET торабы арқылы тақырыпқа қатысты көптеген мағұлыматтарды ала алады. Қазіргі ақпарат дәуіріндегі интернет жүйесі оқушылардың таным көкжиегін тіпті де кеңейтіп, ізденгіштігін арттыра түседі. Алайда мұғалім Internet торабын пайдалануда алдын-ала ескерту қажет:

- Берілген тақырып бойынша адресстердің тізімін жинау;
- Тақырып бойынша тақырыптарсерверінің тізімін жинақтау;
- Оқушыларға қажетті карталар, сызбалар, кестелер, суреттер және т.б. материалдарды алдын- ала таңдап алу;
- Орындалатын практикалық жұмыстардың материалдарын әзірлеу.

Компьютердің және кеңінен қолданатын бағдарламалардың көмегімен кейбір тапсырмаларды орындауда уақытты ұтуға мүмкіндік береді. Оқытуда компьютерлік техниканы қолдану өз бетімен теориялық жолмен іздену негізінде шығармашылық типтегі іскерлікті қалыптастырады. Шығармашылық қабілеттің дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер қағидасы ойлау теориясын ашады. Компьютерлік нұсқа әзірлеу оқушыларға мәнді жайтқа байланысты жан-жақты, өзінше тұжырым жасауға, оқиғаның құбылыстың өту жағдайына әсері сонымен қатар қол жеткен табыстарды ойластыруға мүмкіндік береді. Мұның бәрі оқу барысын зерттеуге және ғылыми тәжірибеге жақындастырады. Компьютерлік техниканы оқу барысында қолдану оқытудың әдістері мен түрлерін мазмұнын жасауға, оқу барысын басқаруды оңтайлы тұрғыда игеруге, т.б. мектепте білім берудің педагогикалық жүйесін заман талабына сай етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда сабақ беру жүйесіне мультимедиялық технологияны енгізу оң нәтиже беруде. Жалпы мультимедиа –бұл нысандар мен үрдістерді дәстүрлімәтінмен сипаттау емес, фото, бейне, графика, анимация, дыбыс, яғни бүгінгі күнгі бәрімізге таныс формаларда беру. Бұл жағдайда біз екі негізгі-сапалық және сандық басымдылыққа ие боламыз. Егер сөзбен сипаттауды аудиовизуалдық ұсыныммен салыстырсақ, сапалық артықшылықты бірден көреміз. Сандық басылымдық мультимедиялық орта ақпараттық тығыздығымен жоғары екендігімен көрінеді. Шындығында, мәтіннің бір парағы 2 Кбайтқа жуық ақпарат сыйғыза алады. Оқытушы бұл мәтінді 1-2минутта айтып шығады. Ал осы толық экранды видео 1,2Гбайт ақпарат бере алады.

Мультимедиялық технологияны қолдану әдістемесі:

1. Оқытуды басқару жүйесін сабақтың әр-түрлі кезеңдерінде жетілдіріп отырады. Оқытудың мотивациясын күшейтеді;
2. Оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамытатын оқыту мен тәрбиенің сапасын арттырады, оқушылардың дайындық деңгейін арттырады;
3. Компьютер тек ойын ойнайтын құрылғы емес, басқа да мүмкіндіктері бар екенін көрсетеді.

Қазіргі уақытта электрондық оқыту процесі жоғары және үздіксіз білім беру жүйесінде іске асырылуда және барынша дамуда. География пәні басқа пәндермен салыстырғанда, картамен жұп-жазбас бірлестікте екенін ескеріп, оқушылардың география сабағында материк пен дүние бөлігіндегі және аралдардағы елдер мен

халықтар жайында қызықты деректерді тек оқулық мәтініндегі берілген карта, сызба, сурет немесе диаграммаларды пайдаланумен ғана шектелмей, электрондық оқулықта көрсетілетін бейне арқылы пайдаланған тиімдірек. Оқушылар оқулықпен жұмыс істеу барысында географиялық әдебиеттер мен карталар, сызбалар, суреттер және қосымша кестелерді пайдалану арқылы біліктіліктерін арттыратын болса, көзбен көріп, электрондық оқулықтың көмегімен есте сақтау қабілетін және пәнге қызығушылығын арттырады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі- пәндік білім, екіншісі- компьютерлік білім.

Географияны оқыту барысында ақпараттық технологияларды қолдану мен құру саласында кеңістік ақпараттарды кезең бойынша тез жұмыс істеуге, өзімізге қажетті ақпаратты пландармен карталардан іздемей- ақ, үлкен жылдамдықпен жету мүмкіндігіне сонымен қатар, мәліметтер базасындағы ақпаратты енгізу мен жанарту үшін геодезияның қазіргі заманауи электрондық құралдарының анықтау жүйесін қолданып, ең жаңа дәл ақпаратқа қол жеткізе аламыз[5, 143].

Қорыта айтқанда «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» - дейді халық мақалы. ХХІ ғасырдағы география сабағы бізден жаңа дәуірдің міндеттерін айқындап, шұғыл іс – шараларды жүргізуді талап етеді. Жаңа ақпараттық технологияны негізгі сабақтарда пайдаланудың тиімділігі мен ерекшеліктерін қорытындылай келе, орта мектептерде әр түрлі пәндерді оқыту кезінде компьютерлік технологияны пайдаланудың әр жақты екендігіне көз жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім беру мекемелері қызметкерлерін ақпараттық – коммуникациялық технология саласы бойынша біліктілігін көтерудің ғылыми - әдістемелік негіздері». Алматы -2006
2. Е.Т. Ақитбаев., «Жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығын дамыту жолдары». Алматы-2016
3. Қ. Жүнісханов, Бәкелестікке қабілетті тұлға тәрбиелеу. Алматы-2008.
4. К.А.Тлеубергенова. Географияны оқыту әдістемесі. ҚазМемҚызПІИ А. 2007
5. К.Н.Мамирова. Методика преподавания географии. Алматы-2008

ИНФОРМАТИКА МЕН ГЕОМЕТРИЯ ПӘНДЕРІ АРАСЫНДАҒА ПӘНАРАЛАҚ БАЙЛАНЫС ОРНАТУДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

*аға оқытушы, магистр Жамалова С.А
информатика мамандығының 4-курс студенті Сайыпова Г.Б
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Байғарин Ә.С.
С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ*

Аннотация: В данной статье рассматриваются межпредметные связи информатики и геометрии, как на уроке информатики используя игры, задачи, методы формирующие геометрические фигуры можно разнонаправленно улучшать, развивать знания учеников по этим предметам.

Ключевые слово: Геометрия, Microsoft Windows, операционная система, «КОМПАС-3D», «Tarsia», программное обеспечение, Paint, компьютерная графика.

Annotation: This article discusses the interdisciplinary communication of informatics and geometry, as in the lesson of informatics using games of the tasks the methods forming geometric shapes can be diversified to improve the knowledge of students in these and subjects.

Keywords: Geometry, Microsoft Windows, operating system, «Kompas-3D», «Tarsia», software, Paint, computer graphics.


Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі — білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, бүкіл әлемдік коммуникация желісіне шығу. Оқытудың ақпараттық технологиясы — бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар, білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек. Қазіргі таңда информатика пәні барлық пәндермен дерлік тығыз байланыста, соның бірі геометрия пәнімен, пән аралық байланысын қарастырамыз.

Геометрия - көне де, қызықтығылым. Ол адамдардың күнделікті өмір қажеттілігінен туындаған. Мысалы, арақашықтық, аудан, көлем, т.с.с. ді әртүрлі шамаларды өлшеу геометрия ғылымына негізделе.


Қазіргі уақытта білім беру үдерісінде бәсекеге қабілетті заман талабына сай, жаңашыл тұлғаны даярлау мақсатында информатика мен геометрия пәндерін байланыстыра отырып, геометриялық фигуралар ұғымдарын қалыптастыратын ойындар мен жаттығу әдіс-тәсілдерін сабақ өту барысында қолдану тиімді болып отыр. Біз информатика сабағында теория мен практиканы ұштастырамыз. Бұлекеуі бір-бірімен өзаратығыз байланыста болады. Тәжірибелік жұмыс жасау барысында бала теориялық білімін шыңдайды. Конфуций: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң - үйренемін» деген. Конфуций айтпақшы бала қолымен жасағанда ғана жақсы түсінеді, естесактайды. Мысалы, «Төртбұрыш» тақырыбында білімді бекіту интеграцияланған сабағын өткізуге болады. Осы сабаққа дайындалған кезде оқушылар мынадай тапсырма алады: Геометрия оқулығын пайдалана отырып «Төртбұрыштар» тақырыбында презентация жасау. Сонымен қатар «Бұрыштар» көрнекі сабағын өткізуге болады, ал ол сабақтың жалғасын информатика сабағының «Компьютерлік графика. Paint-тегі суреттер» тақырыбын қайталаған кезде табады. Мысалы, есептердің шешімдерін компьютермен жазуын талап етуге болады.

Информатика сабағында геометриялық фигуралар түсініктерін қалыптастыратын бір қатар, әдіс-тәсілдер мен ойындар жиынтығына: «Сәйкестендіру», «Сиқырлы көзілдірік» «Фигураны құрау», «6 ойлау қалпағы» т.с.с жатқызамыз. Мысалға «Қызықты информатика» сабағында «Сиқырлы көзілдірік» ойынын ойнатамыз. Балаларға елестете отырып, көзімізге сиқырлы көзілдірікті киеміз. Бірінші көзілдірігіміз дөңгелек, оны киген кезімізде біз өз

жұмыс үстелімізден Қолданбалы бағдарламаларды пайдалана отырып (мәтіндік редакторлар, графикалық редакторлар, электрондық кестелерт.б.) тек қана дөңгелек пішінді заттарды табамыз. Екінші көзілдірік – төртбұрышты. Оны киіп төртбұрышты пішінді заттарды айтамыз. Және де «Фигураны құрау» ойыны. Бұл ойында оқушылар «Tarsia» бағдарламалық жасақтамасында әзірленген геометриялық әр түрлі пішіндегі фигураларды, сұрақ-жауабы арқылы сәйкестендіріп, дұрыс геометриялық фигураларды жасап шығару қажет. Мысалға: ромб, пирамида, бесбұрыш, көпбұрышты фигуралар.



Информатика мен геометрия пәндерін байланыстыра отырып тиімді жұмыс жасауға арналған Microsoft Windows Операциялық жүйесінде жұмыс жасайтын «КОМПАС-3D» бағдарламасы болып табылады. Бұл бағдарлама кең ауқымды жобалау тапсырмаларын, сызба жұмыстарын, үш өлшемді моделдерді салуға арналған. «КОМПАС-3D» бағдарламасын геометрия пәнінде пайдалана отырып, оқушы кеңістікте қарастыра алмайтын фигураларды жан-жақты көріп, танып білуге мүмкіндік алады.



Ғылым мен техника дамып отырған қазіргі кезеңде оқушыларға белгілі көлемде білім – білік дағдыларын меңгертумен бірге табиғат, қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейте отырып, оларды зерттеушілік бағытта жан - жақты дамыту бүгінгі күннің талабы және әрбір ұстаздың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Қорыта айтқанда осындай әдіс-тәсілдер мен әр түрлі қызықты ойындар және де «КОМПАС-3D» бағдарламасы сынды процесін де балалар геометриялық фигураларды ажырату, анықтау, сызу, өлшемдерін таба білу дағдылары қалыптасып, геометриялық түсініктері дамып отырады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. «Информатика негіздері» №1-6, 2001ж.
2. Е.Қ.Балапанов, Б.Б. Бөрібаев, А.Б.Дәулетқұлов «Жаңа информациялық технологиялар» 242-380 бет. 2003ж.
3. «Информатика негіздері» Н.Ермеков, Ж.Қараев, Н.Стифутина.

ИНФОРМАТИКА КУРСЫНАН ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОНТЕНТІН ЖАСАҚТАУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ МЕН БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сундетбаева А.Ж.

аға оқытушы, магистр

*Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан*

Назарова Б.Қ.

оқытушы, магистр

*Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В статье затрагивается тема о необходимости активного использования цифровых источников информации в обучении. Особое внимание уделяется вопросам важности создания самими педагогами цифровых образовательных ресурсов по курсу информатики. Основная цель использования цифровых технологий в обучении информатике в каждом уроке - контролировать непрерывный и полный процесс обучения, а также разрабатывать информационно-поисковые и творческие способности.

Ключевые слова: система электронного образования, цифровой образовательный контент, информационно-коммуникационная технология, функциональная грамотность.

Abstract. Theme about the necessity of active usage of information digital origin teaching is touched in the article. Particular attention is paid to the importance of the creation by teachers of digital educational resources on the course of informatics.

The main purpose of using digital technologies in teaching computer science in each lesson is to control the continuous and complete learning process, as well as to develop information retrieval and creative abilities.

Keywords: system of electronic education, digital educational content, informational-communicative technology, functional literacy.

Қазіргі уақытта білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды қолдану қажеттілігі туып отыр. Осыған байланысты білім берудегі әдіс - тәсілдер жаңарып отырады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қазіргі кездегі заман талабы болғандықтан оған басты назар аударуымыз қажет. Яғни ақпараттық-коммуникациялық технология білім беруде маңызды құрал деп айтсақ та болады. Басты мақсат цифрлық технологияларды жетік меңгеру және оқушыларға меңгерту.

Соны негізге ала отырып, қазіргі қоғамда электронды басқару жүйесі адамзаттың барлық деңгейдегі іс-әрекеттерінде маңызды орынға ие болып отыр. Білім беру саласын айтпағанның өзінде, тұрмыстық құрал-жабдықтардан бастап, қызмет көрсету саласына дейін электронды басқару жүйесі нықтап енуде.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында нысаналы индикаторлары, яғни электрондық оқыту жүйесінің енгізілуі 2017 жылы - 75%, 2020 жылы - 90% жеткізілетіндігі атап көрсетілген. Электрондық оқытуды біліктілікті арттыру жүйесіне енгізу педагогтардың жас ұрпаққа өмірлік білім беру ұстанымын қалыптастыруға, әлемдік білім кеңістігіне еркін енуіне, желілік шығармашылық қоғам арқылы тәжірибе алмасуға, кәсіби қызметтерін электронды форматқа ауыстыруға мүмкіндік берілген болатын.

Халықаралық деңгейде жүргізілген зерттеулердің нәтижесіне сенер болсақ, дүниежүзінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту индексі бойынша алдыңғы қатарда тұрған Оңтүстік Корея, кейінгі орын Швеция мемлекетіне тиесілі. Ал Қазақстанды салыстырмалы түрде алатын болсақ 56 орыннан 49 орынға жоғарылағаны көрініп отыр.

Жаһанданған заманда барлық білім ордалары, сонымен қатар жоғары оқу орындарынан бастау алыпотырған мемлекеттік мекемелер қазіргі заман талабына сай электронды оқулықтармен қамтылған болатын. Елімізде электронды оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындайтын арнайы орталықтар бар және олардың ұсынған электронды оқыту құралдарымен барлық деңгейдегі оқу орындарын қамту мүмкін болмай отырғандығы рас. Көптеген ауыл мектептеріне аталмыш электронды оқыту құралдарының қол жетімділігінің төмен екендігі айтылып жүрген мәселе. Туындап отырған осындай мәселелердің өзіндік шешу жолдарын іздестіруге болады деген пікірдемін.

Педагогтардың электронды білім беру саласындағы білім мен біліктерін: **базалық** компьютерлік білім мен білік және **кәсіби бағдарланған** компьютерлік білімдер мен біліктер деп қарастыруға болады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялық өзгерістердің прогресивті өсімін ескерер болсақ, тек ғана базалық компьютерлік білік пен дағдыны меңгеру жеткіліксіз. Ұстаздың әр тарапты ізденушілік қасиеті үнемі қозғалыста болуы керек екендігін білсек, инновациялық-технологиялық бағыттағы ізденушілігі де үнемі үрдісте болуы тиіс.

Электронды білім беру жүйесіне сай педагогтардың біліктілік деңгейлерін келесідей тараптарға жіктеуге болады:

1. **Қарапайым-бейімдеушілік деңгей.** Бұл деңгейде компьютер және компьютерлік техниканы қолдану дағдылары, оқу үрдісінде қолданбалы бағдарламалық құралдарды қолдану мүмкіндіктері қарастырылады.

2. Іс-әрекеттік-ізденістік деңгей. Педагог АКТ-мен жұмыс жасау негіздерін практикалық тұрғыда меңгереді.

3. Жүйелік-шығармашылық деңгей. Электронды оқу-әдістемелік құралдарды құрастыру, веб сайттар құрастыру, виртуалды ортамен жұмыс Халықаралық деңгейдегі білім беру стандарттары заманауи педагогтан жоғарыда аталған деңгейлердің 2 және 3 деңгейге сай болуын талап етеді.

Информатика курсының оқытуда электронды білім беру ресурстарының, АКТ тиімді пайдалануының маңызы айтарлықтай зор. Өйткені, осы курстар кеңістігінде тиімді білім беру – білім алушының жалпы дүниетанымының дұрыс дамуына, құзырлы ойлауы мен функционалдық сауаттылығының артуына зор ықпал ететін фактор болып саналады.

Халықаралық деңгейдегі білім алушылардың білім, біліктілігін бағалауға арналған PISA, TIMSS бағдаламаларында берілетін тапсырмалар оқушылардың өзіндік тәжірибелеріне негізделеді және оқушылардың графикалық, белгілік мәтіндік форматтарда, күрделі болжам түрінде берілген ақпарат үзінділерімен жұмыс жасай алуын талап етеді.

Осы аталған зерттеулерде информатика курсы бойынша берілетін тапсырмаларды білім алушылардың рет-ретімен, талапқа сай орындай алуын қамтамасыз етуде тек бір ғана ҚР БҒМ бекіткен оқулықтар тізбесімен қол жеткізе алмаймыз. Бұл мақсатты орындауға әсер ететін факторлар сан түрлі. Бірақ, солардың ішінде, білім алушылардың осы курс бойынша құзырлылығын қалыптастырып, дамытуына көрнекі, бейне материалдарды көптеп қолдану арқылы қажетті нәтижеге жетуге болады. Дегенмен, салыстырмалы түрде жоғары оқу орындарына қарағанда мектеп қабырғасында жаратылыстану пәндеріне байланысты соның ішінде информатика курсына тікелей нысанды бағытталған барлық өзгерістер мен құбылыстарды көзбе-көз көрсетіп, үйретуге мүмкіндік бола бермейді. Осы тұста, цифрлық ақпарат көздері мұғалімдер үшін таптырмас көмек құралы. Түрлі анимациялар, графикалық суреттер, ауди жазбалар, бейнекөріністер, виртуалды зертхана т.б. қамтылған цифрлық ақпарат көздерін сабақ үрдісінде тиімді пайдалану – сапалы білімге қол жеткізуге мол мүмкіндік береді.

Цифрлық ақпарат көздеріне: цифрлық білім беру ресурстары, электронды оқулықтар, инновациялық оқу-әдістемелік кешендер, виртуалды зертхана, күрделі құрылымды ақпараттар көзін (цифрлық мұражай, кітапхана, энциклопедия т.б.) жатқызуға болады.

Пәнмұғалімдерінің ақпараттық құзырлылығы әрдайым прогресте болуы тиіс. Бұл үрдіс, жалпы дамудың негізгі заңдылығына сай қарапайымнан күрделіге ұласуы тиіс. Электронды білім беру құзырлығын дамыту бағытында, сатылап жұмыстануға негізделген келесідей бағдарламалар тізбесін ұсынуға болады деп ойлаймын (жеке тәжірибем негізінде):

1. MS Power Point (сілтемелермен жұмыстану)
2. Prezi (презентацияның күрделі түрі)
3. Macromedia Flash (бейне, ауди материалдарды қолдайтын оқу-әдістемелік кешендер, электронды оқулықтар)
4. Delphi, C++ (электронды тест жинақтарын жасау үшін)

Әрине, осындай бағыттағы жұмыстарды жүргізу мұғалім тарапынан мол қажыр-қайрат пен көп уақытты талап етеді. Қалай десек те, жұмыстанған жағдайда бұл педагогтың өзіне, өз іс-тәжірибесіне, білім алушылардың ой-өрісінің дамуына салған өлшемсіз еңбегі деп бағаланады.

Жоғарыда көрсетілген бағдарламаларды қолдана отырып, бірнеше электронды оқыту құралдарын жасауға мүмкіндік болды. Оларды оқу үрдісінде белсенді қолдану – білім сапасының өсуіне, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, оқушылардың танымдық ой-өрісінің дамуына зор ықпалын тиігізіп келеді.

Әдебиеттер:

1. Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру
2. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы 2012ж.
3. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар Тараз 2003ж.
4. Орта білім берудің мазмұны: Дәстүрлер мен өзгерістері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалаларының жинағы. Астана 2012ж.

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

*Тотыбекова Акмарал Кызылбаевна
Родина жалпы орта білім
беретін мектебінің
химия пәнінің мұғалімі*

Аннотация: Бұл мақалада білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерімен инновациялық технологияларды пайдалану тәсілдерінің тиімді жолдары қарастырылады.

Кілт сөз: Білім, интербелсенді тақта, инновация

Abstract: This article discusses effective ways of using innovative technologies with new methods and methods of education.

Keyword: Education, interactive whiteboard, innovation

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» Н.Назарбаев

Жаңа технологиялар арқылы жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру, өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасау үшін білім беру ісін әлеуметтендірудің маңызы зор. Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы.

XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау

оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез-құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері химия пәні сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Заттардың құрамы мен құрылымын, қасиеттерінің құрылымына тәуелділігін, қасиеттері белгілі жаңа заттар мен материалдар алуды, химиялық өзгерістердің заңдылықтары мен оларды басқарудың жолдарын зерттеу- мектепте химия пәнін оқытудағы негізгі мәселелер. Заттар әлемін (олардың құрамын, құрылымын, бір заттың басқа затқа айналуын) зерттей отырып, оқушылар практикалық қызмет үшін тиянақты білім алуы тиіс. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

- мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);

- зертханалық тәжірибелер;

- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);

- анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры);

- интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді. Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту мұғалімнің сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану- сабақтың сәтті өтуінің кепілі.

Ақпараттық технология негіздері тұлғаның химия пәнінен алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі, мысалы: интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағымына қарай сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтеді. Әсіресе, оқулықтағы тарауларды қорытындылау кезінде оқушылар қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады. Тестік тапсырмалар орындайды. Компьютер көмегімен оқыту оң нәтижелер береді. Ақпараттық мәдениет дегеніміз- тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес, кез-келген ақпарат көзін: анықтамаларды, химиялық формулаларды, сөздіктерді, теледидар бағдарламаларын т.с.с. дұрыс пайдалана білу деген сөз. Мысалы, бір ғана химиялық формуланың өзінен көп ақпарат алуға болады. Химиялық формула-химиялық тілдің ең маңызды бөлігі болып есептелінеді, себебі сол заттың химиялық құрамын ажыратып береді.

Менің ойымша, сабақты сәтті ұйымдастырудың бірнеше алғышарттары бар. Олар:

- Сабақтың тақырыбына сай сабақ жоспарын жасау. Сабақ жоспары нақтылы жүзеге асатындай етіп жасалынуы қажет. Дұрыс құрылмаған сабақ жоспары жақсы нәтиже бермейді.

- Тақырыпқа сай сабақ түрін, оның әдіс-тәсілдерін түрлендіріп отыру.

- Қосымша материалдарды тақырыпқа сай шығармашылықпен іріктеп ала білу.

- Дидактикалық, техникалық құралдарды, электрондық оқулықтарды мақсатқа сай, оқушы сезіміне әсер ететіндей тұрғыда пайдалану.

- Сабақта алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану. Бұл орайда инновациялық технологияларды пән бойынша қандай тарауға, қай тақырыпқа пайдалану тиімді болатынына зерттеу, салыстырып жүргізіп отыру қажет деп ойлаймын. Сонымен бірге оқушының бастапқы білім деңгейін, жаңа технологияны пайдалану барысында қаншалықты білім алып шыққанын, не үйренгенін айқындап, диагностикалап отыру да артық болмайды. Өйткені мұғалім тарапынан білімі мен іскерлігі тексерілмеген оқушылар біртіндеп үлгермеушілер қатарына қосылады. Бұл өз кезегінде сабақтың сәтті өтуіне зиянын тигізбей қоймайды. Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Тоқталып өтсем, өзімнің жұмыс жасайтын мекемеде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Өз басым интерактивті тақтаны әр сабақ барысында, соның ішінде химиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде жиі қолданамын. Мысалы: Бейорганикалық химия пәнін оқытуда интерактивті тақтамен жұмыс жасауда оқушылардың қызығушылығын танытып қана қоймай, шығармашылық қабілеттерін дамыту мен қатар жаңа ақпараттық технологияны меңгеруге, оны пайдалана алуына мүмкіндік береміз. Сабақта интерактивті тақтаның элементтерін пайдалану, дайындалған арнайы тапсырмаларды тыңдап қана қоймай, көздерімен көріп, оны жетік түсінуге, дағдыланады. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушылардың білімін тексеру үшін әр тарауды аяқтаған кезде немесе жаңа сабақты бекіткен уақытта тестілеу әдісін қолдануға болады. Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі – ол электрондық оқулық. Электрондық оқулық - бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электрондық оқулықпен оқыту оқытушының оқушымен жеке жұмыс істегендей болады. Электрондық оқулық тек қана оқушы үшін емес, мұғалімнің дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады.

Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден шығармашылығын жанаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жанаша ойлау қабілетін қалыптастырады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын

педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары болмақ. Жаңа ақпараттық техникаларын пайдалану соңғы уақытта мектептегі білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Химия сабағында жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып өз бетінше жұмыс істеу факторы – есептерді шығара білу, шапшандылық, шеберлік дағдыларын ұйымдастыра отырып, сабақтар өткізуді қолға алдым. Осындай ақпарат құралдарын пайдалана отырып, сабақ барысында оқушылардың қабілетін, білім деңгейін, ынтасына қарай топқа бөліп, өз бетімен еңбектенуге, ізденуге баулып, қорытындысында оларды машықтандыруға, оқушының ақыл-ойын дамытуға, өзіндік дүниетанымын қалыптастыруға, әр баланың сабаққа деген ынтасын арттырып, олардың тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беріледі. Алынған өзекті тақырыпты басшылыққа ала отыра және істелінген жұмыстарды қорытындылай келе өзін-өзі бағалай білетін, шығармашылық деңгейі жоғары жан-жақты тұлға қалыптастыра отырып, оқушының білім сапасын, алған білімдерін байқап көруге болады. Есте сақтау қабілетін шыңдауға, ғылым мен техника жетістіктеріне, білімге деген қызығушылығын арттыруда сыныптан тыс шаралардың маңызы зор. Оқушылардың химиялық сауаттылығын арттыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін сыныптан тыс жұмыстар жүргізіп, оқушыны қызықтыратындай химиялық ойындар викторина шешу, кроссворд құрастыру, логикалық есептер шығарту арқылы ой-өрісін, пәнге қызығушылығын арттырып, пән аралық байланысты нығайту қажет. Ұлы химиктердің өмірі мен қызметі жайында компакт-дискілерде кең қамтылған. Рефераттар жазуда оқушылар атақты химиктердің өмірбаяны жөнінде ақпаратқұралдарынанан энциклопедиялық мәліметтер ала алады. Сонымен қатар, оқушылармен сабақта слайд-презентацияларын үнемі пайдаланамын.

Презентациялар кез-келген тақырып үшін таптырмайтын құндылық және оқушылар кеңірек мәліметтер алады. Мысалы: «Күкірт және оның қосылыстары», «Азот», «Атом құрылысы», «Хлордың қолданылуы», «Кремний», «Аммиак», «Күрделі эфирлер», «Көміртек», «Қышқылдар», «Негіздер», «Алюминий» тақырыптарына арналған сабақтарымда слайд материалдарын кең қолдандым. Жалпы оқушылардың ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы:

1. Оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады.
2. Шығармашылық қабілеттері артады.
3. Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады.
4. Оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланды.
5. Экологиялық сауатты болуға үйренеді.
6. Тағамның химиялық құрамының зияндылығын іс-тәжірибелер барысында анықтайды.
7. Химиялық технологияны меңгеруге ұмтылыс пайда болады.

Ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім деңгейі анықталып, зерттеу жасалып, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер

шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан, ХХІ ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз. Өсер еліміздің өскелең ұрпағы – бүгінгі жастар. Біздің мақсатымыз – бүкіл әлемдік құндылықтарды сіңіретін, өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім бәсекеге қабілетті және күзіретті, шығармашыл ұрпақ тәрбиелеу.

Қазіргі әлеуметтік жағдайдағы өмір сұранысына сай білімі бар, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, өзін-өзі дамытып, жетілдіре алатын адамзат тәрбиелеу, оның өзін белсенді жағдайға жеткізетін жеке тұлға қалыптастыра отырып оқыту озық технологияларды тиімді пайдалана алумен тікелей байланысты.

Дәстүрлі оқытуда мұғалім дайын ақпаратты беріп, оқушы соны ғана қабылдау арқылы білім алса, қазіргі технологияның ерекшелігі де сонда, оқушылар өздері ізденіп, еңбектенулерін талап етеді. Мұғалім тек бағыт-бағдар беруші және басқарушы міндетін атқарады. Бұл жерде белсенді рөлде мұғалім емес керісінше оқушы болып табылады. Оқушының қызметі көптеген қасиеттеріне қарай бағаланады. әрбір оқушының дамуы басқа оқушымен емес, өзімен салыстырылады. Оқушының өзін-өзі бағалауға мүмкіндігі болады және өзіне дұрыс баға беруге үйренеді.

Ақпараттық- коммуникативтік технология – мұғалім жұмыстарының әдіс-тәсілдерін өзгертуге, оқушылардың қабілетін дамытуға, пәнаралық байланысты күшейтуге мүмкіндік береді. Ақпараттық технологияның негізгі талабы – жас ұрпаққа қоғамға лайықты ақпараттық білім негіздерін бере отырып, олардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, оларды компьютердің, интербелсенді тақтаның көмегімен жүзеге асырса, оқушылардың қызығушылығы, ынта-жігері арта түсері анық. Жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын түрде бермей, оқушылардың өздігінен ізденуіне бағыт-бағдар беріп отыру керек. ХХІ ғасыр әрбір адамның өз мүмкіндігінше білімін пайдалануға кең өріс ашқан технология құралдарымен жұмыс істеуге мол мүмкіндік туғызған ғасыр болып отыр. Сондықтан республикамызда білім беру жүйесі бойынша білімді тексеру мақсатында ақпараттық технологияларды енгізу елеулі мәселеге айналып отыр. Химия пәнінің материалын әлдеқайда әсерлі түрде жеткізудің формасына мультимедиялық презентацияларды жатқызуға болады. Мультимедиялық

презентацияларды сабақтың кез-келген сатысында тиімді райдалануға болады. Презентация мұғалімге сабақты жаттанды үлгіде өткізуден гөрі шығармашылықпен өткізуге мүмкіндік береді. Оқу материалын мультимедиялық презентация түрінде беру ең алдымен уақытты үнемдейді. Сол себепті орта және жалпы білім беретін оқу орындарының оқытудың интерактивті технологияларына баса назар аударып, шығармашылық мәселелердің белсенділігін арттыру қазіргі уақытта қолға алынып отыр. Химияны оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану балалардың оқуға деген қызығушылығы мен білім сапасын арттырады.

Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор көмегі тиеді. Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық жұмыстар орындайды. әрбір оқушы тақырып бойынша жаттығулар мен тапсырмаларды орындап, тестілер шешіп, семантикалық карталар және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Электронды оқулықтың ең қажет мүмкіндігі – аудиохабарлар. Электронды оқулық арқылы түрлі суреттер, бейне көріністер, дыбыс және музыка тыңдатып, көрсетуге болады. Әрине, бұл мұғалімнің тақтаға жазып, түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген оқушының құштарлығы оянады деп ойлаймын. Электронды оқулықтар оқушының білім сапасын бақылау жүйесін өзгертуге мүмкіндік жасайды. Кейде тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайда оқулықтың тарауына, керекті тақырыбына немесе қажет ақпаратқа сілтемелер беріп отырады. Бұл оқушы үшін біріншіден үлкен көмек, жеңілдіктер туғызса, екіншіден, сол материалды автоматты түрде бақылап, әділ бағасын беруге, оқушыға қажетіне қарай кеңес беруге, сол жайында барынша мәлімет алуға мүмкіндік жасайды. Электронды оқулықтар оқушылардың:

- білім деңгейін тереңдетуге;
- ауызекі тілде сөйлей білу дағдыларын қалыптастыруға;
- өз бетінше іздену қабілетін қалыптастыруға;
- ойларын дамытуға
- оқушылардың сөздік қорының артуына
- сабақта өзін еркін ұстап, өз мүмкіндігін кеңінен пайдалана алуына
- өз ісіне талдай алуға көптен-көп көмегін тигізеді.

Бүгінгі күннің тиімді әдістерінің бірі – топпен жұмыс. Топтық жұмыс кезінде оқушылар бір-біріне сұрақ қойып және оған жауап беруді үйренеді. Топтық жұмыс оқушылардың ұжымдық іс-әрекетінің көрінісі болып табылады., сабақ барысында топ мүшелері өз функцияларын орындап, бірлескен оқуға дағдыланады. әркім өзі үшін және басқалар үшін жауапкершілікті сезінеді. Мұндағы негізгі мақсат – интерактивті сабаққа қатысушыларды бір-бірімен араластыру, сабақтың өтілуіне ыңғайлы жағдай жасау.

Топтарды үнемі тұрақты топ мүшелерімен отырғызуға болмайды, әр оқушының орнын үнемі мейлінше өзгертіп отыру керек. Сонда ол топтағы адаммен араласуға мүмкіндік алады. Егер мұғалім топтарға өз нұсқауымен бөлсе, ол тыңдаушыға қызықты болмайды. Олар еріксіз біреудің бұйрығын орындағандай болады. Топқа бөлгенде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Мысалы: 1) Химиялық элементтерді периодтық орны бойынша (сілтілік металдар, сілтілік жер металдар, халькогендер, галогендер, инертті газдар). 2) Химиялық реакцияның типтері бойынша (қосылу, айырылу, алмасу, орынбасу, тотығу-тотықсыздану). 3) Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары бойынша (оксидтер, қышқылдар, тұздар, негіздер). 4) органикалық қосылыстардың жіктелуі бойынша топтау (алкандар, алкендер, алкиндер, циклоалкандар, спирттер, көмірсулар т.б.).

Топтық жұмыстың мәні – нәтижемен бірге, топтағы ортақ іс-әрекеттерімен байланысты бәрін бастан кешіру процесі маңызды болуында. Егер топ өзін-өзі басқара алатындай болса, мұғалім жұмыс қорытындысын бағалауда ғана араласуына болады. Мұғалім топтардың сұрақтарына жауап беріп, олардың жұмысын қадағалайды, топтардың келісе жұмыс жасауына ықпал етеді және жеке топ мүшелеріне кеңес бере алады.

Қоғамның дамуы жас ұрпақтың меңгерген білімі мен машықтық қалыпқа түскен іскерлік дәрежесіне байланысты. Ұлтты ұлт етіп дүниежүзілік деңгейге көтеретін оның саналы да дарынды, талантты ұрпағы. Ал білімді ұрпақ, болашақ ел тірегін тәрбиелейтін, оқытатын – ұстаздар екені аян. Ендеше заман талабына сай оқыту, білім беру, модернизация деңгейіне жеткізу – біздің міндетіміз.

Қорыта айтқанда оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың ой-пікірі, көзқарасы, дүниетанымы қалыптасады. Оқушылардың белсенділігі артады, келесі сабақты асыға күтеді. Олардың химияны оқуға деген қызығушылығы мен қажеттілігі қалыптасады. өз пікірін айта алатын, өз көзқарасын қалыптастыра алатын, ұлтын сүйетін оқушы ертеңгі өмірдің ағымына да төтеп бере алатын азамат болатынына мен сенемін

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қуанышева С.Е. Химияны оқыту әдістемесі
2. Қайым Қабділрашид. Анықтамалық көмекші құрал.
3. География, Химия журналы.
4. Химия анықтамалылығы журналы
5. Қазақстан мектебінде әдістемелік журналы

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА SCRATCH БАҒДАРЛАМАЛАУ ОРТАСЫН ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Алиева Гулим Сабитхановна
аға оқытушы, магистр,

Ханыбек Ұлмекен
Информатика мамандығының 4 курс студенті
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан

Summary: The article studies particularities of learning computer science associated with the implementation of the new generation education standards. We focus on various aspects of Scratch applying in the educational process, which are: Scratch as the educational programming language, Scratch as the multimedia system and Scratch as the online community.

Keywords: programming environment, object, multimedia system.

Аннотация: В статье раскрываются особенности обучения информатике в условиях внедрения образовательных стандартов нового поколения. Рассматриваются различные аспекты применения среды Scratch в учебном процессе, а именно — как среды программирования, как мультимедийной системы и как сетевого сообщества.

Ключевые слова: среда программирования, объект, мультимедийная система.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың қарқынды дамыған ақпараттандыру заманында білім көкжиегі көз ілеспес жылдамдықпен дамуда. Информатика пәні бойынша ғылыми жарыстар мен интеллектуальды олимпиадаларда жақсы нәтижеге жету үшін ерте жастан бастап информатика пәнінің дұрыс жүргізілуіне көп көңіл бөлу қажет. Алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары мен ақпараттық технологияларға қатысты мекемелер оқушыларды ғылыми шығармашылық жұмысқа ерте жастан баулу мақсатында түрлі конкурстар, викториналар, олимпиадалар мен тағы басқа іс-шаралар өткізуде.

Көптеген ғалымдар зерттеулерінде білім алу нәтижелеріне аспаптық құралдардың әсерін, атап айтқанда сезу мүшесі ретінде адамның ішкі ақпарат арналарын қарастыруды, «сана сенсорларын», сондай-ақ күрделі техникалық құрылғылардың әсерін атап өтеді.

Бізге 20 ғасырдың соңынан бастап қоғам ұсынған осындай құралдардың рөлін, адам болмысының барлық салаларына еніп отырған компьютерлер атқарады. Оқу процесінің аймағында компьютерді (білім беру мүмкіндіктері бар қолданбалы бағдарламаларды) оқыту құралы ретінде ғана емес, оқуға көмектесетін құрал, «ойлау қаруы» ретінде қарастыруға болады. Балаларға «ойлауға көмектесетін» жақсы құралдарды уақтылы ұсынып отыру — өмір қажеттілігі. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберіндегі негізгі орта білім беру деңгейінің 5-сыныбына арналған «Информатика» пәнін оқу бағдарламасында Scratch бағдарламалау ортасында жұмыс жасау қарастырылған. Scratch бағдарламалау ортасы оқушының өз бетімен білімге ие болуы барысында оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі — оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастырудың негізі бола алады.

Scratch бастауыш және орта сынып оқушыларына алгоритмдеу және бағдарламалау негіздерін оқыту үшін қолжетімді оқу, визуалды бағдарламалау ортасы ретінде ойластырылған. Бұл бағдарлама 2007 жылы Массачусетс технологиялық институтында Митчелл Резник (Mitchel Резник) басқарған зертханада әзірленді. Scratch бағдарламалау ортасына негіз болған Squeak тілі, Алан Кей (Алан Кэй) атымен байланысты және 70-ші жылдардан жасақталуы басталған Smalltalk объектілі программалау тілінің кросс-платформалық іске асуы болып табылады.

Оқыту ойындары идеясының өз тарихы бар. Бүгінгі таңда ол «білім берудегі геймификация» тұжырымдамасында көрінісін тауып отыр. Scratch ортасын әзірлеушілер компьютерлік ойындарға тыйым салғаннан гөрі, балалардың өздеріне сол ойындарды құра алатын құралдар көрсетіп, үйреткен дұрыс деп сендіреді. Осы тұрғыда, балалар дайын технологияларды пайдаланып қана қоймай, өздері ойын және оқытуға арналған жобалар жасап, оларды құруға ат салысып, тұтынушылардан өндірушілерге айналады. Бұл жерде компьютер оқу пәні емес, жоба құруға арналған құрал болады. Ал мұндағы өзекті мәселе — компьютердің жеке өзі емес, ол арқылы кез келген оқу пәнін меңгерудегі оқушының барлық қабілеттерін ашуға ықпал ететін, жаңа білім беру мәдениетін қалыптастыру. Scratch объектілі-бағытталған программалаудың барлық заманауи талаптарына сай, ол балалардың бағдарламалауға қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді.

Scratch жүйесінің артықшылығы әр түрлі: Windows, Linux және Mac OS операциялық жүйелерге арналған нұсқаларының болуы болып табылады. Scratch-те құрылған жобалар форматы — Unicod. Ортаның бұл әмбебаптығы жобаларды еркін бір платформадан екіншісіне аударуға мүмкіндік береді.

Scratch ортасында балалар алгоритмдерді орындаушыларға қандай да бір оқиғаға қалай жауап беруді, өзара іс-әрекет жасауды, олардың орналасуын, қозғалысын, сырт пішінін басқаруды, т.б. «үйретеді» (әрекеттерді бағдарламалайды). Бұл жерде балалар ойын түрінде маңызды алгоритмдік конструкцияларды, математикалық ұғымдарды үйренеді. Scratch жүйесінің интерфейсі жоба әзірлеуге қолайлы, қарапайым болып келген. Бала жарқын түсті командалар блоктарын қолданады, дайын модульдерді оңай көшіру, импорттау мүмкіндігі бар. Бұл ерекшелік Scratch ортасын тез игеруге ықпал етеді.

Сонымен қатар, Scratch ортасы 5-сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін де қолайлы. Балалар өздері сценарий ойлап тауып, кейіпкерлердің суреттерін салып, дыбыспен жұмыс жасай алады.

Кейіпкерлердің әр түрлі іс-әрекеттерін сипаттау кезінде оқушылар бағдарламалаудың негізгі ұғымдары — тармақталу және әр түрлі циклдермен танысады. Объектілер өзара іс-әрекет жасайды, оқиғаға жауап қайтарады, түрін өзгерте алады; жобадағы басқару пернетақтамен де, тышқанмен де жүзеге асырылуы мүмкін.

Scratch ортасын тек бағдарламалау жүйесі ретінде ғана қарау жеткіліксіз. «Медиа ақпараттың» әр түрімен (мәтін, графика, дыбыс, анимация) жұмыс істей білуі Scratch ортасын мультимедиялық жүйе ретінде қабылдатады және оқушылардың бастапқы танысатын сандық технологиясының дидактикалық

негізін құрайды. Scratch жанында интернет-қоғамдастық құрылған: Scratch-тің желілік нұсқасында бірге жұмыс жасай отырып, балалар идеялармен алмасады, білімдеріне тікелей қолданыс табады, өзіне-өзі және өзара оқу (көмек) принциптері жүзеге асады.

Scratch ортасы арқылы, оқушылардың жоба құру жұмыстарын ұйымдастыруға болады. Оқу жобаларын құру жұмыстары оқушыға өзін ақпаратты жаттап кері айтып беруші емес, ізденуші-ғалым ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Осылай компьютерлік технологиялар, соның ішінде медиа құралдар баланың ойлау қабілетін өсіретін, оқушының өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру идеясына негізделген сындарлы білім мәдениетін қалыптастыратын құралға айналады. Бұл жаңа ұрпаққа арналған білім беру стандарттарының құзыреттілік білім беру мақсаттарына сай келеді.

Scratch бағдарламалау ортасында оқушылардың көңіл-күйін көтеретін, қызығушылығын оятатын әртүрлі тапсырмалар орындауға болады. Сондай қызықты тапсырмалардың бірі «Жаңа жылдық құттықтау». Бұл тапсырма оқушыларды шыдамдылықты және ұқыптылықты үйретеді. Балалар осы жұмысты аяқтап, өз жұмыстарының нәтижесін алады. Мысалы, ретінде өзімнің жасаған жұмысымның нәтижесін алуға болады.

Бұл тәсілдеме оқушыларға пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.



Әдебиеттер:

1. Пейперт С. [Papert S.] Переворот в сознании: Дети, компьютеры и плодотворные идеи: пер. с англ. / под ред. А.В. Беляевой, В.В. Леонаса. – М.: Педагогика, 1989. – 224 с.
2. Шаталова Н.П. Албука конструктивного обучения: Красноярск: Научно-инновационный центр, 2011. – 204 с.
3. Сілтемелер:
4. Скретч – тің ресми сайты — <https://scratch.mit.edu>
5. Скретч — тен қолданушы басшылығы — <http://letopisi.org/index.php>

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА
АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-
КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ
В ПРЕПОДАВАНИИ ГУМАНИТАРНЫХ
ДИСЦИПЛИН**

**USING OF INFORMATION
AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES
IN TEACHING HUMANITIES**

ТАРИХИ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Байдалы Рауан Жомартұлы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының PhD докторы

Қазіргі кезде ақпараттық қоғамның қалыптасуы білім беру процестерін елеулі өзгерістерге алып келді. Бұған біз мысал ретінде еліміздегі түлектердің жоғарғы оқу орнына түсуі үшін оларды ұлттық бірыңғай тестілеуден өткізетінін айтуымызға болады. Сондай-ақ жоғарғы оқу орындарында студенттердің білім деңгейі тесті арқылы анықталады. Осыған орай, мемлекетімізге еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар даярлау қажеттігі туып отыр. Жоғарғы білім жүйесін ақпараттандыру көмегімен білім берудің тиімділігі мен сапасын көтеру мақсатында ұсынылған Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру педагог-ғалымдардың алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі [1. 250 б.].

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуында, қарым-қатынасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту. Сондай-ақ оларды ақпараттық сауатты болып, ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым. Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және интерактивтік технологияларын пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалды.

Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады [23. 73-74 б.]

Демек, жас ұрпаққа кез келген пәнді ұғындырудың тиімді жолы – жаңа технология негіздері болып табылады. Сондықтан мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шеберліктерін шыңдау үшін әртүрлі деңгейдегі курстарда оқытуда. Білімдерін жетілдіруде. Ал, біз болашақ педагогтарды сабақ беру барысында шындай түсеміз. Жоғарғы оқу орындарында дәріс оқытылатындықтан білім беру үдерісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолданудың әдіс-тәсілдері жаңарып отырады. Мәселен дәстүрлі емес дәріс, визуализация дәрісі, екі адам дәрісі, пікірталас дәрісі, нақты жағдайды талқылау дәрісі, алдын ала қатемен жоспарланған дәріс, пресс- конференция дәрісі және әңгімелесу дәрістерін сабақ беру барысында қолданамыз. Міне осыларға қысқаша тоқтала кетсек.

Дәстүрлі емес дәріс

Дәстүрлі емес дәріс, сұрақ коюдан басталып, мәселе көтеріліп, жаңа материалды баяндауда шешіледі.

Визуализация дәрісі

Бұл дәріс жаңа көрнекіліктерді қолдану принциптерін көрсетудің нәтижесі болып табылады. Дәріс студенттерді ауызша және жазбаша мәліметтерді қайта құруға визуалды формаға салып, маңызды мәселелерді жүйелеу арқылы кәсіби ойлауға қалыптастырады.

Екі адам дәрісі

Дәрісті студенттер оқу материалдарының мәселелік мазмұнын екі оқытушының өзара жанды диалогынан алады. Бұл жерде теориялық сұрақтар әр түрлі позицияда екі маманмен, мысалы теоретик, практик немесе белгілі бір мәселеге әр түрлі көзқарасты ұстанатындардың пікірін тыңдайды. Бұл ойлау процесіне студенттер белсенді қатысады. Екі оқытушының берген дерек мәліметтерін, әр түрлі көзқарастан таңдау жасап, біреуін қолдап немесе өз көзқарасын ұсынады.

Пікірталас дәрісі

Дәріс талқылауға қарағанда, бұл лекция түрінде оқытушы қойған сұрақтарға студенттер тек жауап беріп қоймай, еркін ой айтуды ұйымдастырады. Пікірталас – еркін ой алмасу, жаңа идеялар, өз көзқарасы және оқытушы мен студенттердің қатынасы. Осындай оқыту процесі студенттерге шабыт береді, оқытушы олардың топтық, ұжымдық пікірін тыңдайды. Аудиторияға қойылатын сұрақтар оқытушының өз еркінен шығады.

Нақты жағдайды талқылау дәрісі

Дәріс – талқылау, студенттердің оқу процестеріне деген қызығушылығына ықпал ететін кең таралған және жай салыстырмалы форма. Осы дәріс оқытушы мен студенттердің байланысын көрсетеді. Дәріс талқылаудың ерекшелігі студенттердің маңызды сұрақтарға мән беруі,

мазмұнын анықтау және оқу құралының қарқынын мазмұндау. Берілген дәріс формасына қарай талқылауға ұқсайды. Бірақ, оқытушы сұрақ бермей, нақты жағдайды талқылайды. Әдетте, осы жағдаяттар ауызша айтылып немесе фильмде көрсетіледі. Сондықтан, мазмұнына қарай қысқа да нұсқа болу керек.

Алдын ала қатемен жоспарланған дәріс

Бұл дәріс түрі студенттерді дұрыс емес, анықтауды қажет ететін мәліметке рецензент, оппанент эксперт ретінде анализ жасауға үйретеді. Дәріс дайындау барысында оқытушы оның мазмұнына белгілі әдістемелік қателерді енгізеді. Қателіктер тізімін дәріс соңында студенттерге жариялайды. Бұл жерде жіберілетін қателіктер алдын ала дайындалады. Мұндағы қателіктер студенттерге көрінбейді жасырын түрде беріледі. Бұл жерде лектордың шеберлігіне байланысты. Студенттердің міндеті дәріс барысында қателерді анықтап, дәріс соңында айтуы тиіс.

Пресс- конференция дәрісі

Оқытушы дәріс тақырыбын айтып, студенттерге осы тақырып бойынша жазбаша түрде сұрақ қояды. Ол 2-3 минут ішінде өздерін қызықтыратын сұрақтарды оқытушыға жазып береді. Одан кейін оқытушы 4-5 минут аралығында сұрақтарды сұрыптап, дәріс барысында тақырып мазмұнын ашады.

Әңгімелесудәрісі

Дәріс оқу процесіне студенттерді белсенді қатыстыратын кең таралған әдіс. Бұл жерде оқытушы аудиториямен байланыс орнатады. Оқу материалын игеруге студенттердің ерекшелігі анықталады. Жалпы жоғарыда аталған дәрістер түрлері айтарлықтай жаңашылдығы жоқ та шығар. Бірақ біз лекцияны өткізуде инновациялық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданамыз. Ол үшін біз, тақырыпты, тақырыптың мазмұнын, сабақ өткізілетін аудиторияны, студенттер аудиториясын, мамандығын ескеруіміз керек.

Қорыта айтқанда, оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістерді тиімді қолдану арқылы жеке тұлғаның қабілетін дамыта аламыз. Инновациялық технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана оқытушының шеберлігіне байланысты. Сондықтан білім алушылардың ынтасын арттыруға арналған әдістемелік құралдардың жүйесі мен амалдары әр оқытушының оларды терең игеруін, іске асыруын және соған сай болатын іскерлікті талап етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Танирбергенова С.К. Кәсіптік білім мамандарын даярлау барысында жаңа ақпараттық технологиялардың мәні. «Байтурсыновские чтения-2013». Современная наука: проблемы и ключевые ориентиры в условиях Стратегии Казахстан-2050: Мат-лы междунар. науч-практ. конф. 12 апреля 2013 года.- Костанай: Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова. ч. 2.2013.-270 с.
2. Валиева А.А. Бастауыш сыныптарда ақпараттық білім беру ерекшеліктері. «Инновациялық технологияларды білім беру процесіне ендіру-сапалы білім негізі» дәстүрлі аймақтық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары: казахша, орысша. - Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. 2015. 362 б.

social problems of the Kazakh society. Its special attention was caused by residents without property or those who had little property. For this purpose, in the text part of the volume, data on impoverished people are found in the rural forms of jataks, and they are included in the tables. L.K.Chermak also tried to observe the process of formation of the rich, in this connection he considered the relationship between sedentary life, trade and cattle breeding. Considering such phenomena as the purchase of labor in the Kazakh villages, L.K.Chermak raised the question of the introduction of capitalist relations in the Kazakh environment [11, p 86].

In the “Materials” the author’s texts of N.F.Dmitriev were limited. They are in III, V, VII, VIII volumes. Since N.F.Dmitriev was an agronomist, he dealt with such issues as land tenure, land use, grouping the regions according to natural historical features, that is, purely into special spheres. However, he did not receive even more responsibilities. For example, N.F.Dmitriev voluntarily carried out research work in the counties of Kostanay and Aktobe in the Torgay region. Therefore, he completely wrote volumes V, VI, VII, where he described these counties. One can especially note the written work of N.F.Dmitriev “Data on general essays on the life of the Kyrghyz economy in Kostanay and in other districts [12, p 127].

In comparison with similar parts in other volumes, only the region of only one county was described, and in Volume V N.F.Dmitriev made attempts to determine the general trends characteristic of the Kazakh economy by comparing the indicators from different counties. He first used the literary data in the press, starting with the “Bible” and finishing the last works of M.M.Kovalevsky. He sought to get acquainted with the work of “Innovators-sociologists”. The sphere of literature was necessary for N.F.Dmitriev to compare and find similarities. As a result of the processes of striving for these comparisons, N.F.Dmitriev used Russian concepts in relation to the Kazakh society. For example, Tolengutes (being in the service of the khan) he understood as serfs and rated them as “a group of minor impact”.

One of the authors of the “The materials” was A.N.Bokeikhanov. His participation was of great importance to the expedition. F.A.Scherbina gave him such an assessment: “Mr.Bokeikhanov is a super-necessary specialist in statistics for the expedition: he is by the roots himself a Kyrghyz, familiar with the Kyrghyz way of life, has the necessary knowledge to study the natural-historical situation of the region, is familiar with statistical techniques and is also an important person who In the highest degree, is a specialist as a strictly objective observer”. At that time A.N.Bokeikhanov taught at the forest schools of Omby and was in charge of a special branch of agriculture. He performed various works in the expedition. However, he was mainly involved in the following works: he was engaged in the compilation of generic schemes, drawing up maps on the use of land, preparing a note for the table on communities, and also translating Kazakh terms and words, and tried to explain their meaning. At the same time, he owns in small volumes the texts on leasing and cattle breeding [13, pp 15-16].

References

- 1 Amrina M.S. «Kyrghyzdardyn (kazaktardyn) zherdi pajdalanu materialdary...» dereginin zhalpy kurylymy // K.A. Yasauy atyndagy Halykaralyk kazak-turik universitetinin

- habarshysy. №2 (83) мамыр-маусым 2013. Kogamdyk gylymdar seriyasy. -210 b
- 2 Antonova S.I. K voprosu o marksistskom vliyaniі na metodologiyu zemskoj statistiki. // V kn.: Voprosy metodologii i istorii istoricheskoy nauki. M., 1978, Vyp. 2. -210 s.
- 3 Atabaev K., Kadyrtaeva M. Derektanudyn teoriyalыk maseleleri. / Oku kuraly. -Almaty, 1999. -202 b.
- 4 Pis'mo stepnogo general-gubernatora Suhotina A.S. Ermolovu ot 8 iyulya 1903 g. // V kn: Agrarnaya istoriya Kazahstana (konec XIX-nachalo XX vv): sbornik dokumentov i materialov / sostavitel' S.N. Maltusynov. -A., 2006. -1240 s.
- 5 Pronshtejn A.P. Metodika istoricheskogo issledovaniya. – Rostov– na– Donu, 1976. – S. 315.

ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ЭССЕ ЖАЗУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Буркитбаева Меруерт Алпысбековна
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
«қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс докторанты,
Түркістан, Қазақстан
Бостанова Индира Оразымбетовна
№7 С. Ерубает атындағы жалпы орта мектеп интернатының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Түркістан, Қазақстан

Аннотация. В этой статье рассматриваются способы совершенствования написания эссе с использованием технологий критического мышления в процессе обучения языка. Одной из новейших технологий является формирование критического мышления в навыке чтения и письма. Формирует понимание у обучающихся академического и реального мира.

Ключевые слова: эссе, критическое мышление, академический мир, реальный мир.

Abstract. This article deals with the ways of improving essay writing using critical thinking technologies in the process of language learning. One of the newest technologies is the formation of critical thinking in reading and writingskills. Generates an understanding of the academic and the real world.
Keywords: essay, critical thinking, academic and real world.

Қазақстан Республикасының *Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында* «Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді»[1],-деп атап айтты.

Міне, қазіргі таңда оқытудың негізгі мақсаты – әрбір білім алушыға болашақ мамандығына сәйкес терең білім беру, білімді ауыспалы өмір жағдайларына қарай пайдалана білу дағдысын қалыптастыру басты назарда. Қазақстан Республикасының *Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты –*

қоғамның нарықтық қарым – қатынасқа көшу кезінде саяси – экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемделген, жан – жақты мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру», [2]- деп тұжырым жасады. Демек, қоғамдағы басты мәселелердің бірі – әлеуметтік экономикалық жағдайында өмір сүруге, оны жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға дайындауда шығармашылығы жоғары, белсенді, жауапты, жоғары интеллекті, терең білімді, кәсіби сауатты тұлға дайындау. Білім алушыға білімді игеру жолын үйрету арқылы еркін, өзіндік дәлел –уәждерін нанымды жеткізетін, көзқарасы жүйелі дамыған,сын тұрғысынан ойлай алатын, ынталы, өзіне сенімді тұлға қалыптастыру.

Сонымен бірге, мұғалім педагогикалық технологияларды қолдана отырып, жас жеткіншекті дұрыс жолға бағыттау. Жаңа технологиялардың бірі – білім алушыларға білім беруде жазу мен оқуда сын тұрғысынан ойлауды қалыптастыру мәселесі қазіргі заман талабы.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының мақсаты:

- білім алушының бойындашыңдалған ойды, кез келген даму деңгейінде мәселелерге сын көзбен қарауға;
- күрделі мәселелерді шешуге, маңызды шешім қабылдауға құштарлығын оятуға;
- үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылымды дамыту.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын қолдану арқылы мұғалім төмендегідей нәтижеге қол жеткізе алады:

- Білім алушының белсенділігін арттыруға;
- пәнге қызығушылығын оятуға;
- өзіндік пікірін білдіруге мүмкіншілік беруге;
- зерттеу жұмыстарын жүргізуге баулу;
- сөйлесім әрекеті белсенділігін арттыруға;
- білім алушылар бір - бірімен еркін қарым - қатынас жасай білуіне;
- басқаларды тыңдай алуы, кез келген сұрақ-жауапқа оң пікір білдіруге.

Педагог А. Ұлмағанбетова: «Эссе жазатын адам үшін ең маңызды қасиет – тілді еркін меңгеруі, басқалардың сезіміне әсер ететіндей дәл, анық бейнелі етіп сабақтастыра жаза білу»,- дейді [3,52]. Жалпы сын тұрғысынан ойлай алатын білім алушылар енді сұрақтар қойып, дәлелдерді талдай алу қабілетіне ие екенін ескеруіміз қажет. Өйткені, білім алушының бойында осы қабілеттерді жетілдіре отырып, біз жазылым дағдысын қалыптастыруда біршама жетістіктерге қол жеткіземіз. Соның ішінде эссе сын тұрғысынан ойлаудың бір түрі ретінде, білім алушының ой-пікірін нақты, дәл жеткізуге үйретеді және дүниетанымын кеңейтеді.

Эссе – бұл өзімен, әлеммен, кез-келген адаммен және ойдан шығарылған әңгімелесушімен диалог деп қарастырсақ, онда білім алушылардың бойында «академиялық әлем» мен «шынайы әлем» туралы ой қалыптастыру арқылы жазуға бейімдесек болады. Бұл дегеніміз яғни, эссе жазу қабілетін арттыру үшін қарастырылатын бір тәсіл ретінде жұмыс жүргізіп көреміз деген сөз.

Левиннің түсіндіруінше, «Академиялық әлем мен шынайы әлем бірдей емес, сондықтан білім алушылар осы айырмашылықты меңгеруі қажет», -депатап көрсетті [4]. Өйткені, шынайы әлемде біз өмір сүреміз, жұмыс жасаймыз, балаларымызды өсіреміз, спортпен айналысамыз, жанұямызбен уақыт өткіземіз, табиғатпен араласамыз. Шынайы әлемнен бар білетініміз тәжірибемен жинақталады. Академиялық әлем болса ол бір жағынан теориялар, түсіндірмелер, идеялар мен сын-пікірлер. Біз оларды шынайы өмірдегідей көру, есту, ұстап көру, дәмін көру, иіскеп көру сияқты басымыздан өткізе алмаймыз. Академиялық әлемде қоғамда не жиі талқыланады, не жайлы жиі жазылады дегендерден білеміз.

Өйткені, академиялық әлемде сіз басқа адамдардың жазғанынан өз тәжірибеңізге қарағанда көп нәрсе үйренесіз. Левиннің айтуынша, «Батыс әлеміндегі жоғарғы білім мәдениеті көп жағдайда жазылым мәдениетінен тұрады»[4]. Демек, осы екі әлемнің байланысы мен айырмасын байқай отырып, біз білім алушылардың жазба жұмысы эссе жазу барысында пайдаланамыз. Таңдалған тақырып бойынша жұмысты бастамас бұрын білім алушыларды сын тұрғысынан ойлау арқылы эссе жазудың бір ережесімен таныстырамыз. Ол қалай дейтін болсақ, балалармен ой қозғау үшін олардың қандай спортпен айналысатынын немесе қызығатынын сұраймыз. Бір ойынды таңдап алған соң қағазға немесе тақтаға екі бағана сызып, бірінші бағанға ойынның ережелерін оқушы айтқандай етіп тізіп жазамыз. Содан соң, келесі бағанға академиялық эссе жазудың ережесін жазып, ал білім алушылар болса, сізге оларды анықтауға көмектеседі. Сіз толтырған тізім төмендегідей болуы мүмкін:

Футбол ойынының ережесі	Эссе жазу ережесі
Қапшашы болмасаңыз, допты ұстай алмайсыз.	Сұрақты, қалай жауап беруді түсініп алу үшін мұқият саралау керек.
Допты баспен соға аласыз.	Ресми тілді пайдалану керек, слэнг немесе ауызекі тілін емес.
Алаң сызықтарының ішінде ойнау керек.	Жай өз пікіріңізді жазып қана қоя алмайсыз. Барлық жазғандарыңызды дәлелмен көрсетуіңіз керек. (басқалардың пікірін талдайсыз)
Басқа команда мүшесін итеруге немесе таптауға болмайды	Әр оқытушының академиялық тіл жайлы өз ережесі болуы мүмкін, соның барлығын қарап шығу керек.
Ойынның әр жартысы 45 минутқа созылады.	Ақпаратты қайдан алғаныңыз жайлы сілтеме беру керек.
Келіссеңіз де келіспесеңіз де төрешіге бағыну қажет.	Сілтеме жасаудың арнайы ережелерін қолдануыңыз қажет.
Сіз ойын алаңынан сыртқа шыға алмайсыз.	Басқа адамдардың еңбектерін көшірмеу керек (плагиат)
Денеңізді қорғау үшін арнайы киімдер кию керек.	Абзацтарға бөліп, кіріспеден бастап, қорытындымен аяқтайсыз.

Міне, академиялық эссе жазу ережесін осылай талдап шыққаннан кейін, біз байқағанымыздай білім алушылар сын тұрғысынан ойлау әдісін меңгереді.

Білім алушылар «сын тұрғысынан ойлаудың» мағынасын түсіну барысында жиі қиындыққа тап болатындықтан, суреттеу, талдау немесе сын тұрғысынан ойлау жайында біршама идеяларды зерттеуге біраз уақыт жұмсауына тура келеді. Осы тұрғыда төмендегі жаттығулардың көп көмегі тиеді.

Жаттығу 1: Сын тұрғысынан ойлау

1. Оқушыларға қарапайым су бөтелкесін немесе оның суретін көрсетіп, оны суреттеуге тапсырма беріңіз.

Суреттеу барысында олар сізге тек не көріп тұрғанын айтуы тиіс-

- бұл таза пластик бөтелке
- «бұлақ» суы деп жазылған
- ақ қақпағы бар т.б.

2. Білім алушылар осы су бөтелкесі жайлы сын тұрғысынан ойлана отырып, өз пікірін айтуы керек. Оларға сіз мына сияқты сұрақтар қойыңыз. Сонымен осы су бөтелкесі, жайлы тағы не білесіз?

Білім алушылардың берген жауаптарында келесі жайттар қамтылуы тиіс:

- дүкендегі осы мөлшердегі бөтелкенің бағасы шамамен ...теңге.
- осындай пластик бөтелке қоршаған ортаға зиян.
- үйде бөтелкедегі суды ішеміз себебі, құбырдағы судың дәмі жаман.
- бөтелкедегі су құбырдан келетін су сияқты емес.
- ауылғабарғанда бөтелкедегі суды алмаймыз,

себебі ауылғабарғанда суды бұлақтан немесе құдықтан ішеміз.

Жаттығу 2: Сыни ойлау

Тапсырма: Білім алушылар өздері тұратын аймақтың дауылға ұшырағанын елестетіп көрсін. Олар осы жағдайда не болуы мүмкін екенін сипаттап, сипаттамаларын сол жақ бағанға жазады. Содан соң, олар өздерінің төңірегіндегі азаматтық қорғаныс мүшелері екендігін елестетсін. Білім алушылардың сипаттап айтқандарын сын тұрғысынан ойлап, жүйелі жазуға бейімдеңіз. Мысалы:

Дауыл: сипаттамасы	Дауыл: сыни ойлау
Үйлерге ештеңе болмаған сияқты, бірақ кейбір шатырлар мен қораларды жел ұшырып кеткен.	Үйлерде жарақат алған адамдар бар ма? Кейбір үйлер қауіпті ме? Құлауға жақын ғимараттар адамдар үшін қауіпті ме?
Біршама көшелер су астында қалған. Су деңгейі бір метрге жететін сияқты.	Су кесірінен жырақта қалған, құтқаруды қажет ететін адамдар бар ма? Су құбырларынан таза су келіп тұр ма? Су тасқыны кезінде қатынас жасау үшін қандай көлік қажет?
Ағаштарды жел ұшырып, жолдарға және электр сымдарына зақым келтірген.	Электр желілері әлі жұмыс жасап тұр ма? Біреулерге қауіп төніп тұр ма? Көршілерде жарық бар ма? Жолдар жүруге жарамды ма, әлде электр желілері немесе құлаған ағаштармен кептеліп қалмады ма?
	т.б.
	т.б.

Қорыта келе, эссе жазу сын тұрғысынан ойлай ала білу қабілетін талап етеді және жүйелі ойлау арқылы өзіндік пікірі, көзқарасы дамығанын көре алады. Міне, осы сияқты тапсырмаларды орындату арқылы біз білім алушылардың ойын дамытып, тереңнен саралай білу қабілетін оятамыз. Эссе жазу әдістемесін жетілдіреміз және білім алушының бойында эссе жазуға деген қызығушылығын оятамыз. Ойдан ой шақырып, баланың ойлау қабілетін жан-жақты дамытамыз.

Эссе жазу білім алушыдан тек, өз білімін көрсетуді ғана емес, сонымен бірге өзінің сезіміне, толқу мен толғауларына және жазып жатқан тақырыпқа байланысты көзқарасына ерекше мән беруді талап етеді. Эссе жазуда – әңгімеші не баяндамашы ғана емес, кейіпкер де бола алуы қажет. Шығармашылық еркіндікке қарамастан, эссе жанрында ойдан ой шақыру оңай емес екенін ұмытпаған жөн. Ең бастысы – жаңа бір идеяны тауып, белгілі бір мәселеге қалыптан тыс көзқарас білдіру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы,- Қазақстан Республикасының Президентінің ресми сайты. - Астана , 12 сәуір, 2017 ж.
2. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2014
3. А. Ұлмағанбетова. Қазақ тілінен эссе жазудың құрылымы. //Қазақ тілі мен әдебиеті №5/2018. Республикалық ғылыми-әдістемелік басылым.
4. Levin, P. (2004). Write Great Essays!: Reading and Essay Writing for Undergraduates. London, New York, Open University Press

ӘОЖ 37

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

*Маденова Лаззат Мутиголлиевна
аға оқытушы, магистр*

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Орал , Қазақстан*

Аннотация. В этой статье представлен широкий спектр идей и концептуальных подходов к духовному обновлению. Речь идет о статусе педагога. Предусмотрено усовершенствование цифровых технологий.

Ключевые слова: цифровизация, технология, информация и связь, формирование.

Annotation. This article presents a wide range of ideas and conceptual approaches to spiritual renewal. It is about the status of the teacher. Provides improvements in digital technology.

Keywords: digitalization, technology, information and communication, formation.

Елбасы бастамасымен «Цифрлық Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасы ақпараттық қоғамға өтуге, мемлекеттік басқаруды жетілдіруге, «ашық және ұтқырлық үкімет» институттарын құруға ықпал етті.

Н.Ә.Назарбаев: «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет» деп атап көрсеткеніндей, заманауи жағдайларда ақпараттық технология мен цифрлық трансформация технологиялық өзгерістердің негізгі факторы және бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету шарты болып табылады.

Цифрландыру бағдарламасын жүзеге асыру 4 бағыт бойынша жүреді. **Бірінші бағыт-** ауыл-аймақты кеңжолақты интернетпен қамтамасыз етіп, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру.

Екінші бағыт- экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлық технологияны ендіру.

Үшінші бағыт- мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру.

Төртінші бағыт- ІТ – мамандарды даярлау.

Ақпараттық технологиялардың пайда болуы қызметтің жоғары сапалы әрі тез көрсетілуіне мүмкіндік береді. Кез келген салада цифрландыру өзіндік ерекшеліктерін аңғартады. Мәселен, денсаулық сақтау саласында жаңа цифрланған аппараттардың іске қосылуы, қашықтан білім беру, т.с.с. бүгінгі күні қол жетімді болып отыр. Елбасы өз Жолдауында атап өткендей, 2019 жылдың 1 қаңтардан бастап барлық емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттарды қағазсыз, цифрлық нұсқада жүргізуге көшуге тиіс. Бұл 2020 жылға қарай бүкіл тұрғындардың электронды денсаулық паспорттарын жасауға, кезектерді, бюрократияны жоюға, қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді [1, 2]. Бұл өз кезегінде халықтың цифрлық сауатты болуын қажет етеді.

Қазіргі күнде кәсіби деңгейді қалыптастыра білім беру үшін барлық жағдай жасалған. Ұлттық рухымызды сақтай отырып, жаһандық әлемге еркін кіріп, әлемнің ең озық тәжірибелерін қабылдай біліп, жаңа технологияны қолдана білетін мамандар дайындау қажет. Соның ішінде олардың ІТ саласының әлемдік деңгейіне лайық бағдарламалау орталарын меңгеруіне баса көңіл аударылып отыр.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық

және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр. Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке еруге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Соған байланысты Елбасы өз Жолдауында мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті істерді қарастырып, «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеуге тапсырма берді. Бұл заң мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін өз тиімділігін көрсетеді деп ойлаймын. Жолдаудағы бұл орынды көтерілген жайт мұғалімдердің ғана емес, бүкіл қоғамның көңілінен шығатыны сөзсіз.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - халқымыздың ғасырлар бойғы жиған тек қазаққа ғана тән ұлттық өзгешілігімізді сақтай отырып, замана сынынан өткен озық дәстүрлерді жаңғырудың табысты маңызды алғы шарттарына айналдыра білуіміз қажет. Жаңғыру сонымен қатар өткенді толықтай ұмыту емес, қайта ескі мен жаңаның дәуір талабына сай сабақтастығын жалғастыратын ұлт жадының тұғырнамасы екенін өскелең ұрпаққа жеткізе түсіндіру біздің алдымыздағы басты мақсат болуға тиіс.

Осы кезекте Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдағы рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерді терең зерделеу және білім алушылар арасында тарату ұйымдастыру болып табылатындығын, «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады». Рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдыретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы.

Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын - деп атап көрсетті. [2, 1].

«Цифрлық Қазақстан 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда әлемдік өркениетті дамыған елдер қатарына ену мақсатында атқарылып жатқан шараларға ат салысу міндет болып табылады. Халықтың цифрлық сауаттылығын көтеруге, онлайн қызметтер сапасын арттыруға бағдараланған жасанды интеллектіге негізделген жүйелерді, қолданбалы бағдарламалық қосымшаларды жасақтау мәселелері өзекті болып отыр.

Қоршаған әлемді цифрлық технология өзгертеді. Цифрлық технологияны меңгеру арқылы қоғам өзгермек. Елбасы болашақ жастардың қолында екенін жиі айтады. Қазақстан – бүгінде әркімге қай саладан болмасын мол мүмкіндік туғызып отырған ел. Сондықтан цифрлық Қазақстанға қол жеткізу үшін жастарға артар үміт зор.

Бүгінгі жастардың міндеті- жеке жауапкершілік ғана емес, мемлекеттің, елдің жауапкершілігін қоса сезіну. Ол үшін жастар білімді болуы қажет. Елімізде ғылым арқылы ең соңғы жетілідірілген технологияның берік тұғырын қалыптастырып, қарқындап дамуға жан- жақты алғышарттар жеткілікті. «Жастар жылында» білімді жастар ғылым мен технология саласында қол жеткізген жетістіктерін жаңа технология арқылы көрсете алады. Олардың жаңа табыстарын білім мен технология арқылы үнемі қуаттап, демеп отырса ғана әлем нарығында басымдыққа ие болады. Сөйтіп ел экономикасын күшейтіп- қуаттандыруға өз үлестерін қосу арқылы қол жеткізеді.

Қазіргі таңда басым мақсаттардың бірі – 2050 жылға дейін дамыған 30 елдің қатарына кіру екені белгілі. Әрине бұл жүйелі жұмысты қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда жаңа Жолдау Қазақстанның әлемдік экономикалық және әлеуметтік, мәдени салалардағы түбірлі өзгерістерге бейімделуіне жол көрсетеді. Бұл құжат «Мәңгілік ел» атану жолында жүктелген міндеттерді орындауға бағыттап, болашағымызды жарқын етуге негіз болмақ. Жолдауда белгіленіп отырған маңызды тапсырмаларды жүзеге асыру- Қазақстанның әлемдік аренадағы орнын биіктетіп, жолын айқындап берері даусыз. Тек сонда ғана өркениетті елдер қатарында ілгерілеп дамуға мүмкіндік береді.

Елбасының халыққа Жолдауында білім беру жүйесі мен мұғалімдер тақырыбына басымдық беруі, сонымен қатар 2019 жылды «жастар жылы» деп жариялауы- Қазақстан үшін маңызды қадам. Елімізде жүзеге асырылып жатқан «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жаңа технологиялар арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды мақсат етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру . «Егемен Қазақстан»6 қазан, 2018ж.
2. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. «Егемен Қазақстан» 12 сәуір, 2017ж.

ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Аманбаева Нургуль Жоламановна
Учитель русского языка и литературы
Заместитель директора школы №4
г. Аркалык
E-mail: amanbaeva_nur@mail.ru

Аннотация: Қазіргі білім беру жүйесінде болып жатқан реформалар үздіксіз кәсіби өзіндік жетілдіруі арқылы кәсіби құзырлылыққа қойылатын талаптың жоғары деңгейін, жеке педагогтің кемелденуіне көмектеседі.

Түйінді сөздер: модернизация, құзыр, мақсаты, міндет, нәтиже.

Abstract: The reforms taking place in the modern educational system, set a high level of requirements for professional competence and personal maturity of the teacher, which can be achieved in a continuous process of professional self-development.

Keywords: modernization, the competence, the aim of the task result.

Педагогическое образование, являясь составной частью системы образования Казахстана, выполняет актуальную задачу кадрового обеспечения дошкольного, среднего, специального и дополнительного образования, а также начального, среднего и высшего профессионального образования. Необходимость модернизации педагогического образования определяется задачами, поставленными в **Законе Республики Казахстан «Об образовании», Концепции образования Республики Казахстан до 2015 г.**, Государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 гг., внутренними закономерностями развития педагогического образования и перспективными потребностями развития личности, общества и государства. Подготовленные в системе педагогического образования специалисты призваны стать носителями идей обновления на основе сохранения и приумножения лучших традиций отечественного образования и мирового опыта. В Программе обозначена «цель среднего образования — формирование в общеобразовательных школах интеллектуального, физически и духовно развитого гражданина Республики Казахстан, удовлетворение его потребности в получении образования, обеспечивающего успех в быстро меняющемся мире, развитие конкурентоспособного человеческого капитала для экономического благополучия страны. Базовый принцип нового содержания образования — создание в каждой школе гуманной образовательной среды, стимулирующей развитие нравственно-духовных качеств личности. Смена образовательных стандартов в условиях перехода на 12-летнюю модель образования связана с разработкой нового содержания образования. Государственный общеобязательный стандарт 12-летнего среднего общего образования будет ориентирован на результаты, обеспечивающие личное саморазвитие, самостоятельность в приобретении знаний, формирующие коммуникативные навыки, умения управлять информацией и технологиями, решать проблемы, предприимчивость и креативность» [1].

Качественное изменение образования невозможно без формирования нового взгляда учителя на свое место и роль в учебном процессе, нового отношения к ученику. Поэтому важно, чтобы учитель сам понимал суть новых изменений, смысл нового качества образования и новых образовательных результатов. На наш взгляд, переход к новой школе без соответствующей подготовки учителей, методистов и руководителей школ был бы преждевременным, и реализовать на практике новые теоретические идеи без осмысления принципиально новых целей и задач, содержания и технологии обучения, новой формы оценивания было бы неправильным. **Значит, необходимо осуществить переподготовку и повышение квалификации педагогов с учетом нового компетентностно-ориентированного содержания образования, новых подходов к обучению и методике преподавания.**

Согласно Государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 гг. к 2015 г. будет осуществляться переход на 12-летнюю модель обучения. Обновленное содержание среднего общего образования должно основываться на компетентностном подходе. Включение компетентностного подхода в практику образования и разработка теории развития ключевых компетенций становятся все более актуальными для мировой педагогической науки и практики. В развитых странах Запада речь идет о таких задачах образования, как «формирование у учащихся компетенции, проявляющейся в умении учащихся интегрировать, переносить и использовать знания в разных жизненных ситуациях. Все, что связано с компетенциями, связано с опытом и деятельностью субъекта, вне ситуации и деятельности компетенции не проявляются» [2].

Компетенция — это компетенция чья-либо, и проявляется она как совокупность знаний, умений и навыков, позволяющих субъекту приспособиться к изменяющимся условиям. По сути, компетенция - это способность действовать и выживать в определенных условиях. Однако без знаний не может быть компетенции, но сами знания еще не компетенции, более того, без компетенции знания могут и не проявиться. Поэтому в современных технологиях обучения некоторых западных стран сначала ставится задача формирования определенных компетенций, затем обучение знаниям, а потом уже проверка проявления компетенций на основе знаний.

В международной образовательной практике реализуется модель образования, ориентированная на результат (Outcomes Based Education). Принципиальная особенность данной модели образования заключается в реализации передовой педагогической технологии компетентностного образования, включающей:

- определение общих целей образования национального уровня;
- построение многоуровневой системы целей в виде ожидаемых результатов обучения и воспитания;
- регулирование содержания образования по каждому уровню образования;
- обеспечение мониторинга качества образования;
- вовлечение всех заинтересованных сторон к работе школы и всей системы образования как социальных партнеров;

- изменение стратегии обучения (сотрудничество, сотворчество и партнерство).

Понятие компетентности и ориентированная на компетентности теория и практика обучения являются результатом длительного развития образования в индустриально развитых странах Запада (1960 гг.). Появление таких форм образования позволяет будущему специалисту более эффективно адаптироваться к многообразным и меняющимся требованиям рабочего места, гибко и самостоятельно решать возникающие проблемы, создавать благоприятный социальный климат в коллективе, осваивать новые формы и способы профессиональной деятельности, т.е. быть способным к дальнейшему обучению, повышению квалификации или даже смене профессиональной ориентации. Эти «качества, позволяющие людям разных профессий адаптироваться к быстро меняющимся формам организации труда и запросов рынка, были названы ключевыми квалификациями» [3; 257].

При компетентностном подходе процесс постановки целей должен отличаться от традиционного тем, что учитель выбирает цели и формулирует задачи, соотносясь с ценностями развития ребенка, на основе понимания ситуации в развитии ребенка, его интересов, потребности. Для этого педагог ведет целенаправленное наблюдение за детьми, привлекая к процессу наблюдения и осмысления фактов коллег и членов семьи ребенка, используя материалы, полученные в ходе рефлексии ребенком своих результатов, достижений, перспектив. Такая особенность постановки целей связана с необходимостью учета интересов ребенка, повышения эффективности развития ребенка и достижения результативности. **Специфика целей заключается в том, что они направлены не на обретение суммы знаний, умений и навыков (они будут им приобретены как следствие, они выступают предметами, средствами обучения), а на формирование компетентностей, развитие «способности учиться, действовать общаться» [3; 272]. Таким образом, реализация ценностей и целей, определенных как развитие активной, самостоятельной творческой личности, способной самостоятельно приобретать и применять знания в условиях индивидуализации образования, реализация активных субъектных позиций в условиях партнерских отношений учителя с детьми делают необходимыми такие организационно-педагогические условия, как:**

- создание развивающей среды, стимулирующей и обеспечивающей активность ребенка, реализацию им своих интересов и потребностей, личностный смысл, жизненную, практическую ориентацию, ситуаций, обеспечивающих формирование ключевых компетентностей;

- наличие прав на самостоятельный выбор вида и содержания деятельности, партнерства и места для работы, оценки результата деятельности и способов использования результатов, направленность на формирование духовно-нравственной сферы личности, позитивных общественно значимых установок и ориентиров;

• использование таких форм организации образовательного процесса, которые обеспечивают включенность ребенка в выбор целей, содержания, форм деятельности (планирование), партнеров, места, способа реализации собственных планов, деятельности, оценку полученных результатов, личностных достижений, дальнейших перспектив, рефлексии;

• использование технологий продуктивной, поисковой и творческой деятельности обучающихся, способствующих развитию самопознания, самоопределения личности в окружающем мире;

• реализация роли учителя как ресурсной личности, фасилитатора развития ребенка, который ведет ребенка, но не подталкивает его, предполагает способы поведения, познания, но не побуждает копировать их, является диагностом достижений, перспектив ребенка и его проблем [4].

Таким образом, становление ключевых компетентностей педагога начальной школы в условиях модернизации системы образования определяет необходимость в овладении новыми способами профессиональной деятельности, новой ролевой структурой отношений между участниками педагогического процесса, новыми образовательными технологиями.

Список литературы

- 1 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 гг. /edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo.
- 2 Рыжаков М.В. Ключевые компетенции в стандарте: возможности реализации. О проблемах содержания и качества школьного образования // Стандарты и мониторинг в образовании. — 1999. — № 4. — С. 22.
- 3 Загвоздкин В.К. Проблема ключевых компетентностей в зарубежных исследованиях // Вопросы образования. — 2009. — № 4. — С. 257-272.
- 4 Учитель и ученик: возможность диалога и понимания / Под ред. Л.И. Семеновой. — М.: «БонФИ», 2002. — 408 с.

ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

*Бадаева Менсулу Сейдағалиевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
№4 жалпы орта білім беретін мектебі
Арқалық, Қазақстан
mensulu.1974@mail.ru*

Аннотация: В этой статье автор рассматривает эффективные стороны в области информационных технологий. Информационные технологии показали, что формирование информационной компетентности обучающихся, и их познавательной деятельности помогает улучшить качество образования. Показан эффективность использования компьютера, электронной почты, доступа в Интернет и т.д.

Ключевые слова: Информационные технологии, улучшение творческих способностей, монтажные работы, технологическое образование.

Annotation

In this article the author`s underlined all the effective methods of informational technology. The author proves that the informational technology forms communicative competence, cognitive activity and improves the children`s educational knowledge. The author shows the effectiveness of the method in using computer, Internet, electronic mail and Etc.

Ағылшын тілінде түйін сөздер (3-5 сөз)

Keywords: Informational technologies, to develop creative skills, to edit works, technological education

XXI ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры, бұл ғасыр марғаулықты көтермейді. Бізге серпілу керек. Ұлттық бәсекелестік қабілет бірінші кезекте білімділік деңгеймен айқындалатынын әсіресе мұғалімдер қауымы жақсы түсінеміз. Сондықтан заман ағымына сәйкес пәндерді оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану өте тиімді болмақ.

Әр мұғалімде пәндік білім мен педагогикалық білім ұштасуы қажет. Ал білімнің педагогикалық аспектісі мазмұнды педагогикалық ықпалды формаларға айналдыру мүмкіндігін беретін құрамдас бөліктердің: оқу мазмұны мен педагогикалық білімдердің біртұтастығы болып табылады (Shulman, 1986). Білімнің педагогикалық аспектісі нәтижелілікті қамтамасыз ететін аналогия, суреттеу, мысалдар, түсіндіру және көрсету әдістерін қолдана отырып, оқытуда ғылыми идеяларды қолданудың тиімді, оңтайлы формалары болып табылады.

Технологиялық білім – оқытудың қосалқы құралдары (бейне, желілік материалдар, сандық бұқаралық ақпарат құралдары және т.б.) Бұл білімдер технологиялық құрылғылар саласындағы жеткілікті хабардарлықты да, оларды басқару үшін қажетті дағдыларға ие болуды да меңзейді.

Білімнің технологиялық аспектісі - технологиялық білім мен пәндік білімнің өзара әрекеттесуінің тәсілін білу. АКТ-ны қолдану заттар туралы толық түсініктің қалыптасуына ықпал етпегеннің өзінде, қазіргі заманғы инновациялық технологиялар заттар туралы жаңа, алуан түрлі түсінік қалыптастыруды және осы түсініктерді басқарудағы ауқымды икемділікті қамтамасыз ете алады.

Үш білім саласының қиылысу ортасында технологиялық, педагогикалық және мазмұндық білім орналасқан. Осы тәсілді алғаш рет 2006 жылы Мишра және Келер қарастырды, олардың айтуынша, егер жаңа технология оқуды жақсарту жағына өзгертуге қабілетті болуға тиіс болса, онда жоспарлау үдерісі пәннің ерекше білімдерін оқушылар қалай түсінетінін біле отырып, осы білімдердің ықпалдасуын қамтуы керек. [1, 33-34 б.]

АКТ-ны қалай қолдану керек? Технологиялық білім сыныпта АКТ-ны қолдану жөніндегі білімдерді қамтиды. Мектептегі технологияларға мыналар жатады:

- Теледидар бағдарламалары;
- Сандық теледидар;
- Интернет/WWW;
- Ұялы телефон;

- Ұтқыр қондырғылар;
 - Компьютер/ ноутбук
- АКТ-ны енгізу кезінде мұғалімдердің тәсілдеріндегі өзгерістер

Дәстүрлі педагогика	Жаңа педагогика
Кітапта қанша бар болса, сонша және мұғалім қанша айтса, сонша білу	Нені білуді және нені еске сақтауды шешу
Мұғалім оқушыға білім береді	Мұғалім оқушыларға ақпаратты бағалауға, таңдауға, ұйымдастыруға және сақтауға көмектеседі
Мұғалім оқу үшін оқушылар қағазға жазады	Оқушылар дискке жазады және желіде жариялайды
Анық, қолмен жазылған есеп	Кәсіби, қағазға басылған құжаттар
Оқушылардың ақпарат көздерін таңдауы шектеулі	Оқушылар жеке таңдау жасайды деп күтіледі
Оқушылар бір-бірінен жазбаны жасырады және мұғалімге ғана оқуға болады.	Оқушылар өз жұмыстарын редакциялау және тексеру кезінде пікір алмасады

Білім – тоқтаусыз, толассыз үрдіс. ХХІ ғасыр білімі адамның қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің дамуы деп түсіну қажет. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында қолданылатын ақпараттық технологиялар білім алушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруын, танымдық белсенділіктерін, білім сапасын жоғарылатуға көмектеседі. Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивті тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтар.

Сыныптағы жалғыз компьютер (қызметі) - уақытты тиімді пайдалану, аз уақытта көп «дүниеден» хабардар ету, пәнаралық байланыс, интернет желісін пайдалану, музыка тыңдау, білім алушыға тыңдалым жасау құралы, бордың рөлін «алмастыра алатын», тез арада бағалау, т.б. қасиеттерге ие. Жалпы компьютерді тек қана техникалық жағынан қамтамасыз ететін құрал ретінде ғана қолданып қоймай, оқушымен сұхбаттасатын таза білім «сақтаушысы» ретінде қабылдағанмыз жөн. Power Point бағдарламасымен білім алушылар талай жұмыс түрлерін көрсетіп келеді. Мысалы, оқытудың желілік технологиясының бірі – интернет желісін пайдалану білім алушының өз бетінше жұмысын басқару болып табылады. Сабақта, топтық жұмыста, жеке жұмыс түрінде қолайлы уақытта тиімді қолдану білім алушының белсенділігін, жауапкершілігін арттырып, нәтижелі түрде оқу үшін маңызды болмақ. Тез арада ақпарат алып, топпен бірлесіп талдау, ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жоғары сынып білім алушылары үшін электронды поштаны пайдалану мұғаліммен тығыз байланысты орнатумен қатар, олардың көптеген оқу қызметін бақылауға, бағалауға мүмкіндік ашады. [3, 68-69 б.]

Келесі бір тиімді тәсіл- электронды оқулықтарды сәтті қолдану. Оқытуды электронды оқулықтардың көмегімен ұйымдастыру білім алушылардың білімін жетілдіруге, сабаққа деген қызығушылықтарын арттыруға көп мүмкіндік беріп отыр. Қағаз кітаптардан айырмашылығы - «жандандырылған» болып келуінде. Ол – компьютер экранында көрінетін жай ғана мәтін емес, білім алушыға керекті материалдарды өз бетінше меңгеруге, өзін-өзі тексеруіне, бағалауына және білім сапасын арттыруына таптырмас мүмкіндік.

Өз сабақтарымда Елбасының «Шығармашыл тұлға өзі үйрене жүріп, өзгені де үйрете алады» деген сөзді басты мақсатыма айналдыра отырып, білім алушыны дамушы тұлға ретінде жетілдіруге, дамытуға көңіл бөлемін. Кей әдіс-тәсілдерге тоқтала отырып, кез келген жұмыс түрлерінде ақпараттық технологияның мәні зор екендігін атап көрсеткім келеді.

1. Көркем шығармаға лингвистикалық талдау жасау тәсілі (соңында интерактивті тақтада дайын үлгілерімен салыстыртқызу);
2. Бала қиялына, фантазиясына ерік беру тәсілі (музыка арқылы, суреттер көрсету арқылы);
3. Проблемалық жағдаят тудыру тәсілі (үзінділер ұсыну арқылы);
4. Шығармашылық ситуация жасау тәсілі (ақын, жазушының өз даусын тыңдату, түрлі сауалдар қою арқылы) [2, 19-20 б.]

Қорыта келе, ақпараттық- коммуникациялық технологиялардың рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл арқылы мұғалім мен білім алушы әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруде әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады. «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынов айтқандай, жаңа ақпараттық технологиялар жетістігі –үздіксіз ізденіспен келетіні ақиқат.

Әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгері) деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2014
2. К.Ә.Қылышбаева «Әдебиет пәнін шығармашылықпен оқыту – Блум таксономиясының ұтымдылығы» Астана, 2012
3. Маленкова Е.С. Формирование информационно-грамотной личности на уроках/12 жылдық білім: ғылыми-әдістемелік журнал Алматы, 2006

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

*Нұркенова Мирамкул Мыржакыповна,
бастауыш сынып мұғалімі
№5 М.Әуезов атындағы орта мектеп
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье подчеркивается эффективность использования современных технологий обучения в начальной школе в продвижении знания учащихся, организации их деятельности и преимуществах новых методов.

Ключевые слова. Образование, ученик, учитель, обязанности, новые технологии, урок, квалификация, эффективность, формирование, способности, навыки.

Annotation. In this article, the effectiveness of using modern teaching technologies in primary school is illustrated by the advantages of new methods in organizing student learning activities.

Keywords. Knowledge, student, teacher, task, new technologies, lesson, qualification, efficiency, formation, abilities, skills.

Баланы болашаққа дайындау – бүгінгі күннің негізгі мәселесі. ХХІ ғасыр - ақпараттандыру ғасыры.

Қоғамды ақпараттандыру – мәдениеттің, білім мен ғылымның дамуына ықпал ететін шарттарының бірі болып табылады. Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау яғни, педагогикалық іс-әрекетті өзгерту, білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан - жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет - оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру [1,47]. Бұл міндеттерді шешуде, әрбір орта мектептің бастауыш сатысында білім беруде оқу-тәрбие үрдісін жаңа технологияларға сай ұйымдастыру әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Бастауыш мектепте қазіргі жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың тиімділігі оқушылардың білімін арттыруда, іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра алуымен байланысты. Ал, жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығармашылық, педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, «педагогикалық технология» деген ұғымды түсінуіміз керек. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру.

Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Педагогикалық технологияның тиімділігі:оқушы өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, соған дағдыланады;оқушының жеке қабілеті анықталады;іштей бір - бірінен қалмауға тырысып, талпынады;тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады;өзін - өзі тексеруге дағдыланады;мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады;орындау қабілетіне қарай бағаланады.

Мұғалімнің негізгі мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, оқу үрдісін дамыту.

Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін - өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой - өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті шәкірт тәрбиелеу. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамиды, қайталанбайтын кезеңі.

Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Елбасы Жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» – деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді [2,11].

Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдердің бірі - сыни тұрғысынан ойлау. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп, шығармашылық жұмыс жасау. Бұл әдістің тиімділігі сабақ барысында оқушылар топтық жұмыс барысында тез шешім қабылдауға, логикалық ойлауға, тақырып аясында өз ойларын дамытуға дағдыланыды. Мысалы, мен өзімнің тәжірибемнен айтар болсам, сабақ барысында оқушыларым топтық жұмыс жасағанда, аталған технологияның инсерт, болжау, миға шабуыл әдістерін сәтті қолданудамын. Оқушыларым қазіргі таңда топпен, жұппен жұмыс атқара біледі. Өз ойларын ашық, нақты және сыни тұрғыдан ойлай біледі. Оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді. Егер де жаңа технология элементтері сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

Бастауыш мектепте қазіргі ақпараттық технологиялар төмендегі бағытта қолданылып отыр:

- мұғалімнің сабақ жоспарын, конспект жазу, көрнекі – әдістемелік құрал дайындау, оқушылардың өткен материалды меңгеруін тексеру.
- шығармашылық елестету, жағдайға байланысты тез шешім қабылдау, қоршаған ортаны тану қабілеттерін дамытып, қалыптастыру үшін бастауыш сынып оқушылары үшін интеллектуалды дамыту туралы,
- ақпаратты алу және құрбыларымен, әріптестерімен ғаламтор арқылы қарым-қатынас жасау көзі; [3,9]

Қазақ тілі сабағында интерактивтік тақтамен жұмыс жүргізу технологиясындағы автономды түрде меңгеріп негіздеуіне мүмкіншілік береді. Интерактивтік тақта арқылы дидактикалық материалдармен қоса, неше түрлі

дыбыстарды оқушаларға естіруге болады мысалы: құстардың үнін, судың дыбысын т.б.түрлерін жасауға мүмкіндіктер болады.

реализовать возможности организма и личности для полноценной жизни, самопроявления и творчества, социальной активности и интеграции в общество здоровых людей.

Список литературы:

1. Теория и организация адаптивной физической культуры: учебник История, организация и общая характеристика адаптивной физической культуры /Под общей ред. проф. С.П. Евсеева. – М., 2005. – 296.
2. Частные методики адаптивной физической культуры: Учебное пособие /Под ред. Л. В. Шапковой., 2009. — 464 с.
3. Мовкебаева З.А. Роль высших учебных заведений в модернизации процесса образования лиц ограниченными возможностями в развитии// Вестник КазНПУ имени Абая (Серия «Специальная педагогика». - № 1-2 (28-29). – 2012. – С.34.
4. Мовкебаева З.А., Оралканова И.А. Включение детей с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс. Учебное пособие. – Алматы: ИП «Сагаутдинова М.Ш.», 2014. – 236 с.

ЕРЕКШЕ ОҚЫТУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ИНКЛЮЗИВТІ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Абилхаиров Оразхан Есенбайұлы
аға оқытушы

Құлтанов Дастан Теміржанұлы
аға оқытушы

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық қ., Қазақстан

Кауханова Махаббат Сагидоллаевна
аға оқытушы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

Аннотация: Инклюзивное образование предполагает включение детей с особыми образовательными потребностями независимо от их физических, психических, интеллектуальных, культурно-этнических, языковых и иных особенностей в общеобразовательную среду, устранение всех барьеров для получения качественного образования, социальной адаптации и интеграции в социуме.

Ключевые слова

Инклюзия, инклюзивное образование, профессиональная компетентность, ограниченными возможностями развития.

Annotation: Inclusive education involves the inclusion of children with special educational needs, regardless of their physical, mental, intellectual, cultural, ethnic, linguistic and other characteristics in the general educational environment, the removal of all barriers to quality education, social adaptation and integration in society.

Key words: Inclusion, inclusive education, professional competence, limited development opportunities.

Елде инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды бағыты – білім беру процесінде инклюзияның кіріктірілуіне ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету және инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету мен білім беру саясатына өзгеріс енгізу болуы тиіс.

Елдердің әрқайсысы білім берудің жан-жақты, кіріктірілген моделін құруды мәлімдейтін жеке кіріктіру моделдерін жүзеге асырады.

Соңғы жылдары шет елдерде «кіріктіру» түсінігінің орнына «енгізу» (inclusion) түсінігі пайда болды. «Инклюзивті білім беру» түсінігі ерекше қажеттілігі бар оқушыларды өз құрдастары оқитын мектептерде оқыту формасын ұсынады. Енгізу ерекшелікке және нәсілшілдік, жынысына қарай басқадан артықшылығына және т.б. сенімділік сияқты әлеуметтік ауруларға қарсы күресті білдіреді. Енгізу оған мұқтаж болған, қандай формада болмасын оған қажетті қолдау кепілділігін қамтамасыз етуді білдіреді.

Азаматтық қоғам, өз кезегінде, қоғамдық қатынастар жүйесінде ізгілік пен толеранттылықты бекітуге мүмкіндік беретін адамдарды қорғау құқығы бойынша әлеуетті жүзеге асыра алады.

Екінші жағынан, қоғам қабылдау стереотипін психологиялық сияқты материалды- техникалық (пандустардың, көтергіштердің, жабдықталған туалеттердің, жарықтық және дыбыстық сигналдардың, Брайл шрифіндегі жазбалар, естімейтін және жартылай естімейтіндер үшін ұжымдық және жеке қолдануға арналған дауыс күшейткіш құралдары, көрмейтіндерге арналған оқыту кешендері және т.б. болуы,) жағынан да жеңе отырып, инклюзивті білім беруге дайын болуы қажет[1].

Әрбір баланың мектеп жүйесінің талаптарына сәйкес болуы немесе сәйкес болмауына қарамастан, оқушыны сыйлау және оның жеке даралығын қабылдауды қамтамасыз ететін инклюзивті білім беру идеясының Қазақстан Республикасында таралуы педагогтардың құзыреттілігіне жаңа талаптарды туындататыны заңды. Заманауи педагогтарға, ең алдымен мектеп мұғалімдеріне қойылатын талаптар жаңа қызметтерді орындаумен байланысты: дене немесе интеллектуалды мүмкіндігі шектелген балалар болсын, қалада немесе ауылда тұратын әр түрлі әлеуметтік топтағы балалар болсын немесе басқа да әр түрлі білім беру топтарымен жұмыс істеуге болатын технологияларды өздігінен, шығармашылық түрде және адекватты таңдау мен қолдану қабілеті.

Білім беруді реформалау жағдайында ағымдағы әлеуметтік-педагогикалық үрдістерді түсінетін жаңа тұжырымдамалық ойлау жүйесі бар педагогтарды дайындау қажеттілігі туындап отыр. Жұмысы тек дені сау балаларға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік факторларды, жақын айналадағыларының және әлеуметтенуінің ерекшеліктерін есепке ала отырып дамуында түрлі ауытқулары бар балаларға бағытталған жоғары білікті мектеп мұғалімдері аса қажет. Бұл жағдайдың маңыздылығы халықаралық және отандық құқықтық құжаттарда айқындалған. Мысалы, «Дүниежүзілік мүгедектік туралы баяндамада» инклюзивті білім беруді дамытуда жалпы білім беретін педагогтың арнайы дайындығы шешуші мәнге ие екендігі бекітілген .

Берілген құжатта «Мемлекеттік жалпы мектеп мұғалімдерінің арнайы оқытылуы олардың сенімділігін нығайтып, мүгедек балаларды оқыту дағдыларын жақсартуы мүмкін. Инклюзия қағидалары мұғалімдерді дайындау бағдарламаларына ендірілуі және мұғалімдерге инклюзивті білім беру саласында кәсіби білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін басқа да бастамалармен қосылуы керек» деп жарияланған [2].

Алайда, ұзақ уақыт бойы жүзеге асырылып келе жатқан мектеп мұғалімдерді даярлаудың дәстүрлі түрі көбіне дамуында ешқандай ерекшеліктері жоқ «қалыпты» балаға білім беруге бағыттауды қарастырады.

Сондықтан инклюзивті білім беруді тәжірибеде жүзеге асыратын мұғалімдер даму мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын және оқу пәндері бойынша бағдарлама мазмұнын бейімдеуде қиналатыны, олардың даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, қабілеттерін түсінбеуі, жекеленген оқытудың белгілі бір әдістемелерін қолдана алмауы, ерекше қажеттіліктері бар балалар мен қалыпты балалар арасында тұлға аралық қарым-қатынасты орната алмауы және т.б. білмеуі бұл заңды құбылыс. Бұның себебі, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогикалық кадрларды даярлау көбінесе оқушыға қажетті кәсіби құзыреттілігінің барлық жүйесін қалыптастырмай, инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа дайындықтың жеке элементтерінің дамуы негізінде жасалады.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы мұғалімді даярлау ерекшелігі білім беру үрдісінің нәтижесі білім мен дағдылар жүйесі емес, басты құзыреттер жиынтығы болатын құзыреттілік ыңғай жасауға бағытталуы керек.

Негізгілері ретінде академиялық құзыреттер (жаңа білімдерді алуға қабілетін анықтайтын); әлеуметтік-тұлғалық құзыреттер (мемлекет пен қоғамның идеологиялық, адамгершілік идеалдарын сақтау қабілеті); кәсіби құзыреттер (проблеманы, міндеттерді қою, оны шешу жолдарын анықтау, жопарларды жасау және оларды педагогикалық әрекеттің әр түрлі салаларында орындау) бөлуге болады.

Құзыреттілік (competentia – лат.) – бұл өнімді іс-әрекет үшін белгілі бір заттар және процестер аясына қатысты қажетті білім мен әдістер жиынтығы; бұл – білім беру даярлығына қойылатын алдын ала берілетін талаптар (норма).

Түйінді құзыреттер – жағдайды адекватты түсінуге, адамның жеке өмірінде және кәсіби әрекетінде жоспарланған нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретін әрекеттің жалпы (әмбебап) мәдени жасалған әдістері.

Шеберлік, – кәсіби әрекетті сапалы, шығармашыл орындау, жеке әрекет стилінде тұлғаның қалыптасқан кәсіби маңызды сапаларының интеграциясы.

Принцип (лат. principium – бастама, негіз) – қандай да бір теория, оқудың, ғылымның негізгі, бастапқы ережесі.

Кәсібилендіру – кәсіби әрекетті білікті орындауға қажетті мамандыққа кіріспе және оны игеру, кәсіби өзін өзі анықтау, кәсіби тәжірибе жинау, тұлғаның қасиеттері мен сапаларын дамыту.

Кәсіби құзыреттілік – мамандықты жоғарғы деңгейде меңгеруді қарастыратын және кәсіби әрекетпен байланысты әр түрлі жағдайларда еркін бағдарлауға негіз болатын тұлғаның жеке әрекетінің, кәсібиліктің құрылымында интегралды сипаттамасы.

Кәсіби даярлық немесе оқыту – кәсіби білім, іскерлік және дағдылар жүйесін меңгеру, тұлғаның кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыру, болашақ мамандыққа қызығушылығы мен икемділігі.

Кәсіби ұмтылыстарын қалыптастыру – өзінің индивидуалды-психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып тұлғаның мамандықты саналы түрде таңдау.

Инклюзивті білім беру барлық балалардың, соның ішінде денсаулығында мәселелері және қоғамға әлеуметтік бейімделуінде қиындығы бар балалардың да сапалы білімге тең қолжетімділік құқығын қамтамасыз етеді.

2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында ел мектептерінде (мектепте педагог-психологтың, балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың, арнайы жеке техникалық және теңгеруші құралдардың болуы және т.б.) ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тең қолжетімділігін қамтамасыз ету міндеті қойылған [3].

Ерекше қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беретін мектепке қосу үдерісі көптеген елдердің білім беру саясатының жетекші бағыты болып табылады және білім беру жүйесі ұйымдарында қарапайым құрдастарымен бірге осындай балаларды оқыту процесі табысты өткенін көрсетеді.

Қазіргі уақытта біздің елде арнайы қажеттілігі бар балалар үшін дамыту мен оқытуға арналған қажетті жағдай жасалған, арнайы білім беру жүйесінде психологиялық-педагогикалық қолдаумен қоса, балалардың даму бұзылыстары (есту, көру, сөйлеу, ақыл-ой, қимыл-қозғалыс аппараттары) түрлеріне сәйкес, арнайы мектептерде де іске асуы мүмкін әлеуметтік қызметтің сегіз түрі көрсетіледі.

Осы мектепте балалар дамуында өздеріне ұқсас мәселелері бар балалардың ортасында болады, барлық қажетті көмекті алады, сондықтан, мектептер арнайы құрал-жабдықтармен, техникалық құралдармен жабдықталған, медициналық қолдаумен, дайындалған кадрлармен, оқу-әдістемелік материалдармен және бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

Сегіз түрлі мектептің жетеуінде (ақыл-ой бұзылысы бар балаларға арналған мектептерден басқасы) балалар мемлекеттік стандартқа сәйкес білім алады. Кеңестік жүйедегі арнайы білім беру мұрасы ретінде, арнайы білім берудің бұл ерекшелігі біздің елде де сақталған.

Қарастырылып отырған санаттағы мектеп оқушыларының көп бөлігі олардың табысты оқуы үшін әлі қажетті жағдай жасалмаған жалпы білім беру жүйесіне қосылған. Жалпы білім беретін мектептерде құрамына ДМШ балалар кіретін білім алушыларға арқашан да арнайы білім беруде оқитын балаларға осындай қолдауды ұйымдастыру міндеті қойылды. Соның нәтижесінде, арнайы қажеттілігі бар балалармен педагогикалық жұмыс тәжірибесін арнайы білім беру жүйесінен жалпы білім беру жүйесіне ауыстырудың қажеттілігі туралы қорытынды шығарылды.

Инклюзивті білім беру мамандарының пікірінше дәл осы жұмыс біздің елдегі инклюзивті білім беруді дамытудағы бағыттардың бірі болуы тиіс. Ол екі бөлек дәстүрлі қызмет ететін арнайы және жалпы білім беру жүйесін жақындастыруды, жалпы білім беретін педагогтер мен дефектологтардың серіктестігін, білім берудің арнайы ұйымдарына жалпы білім беру жүйесіндегі инклюзивті процестерді дамыту бойынша ресурстық орталықтар қызметін тапсыруды талап етеді.

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттары ретінде, келесілерді бөліп көрсетуге болады:

- арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-экономикалық негізі мен механизмдерін жетілдіру;
- инклюзивті білім беруді дамытудың әдіснамалық, оқу-әдістемелік негізін жетілдіру;
- білім алушыларды жекелеген түзету-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық қолдауды іске асыру, білім алушыларға мектептік қауымдастықтың маңызды және белсенді қатысушысы болуына мүмкіндік беретін жайлы білім беру ортасын құру, өзі-өзі бағалауға, оқуға және әлеуметтенуге уәждемені арттыру;
- қолжетімді «кедергісіз орта» құру және білім алушыларды теңгерушілік құралдармен қамтамасыз ету, инклюзивті білім беруді іске асыратын білім беру ұйымдарын кадрлық қамтамасыз етуді жақсарту;
- ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың келешекте мамандықты меңгеруде техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру деңгейіндегі оқуын жалғастыру үшін жағдай жасау;
- ерте диагностикалау және балаларды ерте жастан түзету-педагогикалық қолдаудың тәсілдері мен әдістерін әзірлеу;
- инклюзивті және арнайы білім беру саласында қолданбалы ғылыми зерттеу жүргізу;
- арнайы қажеттілігі бар мектепке дейінгі жастағы балалардың инклюзивті білім беруге тең қол жетімділігін қамтамасыз ету механизмін әзірлеу;
- арнайы педагогика бойынша білікті кадрлар даярлау;
- оқыту сапасына мониторинг жүргізу, кіріктірілген балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- инклюзивті білім беруде кәсіптендіруге бағыттаумен білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастыққа қол жеткізу.

Жалпы білім беретін мектептердегі инклюзивті үдерісті сүйемелдеу дегеніміз инклюзивті тәжірибені жүзеге асыратын әр түрлі ұйымдардың пәнаралық өзара әрекеттестігінің көпдеңгейлі бір-біріне бағынышты жүйе болып табылады. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық жұмысты кең мағынада қарастыру керек, себебі, міндетті түрде оның адресаты тек балалар ғана емес, педагогтар, ата-аналар және олармен байланысатын басқа да ересектер болады.

Инклюзивті мектептерде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру – бұл, ең алдымен, даму мүмкіндігі шектеулі балалардың актуалды жағдайы және жақын даму перспективалары тұрғысынан баланың психологиялық-педагогикалық статусын жүйелі түрде қадағалау, балаларды нәтижелі оқыту мен дамыту, нақты бір баланың оқыту, сөйлесу психикалық күйінің проблемаларын шешу үшін әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасау. Сонымен қатар, жалпы білім беретін үдерісте даму мүмкіндігі шектеулі балаларды нәтижелі педагогикалық қолдау, оларды қоғамда әлеуметтендіру білім беру үдерісіне қатысушылардың, ең алдымен, мектеп мұғалімдерінің даму мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыс істеуге қажетті білім мен құзыреттілік болған жағдайда ғана жүзеге асады.

Жалпы білім беретін үдерісте даму мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеу барысында әр түрлі мамандар мен мектеп мұғалімдерінің өзара әрекеттестігінің спецификасы болып білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың мұғалім-дефектологтың жетекшілігімен өзара тығыз әрекеттесуі және білім беру, тәрбиелеу мен түзету міндеттерін бірігіп шешу болып табылады.

Қазақстан Республикасы халықаралық қоғамдастықтың мүшесі бола отырып, халықаралық Конвенциялар мен Декларациялардың негіз қалаушы принциптерін толық қолдайды: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Мүгедектердің құқықтары туралы декларация, Ақыл-есі кем адамдардың құқықтары туралы декларация, Бала құқықтары туралы Конвенция, Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін стандартты ережелер.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адам құқықтары саласындағы негізгі халықаралық құжаттарда елдегі барлық балалардың білім алуға тең құқықтар қағидаты көзделеді.

Балалардың білім алуға құқықтарының кепілі Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында бекітілген [4].

Бағдарламада барлық балаларды, соның ішінде дамуында мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру кеңістігіне қосудың қажетті нормативтік-құқықтық негіздерін құруға ықпал ететін іс-шаралар анықталған.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық базасы мынадай бас постулатқа негізделген: барлық білім алушылар үшін олардың тұратын жері бойынша білім беру ортасын білім алушының жеке-дара ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуін қамтамасыз ететін педагогикалық тәсілдеме негізінде тең білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (II бөлім) Қазақстан дамуының Жаңа кезеңіндегі біздің ішкі және сыртқы саясатымыздың аса маңызды 30 бағыты белгіленген «Қазақстан-2030 стратегиясы» (Астана, 2007 жылғы 28 ақпан) <http://online.zakon.kz/>

2. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. №1118 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. –Астана: Ақорда, 2010 жылғы 7 желтоқсан. www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/
3. Қазақстан Республикасында 2015-2020 жылдарға арналған инклюзивті білім беру жүйесін дамыту бойынша іс-шаралар кешені Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілді (19.12.2014 жылғы № 534) <http://online.zakon.kz/>
4. ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы (16.11.2015 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).<http://online.zakon.kz/>

ПРОЗАДАҒЫ ЖАН-ЖАНУАРЛАР БЕЙНЕСІНІҢ СИМВОЛИКАСЫ

*Айдарова Гулжан Кенжекейовна
аға оқытушы, магистр
Aidarova_1969@mail.ru*

*Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В статье рассматривается символическое значение животного мира в художественной прозе. Анализируется рассказы Г.Мусрепова «Жизненный поход» и «Песня о соколе».

Ключевые слова: Проза, изображение, персонаж, миф, тема.

Annotation. This article reveals the symbolic meaning of animal world in poetic prose. G.Musrepov's stories «Kyran zhyru» and «Omir zhorygu».

Keywords: Prose, picture, character, myth, theme.

Ғабит Мүсіреповтің символикалық сарындағы әңгімелерінде күрескерлік романтикасы лирикалық әуенмен өрнектеледі. Символикалық сарындағы сондай туындылардың бірі – «Қыран жыры». Анималистік символиканы көркемдік тәсілде пайдалану әлемдік әдебиетте бар үрдіс. Бұл жерде Джек Лондонның «Ақ азу», Л.Толстойдың «Холостомер», сол сияқты А.Чеховтың көптеген туындыларын, М.Горькийдің «Сұңқар жырын» мысал етуге болады. Ұлттық әдебиетімізде М.Әуезовтің «Көксерегі» бірегей мысал.

Жалпы, жан-жануарлар әлемінің көркем әдебиетке тақырып болуы мифтік сана негізінде туындаған антропоморфизмді еске түсіреді. «Антропоморфизм-адамда болатын қасиеттерді затта, табиғат құбылысында, хайуанатта бар деп түсінетін түсінік». «Антропоморфизм-адам қасиеттерінің табиғат құбылыстарына, жануарлар мен өсімдіктерге, құдайларға тіленуі. Басқа да ежелгі халықтар сияқты гректер де құдайларды ерекше күшке ие мызғымас көсемдер түрінде елестетті. Құдайлар ішеді, жейді, ұйықтайды, ұрлайды, жанжалдасады, соғысады, оларды ренжітуге болады, олар адамға тән сезімдерді бастан кешіреді. Құдайлардың адамдардан айырмашылығы-олардың мәңгі өлмейтіндігі» [4,23]. Антропоморфтік образдар поэтикалық суреттеулер барысында анимализммен біте қайнасты. «Анимализм жан-жануарлардың өзінің табиғи шеңберінде бейнелеуі» [8,95],-деп жазады орыс әдебиеттанушысы М.Энштейн. Әдебиеттегі жан-жануарлар бейнесі-өзінің табиғаты жағынан гуманистік сана-сезімнің жемісі. Бұл сөзімізге жоғарыда өзіміз атап өткен шығармалар дәлел бола алады.

Ғ.Мүсіреповтің «Қыран жыры» новелласында төрт қыран туралы сөз болады. Сол төрт қыранның мінез сипаттары әр түрлі адамдардың баламасы болғандай әсер қалдырады. Былайша айтқанда, символдық ауыстырулар түріндегі бейнелер. Мұндағы Сарбалақ-айрықша қайраттылық, ерекше мінездің иесі болып суреттеледі. Бір отбасының тауқыметін көріп отырған сарбалақ көзі ана қыранға түседі. Екінші қыран-тасқара да ана қыранға қарайлаған. «Тасқарада тәсіл көп сияқты. Орайы келсе-ақ жабыса кеткелі жүр. Бірақ, тәкаппар ұя басар жақындатар емес». [5,271]. Сарбалақ төртінші қыранмен жолығады. Ол-қарт қыран

«-Қанат қағысында мін жоқ, неге шеттеп жүрсің, ақсақал?

-Өкшелес буын, ойнына, бойыңа қараймын. Өзім ұшып жете алмаған биікті сендерге тілеймін.

Қыран мылжың болмасқа керек. Екі қыран бұл ойларын айтыспай ұғынысты...» [5,272]

Осы кезде сайыста жүрген Тасқара мақтанам деп бір қатерге ұрынып қалады. Ол кәрі бүркітке қыр көрсетеді. Кәрі қыран найзаларын тоса береді. Анау тайқып кетеді. Тасқара сөйтіп Ұябасар алғаш рет абыройдан осылай айырылады.

Өйткені аналық мырзалық, кеңдік, шыдамдылықты ұнатады. Ұябасар Тасқараны тастап кетті. Тасқара мінезі мен әрекеті қырандыққа жат. Енді Ұябасарға Сарбалақ қатарласқан. Екі қыран үлкен бір қарағайға жайғасады. Екеуінің арасындағы жауаптасу былайша өрбейді

«-Осыған ұя салсақ қайтеді?

-Менің ұяны сізбен бірге саларымды қайдан білдіңіз?

-Оны ертең көреміз де

-Қойыңызшы, қызық екенсіз...» [5,273]

Қырандар мінезін іс әрекеті мен жауаптасулары арқылы көрсете отырып, жазушы қанаттылар мекені болған биіктікті естен шығармайды. Бірақ, сол биіктікке лайықтысы да, лайықсызы да бар екені ескертіледі. Әртүрлі мінезге ие адамдар сияқты қырандар да әр қилы. Қырандарға ауыстырылған адами болмыспен мінез сипаттары арқылы автор адамшылық пен ізгілікті кесектік пен мәрттікті ишаралайды. Тасқара арқылы ұнамсыз мінез бен қылық тұспалданған.

«Кейін қаланған Тасқара да жетіпті. Күндізгі есек дәме үміті есінде екен. Ұябасарға жақын қонбақ еді, ол бір иығын қозғап қалды» сасқалақтаған Тасқара биігірек бұтаққа қонақтайды: «Жоғарырақ отырып алған соң аруақтанып кеткендей. Шен беріп, биік тұғырға отырғызсаң, қандай орынға болса да ұялмай-ақ отыра кететін сияқты, жараса кетемін деп ойлауы да мүмкін...» [5,273].

Тасқара мінезі осы қылығымен де айқындала түскен. Ал, данагөй ақсақал бейнесі көз алдымызға келетін кәрі қыранның қонақтауының өзі мәнді суретке бай: «Қарағай бастарын желімен жайқап кәрі қыран да келді. Оның жастарда не жұмысы бар, оңаша қонақтап жатыр. Белбеуін шешініп, тымағын сілкіп, күйбендеген қарт адам сияқты, оралымы азайған ауыр дене бірнеше бұтақты сындырып барып әрең тыншықты...» [5,273].

Тасқара мінезін ашуда автор тағы да бірнеше суреттеулерге орын берген. Соның бірі-Сарбалақтан таяқ жеуі. «Тәсілқой Тасқара жақыннан орап, табан астынан тап берді. Бірақ, тырнаққа тырнақ ілігер жерге келгенде тайқып кетті. Төмен сүңгиді, бұрылып кетеді. Ұябасардың тасасына қарай ұмтылады. Ойында қандай тәсіл қолдансаң да айып емес. Бірақ бар тәсілің бас сауға болса, оны қыран

көп көтермейді. Сарбалақ ызалана бастады. Тасқара тағы бір жақындай беріп, тайқып кеткенде, қанаттарын қиғаштай беріп, оң иығымен соғып кетті. Үстінен соқты. Иығы темірдей екен. Тасқара сол жақ қанатым үзіліп кетті ме деп қалды. Енді көтерілер шама жоқ, құлай төмендеп, әлдеқада төмпе үстінде суыр жеп отырған шал қыранның қасына кеп қонды» [5,274].

Ек қыран екі түрлі мінез. Нағыз қыран Сарбалақ пен табансыз Тасқара арқылы жазушы екі түрлі адамды сипаттағандай. Қырандар самғар биікке жазушылық қиялмен көз жебере отырып, сол әлемнің өзіне тән қыры мен сырын жердегі адам баласы өмірімен қатарластыра бейнелеу суреттеулер жүйесін түзген қаламгер шеберлігі символдары орнымен қолдана білуінен анық көрінген

Анималистік образдарды арқау еткен тағы бір туынды - «Өмір жорығы». Бұл новелла кейіпкері-балық. Алдыңғы новеллаға мекені көк аспан болған қырандар кейіпкер болса, бұл новеллаға су әлемінің тұрғындары арқау болған. «Күміс қылыштай жарқылдап, найзағайдай ағып келе жатқан атабалық-Көкқасқа осылай бір жүйткітін кезең таянып қалғанын бірталайдан бері сезінген еді» [5,259], - деген жолдардан басталады бұл новелла. Осы Көкқасқа айналасында өтіп жатқан теңіз тұңғиығындағы балықтар өмірін суреттеуде де жазушы терең мәнді символикаға сүйенген. Су астындағы балықтардың күнделікті тіршілігі поэтикалық өрнектермен бедерленіп, сол тірліктен өзгеше қалыптағы, яғни уылдырық төгіп, ұрпақ көбейту халіндегі Көкқасқа көңіл күйі суреттеу нысанына алынған. «Екі күн, екі түн тынбай жасалынған жорық әр жылда келіп, ұрық шашар өзеніне бұрылғанда таң жаңа ғана белдеулеп келе жатыр еді. Алда келе жатқан Көкқасқа атылып аспанға шығып, шолп етіп, қайта суға түсіп, ойнақтап кетті. Кейде орғып ортаға кіріп, әлі қатарды бұзбай келе жатқан аналықтарға:

Жеттік, тоқтаймыз, шаруаға кірісе беріңдер! - дегісі келгендей, көш тәрттібін өзі бұзып жіберді: жалғыз ол емес, енді барлық ата балықтар атылып-оршып су бетін астан-кестен етіп жүр.» [5,264].

«Қыран жыры» новелласында қырандардың балапандарын баулуы, биік кеңістікке ұшырауы шабытпен бейнеленсе, «Өмір жорығы» новелласында балықтардың уылдырық төгіп, ұрпақ өрбітуі суреттелген. Екі новеллада да ұрпақ мәселесі қозғалған. Адамзат өмірінің ең маңызды мәселесі-ұрпақ жалғастығы болса, осы мәселені көркемдік кеңістікте табиғаттағы құстар мен балықтар тіршілігі негізінде бейнелей отырып, қаламгер қазақ прозасында жаңа ізденіс арнасына түрен салған. «Өмір жорығы «Қыран жыры» әңгімелері терең ойлы сөз шеберінің қолынан шыққан бөлек туындылар. Бұлар барлық адамзат атаулыға ортақ ізгі мақсат-ұрпақтар сабақтастығын түйіндеп берген терең мағыналы символикалық кемел шығармалар. Бастан аяқ салихалы ойға, философиялық толғаныстарға негізделген бұл әңгімелердің кім-кімге де берер ғибратты тағылымы, эстетикалық нәрі мол. «Мәңгілік өмірді лайықты түрде жалғастыру үшін табанды күреске, жалынды жігерге баулитын өршіл, өміршең идея-аталған шығармалардың зергерлікпен өрілген негізгі арқауы.

М.Әуезовтің «Көксерегі», С.Сейфулиннің «Қызыл аты» сияқты шығармаларындағы символикалық көркемдік дәстүрді өзіндік өрнекпен, суреткерлік айқын қолтаңбамен жалғастыра отырып, жаңа биікке шығарған «Өмір жорығы», «Қыран жыры» қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының классикалық үлгілері болып табылды» [7,10], - деп жазады әдебиет зерттеушісі Ә.Нарымбетов.

О.Бөкей шығармаларындағы антропоморфтік бейнелер туралы сөз қозғасақ, алдымен тұтастай табиғаттың жанды кейіпкерге айналуын, содан соң <<Кербұғы>>, <<Бура>> әңгімелерін ауызға аламыз. Антропоморфтік түсінік мифтік сананың бірінші сатысына тән. <<Ең көне мифтерде жанды-жансыз табиғаттың бірлігі, адам мен табиғаттың теңдігі туралы түсініктер айқын көрініс береді. Осы ұғымдардың нәтижесінде адам өзін қоршаған табиғаттан, жан-жануардан бөлмейді>> [4, 171]. Адам мен табиғат арасындағы теңдік заңы әр түрлі мифтік түсініктерге негіз болғаны анық. О.Бөкей шығармаларында табиғат пен адам арасындағы қайшылықтар адамзатты қасіретке, рухани құлдырауға апаратыны поэтикалық тілмен көрсетіліп отырады. Адамды өзі алшақтап кеткен табиғатқа жақындату мәселесіне жазушы мифтік сана тұрғысынан келеді. Табиғат стихиясы және табиғи заңдылықтар, табиғат перзенттерінің хал-ахуалы дейтін мәселенің өзі жазушы шығармаларының өзекті тақырыбына айналған.

Ұлттық прозамызда аңдар мен құстар, жан-жануарлар әлеміне тереңдей еніп, сол негізде қоғамдық әлеуметтік, адамгершілік мәселелерді көтерген туындылар көптеп саналады. Солардың барлығына бірдей тоқталмай, кейінгі тәуелсіздік жылдары осы дәстүр қалай жалғасын тапты деген мәселеге тоқталып көрелік.

Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетімізде алдыңғы буын дәстүрі кең көлемде тың ізденістермен мольғып, жалғасын тапты. Көп жылғы бойғы көркем әдебиетке күштеп таңылған социалистік реализм әдісінен қол үзген жаңа буын әдебиеті жаңа өріс іздей бастады. Сол ізденістер нәтижесінде тың сипатты туындылар дүниеге келді.

Жан-жануарлар әлемі арқылы гуманистік идеяны көтеру қазіргі прозаның өзекті мәселелерінің біріне айналғаны анық. Адам мен табиғат бірлігі мен қарама-қайшылығы бірқатар шығармаларға арқау болып, өзекті мәселеге айналды. Қазіргі прозада өзіндік ізденісімен танылып жүрген жазушы Асқар Алтайдың <<Алтайдың алқызыл модағайы>> роман-мифінің кейіпкерлері Ұлар атты аңшы жігіт пен Бұлабике атты ару және Айқоңыр ныспалы аю. Оқиға осы үшеуінің айналасында өрбиді. [2, 5-214]. Романның символикалық астары терең. Оқиға Бұлабикені әкетпек болған Айқоңырдан қызды Ұлар аңшының арашалап қалуынан басталды. Роман соңында трагедиялы тағдырға тап болған Бұлабикеді, Ұлар аңшыда, Айқоңыр аю да мерт болады. Жазушының аюы аюша ойлап, аюша әрекет еткен. Хайуандық инстинкпен адамдар өміріне араласпақ болған Алтай аюының әрекетінен гөрі адамдардың әрекеті қатыгездік сипатымен ерекшеленген. Адамға қасірет әкелетін негізінен адамдардың өздері. Бұлабикені сұмдық қазаға қиған өз тумаластары. Бейігіне келіп, қыз мәйітін қорлаған Айқоңыр аюдан Ұлар екінші рет соңғы рет сүйіктісін арашалайды. Аю, да өзі де осы бейіт маңында мерт болады.

<<Алтай элегиясы>> туындысын автор повесть-притча деп атапты. Повестің негізгі оқиғасы бала қиялындағы қызыл бөлтірікке бағытталған [2, 215-270]. Бастан аяқ символдық бейнеулермен баяндалған оқиға желісінен табиғат пен адамзат арасындағы үндестік пен қайшылық сияқты аса күрделі философиялық пайым аңғарылып отырады. Қазіргі прозаның өзекті бір тақырыбына айналған хайуанаттар тағдырын арқау еткен шығармалардың бірі Роза Мұқанованың <<Сарықаншық>> әңгімесі. Әңгімеде <<бұралқы сарықаншық>> халі екінші жақта баяндалады. Сарықаншыққа қарата сөйлеген авторлық <<меннің>> иесі аяушылық сезімін

білдіреді. <<Адамның сұрауы бар- ит пен құста сұрау жоқ деп ойлаймыз ғой пенделер. Жан иесінің бірінің сұрауы барын ұмытамыз-ау кейде. Неге ұмытылады екен?>> [6, 9]. Бұралқы иттің ілмиген қалпы соншалықты аянышты. Бірақ ол адал. Адалдық пен имандылыққа немқұрайлы қараған бүгінгі тіршілікке рухани наразылықты автор Сарықаншық арқылы жеткізеді. Сарықаншықтың символдық ретінде алынған кейіпкер екеніне авторлық толғаныс барысында және әңгіме түйінінде көз жетеді. Қазіргі прозада жан жануарлар бейнесін нысан етудегі елеулі бір жаңалық- жартылай адам, жартылай хайуан бейнелердің туындауы.

Ежелгі мифтердегі Сфинкс, Кентавр сияқты зооантропоморфтік бейнелер көркемдік-идеялық мақсатта қазіргі көркем прозаға кейіпкер болуда. Мысалға Асқар Алтайдың <<Кентавр>>, Айгүл Кемелбаеваның <<Қоңырқаз>> әңгімелерін айтуға болады. Асқар Алтайдың кейіпкері жартылай адам, жартылай ат болып дүниеге келген бала [1, 57]. Есейе келе үйге сыймайды. Ашық аспан астында түнеуге мәжбүр. Балаларының бұл халі ата-анаға үлкен қасірет. Автор кентавр арқылы көне мен жаңаның тартысын, табиғат пен адамның бір-біріне алшақтауын тұспалдайды. А. Кемелбаеваның <<Қоңырқаз>> әңгімесіндегі кейіпкер де тосын. Тағдырдың жазуымен некесіз сәбиді өмірге әкелмек Қаршыға атты өнерлі қыз тағдыры күтпеген арнаға бет бұрды. Үлкен сахна жайлы арманын естен шығарып, тауда жалғыз қой бағып отырған аға жеңгесінің қасына келеді [3,3-4]. Тауға келген ол құс жұмыртқаларына ерекше құмартады. <<Көлдерге жаяу жалғыз кетіп қалатын Қаршығаның жабайы құс жұмыртқаларына өлердей құмартып, аяғы ауырлығына қарамай, жүзіп іздеп, жыл құстары толтырып тастаған ұяларды үптеп, жұмыртқа ұрлап жеп жүргені қойшы мен әйелінің үш ұйықтаса түстеріне кірмес еді >> [3, 4]. Өмірге келген қыз баланың арқасындағы болар болмас шеміршек төрт жасқа толғанда күлтеленген қанатқа айналады. Хорлан атын иемденген, нағашысы Қоңырқаз деп атаған қыз бала тағдыры тым ерекше болады. Ол да құстарды ереше жақсы көріп, саз балшықтан олардың мүсінін жасайды. Жыл құстары келіп жатқан жазғытұрым ол тауға рұқсатсыз қашып кетеді. Өйткені бар аңсары құстарға ауған. Бір күні зәбір көрген баланы қорғамақ болып ұмтылғанда арқасындағы қос қанат жайылып, баланы биікке алып ұшады. Әлсіреп, суға жығылған қыз енді адами түйсіктен мүлде ажырап, құстар дүниесіне еніп кетеді. Қоңырқазды бірнеше аққу көтеріп алып, ұшып кетеді [3, 15].

Әңгіме астында рухани еркіндікке, рухани бастауға деген сағыныш пен аңсар жатқаны айқын. Құс пен адам тағдырын бір бойына сыйдыра туған Хорлан қыз жазушы қиялы тудырған символдық бейне. Кеңістікке құмар құс сипатты рухтың тұспалды символдық бейнесі болып Қоңырқаз –Хорлан алынған. Көркемдік ізденіс көкжиегін кеңейткен Кентавр мен Қоңырқаз- жаңа тұрпатты символикалық бейнелер. Көне аңыздар мен мифтердің мазмұнын құрайтын адам мене табиғаттың бірлігі, тепе- теңдігі көркемдік ойлау жүйесінде түрлі символдық мәнге ие поэтикалық бейнелердің туындауына әкелгеніне бұл әңгімелер мысал бол алады.

Әдебиет

1. Айтмұхамбетова Ж. Миф дүниесі және көркемдік әлеми. Қарағанды: Арко, 2004.-110 б.
2. Алтай А. Алтай новелласы.-Алматы: Өлке, 2001.- 292 б.
3. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996.-336 б.

4. Мифологический словарь.- М., 1990.
5. Мүсірепов Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. I том.- Алматы: Жазушы, 1992.-400б.
6. Мұқанова Р. Құдірет Кие.- Алматы: Сөздік- Словарь, 2002 320 б.
7. Нарымбетов Ә. Көркем сөздің зергері. Кітапта: Мүсірепов Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. I том.- Алматы: Жазушы, 1992.- 400 б.

С.АМАНЖОЛОВТЫҢ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫН, ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖАЗУДАҒЫ ОРНЫ

Ауезова Шынар Сериковна
аға оқытушы,
педагогикалық ғылымдар магистрі,
АрқМПИ
Арқалық қаласы
auezova_shynar@mail.ru

Аннотация: В данной статье рассматривается практика написания учебных программ и учебников для школ ученого, лингвиста С.Аманжолова, проводится системный анализ его работы «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы», всесторонне рассматриваются основные вопросы синтаксиса, формирование предложения, связь речи с синтаксисом, говорение, мышление и другие вопросы казахского языка.

Ключевые слова: учебник, учебные пособия, учебные программы, грамматика казахского языка, синтаксис.

Annotation. This article considers writing practice of the linguist and scientist S.Amanzholov on the short course of kazakh syntax, basic problems of syntax and the formation of parts of speech. Speaking and thinking are also analyzed in this article.

Keywords. text books, teaching aids, curriculum, grammar of the Kazakh language, syntax.

С.Аманжоловтың ғылыми шығармашылық жолы, оның республикадағы тұңғыш оқу орны – Абай атындағы Қазақ педагогика институтындағы ұстаздық қызметімен байланысты.

Профессор С.Аманжолов – ғылымда құлашын кең сермеген, шығармашылығы жан-жақты адам. Оның негізгі ғылыми-педагогикалық мұрасына көз салсақ, оның бір-бірімен сабақтасып жатқан негізгі екі саладан тұратынын көреміз: бірінші, мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері үшін жазған оқулық, оқу құралдары; екінші, қазақ тіл білімінің ғылыми-практикалық мәселелеріне арналған еңбектері.

С.Аманжоловтың ҚазПИ-де істей бастаған жылдары қазақ тіл білімінің әлі сәби кезеңі еді. Сондықтан оқулық жазуда болсын, студенттерге дәріс беруде болсын, тыңнан жол салып, толассыз зерттеу, ғылыми ізденіс аясында өмір сүрді. Сөйтіп, 1932 жылы ІҮ класқа арналған «Қазақ тілі грамматикасы», 1933-34 жылдары ҮІ-ҮІІІ кластарға арналған қазақ тілінің программасы мен

оқулығын, 1938 жылы «Қазақ тілі грамматикасының» I-бөлімін (фонетика, морфология) орталау, орта мектептердің 5-6 класына арналған оқу құралын жазды. Мұның өзі 1938 жылы бірінші, 1939 жылы екінші, 1940 жылы үшінші рет басылып шықты. Қазақ тілі грамматикасының II бөлімі – синтаксисті жазды. Орталау, орта мектептердің 6-7 класына оқу құралы 1939 жылы бірінші рет басылып шықты. Осы оқулық 1939 жылдан күні бүгінге дейін V-IX кластардың оқулығы ретінде үздіксіз пайдаланылып келеді. Сөйтіп, С.Аманжолов жазған оқулықтар қазақ ұлты жас өспірімдерінің сауатын ашып, білім беруге, ана тілін сүйеге баулуда 60 жылдан астам уақыт бойы үзбей қызмет етіп келеді.

С.Аманжолов Абай атындағы Қазақ педагогика институтында істеген жылдары жоғары оқу орнына арналған қазақ тілінің бағдарламасы да, оқулығы да жоқ еді. Сол себепті ол студенттерге дәріс оқи жүріп, қазақ тілінің жоғары мектепке арналған ғылыми курсына жасауға кірісті. Алдымен қазіргі қазақ тілінің жоғары оқу орнына арналған бағдарламасын жасап, қазақ тілінен берілетін білімнің көлемі мен мазмұнын анықтауға тырысты. Бұл бағдарлама кейін толықтырылып бірнеше рет жарық көрді.

С.Аманжолов 1940 жылы жазған «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы» 1950 жылдардың орта тұсына дейін жоғары оқу орны студенттері үшін басылып шыққан бірден бір оқу құралы. Оқулық жалпы бөлім, жай сөйлем, құрмалас сөйлемнен тұратын бұл еңбекте синтаксистің негізгі мәселелері толық қамтылған.

Профессор С.Аманжолов қазақ тіліндегі құрмалас сөйлем синтаксисін зерттеуге көп еңбек сіңірді. Құрмаластың құрылымдық, мағыналық табиғатын зерттей отырып, салалас пен сабақтас сөйлемдерді ажыратудың басты принципі олардың баяндауыш тұлғасына байланысты екенін, мысалы, көсемшеге аяқталған тиянақсыз тұлғалардың салаласқа жататындығын дәлелдеді. Құрмалас сөйлемге қатысты бұрын белгісіз кейбір жәйттерді анықтады. Мысалы, аралас құрмаласты құрмалас сөйлемнің бір түрі ретінде алғаш ғылымға енгізген С.Аманжолов.

Оның қазақ тілінде тиянақты басыңқысыз сабақтас құрмалас болатыны туралы пікірі де ой саларлық. Сөйтіп, С.Аманжолов қазақ тілінің ғылыми синтаксисінің қалыптасуына үлкен үлес қосты [1, 6-7 б.].

Ғалым өзінің еңбектерінде жалпы тіл білімінің теориялық мәселелерін де жан-жақты зерттеп, ғылыми тұжырымдар жасады. Мәселен, тіл білімі тарихында сөйлемге берілген әр түрлі бағыттағы анықтамалар, сөйлем мүшелерінің жаратылысы, сөйлеудің синтаксиске қарым-қатынасы, сөйлеу мен ойлаудың арасындағы қарым-қатынас, т.б. мәселелерін жүйелі түрде талдап, өзіндік тұжырымдар жасады.

Отызыншы жылдардың аяғына дейін профессор С.Аманжолов ғылымда үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, танымал болды. Солардың бір бөлігі – қазақ тіл білімінің синтаксис саласын зерттеуге арналған. Нақтырақ айтқанда, ғалымның синтаксис мәселелерімен айналысуы, тәжірибелер жасап, ғылыми ізденулері 1931 жылдан бастау алғаны байқалады. Оның алғашқы көлемді еңбегі 1931 жылы Ташкент қаласынан «Шала сауатты мен үлкендерге арналған арналған әліппе» және «Үшінші класқа арналған оқу кітабы» деген атпен басылып шықты.

1932 жылы «Қазақстан» баспасынан «Төрт жылдық тіл кітабы», «Қазақ тілінің грамматикасы» (1934 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағатында сақтаулы), 1938, 1939 жылдары «Қазақ тілінің грамматикасы» (I-II бөлімдер), «Сөйлем мүшелерін топтастыру мәселелері», «Септік жалғауларының қызметі» (1936 жыл) еңбектері қазақ тілінің ғылыми қорына қосылды.

1. XX ғасырдың 1930 жылдарының басында С.Аманжолов қазақ мектептерін дамыту мәселесін көтерді. Ол 1932, 1933, 1938, 1939 жылдары орта мектепке арналған бағдарламаларын жариялады. Бағдарламада тілге қатысты көптеген өзекті мәселелер қамтылды. Олардың қатарында тіл және ұлт мәселесі, қазақ тілінің тарихи дамуы, қазақ тілінің фонетикасы мен орфографиясы, қазақ грамматикасы мен лексикасы бар [2].

2. Ғалымның 1954 жылы тамыз айында ҚСССР-і ОК КПК хатшылары П.К.Понамаренко мен Л.И.Брежневке жолдаған «Қазақстандағы тілдік жағдай» атты өтінішінде былай делінген: «ҚСССР ағарту министрлігі таяуда орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту тоқтатылсын деген шешім қабылдады. Аталмыш шешім компартияның ұлттық саясатынан бастау алады деп өз басым есептеймін. Ол қазақ және орыс халықтарының көзқарасына ұлттар достығы принципіне қайшы, қазақ тілінің республикадағы мемлекеттік тілдің маңыздылығын төмендетеді деп есептеймін» [3, 24 б.].

Бұл өтініш жолдау – 1954 жылы Қазақстанда пайда болған қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін жоғалта бастаған тұсын көрсететін тарихи құжат. С.Аманжолов жолдауда көптеген статистикалық деректерді келтіре отырып, сол кезде қазақ тілінің мемлекеттік дәрежеде болуына қарамастан, халінің мүшкіл екенін көрсетеді. 1953-1954 оқу жылында қазақ мектептерін бітіруші 7 - сынып оқушыларына арналған емтиханның алынып тасталуы кездейсоқ жағдай емес. Қазақстанның астанасында (Алматы қаласы) тек екі қазақ мектебі болса, оның сол кезде біреуі ғана қалған. Бұл туралы С.Аманжолов Қазақстанның коммунистік партиясының орталық комитетіндегі жағдайды өзінің өтініш жолдауында ашық айтады: «Қазақ тілін көзге ілмеу Қазақстан коммунистік партиясының орталық комитетінде қолдау тауып отырғаны бізге белгілі болды. ОК бұрынғы хатшысы М.Сужиков бірде баспа жұмысшыларына шығармаларды, соның ішінде классиктердің еңбектерін қазақ тіліне аударуды тоқтатуды талап етуі бекер емес. Ол аз болғандай, кейбір жауапты қызметкерлермен сұхбаттасқанда, олардың балаларын қазақ мектептеріне беруге қарсы екені белгілі болды, бұны олар балаларының жоғары оқу орындарына түсе алмайды деген сылтаумен түсіндіреді. Егер бұл жолдастармен келісетін болсақ, енді біраз жылдан соң ана тілінде сөйлейтін сауатты қазақты тауып алуымыз қиынға соғады, олай болса, тек қазақ тілінің дамуы ғана емес, қазақ әдебиетінің, өнерінің яғни бүкіл қазақ ұлттық мәдениетінің дамуы тоқтатылады. Ғалым бұл көтеріп отырған мәселе 1954 жылдың шілде, тамыз айларында болған жағдайды айғақтап қана қоймай, 1950 жылдан бастап Қазақстан қоғамында құлдырай бастаған қазақ тілінің жағдайын, соның негізінде орыстандыру саясатының қарқынды бастағанынан хабар береді. Бұның негізгі себебі ретінде ғалым: «Орыс мектептеріндегі қазақ тілінің нашар оқытылуы нашар кадрлардың себебінен екенін көптеген жұмысшылар біледі. Ешбір курстарда, ешбір педагогикалық институттарда, еш университетте орыс мектептеріндегі қазақ тілінің

мұғалімі қазірге дейін даярланбайды. Қазақ тілінің мұғалімі ретінде кез келген сауатты қазақ тағайындалады. Толыққанды қазақша оқулық болған жоқ. Осыдан Минпростың бұл мәселені кеңінен талқылаудан бас тартып, мектептерде қазақ тілін алып тастауға асығуы түсінікті болып шығады». Өтініш жолдауында С.Аманжолов көтерген мәселелер қоғамдағы ұлтаралық татулық, ұлт мәдениетінің дамуы, елдегі демократия мәселелерімен жалғасады: «Қазақ тілінің орыс мектептерінде, орыс тілінің қазақ мектептерінде оқытылуы балаларымызға интернационалдық тәрбие беруде маңызы зор. Тек кеңестік құрылыстың жаулары мен кәнігі шовинистерге ғана біздің партия мен Кеңес үкіметінің шовинизмінің тамырына балта шауып, кеңес халықтарының достығын нығайтуға бағытталған шаралары ұнамайды» [3, 212-214 б.].

Ғалым 50 – жылдары тіл және тілдік құрылым мәселесі бойынша тым өткір тақырыпқа арнап бірнеше мақала жазып, өз пікірін жұртшылықтың ортасына салды. С.Аманжолов еңбектерінде қазақ тілінің көптеген мәселелері көтерілді. Әсіресе синтаксиске қатысты ой-пікірлері тереңдігімен таң қалдырады. Оның бастылары мыналар: а) сөйлем – тіл ғылымының синтаксис саласын зерттеуде ең басты объекті болып табылады; ә) сөйлем – күрделі, көп қырлы құбылыс. Сөйлемді зерттеу тарихында пайда болған түрлі пікірлер мен тұжырымдар, бағыттар мен мектептер оның осы сипаттарынан туындайды;

б) сөйлемнің көп қырлы тұтастық екендігін осы мәселені арнай зерттеуге арналған кейінгі зерттеу еңбектері дәлелдейді.

Осы аталған тұжырымдар түркологияға да, соның ішінде қазақ тілі синтаксисін зерттеуге де елеулі дәрежеде әсерін тигізіп, олардың ғылыми деңгейде дамуына көмектесті.

Мұның өзі сөйлемнің соншалықты күрделі қыры мен сыры мол тілдік құбылыс екендігін танытса, екінші жағынан әлі де болса шешімін таппаған даулы мәселелері жеткілікті тұтастық екенін байқатса керек.

Тіл білімінде сөйлемдер әр түрлі тұрғыдан қарастырылды да, осыған орай, оларға түрлі классификация жасалады. Жоғарыда атап өткен ғалымдарымыздың пікірін негізге алған С.Аманжолов А.А.Шахматовты, Н.А.Богородицкийді сынға ала отырып сөйлемге мынадай анықтама береді: Сөйлем дегеніміз – кейде ұзын ойдың бір бөлшегін, кейде қысқа ойдың бүтінін құрайтын сөздер тобы [4, 156.].

Ал Б.Шалабай былай дейді: «Қазақ тілінің синтаксисі ғылыми негізде 30-жылдардың аяғынан бастап зерттеліп келеді. Оның көш басында тұрып, өлшеусіз еңбек сіңірген ғалымдардың бірі – С.Аманжолов. Солардың ішінде шоқтығы биік тұрғаны, әрине, «Қазақ әдеби тілінің қысқаша курсы», - деп баға бере отырып, І. Жалпы бөлім, II. Арнаулы бөлімдерін талдайды [5, 276.].

Сөз тіркесінің байланысу формаларының берілуінде әртүрлі алшақтықты көруге болады. С.Аманжолов, Н.Сауранбаевтар мектеп грамматикасында сөз тіркесін қиысу, меңгеру, қабысу және жанасу деп берсе, 1950 жылдардан кейін оған матасуды енгізгені белгілі. Сөйтіп авторлар сөз тіркесінің байланысу формаларына қарай меңгеру, матасу, қиысу, қабысу және жанасу деп беске бөліп береді. Осы пікірді Н.Сауранбаев, Т.Қордабаев, Р.Әміров, Ш.Әуелбаев, Ғ.Әбуханов, К.Е.Қабиева т.б. қолдайды.

Бірінші бөлімнің синтаксис ғылымының методологиялық, теориялық негізін құрайтындығына, ондағы пікірлер синтаксис ілімінің өзіне дейінгі жетістіктеріне негізделіп жазылғандығын сараптаған Б.Шалабай: «С.Аманжолов сөйлемді ең басты синтаксистік категория ретінде мойындайды ойлау сияқты сөйлем де тарихи дамып отырған категория деп түсіндіреді», - деп С.Аманжоловтың өз пікірімен дәлелдейді. Аталған мақалада С.Аманжолов зерттеулеріне тән басты ерекшеліктер атап көрсетіледі.

Ғалым синтаксистегі ең басты категория – сөйлемнің мәнін айқындауды мақсат етіп қояды. Осыған байланысты С.Аманжолов ілімінде коммуникативтік синтаксис теориясының ұшқындары, алғашқы белгілері бар екенін байқауға болады. Ол неден көрінеді?

Біріншіден, сөйлеу /речь/ туралы айтқандарынан және сөйлемді контекст арқылы анықтауға тырысуынан байқауға болады. Әрине, бұл жерде ғалымның контекст туралы арнайы сөзі жоқ. Дегенмен, ол жөніндегі пікірлері талдауларынан көрініп тұрады [6,27-32б.].

Сөз тіркесі туралы арнайы еңбек жазған М.Балақаев олардың байланысу формаларына қарай 1949 жылғы мектеп грамматикасында беске бөліп берсе, ал жоғары оқу орындарына арналған оқулығында қиысу, меңгеру, матасу, және қабысу деп төртке бөледі де, соңғы байланыс формасының бір түрі деп жанасуды атаумен шектеледі. Ал Ә.Нұрмақанова, А.Әбілқаев және «Қазақ тілі энциклопедиясының» авторлары төртке бөліп, жанасуды ескермейді. Сөйтіп сөз тіркесінің байланысу формалары сан жағынан да, атаулары жағынан да әр түрлі беріліп жүр. Бұл байланысу формаларының ішінде жасалуы және аталуы жағынан таласқа түсіп жүргені – жанаса байланысу формасы. Жанасу мектеп грамматикаларында арнайы түрде берілсе, ал жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда, біріншіден, еленбейді, екіншіден, ол қабысудың алшақ түрі деумен ғана шектеледі. Екіншіден мектеп грамматикаларында жанасудың жасалу жолдары туралы да бірізділік жоқ. Жанасудың жасалу жолдары С.Аманжолов, Н.Сауранбаев 1939 жылғы мектеп грамматикасында былай берілген:

- а) үстеу мен етістік – кеше келді,
- ә) көсемшелі сөз бен етістік – оқып келді.

б) шылаулы сөз бен етістік – оқу үшін келдім, сабақтан кейін барды, саған бола аялдадық [7, 30 б.].

1940 жылы «Қазақ тілінің ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы» деген еңбегінде жанасуды бергенде негізінде осы пікірді қайталай келе, оған адам сияқты сөйлейді деген модаль сөз қатысқан сөздер тобын жанасу деп біледі» [7, 86 б.].

Бұл мәселе 1980 жылғы мектеп грамматикасының басылымында біраз өзгеріске түскенін көруге болады. Онда авторлар жанасудың *үстеу, көсемше, сан есім* мен мезгіл өлшемін білдіретін *секунд, минут, сағат, ай, жыл* сөздерінің тіркесінен, *сілтеу есімдігі мен түні, күні, жылы* деген зат есімдердің тіркесінен болады деп көрсеткен.

М.Балақаев «*Кеше мен де жиналыста болдым, асықпай сұраққа жауап бердім*» деген сөйлемдегі үстеу мен көсемшенің етістікпен тіркесін ғана жанасуға жатқызады. Автор жанасудың қабысудан негізгі айырмашылығы ретінде сөздердің өзі қатысты сөздермен орын тәртібін басшылыққа алады. Бірақ осы

принципті қолдағанымен, автордың қабысу мен жанасуға берілген мысалдары араласып жатады. Мысалы: автор «тез кел» дегенді қабысуға жатқызса, ал «кеше мен де жиналыста болдым» дегенді жанасу дей келіп, бір ғана үстеудің іргелес тұрып байланысуын қабысуға, ал алшак тұрып байланысуын жанасуға жатқызады [8, 10 б.] Х. Арғынов жанасуға қимыл сын үстеулерінен басқа үстеулерінен басқа үстеулер негізгі сөзбен шылау сөздердің тіркесіп, пысықтауыштық қатынаста жұмсалуды ғана жатқызады. *Биыл да совет елі зор табысқа жетті, коммунизмге қарай ілгері жылжыды* деген сөйлемдердегі асты сызылған сөздер мен сөздер тобын жанасу деп біледі [9, 111 б.].

«Ғылыми синтаксисте» бұрынғы грамматикада айтылмаған соны пікірлер теориялық тұрғыдан тұжырымдалған. Мұнда грамматикалық бастауыштардан басқа логикалық бастауыштардың болатындығы түсіндіріліп, ондай бастауыштардың жақсыз сөйлемдерге тән екендігі көрсетілген.

Бастауыштың зат есімнен болатынына тоқталып, мысалдармен дәлелдеген. Сын есімдердің бастауыш болуы заттануға байланысты екенін көрсетіп, субстантивтендіруге кейде көптік жалғауларының да әсері болатыны айтылған. Сондай-ақ, етістіктерден жасалатын есімдердің бастауыш болатынына, оның ішінде қимыл атауларына жүйелі талдау жасалған.

Сонымен қатар автор негізгі сөйлем мүшелерінің бірі – баяндауыштың жаратылысына ерекше мән берген. Оның тиянақты, тұрақты болуын атқаратын қызметіне байланысты екенін сипаттап, басқа да сөйлем мүшелерімен байланысын, жасалу жолдарын көрсеткен. Ілік септігімен (ашық, жасырын) тіркесте тұрған зат есімдердің күрделі баяндауыш болатынын, сын есімдерден жасалған баяндауыштардың сындық қасиетін сақтайтынын, кейде деректілік мағынада қолданылатынын дәлелдейді. Бұған қоса автор барлық есімдердің жасалу жолдары мен шығу тарихынан мағлұмат беріп отырған. Есімдердің баяндалу себептерін айқындап, олардың жіктік формасын қабылдап та, қабылдамай да баяндауыш қызметінде келе беретінін түсіндірген.

Тіл білімінің білгірі, белгілі ғалым, ұлы тұлға С.Аманжоловтың ғылыми мұралары тіл тарихында өз құндылығымен бағаланады. Оның еңбектерінде көптеген талас пікірлер дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан жүйеленді. Бұл болашақтағы зерттеу жұмыстарына жаңа бағыт беріп, оның жан-жақты зерттелуіне ықпал жасады. Ғалымның салған жолы бүгінде өз жалғастығын тауып, әр қырынан дамытылуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аманжолов С. Орта мектептің V-VI-VII кластарына арналған қазақ тілі программасы. - Алматы: Қаз. мем. баспасы, 22 б.
2. ҚРПМ 708 – қор, 456-іс,
3. ҚРПМ 708 - қор, 139-іс, 385, 1-т, 869-іс, 212-214.
4. Оразалин С. Тағылымы мол мұра қалдырған ғалым. - Өскемен. // Дидар газеті. 2003.- 27 желтоқсан.
5. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.
6. Шалабай Б. С.Аманжоловтың ғылыми синтаксис теориясы бойынша көзқарастары. // Профессор С.Аманжолов және қазақ тілінің мәселелері. – Алматы, 1997. – 27 б.

7. Аманжолов С., Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. II бөлім. Орталау және орта мектептерге арналған. - Алматы, Қаз.Мем. Баспасы, 1939. 30 б.
8. Балақаев М. Қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис. Жеті жылдық мектеп пен орта мектептің VI-VII кластарына арналған оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1949. – 180 б.
- а. Арғынов Х. Жай сөйлем синтаксисінің методикасы. – Алматы: 1967. 180 б.

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕПТЕРДЕ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Елеусов Баубек Аймаханұлы
Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

*Мырзалиева Жүзікжамал Бекенқызы
Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның математика пәнінің мұғалімі*

*Еркенова Гулнар Бахытовна
Родина жалпы орта білім беретін мектебінің
математика пәнінің мұғалімі*

Аннотация: Бұл мақалада ШЖМ де білім берудің жаңа әдіс - тәсілдерімен инновациялық технологияларды пайдалану тәсілдерінің тиімді жолдары қарастырылады.

Кілт сөз: Білім, инновация, шағын жинақталған мектеп

Abstract: This article discusses how effective ways of using innovative technologies with new methods of education in small schools.

Keyword: Education, Innovation, small school

Қазақтың кемел дарын, таңғажайып, талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген

Қазіргі таңда республикамыздың түпкір-түпкірінде орналасқан шағын елді-мекендердегі мектептердің басым көпшілігі – шағын жинақты мектептер. Мұндай мектептер саны тәуелсіздік алған жылдардан кейін жыл сайын өсіп келе жатқаны белгілі. Себебі ауыл халқының тіршілік қамымен қалаға қоныс аударуы көбейген сайын, елді-мекендерде тұрғындардың саны азаюымен, оқушы саны да кеміп келе жатыр.

Шағын жинақты бастауыш мектеп дегеніміз балалардың саны аз, оқу - тәрбие процесін ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі бар, біріктірілген сыныптардан тұратын жалпы білім беретін мектепті айтамыз. ШЖМ - ке мынадай анықтама беріледі: «шағын жинақталған мектеп - сынып - жинақтамалары аралас және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар, оқушылар саны шағын жалпы білім беретін мектеп».

Қазіргі таңда шағын жинақты мектеп:

- біріктірілген сыныптармен;
- біріктірілген сыныптармен және толық емес сыныппен жұмыс жасайды.

ШЖМ мұғалімінің алдындағы негізгі педагогикалық мақсаты - бағдарлама мен мектеп белгіленген жоспарды орындап шығу. ШЖМ – нің оқу - тәрбие үрдісінің бірнеше өзіндік ерекшеліктері бар:

- біріншіден, сабақтың ерекшеліктері: бірнеше сыныппен бір уақытта жұмыс істеу сабақтың құрлысын анықтауды, оқушы мен мұғалімнің дұрыс ұйымдастыруды қажет етеді, өзіндік жұмысты мұғалім әр сынып сайын міндетті түрде ұйымдастырып отыруы тиіс;

- сабақтың екінші ерекшелігі - тікелей мұғалімнің басшылығымен атқарылатын жұмыстың оқушының өздік жұмысымен алмастырыла жүргізілуі;

Осы екі ерекшелік - ШЖМ - нің негізгі мектептен келесі ерекшелігін туғызады:

- бір сыныптың өздік жұмысына бөлінген уақыты, мұғалімнің басшылығымен жұмыс істеп отырған келесі сыныпқа бөлінген уақытқа байланысты;

- екіншіден, 3 - 4 сынып қатар оқытылғандықтан, сабақ кестесін, сабақ жоспарын дұрыс жасау, оқушылардың өздері орындайтын жұмыстарын шебер ұйымдастыру, сабақ уақытын дұрыс, тиімді пайдалану қажет.

Шағын жинақты мектептің үш түрі болады, олар:

- 1) Бастауыш шағын жинақты мектеп;
- 2) Негізгі шағын жинақты мектеп;
- 3) Орта шағын жинақты мектеп.

Білім беру мекемесінің бұлай ерекшеленуінің басты критерийі – ондағы оқушы санының аздығы, ал қалған ерекшеліктер осы критерий негізінде туындайды.

- мұғалімнің зейіні екі немесе одан да артық сынып оқушыларына бөлініп отырады, себебі бір сабақтың үстінде мұғалім әр түрлі жастағы, ой-өрісі мен білім дәрежесі әр түрлі оқушылармен жұмыс жүргізеді, сондықтан ол балалардың психологиясын жақсы білуі тиіс;

- мұғалім әрбір сыныппен сабақтың белгілі бір бөлігінде ғана жұмыс жасауға мүмкіндігі бар, ал қалған уақытта тек оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастыруға, оны басқаруға ғана жұмсалады, сол үшін мұғалім сабақ барысында ұйымдастырылатын өздік жұмыстардың мазмұнын, көлемін, оларды орындау әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, оқушылардың білім деңгейіне, жас ерекшеліктеріне, орындау жылдамдықтарына қарай лайықтап, орындау уақытын белгілеп, оны тиянақты пайдалануды ойластыруы қажет. Өз бетімен жұмысты орындау әрбір оқушыға түсінікті болуы керек және де көрнекі құралдар, карточка, перфокарта, дидактикалық материалдар саны барлық балаларға жететіндей болуын қадағалау керек;

ШЖМ - нің бірнеше өзіне тән тиімді жақтары да бар:

- балалардың саны аз, сондықтан мұғалім әрбір оқушыны, оның қызығушылығын артыруына, отбасын тез, жақсы тануына көп мүмкіндік бар;

- дәптер тексеруге, жеке - дара өздік жұмысқа арналған жаттығулар іріктеуге аз уақыт жұмсалады;

- оқушылардың тәртіп бұзушылығы аз болады;

- оқушылар бірінші сыныптан бастап, өз бетімен жұмысқа бейімделеді;
- әрбір баланың білім деңгейлерін анықтап, олардың білім, білік, дағдыларының деңгейлерін көтеруге мүмкіндік мол;
- Бұндай мектеп мұғалімі пәнаралық байланысты жүзеге асыруға, кеңінен қолдануға тырысады.

ШЖМ-тің жоғарыда келтірілген артықшылықтарымен қоса, кемшіліктері, кері жақтары да бар:

- әр жастағы оқушылар ұжымын бір сыныпта оқыту;
- әдістемелік және техникалық базаның қамтамасыз етілмеуі;
- сабаққа дайындалуда оқытушы шектен тыс жүктеме орындайды;
- мұғалім әрбір сыныппен сабақтың белгілі бір бөлігінде ғана жұмыс жасауға мүмкіндігі бар, ал қалған уақытта тек оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастыруға, оны басқаруға ғана жұмсалады;
- өзіндік жұмысты орындау барысында оқушылар мұғалім тарапынан жеткілікті мөлшерде көмек ала алмайды;
- оқушылардың өздік жұмысы басқа сынып оқушыларының шуылы, кедергі жасауы барысында жүргізіледі, мұның өзі оқушының тапсырманы түсіне отырып орындауына кері әсер етеді;
- ШЖМ оқушылары көпке дейін өз ойын ашық айтуға, қандай да бір мәселені ауызша талдауға, өзгенің талдауын, талқылауын, ойын тыңдаудан кенде, кейін қалады;

Шағын комплектілі мектептегі қиындықтарды жеңу жолдары:

- *сабақ оқу бағдарламасына сәйкес жоспарлануы,
- *бірнеше сыныптың материалы бір тақырыптық жүйеге ыңғайластырылуы;
- *көрнекі, дидактикалық құралдар алдын ала дайындалуы;
- *сабақ тақырыбындағы өзара байланыс халықтық педагогикаға негізделуі керек.

Егемен еліміздің парасатты азаматын қалыптастыруда шағын жинақталған мектебінің де қосар үлесі мол. Өркениетті елдер деңгейіндегі білім беру, ойлауы қаблетті, рухани байлығы жоғары, мәдениетті, бүгінгі күн талабына сай іскерлігі мен біліктілігі жоғары деңгейдегі азаматты тәрбиелеу мұғалімдердің басты мақсаты болып табылады.

Шағын жинақталған мектептің беделін көтеру, педагог мамандары бүгінгі өмірге бейімді және жаңа талапқа сай деңгейде даярлау, сонымен бірге мұндай мектептің жұмысын жақсарту, оқу-тәрбие сапасын көтеру-әлеуметтік-экономикалық әрі педагогикалық мәселе болып табылады.

Оқушылардың сапалы білім алуына мұғалімдердің білімділік және кәсіби шеберлігін қажет етеді. Үлгілі ұстаз ғана қабілетті, жан-жақты шәкірт тәрбиелей алады. Шәкіртті қарапайым бала деп емес, жеке тұлға ретінде дамыту қажет.

Шағын жинақталған мектептер негізінен келешегі бұлыңғыр, қазіргі таңда бала санына ғана байланысты ауыл мектептері екені белгілі. Осыған дейін де, қазір де ауылдың шағын мектептері оқу-тәрбие үрдісін іске асыруда күрделі мәселелерге, қиыншылықтарға тап болып отырғаны ешкімге де кұпия емес. Әсіресе оқу үрдісіне байланысты шешілмеген, ғылыми жүйелендірілмеген мәселелер толып жатыр. Атап айтсақ, оқу бағдарламасын қазіргі заман талаптарына сай іске асыру.

Алдымен шағын жинақталған мектептердің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталайық:

- Бала санының аздығына байланысты жастары сәйкес емес екі түрлі сынып біріктіріледі
- Мұғалім 45 минут берілген бір сабақта екі түрлі сыныпқа екі түрлі тақырыпты қамтитын дәріс беруі керек
- Сабақтың құрылымы өзгертіледі

Аталмыш мәселелер оқушылардың білімді қабылдауына біршама нұқсан келтіреді. Олай деуімнің себебі бар:

Біріншіден, жас ерекшеліктеріне байланысты оқушылардың даму ерекшеліктері, мінез-құлықтарының қалыптасу мерзімі ескерілмейді. Бір сыныптың оқушылары өте белсенді, өздігінен жұмыс жасаулары қиындық тудыратын болса, келесі сыныптың оқушылары тым селсоқ, немесе ұяң. Мұндай балалар белгілі бір уақыт аралығында үнемі жеке жұмысты қажет етеді. Кейде жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде түрлі сауалдармен кедергі келтіруі мүмкін.

Екіншіден, назары ауып, көңілдерінің бөлінуі. Бір сынып бөлмесінде отырғандықтан, жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде өзіндік тапсырма алып, жұмыс жасап отырған басқа сынып оқушысының еріксіз көңілі бөлініп, назары басқаға ауады. Мұғалім тақта алдында, бар сыныптың назарын өзіне аударатындай қалыпта дауыстап жаңа тақырыптың мазмұнын ашу кезінде қайтіп сыныпта отырған балалардың назары аумайды? Нәтижесінде бала ойын жүйеге келтіре алмай қиналуы мүмкін.

Үшіншіден, үлгерімі төмен оқушылар мұғалім назарынан тыс қалуы ықтимал. Өйткені екі түрлі сыныпқа, екі түрлі тақырып бойынша сабақ беріп тұрған мұғалімнің уақыты шектеулі, ол үй жұмысын тексеріп, оқушының өткен тақырып бойынша нені ұғып, нені ұқпағанын біліп, көмек көрсетіп, жаңа тақырып түсіндіріп, бекіту жұмыстарын өткізіп, бағалап, үй жұмысын түсіндіріп үлгеруі керек емес пе!

Төртіншіден, психологиялық, эмоционалдық қиыншылық. Бір сабаққа біріктірілген екі сыныпта бір үйдің екі баласы оқуы мүмкін. Мұндай жағдайда балалардың бірі психологиялық күйзеліске түсу қаупі бар: нашар оқитын бауырының кемшіліктері, қателері үшін ұялып, үнемі қорқыныш үстінде отыруы мүмкін. Мұндай жағдайда бала өзге түгіл өзінің не оқып, не қойғанын білмей қалары сөзсіз.

Бесіншіден, әртүрлі жастағы екі түрлі сынып-кешендерде жеке пәндерді оқытудың арнайы әдістемесі жоқ және сынып-кешендерде жұмыс істей алатын педагогикалық мамандардың сандық-сапалық тұрғыдан қамтамасыз етілмеген. [1].

Оқушы саны аз сыныптарда сабақ берудің жақсы жақтары да баршылық:

- 1) Оқушы саны аз сыныптағы әрбір оқушы, оның сабақтағы іс-әрекеті мұғалім назарында болады
- 2) Әр оқушының дара ерекшеліктері, танымдық қызығушылығы есепке алынады.
- 3) Жеке тапсырма беруге, тексеруге уақыт жеткілікті
- 4) Даму деңгейін бақылап отыруға мүмкіндіктер молаяды.

- 5) Жаңа педагогикалық технологияларды ебін тауып қолдануға болады.
- 6) Әр оқушымен, қабілетті, үлгерімі төмен оқушымен жеке жұмыстар жүргізу мүмкіндігі;
- 7) Оқушы тұлға ретінде өзін көрсете алады. Біздер, мұғалімдер үшін әңгімелесу кәсібіміздің басты құралы болып саналғандықтан, оны пайдалану мүмкіндігі мол. [2].

Шағын мектеп мұғалімінің сабақ дайындалу кезінде мұғалім әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырма дайындайды, дәптерлерін тексеруге уақыт аз кетеді. Сонымен қатар оқушылардың сабақтағы белсенділігі артады, ал сабақта белсенділік танытатындардың есте сақтау қабілеті артады, білімді орнықты меңгереді, танымы кеңейеді, шығармашылығы артады. Әрине, шағын жинақталған мектепте әр пәнді оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар, яғни оңтайлы жағы да, қиындығы да бар.

Осы орайда пәнін оқытудың ерекшеліктеріне тоқталмақпын. Алдымен екі тілде сабақ беру кезіндегі оқушылардың ұлттық ерекшелігіне тоқталайын. Орыс тілді сынып оқушыларының сабақта өздерін еркін ұстап, сабақта белсенділік танытады, ал қазақ тілді сынып оқушыларының ұлттымызға тән ұяңдық басым, көбіне ашылып сөйлей алмайтыны байқалады. Одан кейін қос тілді параллель сыныптарды математикадан кей сабақтарда біріктіріліп өткізіледі. Тақырып бір, яғни екі сыныпқа бір тақырып бойынша сабақ беруге дайындаласың. Сонымен, қос тілдегі екі параллель сыныпқа сабақ берудің тиімді ерекшеліктері:

- 1) Сабақты жоспарлаудың ыңғайлылығы. Қазақ және орыс тілінде сабақтың тақырыбы мен мақсаты бір, үй тапсырмасын тексеру әдісін де бірдей қолдануға болады. Жалпы сабақтың кезеңдері бір.
- 2) Қос тілді меңгеруге (қазақ тілді балалардың орыс тілін, орыс тілді балалардың мемлекеттік тілді) қосымша мүмкіндіктің пайда болуы.
- 3) Оқушылардың танымдық белсенділіктері артады. Өздігінен білім алу жағдайында, қосымша материалдар іздеген уақытта тіл білімінен қиналмайды. Аудармашылық қабілет қалыптасады.
- 4) Пәнаралық байланыс іске асады: қазақ тілі-орыс тілі-математика-т.б.
- 5) Екі сынып болғандықтан бала саны аз да болса артып, педагогикалық әдіс-тәсілдерді, кейбір жаңа педтехнологияны қолдануға, топпен жұмыс жасауға, деңгейлік тапсырмалар беруге мүмкіндік туады.
- 6) Оқытуда практикалық мәселеге көп көңіл бөлінеді.

Осындай сабақтардың нәтижесінде шәкірттер пәнді екі тілде меңгереді, ұяң оқушылар ысылады, жеке оқушылардың өзіндік намысы оянады.

Әдетте шағын жинақталған мектептің сыныптарындағы бала саны 5-6, көп болса, 9-10 бала болады. Екі сыныптағы тақырыптар сәйкес келмейді, өйткені жылдан-жылға өтілетін тақырыптар тереңдетіліп, өзгертіліп отырылады. Мұнда тек өзіндік жұмыс, есеп шығару, қайталау, бақылау сабақтары сәйкес келеді.

Біріктіріп оқытып жатқан сыныптарда оқушы саны аз болса да мемлекеттік стандартқа сәйкес оқу бағдарламасын орындап, оқытудың тиімді инновациялық технологияларын пайдалану шағын жинақталған мектептің мұғалімінің құзырында. Мұғалім таңдаған оқытудың әдіс-тәсілдері алдымен оқушы үшін тиімді болуы керек.

Мұндай сабақтардың нәтижесінде екі сыныптың да тек жақсы нәтижеге жететіні айқындалды:

1) Бәсекеге деген қабілеттіліктің қалыптасуы;

2) Екі тілде де еркін жауап бере алу дағдысының қалыптасуы;

3) Орыс тілді оқушылардың мемлекеттік тілге деген ықыласының артуы;

Әрине, екі тілде сабақ беру мұғалімнің шығармашылығы мен педагогикалық шеберлігіне тікелей байланысты екенін естен шығармауымыз жөн [3].

Сөзімді қорыта келе, шағын жинақталған ауыл мектептерінде біріктіре оқыту тұлғаның жан-жақты қабілеттерін: фантазиялық еркіндігін, зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдысын қалыптастырып, шығармашылығын дамытады.

Дегенмен, жоғарыдағы сабақтардың ең тиімдісі оқушылар саны аз болсын, көп болсын әр сыныптағы сабақты жеке өткізгеннен тиімдісі жоқ дер едім. Шын мәніндегі оқу сапасына қол жеткізу үшін алдымен ұстаз уақытын, үкімет қаржыны, ал оқушы күш-жігерін, ынта-ықыласын аямауы керек деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асқарбаев А., Храпченко Г.М. Мектептердегі оқытудың мазмұны мен әдістері. Алматы. «Мектеп», 1981
2. Концевая Л.А. Использование учебника в самостоятельной работе школьника. (Проблемы школьного ученика. (Сборник)). Вып. 2.- М.: Просвещение, 1974-66-77с
3. Құлмағанбетова Б. «Аз комплектілі мектепте сабақты ұйымдастыру». Алматы. «Мектеп,» 1976

ЕМДІК ГИМНАСТИКАНЫҢ МЕХАНИЗМІ

Бейсенбаев Сундетбай Куандыкович
п.ғ.м., аға оқытушы

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан

Сармантаев Аян Сапарович
п.ғ.м., аға оқытушы

Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды, Қазақстан

Алкеев Данияр Жансылыкович
Дене шынықтыру және спорт мамандығының 4-курс студенті
Арқалық, Қазақстан
Atoni_09@mail.ru

Аннотация: В Древней Греции Гиппократ считал упражнения как средство ускорения физиологических процессов, подчеркивая их оздоровительное и восстановительное значение. Римский врач рекомендовал

заниматься определенными видами спорта и гимнастикой при ожирении, общей слабости, нарушении движения суставов. Ибн Сина подчеркнула важность осознания физическими упражнениями для сохранения здоровья в "правилах врачебной науки".

Ключевые слова: врач, гимнастика, физические упражнения.

Annotation: In Ancient Greece, Hippocrates believed exercise as a means of accelerating physiological processes, emphasizing their health and recovery value. The Roman doctor recommended to be engaged in certain sports and gymnastics at obesity, the General weakness, violation of movement of joints. Ibn Sina stressed the importance of awareness of physical exercises to maintain health in the "rules of medical science".

Keyword: Doctor, gymnastic, physical exercise.

Емдеу және қалыпқа келтіру мақсатындағы сақтандыру дене шынықтыруының құралдар кешенін пайдалану жолымен емдеу әдісі ретінде ауруханалар, емханалар, шипажайлар, жүйесінде кеңінен қолданылады. Емдеу дене шынықтыруы (бұдан әрі ЕДШ) оташылдық, дәрі-дәрмекпен емдеу секілді негізгі әдістердің қосымша емдеу шаралары есебінде қарастыру керек, ол медициналық қалыпқа келтіру әдістерінің бәрі болып табылады. ЕДШ-ның негізгі құралдары - практикалық медицинада бұрыннан белгілі дене жаттығулары. Яғни, б.д.д. ертедегі Қытай медицинасында тыныс алу жаттығуларына басты назар аударылған медициналық гимнастикасы қолданылған және жазба деректері бізге жетіп отыр.

Ежелгі Грекияда Гиппократ жаттығуларды олардың сауықтыру және қалыпқа келтіру маңызын атап көрсете отырып физиологиялық процестерді жеделдетудің құралы деп есептеді. Римдік дәрігер Гален семіргенде, жалпы әлсіздікте, буындардың қозғалысы бұзылғанда спорттың белгілі бір түрлерімен шұғылдануды және гимнастиканы ұсынды. "Дәрігерлік ғылымның қағидаларында" Ибн Сина денсаулықты сақтау үшін дене жаттығуларымен шұғылданудың маңыздылығын атап көрсетті. Меркурали өзінің "Гимнастикалық өнер" ғақлиясында (1959) емдеу гимнастикасы саласындағы ежелгі және орта ғасырлық авторлардың зерттеулерін талдап, жинақтады. ТИССО "Медициналық және хирургиялық гимнастика" деген кітабында (1780) дене жаттығуларына үлкен маңыз беріп, "Қозғалыс әр-түрлі дәрмектің орнын жиі алмастыра алады, бірақ бірде-бір дәрі қозғалысты алмастыра алмайды" деген қағиданы ұсынды. Түрліше аурулар мен жарақаттарда ЕДШ-ның әдістерін қолданудың тиімділігі, ол адамның физиологиясы үшін табиғи және ең қолайлы болатындығымен түсіндіріледі. ЕДШ әдістерінің маңызды ерекшелігі - науқастың өзінің емдеу-қалыпқа келтіру процесіне белсенді түрде қатысуы сондықтан да ЕДШ құралдарын белгілегенде дәрігер оның дене белсенділігінің дәрежесін дәл анықтауы тиіс.

ЕДШ-да ағзаның негізгі биологиялық қызметі қимыл-қозғалыс кең қолданылады, дене жаттығулары қимылдың ұйымдастырылған түрі есебінде пайдаланылады. Науқастарды емдеуді ұйымдастыруда қимыл-қозғалыспен тыныштық жағдайда болу бір-біріне қарама-қайшы келмей, бір-бірін

толықтырып отырады. ЕДШ-на тән әдіс - науқасты дене жаттығуларының көмегімен жаттықтыру, ол жалпы және арнайы жаттығу деп бөлінеді. ЕДШ-ның негізгі құралдары - дене жаттығулары, олар гимнастикалық, спорттық-қолданбалы (жүру, жүгіру, жузу, есу, шаңғымен жүру және т.б.), қозғалыс және спорттық ойындарға бөлінеді. Сондай-ақ ЕДШ-да еңбек ету сипатындағы жаттығуларда пайдаланылады. Дене жаттығуларымен шұғылданғанда күн, ауа, су секілді табиғи факторларды пайдалану олардың тиімділігін арттырады және шынығуға жәрдемдеседі. ЕДШ-ды қолданудың түрлері емдік гимнастика, таңертеңгілік гимнастика, мөлшерленген жүріс пен серуендеу, терренкур, қатал мөл-шерленген түрдегі спорт жаттығуларымен шұғылдану, ойындар. ЕДШ-тың әрқайсысында жоғарыда көрсетілген қағидалар - жалпы және арнайы жаттығуды үйлестіру керек. Емдік гимнастика ЕДШ-ның негізгі түрі. Емдеу гимнастикасының жаттығулары сүйек бұлшық еттер және тыныс алу жүйесі үшін деп екі топқа бөлінеді. ЕДШ-да кинозогифтератия деп аталатын судағы дене жаттығулары ерекше орын алады. Мөлшерленген серуендер, таза ауада жүру науқастың жүйке психикалық аясына ерекше жағымды әсер етеді. Қимыл-қозғалыс кемшілігінің денеге әсер етпейтін жері жоқ. Аз қозғалыстың салдарынан жоғарғы реттеуші орталық, ішкі ағзарлар, шеткері орналасқан қан тамырлары, сүйек буындары т.б. көптеген өзгеріске ұшырайды. Адамның жұмысқа деген қабілеті төмендеп, өзін қоршаған ортаға бейімделу қасиеті кеміп, "тіршілік жүйесі" әлеуметтік және биологиялық құбылыстарға төтеп бере алмай қалады [1].

Гиподинамия (қимылдың кемдігі) ең алдымен ми қыртысын зақымдайды. Оның себебі, әрбір қимыл-қозғалыстан бастап, өте күрделі гимнастикалық жаттығуларға дейін, барлығы тек жоғары реттеуші орталықтың бақылаумен ғана орындалады. Сондықтан ми және бұлшық еттер, буындардың қимыл-қозғалысы бір-бірімен тығыз байланыста. Орталық нерв системасынан (ми қыртысынан) түскен «бұйрық» арқылы қатты, екпінді қозғауға не ақырын қимылдауға болады. Ал қозғалысқа түскен ет керісінше миға қарай нерв талшықтары арқылы орындалған жұмыстың "қорытындысын" жібергендей хабар береді. Сонымен жоғары нерв жүйесі бір жағынан бұлшық ет, буындардың, ішкі ағзарлардың қызметін қадағаласа (қан айналымы, өкпе, жүрек, бауыр, ішкі секреция бездерінің жұмыстарын) екінші жағынан, өзі осы мүшелердің толық ықпалында болады.

Денсаулықтың кепілі, адамның еңбекке деген қабілеті, қандай жаста болса да, дамылсыз соғып тұрған жүрекке байланысты. Барлық қимыл-қозғалыс денеде өтіп жатқан мындаған құбылыста тек сау жүректің арқасы. Жүрек бұлшық еті ретпен жиырылып-жазылып, қанды қолқа тамырға итеріп шығарады, ол ары қарай тарамдалып, кішкене тамыршалар арқылы бүкіл денені "жуып" шығады. Сол арқылы денедегі әрбір клетка, ең шеткері орналасқан жүйелер, оттегі, су, тұз т.б. қажетті заттармен қамтамасыз етіледі. Содан соң бұлшық ет босаңсыған шақта, керісінше көк тамыр арқылы көмірқышқылына және тағы басқа заттарға толық қан қайтадан жүрекке келеді. Қимылдың тапшылығы жүректің осылай өз ретімен жұмыс істеуіне кедергі келтіреді. Жүрек бұлшық еттерінің жиырылу күші кеміп, денеге тарайтын қанның

мөлшері төмендеп, қажетті қоректік заттарға тапшы болып қалады. Қимыл-қозғалысты аз мөлшерде қысқартқанның өзі денеге айтарлықтай өзгеріс тудырады. Мәселен, бұлшық еттің солуы, жүрек жиырылу күшінің кемуі, ішкі ағзалар қызметінің нашарлауы т.б. сияқты құбылыстар байқалады. "Сақтауға қажет бір асыл болса - алдымен жүрегінді сақта, өйткені өмір бастауы - сол жүрек" - деген ғалым У. Гарвей [2].

Қимылдың тапшылығынан басқа да толып жатқан сырқаттарды аңғаруға болады. Олар қазіргі кезде жиі кездесіп жүрген ғасыр ауруы деп аталатын остеохондроз. Ол омыртқа аралық шеміршектің мүжіліп тозуы, жұқаруы. Омыртқа аралық шеміршектің тозуына не себеп? Әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, қазіргі адамдардың тұрмыс-тіршілігінде айтарлықтай ерекшелік байқалды. Оларды шаршататын ерте ғасырлардағы сияқты қимыл-қозғалысты арттырып, күшпен атқарылатын дене еңбегі емес, ой еңбегі. Соның нәтижесінде денедегі ең көп ауырлық арқа және желке бұлшық еттеріне түседі. Үнемі қозғалмай бірқалыпты сіресіп отырғаннан аталған бұлшық еттер әлсеріп, зорланады. Бірте-бірте олар өзінің серпінділігінен айырылады. Сөйтіп, қысып ұстап тұрған омыртқалар негізгі күштен айырылып, бар салмақты өзіне алады. Одан әрі адам еш әрекет жасамай, сол отырған қалпын өзгертпесе, ауырлық омыртқа аралық шеміршекке түседі. Сөйтіп, олар біртіндеп ыдырай бастайды да жыртылады. Сол кезде омыртқалар бір-біріне тиіп қажалап, соның салдарынан омыртқаның қалыпты қимылы өзгеріске түседі. Кейде сол омыртқа аралық шеміршек сыртқа теуіп шығып кетеді (мұны медицина тілінде жарық (грыжа) дейді). Мұның өзі жұлыннан шыққан нерв талшықтарын мыжып, қан тамырларын зақымдап, адам зардап шегеді. Ал омыртқалардың өз орнынан ауысып кетуі жұлынғы тікелей әсер етеді. Жұлыннан шыққан нерв талшықтарының түбі жаншылған соң, айналасы бірден ісініп-қабанып кетеді. Қан айналымы тоқтап, жүйке-тамырлар жарақаттана бастайды. Ал осы "бүлінген" жерде омыртқалар өзінің серпінділік немесе амортизациялық қасиетін сақтау үшін, олардың тіреу міндетіне күш түседі. Соның салдарынан омыртқалардың жан-жағынан үшкір сүйектер өсіп шығады. Оның өзі омыртқалардың қиындыққа көңігуінен туған жағымды компенсаторлық (орын толтыру) қасиет деп түсінуге болады. Дегенмен ол үшкір сүйек (остеофиттер) омыртқалардың тұрақтылығын біршама қалыптастырғанмен, сыртқа тепкен шеміршек сияқты нерв талшықтары мен қан тамырларын ығыстырып тастайды. Содан барып аурудың әр түрлі белгілері байқалады. Омыртқа жотасының ішінде ең үлкен салмақ мойын және бел омыртқаларға түседі.

Қимыл-қозғалыстың тапшылығы тек ересек адамдар арасында кездеспей, жасөспірім, балалар арасында да байқалады. Өскелең организмге сыртқы күштің әр түрлі жағымсыз әсерінен омыртқа жотасы, аяқ, табан құрылысы, пішіні өзгеріп кетеді. Олар іштен туа және жүре пайда болған деп екіге бөлінеді. Аурудың жүре пайда болуы улануға, жаралануға, зат алмасудың бұзылуына, денеге инфекция енуіне, сол сияқты тұлға, қаңқа сүйектің қисаюы гиподинамияға тікелей байланысты. Дегенмен, бала денесінің өзгеруіне бірден-бір себеп әр түрлі әсерлердің бірден күш көрсетуі.

Ең жиі кездесетін кемтарлық - омыртқа жотасының қисаюуы. Әдетте ол табиғи төрт физиологиялық иіндерден тұрады. Оның екеуі - мойын мен бел тұстарының алға қарай ойысуы (лордоз), қалған екеуі - кеуде мен құйымшақ жотасының сыртқа тебуі (кифоз) [3]. Омыртқа жотасы 7 мойын, 12 арқа, 5 бел, 5 сегізкөз, 5 құйымшақ омыртқаларынан тұрады. Осылардың ішінде қозғалмай бір-бірімен тығыз байланысып қалған сегізкөз бен құйымшақ, ал басқалары үнемі қозғалыс үстінде. Жоғарыда айтылған ойыс пен дөңестің және омыртқа аралық шеміршектің нәтижесінде, омыртқа жотасының тепе-теңдік және серпімділік қасиеті сақталады.

Омыртқа жотасы адамның тірегі, ол қорғаныс, қимыл-қозғалыс үшін жаратылған. Анығырақ айтқанда, адамның иіліп, бүгілуіне қажетті негізгі өзегі. Дененің жоғарғы бөлігі бас, иық, қол, кеуде мен іш құрылысының салмағын төменгі бөлікке өткізіп тұрады. Сондықтан ол дененің әр бөлігінде әр түрлі қалыпта болады. Ал оның қорғаныс қызметі - өзегінің ішіндегі жұлынды сыртқы ортадан сақтауында. Өзінің майысқақ-икемділік қасиеті арқылы омыртқа, өмір үшін маңызы өте зор орталық нерв жүйесін (жұлынды) соқтығу мен қақтығудан сақтайды. Омыртқа жотасының ретті қызмет етуіне оны қоршаған бұлшық ет үлкен әсер етеді. Оқыста қимыл бірыңғай болып, бір жағына көп күш түссе, онда сол жақтағы бұлшық еттер қажып босаңсиды. Соның әсерінен жоғарыда көрсетілген кифоз және лордоз иірімдері өзгеріп кетеді. Омыртқа жотасын екі жаққа тартып тұрған бұлшық еттердің, күші бірдей болмаған соң, бір жағына қисайып кетеді. Міне, баланың кемтар болуы осыдан. Ата-ана оның алғашқы өзгерісін тіпті аңғармайды. Сөйтіп, баланың тұлғасындағы кінәратты есейе келе бір-ақ байқайды. Табан бұлшық етінің жетілмеуінен балаларда қазтабан ауруы да жиі кездеседі. Оның да адамға тигізер зияны айтарлықтай. Емдік гимнастика адам денесіне әсер еткенде күрделі құбылысқа сүйенеді. Ол - жоғары нерв жүйесі мен гуморальды (денедегі сұйық зат) реттеуші күштер және моторлы-висцералдық рефлексдер [4].

Негізінде емдік гимнастиканың, төрт механизмі бар: денені (сергіту), қоректендіру, орнын толтыру, бірыңғайлы немесе бұрыңғы қалпына келтіру. Бұлардың бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Әлдендіру механизмі арнайы тағайындалған жаттығулар нерв жүйесінде тежеу немесе қоздыру процестерін өзгерте отырып орталық күштің жұмысын реттейді. Мұның өзі оның басшылық қызметін арттырып, ішкі бездердің жұмысын жақсартады, зат алмасуын үдетеді. Бұл бұлшық еттер мен ішкі ағзалар арасындағы рефлексінің байланысынан туады. Үлкен бұлшық еттер неғұрлым көбірек қозғалса, әлдендіру әсері соғұрлым көбірек болады. Жаттығу мен айналысқан адамның көңіл-күйі көтеріліп науқастан құлан-таза жазылатынына сенім пайда болады. Ал сенім неге болса да тиімді әсер етеді. Сондықтан әрбір жаттығуды сеніммен, шын көңілмен жасаса, әркімнің де толық жазылуға мүмкіндігі мол. Қоректендіру механизмі буындардан жоғары нерв жүйесіне баратын сезімдер (проприоцептік импульс) вегетативтік нерв жүйесінің, ішкі құрылыстың қызметін өзгертеді. Ал буын қимылдарынан денедегі зат алмасуы, қышқылдану-тотығу, қайта түлеп қалпына келу процестері жүзеге асады. Жұмыс істеген бұлшық етте ұсақ қан тамырлары кеңейіп, оттегі көбейіп,

керексіз заттар көк тамырмен керісінше ағындап кетіп жатады. Қан айналымы үдеп, лимфа (ткань аралығындағы түссіз сұйық зат) айналымы жаңарады. Осының салдарынан дене қоректік затпен қамтамасыз етіліп, ауруға шалдыққан жер тез жазыла бастайды. Мәселен, сынған мүше жетіліп, қабынған организм басылып, тыртық болған тері бастапқы қалпына келе бастайды. Сөйтіп, қоректендіру механизмі денені семіп қалудан сақтайды.

Орнын толтыру механизмі дене тәрбиесі, әр түрлі жаттығулар аурудың салдарынан солып қалған мүшені, бұлшық еттерді қалпына келтіреді. Орнын толтыру механизмі рефлекторы механизмге байланысты. Жаттығулар екі (пар) мүшенің біреуі зақымданып қалған кезде екіншісін шыңдай отырып, барлық жүктелеген қызметін толық атқаруға мүмкіндік жасайды. Мәселен, екі бүйректің біреуі істен шықса, екінші бүйректің күшін жаттығулар арқылы арттырып, организмге ауырылық түспеуін бақылайды. Сол сияқты өкпе ауруларында, әсіресе туберкулездің (құрт ауруы) асқынған түрінде немесе рак болғанда бір өкпенің бөлігін, әйтпесе бір өкпені толығымен операция арқылы алып тастауға тура келеді. Сонда организмге қажетті оттегі қалған өкпе арқылы келеді. Бірақ оны толық меңгере алмауы мүмкін. Осы кезде дене шынықтыру жаттығулары көмекке келеді. Арнайы жаттығулар арқылы қалған өкпенің көлемін үлкейтіп, денеге қажетті оттегі мөлшерін толық жеткізуге мүмкіндік жасайды.

Орнын толтыру механизмі уақытша және тұрақты болып екіге бөлінеді. Біріншісі (уақытша) ауру басталған кезде болады да жазылған шақта жоқ болып кетеді. Ал екіншісі науқас адам бір мүшесінен айырылған кезде қолданылады. Мәселен, қолдың нерв жаракаттанғанда ол қимылдаудан, бір нәрсені ұстаудан қалады. Сол кезде нерв жүйесіне "жандандыру" өте қиын болғандықтан, қолдағы барлық бұлшық еттерді шынықтырады. Мұның өзі қолдың иілуіне, әр түрлі қимылдар жасауына көмектеседі. Міне, орнын толтыру механизмі деген осы. Қалайда науқастың организмін қалпына келтіру оған өз мүмкіндігін сезіндіру.

Бірыңғайлау немесе қалпына келтіру механизмі қандай науқастан болмасын құлан таза айығып кету әркімнің арманы. Бірақ анатомиялық құрылысы қалпына келгенмен, кейбір мүшелердің қызметі бірыңғай болмайды. Міне, осы функционалдық қасиетін деңгейіне келтіру үшін барлық аурудан кейін дене жаттығуларымен айналысу қажет. Тек сонда ғана, жоғарғы нерв жүйесінің басқару қызметінің басқа органдармен, буындармен ішкі ағздарлармен байланысы түзеледі. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Тек осындай байланыс қалпына келсе ғана, адам толық жазылады, ауруынан айығады деуге болады.

Жоғарыда айтылған емдік гимнастикасының механизмдері бір-бірімен тығыз байланыста. Солардың әсерінен емдік гимнастиканың бірнеше қыры мен сырын ашуға болады. Олар: біріншіден, бүкіл денеге әсер ететін өзгеше терапиялық қасиеті; екіншіден, аурудың асқыну процестеріне жол бермейтін патогендік қасиеті; үшіншіден, денедегі әр мүшенің қызметін, іс-әрекетін қатарға қосып, қалпына келтіретін функционалды қасиеті; төртіншіден, кемтар болған мүшеге сүйемелдеу, соған бейімделу, науқастың көңілін көтеру қасиеті; бесіншіден, емдік-педагогикалық қасиеті - ол ауру адамның алдына бір мақсат қойып, барлық ынта-жігерімен, сана-сезіммен жаттығуларды орындауында.

Осындай дене гимнастикасының жан-жақты әсерінен сырқат адам толығымен қатарға қосылады. Оның ой-өрісі, еңбекке қабілеті артып, өз мамандығын меңгеретін, әлеуметтік, экономикалық қажетке жарайтын бағалы қызметкер болуына мүмкіндік туады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ашмирин Б.А. Лечебная гимнастика. // Физическая культура, №4 2010 г.
2. Матвеев Л.П. Основы спортивных тренировок. – Москва: Пресс-бук, 1987 г.
3. Алдер Гарри. НЛП. Современные психотехнологии. - Санкт-Петербург: Питер, 2001г. - стр.18-34
4. Бирюков А.А., Кафаров К.А. Средства восстановления работоспособности спортсмена. – Москва: ФиС, 1979г. - стр.43-54

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНДЕ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Бейсенбек Гүлзат Айбекқызы

*БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті
Арқалық, Қазақстан*

*Қошанов Нұрсұлтан Бейсенбекұлы
п.ғ.м., аға оқытушы*

*БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан
knb.91.91@mail.ru*

Аннотация: Есть много особенностей физического воспитания. Здесь, в основном, следует подчеркнуть способности ученика. Тем не менее, адаптация и способности повышение интереса к спорту зависят от хорошо организованного урока. Поэтому для преподавателя важно сосредоточиться на эффективности новых инновационных технологий в теории и практики на уроках физической культуры и спорта.

Ключевое слово: Здоровая жизнь, инновационный подход, воспитание

Annotation: There are many features of physical education. Here, the student's abilities should be emphasized. However, adaptation and ability to increase interest in the sport depend on a well-organized lesson. Therefore, it is important for the teacher to focus on the effectiveness of new innovative technologies in theory and practice in the lessons of physical culture and sports.

Keywords: healthy life, innovative approach, education

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру

ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр. Еліміздің даму бағытын бекіткен «Қазақстан – 2030» бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызы бар мәселелермен тең дәрежеде екендігі баса көрсетілген. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады [5].

Оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:

I. Жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

II. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не?

Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. Біздіңше, адамның әлеуметтік-психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

- белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;

- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;

- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;

- қарым-қатынас және экологиялық мәдениетке жету;

- дұрыс жыныстық тәрбие алу;

- зиянды әдеттерден аулақ болу [45].

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл-ауқатының дамуына мұрындық болады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі күшін атап көрсетті. Оның бірі – жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы деген еді.

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың

тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет [17].

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Сол себептен оқытушы сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын. Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» –деген сұраққа:» Қимыл қозғалысты береді. Машықтандыру. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді.

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады [262].

Күтілетін нәтиже - дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы. Оқушы шығармашылығы, өзін-өзі басқаруы, құрметі, эстетикалық талғамы да артып келеді. Мысалға сабақты қызықты өткізу үшін мультимедиялық проектор арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отыруы керек. Кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп алып, бұл бөлімінде оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келу талабы қойылады. Оқушылардың бұл бөлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге машықтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды

Бұл ұлттық ойындар фестивалінің ұйымдастырылуы, тұсауы кесілуі ұлтымыз үшін үлкен жетістік деп білемін.

Ұлттық теле арнада салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтіп жатқан жаңашыл әдістегі бағдарламалардың желісінде «Намыс дода», «Толағай» «Асық ату» атты спорттық, ұлттық ойындар сайысын сынып аралық топтық сайыс түрінде өткізуге болады. Қазіргі таңда оқушылар арасында ұлттық және спорттық ойындардан жарыстар өткізіліп тұрылуы қажет, әсіресе «Асық ату» ойыны оқушылардың арасында қызығушылығын арттырып келеді. Себебі дене тәрбиесімен айналысатын адам өзін әрқашан сергек сезінеді. Ал сергек адамның өмірге көзқарасы ерекше. Спорт қайратты қажет етіп, өмірге құштарлықты арттырады.

Жоғарыда аталған ұлттық спорттық ойындардың өтілу нәтижесінде оқушының:

- Салт-дәстүрді құрметтеуі;
- Ұйымшылдығы, ізденімпаздығы;
- Намысқойлығы;
- Жүйке жүйесінің шынығуы;
- Ойлау қабілетінің дамуы;
- Білім алуға құштарлығы;

Ал деңгейлеп саралап оқыту технологиясын қолдануда қандай нәтижелерге қол жеткізуге болады? Сабақ барысында:

Алдымен оқушының «Не?» деген сұрағына: Сабақта шынайылық, оқыту бар екенін көрсету. Оқушының «Қашан?» деген сұрағына: Сабақтан кейін болатын жағдайды толық анықтатуға көз жеткізу қажет. Оқушының «Қайда?» деген сұрағына: Оқушының және оқытушының арасындағы серіктесін анықтап, нәтижеге қол жеткізу қажет [83].

Мысалға «Акробатикалық жаттығулар» атты сабақта алдымен оқушыларға өткен тақырыптарға байланысты сұрақтар бере отырып, бүгінгі жаңа сабақтың қандай тақырыпта өткелі тұрғанын ашып алуымыз керек. Сабақ барысында оқушыларға жеңілдетілген логикалық сұрақтар беріп, кейін күрделі сұрақтарды тапсырма бергеніз жөн. Сұрақтарға байланысты жауабын тапқан оқушы, сол жерде практикалық түрде орындап көрсетеді. Сабақ кезінде оқушының ішкі позициялық көз қарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады. Осы бағыттарда әрбір оқытушының оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет. Олар мыналар:

- Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу;

Осылай ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсам: «Кім шапшаң?», «Көңілді ойындар!», «Мен чемпион!», «Санамақ» сонымен қатар қозғалмалы ойындар және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру [26].

Сонымен, дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны орасаң болары хақ. Оқушылардың қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, асық ату, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда, алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуды керек. Сол арқылы ұжымдық зерттеуге қол жеткізуге болады, яғни оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуеті артады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан – 2030» стратегиясы. – 5с.
2. Г. Икіманова. Саулық пен сымбат. - Алматы: Қайнар, 1991. – 45с.
3. «Қазақстан мектебі» журналы, №4, 2006ж. – 17с.
4. Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. Ізденіс. 2009ж. №2(2) – 262с.
5. Е. Уақбаев. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. - Алматы: Санат, 2000ж - 83с.
6. «Мектептегі дене шынықтыру» журналы, № 2, 2012. - 26с.

ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ САНАСЫНДА САҚТАЛЫП, ОНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРІНЕ МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН БИЛЕР СОТЫ

*Бошыбаев Тұрғынбек Балғабайұлы
аға оқытушы, магистр*

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

*Сейткерей Ақнұр Мейрамбекқызы
«Құқық және экономика негіздері» мамандығының 4-курс
студенті*

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Аннотация: История рассказывает нам о наших предках, известных исторических личностях: биях которые внесли огромный вклад в развитие казахского народа и повлияли на исход будущего истории. Они веками стремились к единству, целостности и не уставали к этому призывать. Великая степь хранит в исторических памяти имена многих биев, прославившихся в разное время как судьи состязательных судебных и политических процессов, на арене защиты интересов рода и отечества.

Ключевые слова: бий, адат, хан, номады, суд биев.

Antototation: The story tells us about our ancestors, famous historical personalities: beys who made a huge contribution to the development of the Kazakh people and influenced the outcome of the future history. For centuries they have strived for unity, integrity, and never tired of calling for it. The Great Steppe keeps in its historical memory the names of many biys who became famous at various times as judges of adversarial judicial and political processes, in the arena of the protection of the interests of the clan and fatherland.

Keywords: biy, adat, khan, nomads, biy court.

Қазіргі тарихи кезеңде ұлттық саясатты қалыптастыруды жүзеге асыру үшін тарих тағылымынан сабақ алып, ұлттық мемлекетті қайта қалпына келтіру, ұлттық сананы қалыптастыру жолындағы қазақ қоғамындағы билер қызметін терең зерделеп, жетекші ойларын басшылыққа алу орынды.

Елбасымыз ата-бабаларымыздың батырлығына, даналығына бас ие отырып, өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бас-тайды. Мен халқымның тағылымы мол тарихымен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» деген еді [1].

Сондай-ақ, Елбасымыз «Тарих толқынында» атты кітабында: “Тарихи тек-тамырыңның тереңнен бастау алғанын танып-түсіну, ата-бабаның шапағаты мол шабытты істерін заңды мақтаныш ету, тоталитарлы кезеңнің зардап-тарынан арылу, сөйтіп тарихи сананы уақыт талабына сай қалпына келтіру ұлттық тұтастануға тегеурінді серпін беруге тиіс... Тарихтағы өз орныңды білу, бабаларыңды ру төмпешігінің деңгейінде емес, жалпыұлттық өреде мақтан тұту, ұлан-байтақ Евразия тарихында ұлы істерге ұйтқы болған қазақтар мен олардың бабаларының өзіндік орнын танып-түсіну, ұлттық қадір-қасиетінді қорлайтын жаттанды жалалардан арылу, міне, ұлттық тұтастыққа кепіл болатын бүгінгі күннің ең қуатты тетіктері осылар!”-деп жазды [2].

Қазақ КСР кезеңінде 1972-1978 жылдар аралығында жарық көрген Қазақ совет энциклопедиясының 12-томдығында жазылған би жөніндегі анық-тамаға тоқталсақ: «Би - әлеуметтік категория ретінде қазақ халқының тарихында ерте заманда шыққан үстем тап өкілі... Әлеуметтік қатынастардың дамып шиеленісуімен бірге билердің көпшілігі қанаушы таптардың уәкіліне айналды... Билердің әдет-заң нормаларын талқылауда, билік шығаруда тең праволары болды. Өкілдіктің-мұндай өктем болуынан зорлық-зомбылық туып отырды. Билер соты Октябрь революциясына дейін қылмыстық және азаматтық істердің көпшілігін қарайтын ресми орган болып, құн, барымта, қалың мал, әмеңгерлік, көп әйел алу, т.б. патриархалдық кертартпа қалдықтарды қорғап келді”. Міне, кеңестік кезеңде би дегенге берген бағасы осы болса керек. Кеңес билігі кезеңінде, би туралы жазған шығармалардың авторларықуғын-сүргінге ұшырағанын біз білеміз.

Қазақ хандары билік құрған заманда билердің алған орны, мемлекеттік құқық пен ел басқаруға қосқан үлесі орасан зор болды. Нақтылап айтар болсақ, әлемдегі ешбір халықтың, ешқандай мемлекеттің даму тарихында кездеспейтін, тек қазақ ұлтының санасында сақталып, оның қоғамдық өміріне мінсіз қызмет

еткен билер соты, олар ұстанған әділдік – біздің, бүгінгі Егемен елдің соттар қауымдастығы үшін өнеге алар, таусылмас рухани байлық болып табылады.

«Тәуелсіздігімізді баянды ету жолында біртұтас ұлтты қалыптастырудың маңызы зор. Осы орайда Елбасы аталған мақаласында: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» дейді[1].

Бұл жерде Мемлекет басшысы «ұлттық код» мәселесін бекерге бірінші орынға қойып отырған жоқ. Біз ендігі кезекте «ұлттық кодты» – ұлттық идеологиямыздың түпқазығы ретінде танып-білуіміз қажет. Ал еліміздегі ұлттық идеологияның ең басты мақсаты–тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтап, мәңгілік баянды ету болса керек» деп атап көрсетті. Шындығында да «Билер соты тек құқықтық институт қана емес, тарихи және мәдени мұра болып табылатын халық пен мемлекетті басқарудағы дана институт. Ендеше, «қара қылды қақ жарған» қазақ билерінің бойындағы асыл қасиеттерді бүгінгі сот жүйесіндегі жас ұрпақтың бойынан табылуы үшін барлық жағдай жасауымыз керек.

Халқымыздың бай тарихында ел-жұрт жадында сақталып, өздерінің жан-жақты қайраткерлігімен танылған билер мәртебесі туралы мынадай анықтама-түйін айтуға болады. Би дегеніміз ел-жұртының әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, өткен-кеткен шежіресін, тарихын, қоғамның даму барысын, айнала қоршаған табиғаттың сан-алуан қасиеттері мен құпияларын білетін, адамдардың кекірек көмбелеріне ой көзімен қарап көре алатын, алуан түрлі мінез-құлықтарды айтқызбай-ақ тап басатын, ғылым-білімнен хабардар, кемел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беруде дара қасиеті бар бір тума жандар.

Жастардың бойында мемлекет және құқық тарихына деген сый-құрмет қарым-қатынасын тәрбиелеу, мақтаныш және патриотизм сезімін қалыптастыру бүгінгі қоғамымыздың басты міндеттерінің бірі.

Қазақ ұлыстарында билер ерекше құқыққа ие болды: олар сот, әкімшілік-тік және әскери билікті іс жүзіне асыра, сұлтандармен қатар жалпымемлекеттік басқару істеріне араласып отырған. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер институты өкілдерінің бойына тән негізгі төрт лауазымды қасиеттер: әскери қолбасшы, әкімшіліктік тұлға, төреші, дала аристократиясының өкілі тән. Академик Салық Зиманов «Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тарап-тардың дауларын қарастыра отырып, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болған» дейді[3].

Қазақ даласында би болу оңайлыққа түспеген. Тек «Құдайдың сүйген құлдары ғана би бола алады» – деген нақыл сөз содан қалған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында билер сотын ұлттық құндылық деп танып, оны қоғамда кеңінен насихаттаудың маңызы зор. Жастарды патриоттық сезімде тәрбиелеу, мемлекете адал ұрпақ өсірукоғамда әділеттіліктің рөлін арттыру, қазақ халқының тарихи тұлғаларының өнегесінен тәлім арудың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә., «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты , бағдарлама-лық мақаласы. www.akorda.kz12 сәуір 2017.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында .-Алматы: Атамұра,1999.-296 б.
3. Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі.-Алматы:Атамұра, 2008.-216 б.

УАҚЫТ МІНБЕРІ

*Валиханов Шаридияр
филол.ғ.к., доцент,*

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан*

В статье рассказывается о современном подходе к творчеству известного писателя Габиден Мустафина.

Ключевые слова: жизненная правда и её художественное воплощение, Г.Мустафин, познание, современное литературоведение, авторские принципы, человеческая сущность.

The article describes the modern approach to the work of the famous writer GabidenMustafin.

Keywords: vital truth and its artistic realization, G. Mustafin, cognition, modern literary criticism, author's principles, human essence.

XX ғасырдағы шығармашылық дара тұлғаның бірі – қазақтың көрнекті, сүбелі қаламгері – Габиден Мұстафин.

Тәуелсіздік жылдарында Габиден Мұстафин шығармашылығы, оның тарихи-эстетикалық мәні туралы қазақ әдебиеттану ғылымының ірі өкілдері тарапынан заманауи толғам, байламдар жасалды.

Академик Серік Қирабаевтың қазақ әдебиеттану ғылымындағы сала-сала еңбектерінің бір үлкен арнасы – габидентану.

С.Қирабаев 1992 жылы өзінің Габиден Мұстафин шығармашылығы жазушының көркемдік әлем жайлы жүйелі зерттеулерін жаңа заман бағытына жалғастырып, тағы да тың жинақтаулар жасады, таза көркемдік талдаулармен ұластырды.

С.Қирабаевтың «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» жинағына енген. «Габиден Мұстафин – өз заманының жыршысы» мақаласы қазақ әдебиеті тарихындағы Габиден Мұстафиннің көркемдік әлемін жаңаша тану, өлмейтін көркемдік құндылықты уақыттың өкпек желінен қорғау бағытында жазылған алғашқы еңбек десек те болады [1].

С.Қирабаев жазушы Габиден Мұстафиннің қаламгерлік тұлғасын замана аясында танып, ашудың жаңа бағыттарын уақыттың ақиқатын баяндаудан бастайды. «XX ғасырдың басындағы Россиядағы революциялық толқулар ұлт аймақтарындағы азаттық жолындағы қозғалыстардың шығуына түрткі болғаны мәлім.

Қазақстанда мұндай қозғалыстың басында ой-пікірі бар, саяси бағдарды түсіне алатын творчестволық интеллигенцияның өкілдері тұрды... Ахмет Байтұрсыновтың ұйқыда езілген халқының құлағына маса боп ызындап, «Қанған жоқ па әлі ұйқың, ұйықтайтын бар не сыйқың» деп үн көтеруі, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» деп жар салуы осының айғағы еді. Осы бір дыбысты үн қазақ оқығандары мен күрескерлерінің, халқының тағдырын өз тіршілігінің мән-мағынасына айналдырған ұрпақтың жаңа өкілдерін туғызды. XX ғасырдың басында қоғамдық аренаға шығып, әлеуметтік күреске араласқан бұл ұрпақ 20-жылдардың ішінде әрі қарай жалғасып толықты. Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин сияқты таланттардың тобын, бір кезде Ғабит Мүсірепов «Алыптар тобы» деп атаған ұрпақты, өмірдің өзі осылай жарық дүниеге алып келіп еді. Революцияның аласапыраны тұсында бірі оң жолмен, бірі сол жолмен мақсатқа жетеміз деп таласқа түскен кездері бола тұрса да, олардың бәрінің түпкі мақсаты – халықтың азаттығы, мәдениеті, дамыған ел қатарына қосылуы болатын. Олар ұлт мақсатын ортақ ойласты. Көбі кейін тарихтың темір табанына жаншылып қалса да, ұлттық мүддеге опасыздық жасаған жоқ. Ғабит пен Ғабиден ұзақ жасап, ағаларының арман-мүддесін арқалап, келешек ұрпаққа жеткізген сол топтың соңғы могикуаны сияқты болды» [1, 162 б.].

Осы үзіндіде тұтас бір дәуір, бірнеше буынның ұлт мүддесіне ғұмырын бағыштаған өмір өнегесі тұтас қамтылып айтылған. Алып-қосар дүние қалмаған ақиқат сөз.

Серік Қирабаевтың «Ғабиден Мұстафин – өз заманының жыршысы» зерттеуінде жазушының ендігі уақыт биігінен танылған бірнеше айқын қаламгерлік қарымы ашылады.

Жазушының азаматтық ұстанымын айқындайтын басты дара сипаттары туралы нақты байламдар жасалады.

Заман және адам. Дәуір, тарихи тартыстарға телінген адам тағдыры. Ғабиден Мұстафин осыны жазды дейді С. Қирабаев.

Екінші басты сипат С. Қирабаев тоқтамдарында, бұл – Ғабиден Мұстафиннің мінез жасау тәсілдері. Ғабиден адамды заман, уақыт жағатын бояудың түсімен емес, ісімен, адамгершілік қылық, ой-өресімен өлшейді дейді сыншы. Бұл сипта, әсіресе, «Шығанақ» романы жазылған уақытта айқындала бастағанын атап көрсетеді.

Ғабиден кейіпкерлері – өмірдің ортасынан ойып алынған қарапайым адамдар, өз замандастары. Жазушы олардың сырын да, сырт сынын да табиғи қалпында суреттейді.

Қазақ әдебиетіндегі кейін сомдалған көп кесек кейіпкердің көркемдік жаратылысына, сөз жоқ, қарапайым еңбек адамы, кісілік қасиеті, адамшылық аясы кең дана қарт Шығанақтың да мінез, кісілік ұстанымы көп ықпал жасады.

Ғ.Мұстафиннің кейіпкер жан-дүниесін ашу, оның дүниетаным өрісін арғы мен бергінің сабақтастығы аясында көрсету шеберлігін Серік Қирабаев нақтылы көркем нәтижелер негізінде көрсетіп отырады. Ғабиден Мұстафин қарапайым адамдардың өміртаным өрісін табиғи сурттейді.

Жазушы Ғабиден Мұстафиннің қоғамтанушылық ой-толғамдары оның өз кейіпкерлері арқылы таралып, замана туралы толымды тоқтамдар жасалғанын Серік Қирабаев қаламгердің тағы бір қыры деп танытады.

Ғабиден Мұстафиннің ұлттық мүдде жолындағы, тіл тағдырын толғаған ой-тебіреністерін де Серік Қирабаев жазушының ұлы мұраттарымен сабақтастыра тарқатады..

Ғабиден шығармаларының басты бағасы – ондағы адам болмысы, оның болашаққа деген сенімі мен арманында деп ой түйеді Серік Қирабаев. Мақалада Ғабиден Мұстафин шығармашылығы туралы әріден қозғалып келе жатқан ой мен пікірдің салмағына салмақ қосылған.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым Шерияздан Елеуқенов Ғабиден Мұстафиннің 100 жылдық мерейтойы тұсында жазылған «Еңбек, рухани сұлулық жыршысы» атты мақалада жазушының қазақ әдебиеті тарихындағы тұлғасын тағы бір жаңа сапада таныта түседі.

Жазушы шығармасын жаңа уақыт тұрғысында танудың басты принциптерін Ш.Елеуқенов арғы-бергі тарихтың бүгінгі танымға тартылуындағы қайсыбір өзекті мәселелерге қарай бағыттап отырып айқындай түседі.

Ресей жұртшылығы кеңестік кезең тарихын жалпы отандық тарихтың бір дәуірі деп қарауға бет бұрды. Бізде де сол ыңғай байқалады дей келіп, сыншы қазіргі қазақ қауымындағы біржақты асығыс құбылыстардан сақтандыра, ой сала сөйлейді.

«Ғабиден Мұстафиннің бір кейіпкері «аты томашаға сүрінсе де, өзі етке қақалса да, советтің кесірі» дейді.

Меніңше, біздің де өткенге өштеніп бірыңғай қара май жағуға салынушылықтан абай болғанымыз дұрысырақ.

... Бұл тұстағы басты өлшем – көркемдік биік шындық дәрежеде жазылған шығармаларының ел қажетіне қалтқысыз қызмет ететін рух кенішінің қашан да сарқылмайтын қуатында болса керек» [2, 19 б.].

Ш.Елеуқенов Ғабиден Мұстафин шығармашылығының көркемдік құндылығын қаламгердің алғашқы туындыларынан бастау алған шеберлік өсу жолымен байланыстыра қарастырады.

«Ер Шойын» (1929) атты тырнақалды жинағына кіріспесінде Ғабиден Мұстафин: «Кітапшаның мазмұнын ауылдың жалшы-кедейлері көрсетті», – депті.

Ұлт жайын ол өстіп қалың еңбекші бұқара көзімен көріп, ақ қағазға айнытпай түсірген. Жүрекке жетер сөз тұнығын да ауылдың мөлдір бұлағынан қанып ішкен.

Тырнақалды туындыларының өзінен-ақ бұл қаламгердің қамырықты көңіл-күйі анық естіле бастаған. «Қан» әңгімесінде бір барымтаның салдарынан екі бірдей азаматтың сойылға жығылып жан ұшырып жатқаны суреттеледі. «Байлардың малы үшін қырқысқан екі жалшыны аяп та, қарғап та келе жаттым...» – депті автор қортындысында» [2, 20 б.].

Ш.Елеуқенов қаламгердің қарапайым тіршілігі бар қазақ шаруасының жан әлемін әлеуметтік-психологиялық негізде, таза көркемдік шешіммен ашқан жазу мәнерін тап басады.

«Көз көргеннің» алғашқы суреттеулеріне үдере көшіп жатқан ел жайын түсірген қаламгердің айтпағы мен астарлы сырын кезеңінде біреу ұғып, біреу,

бәлкім, ой да салмады. Енді қайталап бір оқыңыз. Қанша сыр бұғып жатқан бұл көштің күйінде.

Ш.Елеуменов бұл көріністің тарихи негіздерін, түп-төркінін жазушы ишара етіп жазғанын нанымды айғақтайды.

«Қазақтың «Елім-ай» әнін жылап-сықтап шырқамаған кезі бар ма? Ғабиден Мұстафиннің «Көз көрген» мемуарлық романының алғашқы бетін ашып қалғанда мынадай суретке жолығасың.

«Ауыл көшіп жатыр. Әйелдер еңіреп, еркектер түнеріп жүр. Зіл қара түнді жапсарынан сөге таң сызаттап келеді. Таң сәулесін күткен әлем күлімдей бастаса да қам көңілдер сергімеді. Уылеулер үдей түсті...

Отаршылар тепкісінен ата-баба қонысымыздан айырылып ауған шағымызды Ғабекен қаламы осылай суреттейді... Табиғатпен астасқан бұл көш суреті – пейзаждың күрделі түрі. Мұстафинде – пейзаждың көкесі. Тамылжыған табиғат пен тарыққан адам көңілі үйлеспеген. Астарында – әлем-тапырық ой-сезім. Жерінен қуылған ел-жұртына жан ашып, қан жылаған сезімге қоса-қабат патша отаршыларын айыптаған терең де кекті әлеуметтік ойлар өрілген» [2, 20 б.].

Ш.Елеуменов Ғабиден Мұстафиннің көркемдік әлемдегі еңбек күйі, еңбек жыры, еңбек адамдарына арнайы тоқталып, Шығанақ тұлғасы мен Мұстапа хажы жайлы тың байламдар жасайды.

Шығанақтың көркем образы өмірдегі Шығанақ, рекордшы Шығанақ дәл осындай терең, зерек, адал, айбынды, алымды адам болса керек деген сенім ұялататыны – жазушы табысы.

Қаламгердің қазақ тұрмысындағы ілгерілеулерді ұдайы сырттан келген көмекке теліп отыруды ұнататын идеологиядан бұра тартып, ел басқарған, көш бастаған жайсаң қазақтың өз ішінде де жетіп-артылады деген ойды жазу арқылы орнықтыру батылдығына да Ш.Елеуменов орынды назар аударған.

Ш.Елеуменов Ғ.Мұстафиннің қазақ әдебиетін образдар галереясымен толықтырған қаламгерлік еңбегін де бөле-жара атайды. Ол образдардың кең тынысты шынайы бір бейнелері – Шығанақ пен Мұстапа қажы. Мұстапа қажының өмір ұстанымы аумалы-төкпелі заманның да, кешенің де, бүгіннің де азаматтық қағидасы деген сыншы ойлары ойдан ой өрбітеді.

Ш.Елеуменов Ғ.Мұстафиннің шығармашылық болмысын кеше мен бүгінді табиғи сабақтастықта алып отырып, аша түседі.

Рымғали Нұрғалидың 100 жылдық мерейтой тұсындағы «Құнарлы қалам» зерттеуінде де қаламгер Мұстафин келбетін кеңінен алып көрсетуді мақсат еткен.

Р.Нұрғали Ғабиденді қазақ әдебиетіндегі аға буыннан шыққан прозаның жүйрік тұлпарының бірі деп таниды.

Р.Нұрғали «Шығанақтың» жазылу сырын сабақтай отырып, Ғабиден Мұстафин қазақ прозасындағы жаңа жанр – романға өзінше жазу үлгісімен келді, оқиға үйірім-үйірім аяқталып отыруы жағын Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуінен» үйренуі деп бағалайды. Реалистік негізі мығым шығарма жұртшылықтың жан құмарына айналғаны жазушы табысы болды.

Р.Нұрғали Ғабиден Мұстафин шығармашылығындағы көркемдік арналардың бастау көздерін, жазушының үйрену, өнеге мектебін ажыратып, ашып айтып отыруы арқылы ғабидентанудың тағы бір тың қырларына бастайды.

«Миллионер» ықшамдылығы жағынан Тургенев романдарын еске түсіргендей дейді.

Зерттеуші Ғабиден Мұстафиннің белгілі құбылыстарды бейнелеуде, әсіресе колхоз өмірін жазуда өзгеше, өмір шындығынан туған, Бейімбеттің колхозшыларынан гөрі басқа, өмір драматизмі басым кейіпкерлер жасағанын атап көрсетеді. Кейіпкер тілінің өзгешелігі де – жазушының қолтаңбасы.

«Дауылдан кейінді» автор жазушының ең шоқтығы биік шығармасы деп таниды.

«Осы роман арқылы қаламгер өзінің қанық стилін, талант қуатын толық ашып таныта білді. Қазақ әдебиетінде бұрын тиіп-қашып суреттелген өмір құбылыстары шығармада терең әрі көркем бейнеленді. Романда байыптылық, реалистік салмақ бар» [2, 31 б.].

Р.Нұрғали «Дауылдан кейінді» полифониялық, кең тынысты, алуан сарынды роман, өз заманының рухын беретін сенімді кейіпкерлер бар деп бағалады.

«Көз көргендегі» кең тынысты көркемдікті Бақытжан Майтанов таза теориялық талқыға тартады: «Ғ.Мұстафиннің «Көз көрген» романындағы авторлық көзқарас зерттеуінде ғалым Б.Майтанов ауқымды ойлар өрбіткен. Шығарманың деректік негізі, кейіпкерлер әлемі жинақы, жүйелі талдауға тартылған.

Асылы, Ғабиден Мұстафиннің Сәкен тұлғасына қатысты суретті баяндауларына Бақытжан Майтанов тоқталған тұстарда, енді ойлап қарасақ көп мән, көп астар, көп сыр, көп шын жатыр.

Сәкен Сейфуллин ұзақ жылдар бойы әсіре қызыл, әсіре большевик ретінде танылса, кейінгі кезеңде белгілі ғалым, сәкентанушы Тұрсынбек Кәкішұлы Сәкен тұлғасын тарихи ақиқат ауқымында орнықтыру бағытында жазылған зерттеу еңбектерінде Сәкеннің шындығын әр қырынан аша түсті [3].

«Көз көргенде» Ғабиден Мұстафин кейінгі ұрпақ енді ұғынып жатқан тарихи шындықтарды қаз-қалпында жеткізген екен дейсің, Сәкен тұлғасына байланысты тұста да.

«Автор – баяндаушы уақыты ішкі уақыт та, қадірлі мейман, жас әкімнің уақыты сыртқы уақыт, ауыл-аймақтан тыс әлемдегі саяси-рухани қайшылықтарға толы уақыт болып елестейді.

Нүктелер тоғысты. Әсерлер қиюласты. Екі түрлі ауаның араласуынан жаңа атмосфера түзілетініндей, белгісіз, тұманды, сызды ауа жеңіс табатын сияқты. Әрине, С.Сейфуллин тұлғасы барынша объективтілікпен мүсінденген. Сал да, сері де, ойлы да, сәнді де, күрескер де Сәкен өзінің өмірге диалектикалық көзқарасын паш етеді...

«Жұмысшы, жарлы атқа мінді. Оны көре алмағанның күні қараң. Абыл ақсақал, көре алмасаң, қараңғыға тұншығасың. Орынбек, сен де атқа міндің. Кебеже қарындарды қолма-қол құртам деме. Шаш орнына бас алма. Алам десең, қолың кесіледі. Араларындағы қым-қуыт дау-жанжалдың құяр жері – осы екі сала. Мен баяғының би, ақсақалы, не бүгінгінің соты емес. Билік айтпаймын, үкімет бағытын аңғартам. Аңғара алмағаның басың тасқа

соққанда аңғарарсың» [2, 213 б.], – дейді ол. Өрескел тапшылдық, әсіреқызылдық байқалмайды. Кекшілдіктен адалығын алға тартатын ақын ойымды қазақ арасындағы мәміле мен ымыраны, ұлт мүддесі жолындағы ынтымақты құзау басым. Ғ.Мұстафин кеңес дәуірінің асып-тасығаны, добалаң-сүрегі басылған уақытта шектен тыс даңғаза кейіпте ұғынылуға бейім күрделі тарихи тұлғаның мейлінше сындарлы бітімін, терең қатпарын нақты әрекет, сөз үдерісі үстіндегі реалистік жаңашыл нақышпен шешеді» [2, 38 б.].

Бақытжан Майтанов Ғабиден Мұстафиннің жазушылық ұстанымы жайлы толғаныста қаламгердің жасамыс тартқан шақта тіршіліктің таусылмайтын күйін жаңарған көзқараспен саралау бағытана ойысқанын айтады; жеке тұлға, оның рухани бостандығы, ойлау, таңдау еркін қоғам заңдылығы аясында әрекет амалын сабақтастыра суреттеуді көздеп, заман мінезін уақыт пен кеңістіктің аясында ашуға ұмтылыстағы көркемдік табысымен түйеді.

Ғабиден Мұстафиннің өмірлік негізі, шынайы көркем шығармаларына уақыт көзімен қайта үңілгенде табар көркемдік ілгерідегіден де бай, өткендегі бағаланануынан да бағалы екен. Жазушы мұрасын таза көркемдік мұраттар ауқымында қайта ақтарып, сыр тартқан кейінгі кезең зерттеулері осыны көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы, 1995. – 286 б.
- 2 Ғабиден Мұстафин және қазіргі қазақ прозасы: Ғылыми мақалалар. – Қарағанды, 2002. – 273 б.
- 3 Кәкішұлы Т. Мағжан-Сәкен. – Алматы, 1999. – 420 б.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ӘДІСНАМАЛЫҚ ТАЛАПТАР

*Дуйсебекова Айсауле Есенгазиевна
ф.ғ.к., АрқМПИ профессоры*

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

*Абилгазина Лаура Адилхановна
Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Родина жалпы орта білім беретін мектебі*

Аннотация: Педагогическая технология является неотъемлемой частью преподавания, направленной на преподавание содержания образования, определяемого в соответствии с требованиями общества в современном образовании.

Ключевые слова: Образование, педагогические технологии, «новая технология», «передовые технологии», «образовательная технология» .

Annotation: Pedagogical technology is an integral part of teaching, aimed at teaching the content of education, determined in accordance with the requirements of society in modern education.

Keywords: Education, pedagogical technology, «new technology», «hi-tech», «educational technology».

Ғылыми тұрғыда «технология» ұғымы өндірістік және әлеуметтік технология деп талатын үлкен екі бағытқа жіктеледі. *Әлеуметтік технология* – өндірістік технологиядан әлдеқайда ауқымды, жүзеге асыру жағынан күрделі, қалыптасу, даму жағынан ұзақ мерзімді қажет ететін үрдіс. Білім берудегі педагогикалық технологиялар қызмет ету сипаты тұрғысынан әлеуметтік технологияларға біршама жақын.

Қазіргі заманғы ғылыми техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына мүлде жаңа міндеттер қойып отыр. Педагог-ғалымдар қазіргі кезде қолданылып жүрген білім беру технологиясы терминін әр қырынан ашып көрсетуде. «Педагогикалық технология» термині ХХ ғасырдың 60-шы жылдары АҚШ пен Англияда қалыптасып, қазіргі уақытта практика жүзінде барлық дүниежүзі елдеріне таралып, білім беру саласында кең өріс алуда. Соңғы кездерде білім берудің жаңа даму бағытын қамтитын оқытудың елуден астам жаңа технологиялары практикаға енгізіліп, кеңінен пайдалануда [1.67 б.].

“*Технология*” – гректің *techne* - өнер, шеберлік, біліктілік, *logos* – оқу сөздерінен шыққан. Технологияға В.Дальдың сөздігінде: “белгілі бір маңызды әрекетте, өнерде, шеберлікте мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс” деп анықтама берілсе, Қазіргі батыс әлеуметтану сөздігінде: “белгілі әрекетте, өнерде, шеберлікте қолданылатын әдіс-тәсілдердің жиынтығы” деп көрсетілген. ЮНЕСКО-ның құжаттарында оқыту технологиясына “техникалық және адам ресурстарын, олардың өзара бірлігін ескере отырып, оқытудың тиімділігін арттыруды міндет етіп қоятын мұғалімнің бүкіл оқыту ісі мен оқушының білімді меңгеру әрекетін ұйымдастырудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдістері” деп анықтама берілген.

Білім берудегі педагогикалық технологиялар «жаңа технология», «озық технология», «оқыту технологиясы» т.б. терминдермен аталуда. Ал бұлардың бір-бірінен айырмашылығы, өзіндік ерекшелігі жайлы ғалымдар арасында қызу пікірталас бар. Жалпы ғалымдар технологияға *шеберлікпен өнім алу, нәтижеге жету, белгілі бір жоба, модельмен оқыту* сияқты түрлі анықтамалар берген. Солардың ішінде кең тарағаны – В.П.Беспальконың тұжырымдары. Оның тұжырымдары бойынша технология төмендегідей шарттарды іске асыруы тиіс:

- Оқытуда дайындықсыз әрекеттерді болдырмау;
- Оқушының оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұны оқу-тәрбие үрдісінің жобасына негізделуі қажет.

Осыған орай В.П. Беспалько технология «тәжірибеде іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы», - деп тұжырымдайды. Ал жалпы айтқанда, педагогикалық жүйе дегеніміз – белгілі бір қабілеті бар дара тұлғаны қалыптастыру мен педагогикалық үдерісті ұйымдастыруға қажет құралдар, әдістер мен тәсілдердің өзара байланысқан бірлігі. Олай болса, Г.К.Селевконың «оқыту технологиясы – оқытудың тиімді жолдары мен үдерісінде қолданылатын әдістер, тәсілдер мен қағидалар», - деген анықтамасы білім беру технологияларының мәнін аша түседі.

Педагогикалық технология мәселесімен жан-жақты айналысып, зерттеу жүргізіп жүрген ресейлік ғалымдардың бірі – М.М.Левин. Ол педагогикалық технологияның негізгі қызметі – оқу үрдісінің білім беру мақсатын іске асыру және жеке тұлғаны дамыту екендігіне тоқталады. М.Чошанов технологияны

дидактикалық жүйенің проссуалдық құрамдық бөлігі деп есептейді. Педагог-ғалым В.М. Шепель: "Технология – белгілі заттың бейнесін өзгерту үшін қолданылатын өнер, біліктілік, әдіс-тәсілдер,"- дейді. И.Г. Зайнышев: "белгілі затты, тұлғаны сапалы өзгертуде қолданылатын білім мен әдіс-тәсілдер жүйесі" деген анықтамасын ұсынады. Е.И. Холостов болса, технологияны "белгілі шығармашылықтан сапалы нәтиже алу үшін қолданылатын әрекеттер жиынтығы" деп санайды. Ал Р.В. Овчарова оған "адамның әрекетін, біліктілігін, тәжірибесін еңбекке қажетті заттарды, әлеуметтік шындықты сапалы өзгертуге бағытталған әрекеттер жүйесі" деп қарауды ұсынады.

Ресейлік ғалымдардың ішінде технологияның мәнін біршама анығырақ айтқан Б.Т. Лихачев: "Педагогикалық технология – оқыту тәсілдері мен тәрбие құралдарын, оқытудың түрлерін жинақтап, арнайы біріктірудің жолдарын анықтайтын психологиялық-педагогикалық *установка*лардың бірлігі, сондықтан да ол – педагогикалық процестің *инструментарийі* болып саналады", - дейді. Белгілі ғалым М.В. Кларин педагогикалық технологияға «педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық дара инструменталдық және әдіснамалық құралдардың қолдану реті мен жиынтығының жүйесі» деген анықтама берсе, В.М. Монахов технологияны «оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудыратын оқу үрдісін ұйымдастыру және жүргізу»,- деп санайды[2.55 б.].

Қазақстандық ғалым Ғ.М. Құсайынов педагогикалық технологияны «мұғалімнің жоспарланған оқыту мен тәрбиелеу жолындағы мақсаттар мен нәтижеге жету және сабақ беру үрдісіндегі ұжымдық оқыту әдісі. Себебі ұжымдық оқыту әдісі қазіргі заман талабына сай жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеп шығуға мүмкіндік береді. Педагогикалық оқу жоспарлары мен бағдарламаларында берілген оқу материалын оқушылардың өздері бірін-бірі оқыту арқылы меңгеру үрдісі» деп санайды.

Ж.А. Қараевтің пікірінше: «Технология дегеніміз – әдістемелік жүйе мен сәйкес дидактикалық үрдістер кешенінің тәжірибиінде жүзеге асырылатын жобасы, ал педагогикалық жағдаяттарға сай қолданылатын әдістер, тәсілдер оның құрамды бөлігі болып табылады. Педагогикалық технологияларға берілген анықтамалар мен түсініктерді топтастырып жинақтайтын болсақ, «*Педагогикалық технология* – қоғамның қазіргі таңдағы білім беру саласына қойып отырған талаптарына сәйкес анықталған білім мазмұнын жүзеге асыру үшін оқыту мақсатына қол жеткізу жолындағы тұтас дидактикалық жүйе құрайтын амалдар мен іс-әрекеттер тізбегі»,- деп тұжырымдаймыз.

Көріп отырғанымыздай, технология туралы қазіргі ғылымда орныққан дәл анықтама болмағанымен, олардың бәрінің тоғысатын ортақ арналары бар. Олар, біріншіден, технологияның шеберлікпен, біліктілікпен байланыстылығы; екіншіден, технологияның сапалық өзгеріс жасау мақсатында қолданылатыны; үшіншіден, технологияның біртұтас әдіс-тәсілдер жиынтығынан құралатындығы. Олай болса, технологияның білім мекемелерінің кез келген типінде жаппай қолдануға қолайлы әрі тиімді оқу процесін құрудың жолдарын іздестірудің нәтижесі ретінде туған тұжырым екендігі даусыз. Білім беру, оқыту процесіндегі технология – қойылған мақсатқа тиімді жолмен қол жеткізуді қамтамасыз етуші жүйе, яғни білім мазмұнын жүзеге асырудың тәсілі.

Технология, бір жағынан, білімдік ақпараттарды өңдеп ұсынудың, өзгертудің, ашудың әдістері мен құралдарының жиынтығы болса, екінші жағынан, мұғалімнің қажетті техникалық және ақпараттық құралдарды оқу процесінде қолдана отырып, оқушыларға ықпал етуінің тәсілдері туралы ғылым. Жалпы педагогикалық технологияның дамуының қайнар көздерін педагогикалық психологияның, әлеуметтану ғылымының, этнопедагогиканың жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибелер, сондай-ақ өткен жылдардағы отандық, шетелдік педагогикадағы жинақталған асыл қорлары құрайды. Сол себепті де технология өткеннің жетістіктері мен жаңашылдықты тоғыстыратын, оқыту жүйесінің барлық мүмкіндіктерін оқушының дамуына пайдалануды көздейтін біртұтас ұғымға айналады. Түйіндей келгенде, оқыту технологиясы мұғалім мен оқушының мүддесіне қызмет ететін, толық үндесімге негізделген оқытудың әдістемелік жүйесі болып табылады[3.72 б.].

Оқыту технологиясына тән белгілер:

- *негізділігі (кез келген технологияның өзіндік философиясы, өзіндік тұжырымдамасы болуы шарт);*
- *жүйелілігі (құрылымдық элементтерінің біртұтастығы);*
- *басқарылмалылығы (оқыту процесін бастан-аяқ жоспарлап, нәтижесін тесеруге болатындығы);*
- *тиімділігі (қысқа мерзімде аз шығынмен жоғары нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі).*

Солардың ішінде педагогикалық технологияны түбегейлі зерттеген ғалым Г.К.Селевко білім беру технологияларын төмендегідей топтайды:

-қолдану өрісіне қарай: жалпы педагогикалық, жеке пәндік, модульдік, тар әдістемелік;

-мазмұны мен құрылымына қарай: оқыту (тәрбиелеу), зайырлы (діни), жалпы білімдік (бағдарлы), гуманитарлық (технократиялық), монотехнологиялық, политехнологиялық, аралық;

-ұйымдастыру түріне қарай: сыныптық-сабақтық (альтернативтік). академиялық (клубтық), жеке (топтық), ұжымдық оқыту тәсілі, саралап оқыту.

Дегенмен, бір ғана бағытпен шектелетін монотехнология болмайтыны ақиқат. Кез келген технологияға кешенділік тән. Бірақ өзінің таңдаған басым бағытына орай олардың арасында өзгешелік те сақталады, соған сай белгілі бір атауға ие болады.

Сонымен, *технология* – жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе. Технологияны қолдануда мұғалім шеберлігі ерекше мәнге ие. Оның кәсіби шеберлігі мен оқытудың қандай әдіс-тәсілдерін таңдауы ғана технологияның ұтымды болуына алғышарт жасайды. Дәстүрлі оқыту жүйесінен тыс жасалған технологиялар оқытудың мотивациялық сипатын арттырып, оқушылардың пәнге қызығуын тудырады, оқушының өз айналасындағылармен табиғи бәсекелестігін дамытады, оның дара тұлғалық белсенділігін күшейтеді, өз бойындағы қабілетін саналы түрде ашуына қолайлы жағдай туғызады, олардың адамгершілік сапаларын жетілдіреді, шығармашылыққа, еркіндікке ұмтылдырып оқушылардың бейінді біліктілігін арттыруға мүмкіндік туғызады.

Оқытуда тиімділік танытатын педагогикалық технологияларды *іріктеу мен жүйелеудің* мынадай критерийлері айқындалған:

- технологиялардың оқыту талаптарымен үндес болуы;
- технологиялардың білім алушылардың мүддесіне басымдылық беруі;
- технологиялардың оқыту деңгейлерінің кез келгенінде қолдануға қолайлылығы;
- технологиялардың білім сапасын арттыруға ықпалының айқын болуы;
- технологиялардың студент білімін объективті бағалаудағы тиімділігі;
- технологиялардың студенттің әрекетін белсендіруге ықпалын тигізетіндігі

Педагогикалық технологияның негізгі мақсаты – білім алушылардың даралық тұлғасын дамыту деп санаймыз. Енді осы ұғымға тоқталатын болсақ, *педагогикалық технология* техникалық және адами ресурстарды ескере отырып оқыту және білімді меңгерудің барлық үдерісін анықтап құру және қолданудың жүйелі әдісі, сонымен бірге білім берудің жолдарын айқындаудың бірі ретінде қарастырады.

Педагогикалық технология-арнаулы және тұрақты педагогикалық нәтижелерге қол жеткізу үшін барлық педагогикалық жүйені ұйымдастыру бағыттарымен тікелей байланыста қарастырылатын теория мен практиканың зерттеу аймағы деп зерттеуші П. Митчелл қарастырған.

Зерттеуші М.Шошановтың ғылыми еңбегінде педагогикалық технология оқушының оқу танымдық қызметін арттыруға бағытталуы тиіс екендігін айта келіп, педагогикалық технологияның негізгі белгілері ретінде: диагностика мен нәтижелікті, үнемділікті және түзетуді атап өтеді. Педагогикалық технологиялардың бастаулары ретінде педагогика, психология және әлеуметтік ғылымдардың жетістіктерін, озық педагогикалық тәжірибелерді, халық педагогикасын отандық және шетелдік педагогикадағы озық бағыттарды атауға болады. Педагогикалық технология нақты педагогикалық тәжірибе барысында оқу үдерісін жүзеге асырып, оқытып үйрету мен оқып үйренудің шын болмысын бейнелейді.

Бүгінгі оқу үдерісінде қолданылып жүрген педагогикалық технология бағыттары ізгілік, дамытушылық, жеке қарым-қатынастарға негізделген. Ал, бұл технологиялардың дидактикалық негіздеріне: белгілі бір мақсатқа байланысты проблемалық оқыту, студенттердің қабілеті мен мүмкіндіктерін ескеру, оқу қызметін саралап басқару, оқу үдерісін демократиялық жолмен ұйымдастыруды айтуға болады деп есептейміз.

Педагогикалық технологияның басты ерекшелігі оқу үдерісінің қойылған мақсатқа жетуге кепілдік беретіндігінде. Педагогикалық әдебиеттерде *«педагогикалық технология»* ұғымы үш бағытта қолданылады:

1) жалпы педагогикалық деңгей–белгілі бір аймақтағы, оқу орнындағы білім беру үдерісін сипаттайды;

2) жеке пәндік-әдістемелік деңгей–жеке пән әдістемесі ретінде қолданылады;

3) элементтік (бөлімді) модельді деңгей-оқу-тәрбие үдерісінің жекелеген бөлігінің технологиясы ретінде қарастырған.

Белгілі ғалым- әдіскер В.М. Монахов «Педагогикалық технология бұл оқушы мен мұғалімнің оқу үдерісін жобалап және ұйымдастыруға бірігіп қызмет етуіне қолайлы жағдай туғызатын, әбден ойластырылған педагогикалық іс-әрекетінің үлгісі»-, деп тұжырымдайды[4.29 б.].

Жаңа оқыту технологияларын білім беру жүйесінде жүзеге асыруды-білім беру жүйесінің дамуының заңдылықтарының бірі ретінде қарастыруға болады, өйткені білім беру жүйесін және оның құрамының өзгеруін қажет ететін ескі мен жаңа үдеріс арасында қайшылық болуы табиғи құбылыс. Адам өмірі мен тұрмысының жаңа сапаға көтерілуі, білім мен тәрбиенің мазмұнын жанартуды талап етері сөзсіз. Ал бұл өзгерістер оқыту үдерісінде оқу-тәрбие мақсаты мен мазмұнын, оқыту тәсілдері мен құрал-жабықтарын өзгертумен қатар, оқу үдерісін ұйымдастыру шараларын да түбегейлі өзгертуді талап етеді. Ал, педогогикалық жаңа технологиялар осы педагогикалық мақсатқа жетудің тиімді жолы екені анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Смирнова С.А. Педагогика. Теория, системы, технологии. М.: 2006.
3. Юсуфбекова Н.Р. Общие основы педагогической инноватики. – М., 1991.
4. Бұзаубақова Қ. Жаңа педагогикалық технологиялар .А.2003 ж
5. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы: 1982.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

*Ерманова Айгул Боранбаевна
аға оқытушы*

*Нұрлыбай Әсия Нұрлыбайқызы
«Тарих» мамандығының 4 курс студенті*

*Мажит Арман Алдиярұлы
«Тарих» мамандығының 4 курс студенті*

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты.
Арқалық қ.*

Использование педагогических технологии в истории обучения новым технологиям в том числе модульное обучение, широкое использование справочных чертежей на уроках, использование электронных учебников и информационных технологий, обучение учащихся работе с информацией.

Use of pedagogical technologies in the history of teaching the novelty of new technologies ,including modular training use of supportiny drawing in the use of electronic text books information technology.Teching students to work with information generally improving the quality of the education system.

Қоғамілгері дамыған сайын сол қоғамды құрып жатқан, оны ілгері адамдарға білім, тәрбие беру, олардың интеллектуалдық дәрежесін арттыру мәселелері барған сайын ерекше маңызға ие болатыны белгілі.

Технология-жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе. Ал модульді оқыту тарих сабағында сөздік әдістер арқылы білім беретін пән. Тарих сабағы – сөз сабағы, сол себепті оқушылардың өздігінше, көбіне жеке жұмыс атқаруына қолайлылығын, суреттердің сызбалардың, кестелердің, оқу-әдістемелік талаптарға сай болуын ескерту керек[1, 21бет].

Тарих сабағы жаңа бағдарламалар бойынша 5-6 сыныптар арасында оқытылуда. Осы пәндерге күнделікті сабақта көмек беретін көмекші құралдар оқулыққа қоса берілген. Бұлардың бәрін қосып «оқу-әдістемелік кешені» деп атайды; «Әдістемелік құрал, оқушылардың жұмыс дәптерлері», «дидактикалық материалдар» берілген. Осы пәндерді қазіргі талаптарға сай оқыту үшін модульді әдіс бағдарламасын басшылыққа алған дұрыс. Мысалы, Ежелгі Қазақстан тарихы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім: Оқушыларды тарих пәніне кіріспе алдындағы жалпы ұғымдармен таныстырса, екінші тарихтың жүйелі курсымен таныстырады. Жинақта барлық параграфтар бойынша тапсырмалар бар және олар оқулық бойынша ретімен беріліп отыр. Тапсырмалардың саны мен сапасы дұрыс ойластырылып, шығармашылықпен тиімді пайдаланылған жағдайда сыныптағы барлық оқушыны өзіндік жұмысқа толық қатыстыруға мүмкіндік береді. Ол үшін өзіндік жұмысты ұйымдастырудың ұжымдық, топтық, жекелік түрлерін еркін пайдалануға болады.

Тәжірибеде пікірсайыс, топқа бөліп жарыстыру, саяхат сабақтарын жиі өткізуге болады. Сабақта қолданылатын әдіс, тәсілдер қатарына: суреттеп, сипаттап әңгімелеу, деректермен өзіндік жұмыс ұйымдастыру, мәтіндегі негізгі мәселені табу, тарихта ауызша айтуға жаттықтыру, түрлі жазбаша жұмыстар орындау арқылы жүзеге асырып, оқушы еркшелігін анықтауға болады.

Сыныптан тыс жұмыстың білімділік және тәрбиелік мәні өте зор. Ол оқушыларды белсенділікке, өз бетінше жұмыс істеуге, мамандық таңдауға мүмкіндік береді. Сыныптан тыс жұмыстың түрлі формалары қолданылады. Жаңа технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың дербес ізденісін, шығармашылық қабілетін, олимпиадалар мен конкурстарын, қабырға газеті мен стендтер шығару кезінде қабілеттерін анықтауға болады. Мысалы, 9-сыныптар арасында «Заңды білу-заман талабы» атты кеш ұйымдастырып өткізуге болады. Онда оқушылардың ойлау қабілетін арттыра отырып, Қазақстан Республикасының саяси құрылысын ашу, баптарды жатқа айта білу, қазіргі өмірмен байланыстыру жайлы деректерді білу оқушылардың өз бетінше ізденімпаздығын дамытады[2, 17 бет].

Кейінгі кездері білім беру саласында жүйелеу тәсілін қолдануға баса назар аударылуда. Бұл проблемаларға бірқатар ғалымдар арнап еңбек жазды. Қазіргі ғылымда жүйелеу тәсілін қолданудың, теориялық білім жасаудың жолдарын объектідегі таным қозғалысының сызбасын зерттеу пәнін және оны баяндау тәсілін, пән туралы білімнің құрылымын, ғылыми ойлаудың және оқытуға жүйелік тұрғыны пайдаланудың, оқушылардың оқыту үрдісін оңайландырудың қажетті шарты, ол педагогикалық үрдістің мәнін ашып көрсетеді.

Э.Г. Юдин, В.П.Беспалько еңбектерінде оқытуда жүйелілік тұрғыны пайдалану сан түрлі қырынан қарастырылады. В.П.Беспальконың пікірінше оқу мазмұнын көрнекілік түрінде құрылымдау, біржағынан оқылып отырған саланы оқушылардың қабылдауын оңайлатса, екінші жағынан қабылдау мен меңгеруді, зердені дұрыс бағыттауға мүмкіндік береді. Егер оқушылар оқылатын материал бойынша сызбаны өздері жасаса жаңа мағлұмат меңгеру дәрежесі жоғары болады.

Қазақстан тарихы сабақтарында мұндай тірек сызбаларды кеңінен пайдалануға болады. Мысалы, 7-сыныпта «Шыңғыс хан империясы» туралы тақырыпты өткізу барысында «Моңғол империясының қоғамдық құрылысы», «Хронологиялық кесте», «Моңғол дәуіріндегі Шыңғыс хан 1218-1225 ж.ж.» атты тірек сызбаларын пайдалануға болады. Оқушыларға сызбаны жасап келуге тапсырма беру, электрондық оқулықты пайдалана отыра «Отырардың күйреуі», «Моңғолдың құпия шежіресі» атты баяндама жазып келеді. Бұлардың барлығы оқушылардың шығармашылығын дамытады. Сабақ барысында ойын элементтері «Шығармалардың авторын дұрыс тауып жаз», «уақытнамалық кенет сайысы» тағы да басқа тапсырмалар беріледі. Картамен жұмыс, басып алынған жерлер көрсетіледі. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында Шыңғыс ханның өмірбаяны, ұрпақтары, оның ішінде Абылай, Әзім хан, Кенесары туралы айтылады. Шыңғыс хан жерленді деген болжаммен 2001 жылдан бастап қазба жұмыстар жүргізіліп жатқандығы туралы айтып өтуге болады. Сабақ «Кім жылдам» деген ойынмен бекітіліп, үй тапсырмасы беріледі.

8-сыныпта «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыбын өткенде оқушылар топқа бөлінеді. Оларға мынадай тапсырма беріледі:

1. Картамен жұмыс жүргізу (топпен жұмыс);
2. Тест сұрақтары арқылы білімді тексеру;
3. Тірек сызба арқылы қазақ хандығының мемлекеттік құрылысын анықтау;
4. Хронологиялық тапсырма;
5. Сөзжұмбақ арқылы қорытындылау, бекіту.

Пікірсайыс, проблемалық сұрақтарға жауап беру.

Осылайша сабақта тірек сызбаларын пайдалану арқылы уақытты үнемдеу мәселесі, бөлінген уақыт ішінде бірқатар мәселелердің басын ашып, мазмұнын түсінуге мүмкіндік жасауға болады.

Оқулықтағы тұтас тарауды қамтитын көлемді дүниенің басты мәселелерін бір кестеге шоғырландыру оқушы ойын жинақтауға, кеңейтуге, жаттандылық сияқты әдеттен сақтандыруға, салыстырмалылыққа үйретуге, тарихи құбылыстарға талдау жасай білуге үйретеді.

Теориялық білімді игерту және жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана оқушылардың алған білімі мен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады.

Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады. Осы орайда білім алу сапасын жақсартудың бірден-бір жолы – оқыту үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану[3, 23 бет].

Оқытудың ұйымдастыру формасы мен әдіс-тәсілдерінде қолданылып жүрген жаңа педагогикалық технологиялар санын кейбір зерттеушілер елуден асырады. Солардың арасында оқытудың компьютерлік (ақпараттық) технологиясы да бар, оның авторы – Апатова Н.В.

Оқытудың компьютерлік технологиясының мақсаты-ақпаратпен жұмыс істей білуді қалыптастыру және қатынас қабілетін дамыту, «ақпараттық қоғамға» даярлау. Компьютерлік технологияның басты ерекшелігі оқыту. Бұл-оқушының компьютермен қатынысы және оны жеке қасиеттеріне қарай компьютерге бейімдеу. Мазмұны мен әдістерінің ерекшелігі компьютерлік техниканың принциптерін меңгеру. Сонымен қатар ақпараттық технологияларға компьютерлік телевизия хабарлары, радио, интернет құралдарын пайдалану жатады.

Президент Жарлығы алғашқы электронды оқулықтардың шыға бастауына түрткі болды. Қазақстан тарихы пәнін оқытуда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану уақыт талабы екенін ескере отырып, тарихшы мұғалімдер мектепте тарихты оқытуда компьютердің мүмкіндігін пайдалануды жүзеге асырса, электронды оқулықты кеңінен қолдану білім сапасын арттырудың тиімді жолы екендігіне көз жеткізер еді[4, 19 бет].

Отандық тарихқа қазіргідей қоғамдық қызығушылықтың артуымен оның белестерін ой елегінен қайта өткізу қажеттігі және тарихи оқиғалар иен фактілердің түрлі көзқарастағы, бағыттағы ғалымдар тарапынан сан-саққа жүгіртіліп баяндалуы, ғаламдық ақпараттану дәстүрлі оқулықтармен қатар электронды оқу құралдарын жасауды күн тәртібіне қойды .

Осы орайда 10 және 11 сыныптарға арналған «Қазақстан Республикасының тарихы» электронды оқулықтары мектептің типті оқу бағдарламасына сәйкес ҚР білім және ғылым министрлігі бірегей үлгісі негізінде жасалды. Бұл оқулықты М.Қойгелдиевтің жетекшілігімен авторлар тобы жазып шығарды.

10-сыныпта «Соғыс жылдарындағы Қазақстанның экономикасы» тақырыбын өткенде электронды оқулықтың көптеген артықшылықтарына көз жеткізуге болады. Дәстүрлі оқулықта кездеспейтін: «сол уақытта әскер қатарына 1 млн. 36 мың адам шақырылса (1941 ж. 6 млн. 425 мың республика халқының 21,2% өнеркәсіп мекемелеріне 670 мың жұмысшы және инженер қалдырылды. Ауыл шаруашылығында еңбекке жарамды халықтың 20 пайызын егде тартқан ерлер, 38 пайызын әйелдер, 22 пайызын жасөспірімдер құрады... Республиканың әрбір төртінші тұрғыны, яғни, 24 пайызы соғысқа қажетті құрылыстарға жұмылдырылды, ал осы мақсаттарға екі майдандада соғысып жатқан Германияда халықтың 12 пайызы қамтылды» деген сияқты деректер оқушының танымдық өрісін кеңейтеді.

1941-1945 жж. республикада 460 жаңа кәсіпорын пайда болды. Мыстың - 35%, висмуттың - 65%, түсті металл рудасының 75%-ын Қазақстан өндірді, теміржол 1500 шақырымға ұзарды. Республика жеңіл өнеркәсібі соғыс жылдары Қызыл Армия үшін киім-кешек пен жабдықтың 50 түрін шығарды. Бұл деректер оқушыларға ғылыми және нақты тарихи білім береді.

Қорыта келгенде электронды оқулықтардың мынадай артықшылықтары бар: 1. оқушының танымдық мүмкіндігін кеңейте түседі; 2. электронды оқулық білімді есте сақтауға жақсы әсер етеді. Оқыту үрдісінде оқушының өзінің қатысуы оның ойлау қабілеті мен оқуға деген ынтасын арттырады; 3. оқушыны тарихи құбылыстарды, оқиғаларды өзінше талдауға, баға беруге үйретеді; 4. оқулықтар мазмұнының негізгі арқауы соңғы жылдардағы ғылыми жетістіктер.

Сонымен электронды оқулық – ерекше көрнекілік. Ал тарих сабақтарында көрнекі құралсыз оқушыларды сабаққа ынталандыру, олардың алған білімдерінің тиянақты, баянды болуы қиын. Сондықтан да оқушылардың ақпараттық мәдениетін көтеру үшін әрбір пән сабақтарында компьютерді қолданудың маңызы зор.

Білім берудің сапасын арттырудың негізгі бағыттарының тағы бірі – оқыту үрдісін жан – жақты және жүйелі түрде компьютерлендіру. Оқыту үрдісін компьютерлендірудің, соның ішінде, тарих пәнін компьютер көмегімен оқытудың нәтижелігін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу аса маңызды орын алады. Бұған себеп оқу үрдісін компьютерлендіру психологиялық – педагогикалық іс - әрекеттердің негізгі бағыттарын жан – жақты қамтуы болып табылады.

Оқу үрдісін технологияландыру және оқытуда компьютерді қолдану жөніндегі зерттеу жұмыстары тәжірибе арқылы нақтыланып, оң пікір алғанына қарамастан оқу үрдісінде педагогикалық технологияны қолдану, сабақтың тиімділігін арттыру мақсатындағы компьютерлік оқыту іс жүзінде көп кездесе бермейді. Бұның себебі сабақты технологиялық тұрғыдан жобалаудың бастапқыда қиындық келтіруі, технологияны қолдану әдістерінің кейбір сатыларының жеткілікті түрде зерттеліп өңделмегендігі және технология жөніндегі мақалалардың аз мөлшерде жариялануы.

Білімді ақпараттандыру үрдісі уақыттың табанды құбылысы және Қазақстандағы ақпараттандыру бағытының ең маңызды әлеуметтік – экономикалық, жалпы мемлекеттік мәселелердің бірі болып табылады. Болашақ мамандардың игеретін білімі, біліктілігі және дағдысын көбінесе келешектегі қоғам дамуының жолдары анықтайды.

Орта жалпы білім беретін мектептерді компьютерлендірудің бастапқы бағыттары мен мәселерінің бірі – оқытуға ақпараттық технологияны енгізу.

Тарихты оқыту әдістемесінің бүгінгі күні төмендегідей өзекті мәселелерді қамтиды:

1. Оқыту мақсатын нақтылау;
2. Компьютерлік технология негізінде тарихты оқытуды ұтымды ұйымдастыру;
3. Оқушылардың тарихи іскерлігін дамыту.

Тарихты оқытуда компьютерді пайдалану дәстүрлі оқыту әдістерінің тиімділігін арттырады және материалды оқыту мен үйретудің жаңа жолдарын, ойлау қабілетінің дамуына көмегін тигізеді.

Компьютер оқыту құралы болып табылғанымен, олар мектеп оқушыларының білуге тиісті пәндерінің бірі болып саналады.

Білім беруді ақпараттандыру тұжырымдамасында оқыту мазмұнын өзгерту жағы да қарастырылған. Оның мағынасы қоғамды ақпараттандыру үрдісінің белгілі бір мөлшерінде дамуының бірнеше бағыттары арқылы жүргізіледі.

Бірінші бағыт информатика аймағында оқу пәндерін құрумен, оқып үйренушілерді кәсіби дайындаумен және жалпы білім беруді қамтамасыз етумен байланысты.

Екіншісі – барлық білім деңгейіндегі оқу пәндерінің пәндік мазмұнын өзгерту.

Үшінші бағыт ақпараттандырудың оқу мақсатына терең әсерімен байланысты.

Келесі кезекте білімді ақпараттандыруды төмендегі талаптар бойынша қалыптастыруға болады.

1. Қоғамның әрбір мүшесіне мәлімет пен білімнің берілуі.
2. Жеке тұлғаның интеллектуалдық және шығармашылық қабілетін дамыту.
3. Ынтымақтастығы (айырбастау, тілектестігі).
4. Біліктілігін үздіксіз көтеру немесе әрбір қоғам мүшесінің өмір бойғы кәсіби қызметін өзгертуі.
5. Жалпы білім мен тәрбиені ізгілендіруі.
6. Білім алуды жеделдетуі.
7. Ақпараттық технология мен жалпы компьютерлік сауаттылықты байланыстырып оқыту.
8. Білім беру мен оқытуды қарқындетуі.

Білім беруді ақпараттандыруды толық өмірдегі ақпараттық қоғам шартына адамды дайындау үрдісі ретінде сипаттауға болады. Сонымен қатар ақпараттық технология тек жеке даралықты қарастырмайды, ол бірдей жастағы оқушылардың ортақ қасиеттерін жүйелей, жинақтай отырып оқу ақпараттарын меңгерудің ортақ жақтарын да қамтиды. Себебі, сыныптағы оқушылардың меңгерген деңгейлері әр алуан болуы[5, 35 бет].

Қорыта айтар болсақ, жаңа технологияларды, оның ішінде модульдік оқыту, сабақтарда тірек сызбаларды кеңінен пайдалану, электронды оқулықтарды, ақпараттық технологияларды қолдану оқушыларды ақпаратпен жұмыс істей білуге үйрете отырып, білім, білік пен дағдыны қалыптастырады, жалпы алғанда оқу жүйесінің сапасын арттырады.

Жаңа технологиядағы басты мақсат - өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушыны мұғалім дайындап әкелген жаңа материалды жай қабылдаушыдан оны іздеп табушыға айналдыру. Сабақты үнемі түрлендіріп, тірек сызбалар, сауалнама сұрақтар, жаңа технологияны пайдалану арқылы өткізу үлкен нәтиже береді.

Оқу пәнінің мазмұнын көрнекілік түрінде құрылымдау оқушылардың қабылдауын оңайлатады. Сабақ құрылымын жиі өзгертіп отыру олардың ойлау қабілетіне, өз ойын қорыта айтуға, тарихи деректермен жұмыс істеуіне қозғау салады. Пәнге деген қызығушылығын туғызады. Пән бойынша жақсы нәтиже көрсеткішіне жеткізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тұрғанбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. –Алматы., 2003-21б.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. –Алматы: Атамұра, 1999.-17 б.
3. Әбдіғұлова Б. Қазақстан тарихын оқытудың өзекті проблемалары. –Алматы: Ғылым, 2001-23 б.
4. Хазретәлі Т. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. –Алматы, 2004.-19 б.
5. Төлеубаева К. Тарихты оқытудағы әдістемелік технологиялар. // Қазақ тарихы (ғылыми-әдістемелік журнал). №2.2009.-35 б.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ершатов Қайрат Битибаевич
п.ғ.м., аға оқытушы

Сейдалиев Азамат Мархабатұлы
Дене шынықтыру және спорт мамандығының 4 курс студенті

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан
ershatov67@mail.ru

Аннотация: «Долина ценностей» возникла на рубеже многих наук - философии ценностей, оксиологии - теории ценностей, философской и культурной антропологии, социологии, социального среднего образования и общего среднего образования, а также во многих направлениях.

Ключевые слова

Здоровье, ориентация ценностей

«The Valley of Values» originated at the turn of many sciences - the philosophy of values, oxylogy - the theory of values, philosophical and cultural anthropology, sociology, social secondary education, and general secondary education, as well as in many directions.

Health, values orientation

Өткен ХХ ғасыр адамзат тұрмыс салтындағы құндылық бағдарды ғылыми танымның бірінші қатарына қоя отырып, ғылымның қарқынды дамуын атады. Алайда, құндылықтар, құндылық бағдарлары философия, этика, әлеуметтану, психология ғылымдарында аса маңызды зерттеу нысаны болған.

Г.П.Выжлецов, философияның онтологиялық, гносеологиялық, аксиологиялық даму кезеңдерін сипаттай келе, олардың әрқайсының негізгі талдаған құндылықтары және идеалдары - байлық, бахыт, рухани еркіндік болғанын айтады [1, 65].

Помимо самих фантастических существ русских сказок, ключевым также является пространство их обитания, место, куда порой отправляется сам сказочный герой (Иван-царевич, Василиса Прекрасная) либо по какому-то поручению, либо в поисках невесты. Во многих сказках таким пространством является лес, который может ассоциироваться с теменосом – сакральным, оберегаемым местом. С точки зрения юнгианской психологии путешествия в такие пространства означают погружение в бессознательное, лес в данном случае может ассоциироваться с закрытым алхимическим сосудом. При этом лишь подготовленный адепт (в нашем случае им является герой сказки) имеет право открыть сосуд. По мнению Юнга: «Лесная чаща, место темное и непроницаемое, – вместилище всего неведомого и таинственного, подобно водным глубинам и морской пучине. Лес – удачный синоним бессознательного» [7,с.9]. Обитатели леса (Леший, Кощей, Баба-яга) оберегают его от посягательств извне, поэтому сказочному герою необходимы личные качества или помощники, при помощи которых можно бы было проникнуть в лес и справиться с его обитателями. Известный отечественный фольклорист и исследователь славянских мифов Неонила Криничная замечает, что лес «...оставался природной стихией, хаосом, где единственным организующим началом был его дух - «хозяин» и другие «отпочковавшиеся» от него божества».

Рассматривая русские народные сказки, мы становимся ближе к психологии архаического человека, из глубин веков доносящего до нас удивительный мифологический мир сказок. Русские народные сказки являются плодом коллективного творчества целого народа со своими собственными представлениями о морали, нравственности, героизме, жизни и смерти. В русских народных сказках заложена универсальная мудрость, близкая каждому из нас. Эта универсальная мудрость воспроизводится в новых жизненных обстоятельствах, в конкретной и повседневной жизни

Список литературы:

1. М.Марк и К.Пирсон. Герой и бунтарь. Создание бренда с помощью архетипов СПб.: Питер, 2005.
2. Иудин А.А. Архетипы в брендинге: специфика русской культурной традиции. Рижский новгород: НИСОЦ, 2008. С 2,13.

3. Пропп В. Я. Русская сказка. М.: Лабиринт, 2000. 416 с.
4. Адоньева С. Б., “Волшебная сказка в контексте традиционной фольклорной культуры”, Л.: ЛГУ, 1989;5
5. Мелетинский Е. М. Поэтика мифа. М.: Академический проект; Мир, 2012. 336
6. Максимов С. Г. Волхвы, скomorохи, офени. М.: Вече, 2011. 320 с
7. Юнг К. Г. Дух Меркурий. М.: Канон, 1996. 382 с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМЫТУДАҒЫ ДҮНИЕТАНУ ПӘНІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Қара Әсел Бейсенбайқызы
аға оқытушы, магистр*

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация: В данной статье анализированы содержания понятия «личность», «личностные качества». Рассмотрены проблемы развития личностных качеств учащихся. Выявлены воспитательные возможности предмета «Познание мира».

Ключевые слова: Личностные качества, познание мира, эстетическое воспитание, трудовое воспитание, нравственное воспитание.

Annotation: This article analyzes the content of the concepts of «personality», «personal qualities». Problems of development of personal qualities of pupils are considered. Educational opportunities of the subject «Knowledge of the world» are revealed.

Keywords: Personal qualities, knowledge of the world, aesthetic education, labor education, moral education.

Қазақстан Республикасының егемендік алған алғашқы жылдарынан бастап білім беру ісіне баса назар аударылуда. Білім беру барысында балалардың тұлғасын жан-жақты жетілдіруге, олардың танымдық әрекетін дамытуға, ой-санасын қалыптастыруға ерекше мән берілуде.

Бала бойындағы асыл қасиеттердің көзін ашып, оны қоғамның белсенді мүшесі етіп дайындауда, білім беру және тәрбиелеуде жеке тұлғаны дамыту қатар жүргізілгенде ғана өз дәрежесінде жүзеге асады. Осыған байланысты білімнің мазмұнын, оқыту әдістері мен тәрбиені ұйымдастыру нысандарын жетілдіруді нақтылай түсу қажеттелігі туындайды.

Адам бола білу – ең биік қасиет. Оған тек жаны, тәні сау ұрпақтың ғана қолы жетеді. Сондықтан адамды адам ете түсетін қасиеттерді ашып көрсету, яғни тұлғаны дамыту заман талабына айналып отыр.

Жаңа туған нәресте «адам» деп аталғанымен, «тұлға» деген атқа ие бола алмайды. Себебі, қандай да болмасын бір іспен айналысатын, азды-көпті өмір тәжірибесі, білім мен дағдысы, икемі, дүниетанымы, сенімі мен талғам-мұраты, бағыт-бағдары бар адамды тұлға деуге болады.

Тұлға – жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі[1].

Жеке тұлға деп жекелік психикалық қасиеттері дамыған, әлеуметтік ортада өмір сүруге және қарым-қатынас жасауға қабілеті қалыптасқан адамды айтамыз.

Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері – оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті, даралығы. Даралық бір адамның басқа бір адамнан, бір тұлғаның басқа бір тұлғадан айырмашылығын, оның ешкімге ұқсамайтынын, өзіне тән ерекшелігі бар екенін сипаттайды. Даралық, әдетте адамның мінезі мен темпераментінің ерекше белгілері, шығармашылық қызмет әрекеті мен қабілеттілігінің өзгешелігі арқылы ерекшеленеді.

Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз – ол оның өзіне тән мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы.

Адам тұлға болып өзіндік ерекшелігімен бірден дүниеге келмейді. Әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет. Адамның жеке қасиеттері өмір жолында дамып қалыптасатын болғандықтан жеке тұлғаның «дамуы» мен «қалыптасуы» ұғымдарының мәнін ашу педагогика үшін маңызды.

Жеке тұлғаның дамуы дегеніміз, ең алдымен, оның қасиеттері мен сапасындағы сандық өзгерістер үрдісі. Жеке адамның дамуы өз мүмкіндіктерін үздіксіз кеңейтіп, қажеттіліктерін арттырып отырумен байланысты. Осы даму деңгейі адамға тән қарым-қатынастар аймағымен өлшенеді.

Жеке тұлғаның қалыптасып, дамуына әсер ететін факторлардың ішінде тәрбие ең маңызды орын алады. Тәрбие – қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру үрдісі, аға ұрпақтың тәжірбиесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды міез-құлқын дамытушы. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, инабаттылық қасиеттерін және тіршілікке қажетті дағдылар қалыптастыру болып табылады [2].

Тәрбие беру жүйесінде дүниетану маңызды орын алады. Оны оқу үстінде балалар қоршаған табиғаттың бірлігі мен алуан түрлілігі, оны қорғау туралы қарапайым білім алады, Отанымыздың табиғат көріністерімен танысады, адам ағзасы туралы жалпы түсінік алады, оның негізінде әрбір адамның өмірінде соншалықты қажет болатын гигиеналық дағдылар қалыптасады. Пәннің маңызы мұнымен шектелмейді. Мектептегі дүниетану пәннің негізгі идеясы өлі және тірі табиғат компоненттерінің арасындағы байланыстарды ашу және анықтау, табиғаттың барлық компоненттерінің айтарлықтай дәрежеде табиғатты пайдаланумен және соған сәйкес табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеумен байланысты болатын адамдардың еңбек әрекетіне әсерін түсіндіру болып табылады.

Осы идеяны жүзеге асыру барысында өскелең ұрпақты оқытуға кешенді тұрғыдан қарауға зор мүмкіндіктер туады.

Бұл мақалада оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудағы дүниетану пәнінің кейбір мүмкіндіктеріне тоқталамыз.

Тұтас алғанда дүниетану К.Д.Ушинский ұлы тәрбиеші деп атаған табиғатты зерттейді. «Балалардың табиғатқа нақтылы сезімін ояту дегеніміз – ең игілікті, жан сезімін тәрбиелейтін ықпалдардың бірін қоздыру».

Табиғатты оқып үйренуде өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде мол мүмкіндіктер туады. Табиғат адамды рухани байытады, онымен қарым-қатынас жасау адамдардың жоғары моральдық қасиеттерінің қалыптасуына жағдай жасайды. Нағыз әсемдік табиғатта болатыны белгілі, ал мұғалімнің міндеті балаға оны көре білуге көмектесу, бағалай білуге және көргенін пайдалана білуге үйрету болып табылады.

Оқушыларға дүниетануды оқып үйрену барысында еңбек тәрбиесін беруге де қолайлы жағдайлар жасалады.

Ол мынадай бағыттарда жүргізіледі:

1. Табиғат байлықтарын пайдалануға байланысты адамның еңбек әрекетін көрсету. Бұл көрсету экскурсия, серуен, жеке бақылаулар кездерінде жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Табиғат қорғау шараларын: сыныпты, мектеп ауласын, мектепке жақын жатқан көшелерді көгалдандыру; өсімдіктерді күту; мектеп үлескісінде қамқорлыққа алынған бақтағы жұмыс; жабайы өсімдіктердің тұқымын жинау, құстарға, аңдарға жем дайындау және оларды қосымша азықтандыру кезіндегі қоғамға пайдалы жұмысқа оқушыларды қатыстыру.

3. Балаларды еңбек әрекетінің қоғамдық маңыздылығын көрсету арқылы еңбек адамын сыйлауға дағдыландыру.

4. Еңбек тәртібін сақтауды, еңбекқорлыққа, тапсырмаларды орындауда жинақылыққа және дәлдікке машықтандыруды, оларға шығармашылықпен қарауды, тапсырмаларды орындау үстінде тәртіп ережесін сақтауды, жұмыс орнын реттеп ұстауға бағытталған еңбек тәртібін дұрыс ұйымдастыру. Балалар игерген іскерлігін, дағдысын, әдетін, келешекте еңбек әрекетіне пайдалана алады.

5. Жергілікті жерде, тәжірибелік жұмыстар атқаруда, сондай-ақ сабақтарда практикалық жұмыстар мен тәрбиелер орындау кезінде еңбек іскерліктеріне қалыптастыру.

Сонымен қатар дүниетану сабақтарында оқушыларға адамгершілік тәрбиесін беру жөнінде көптеген жұмыс жүргізіледі.

Дүниетануды оқып үйренуде оқушылармен жүргізілетін жұмыстың барлық түрлері: тілектестік, әділдік, достық, жолдастық, ұжымшылдық, ортақ іске жеке бастың жауапкершілігі сияқты қасиеттерді қалыптастыру тәсілдерін қамтуы тиіс. Бұл тұрғыдан алғанда оқушылардың өзін әр қилы жақтарынан көрсетуіне экскурсияларда мол мүмкіндіктер бар. Бұл жерде кейбір оқушылардың мінез-құлқындағы өзімшіл нышандарды, бір-бірін ұнатпаушылығын, тәртіп нормаларын орындамауын аңғаруға болады. Мұғалімнің міндеті – мұндай теріс қылықтарды дер кезінде байқау, ең бастысы – жағымсыз көріністердің алдын алу.

Мұғалімнің оқушыларды табиғатты сүйе білуге, ұқыпты қарауға және оны пәрменді қорғауға дағдыландыру жөніндегі жұмысы өте маңызды. Сүйіспеншілік дегеніміз сезім саласы, сондықтан мұғалімнің күш-жігері оқушының сезімін дамытуға бағытталуы тиіс. Егер мұғалімнің өзі

табиғатты шын сүйе білсе және оған ұқыпты қараса, онда ол бұл сезімдерін өзінің шәкірттеріне да дарыта алады. Бастауыш сынып оқушылары өте байқағыш және мұғалімнің сөзі мен ісіне сезімтал болатындығын атап айтқан жөн, олар жақсыны тез байқайды және мұғалімге еліктейді.

Табиғатты сүйеге тәрбиелеу арқылы адамның ең жоғары адамгершілік қасиеті – Отанды сүйе сезімі тәрбиеленеді. Дүниетанудың қолайлы сәтті материалы патриоттық сезімдерді тәрбиелеуге мол негіз болады. Отанға сүйіспеншілік ата-ананы, жолдасты, туған өлкені сүйе арқылы тәрбиеленетіні белгілі [3].

Оқушыларға тәрбие берудің дүниетану пәніне тән мүмкіндіктеріне назар аударуды өте маңызды деп есептейміз. Бұл мүмкіндіктер зор, оларды іскерлікпен жүзеге асыру керек, сонда сабақ беру тәрбиелік сипатқа ие болады.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, VIII том
2. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2004.
3. Оспанов Л. Табиғаттануды оқыту және бала тәрбиесі. – Алматы: Мектеп, 1985.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

*Нурканов Жужбай Кашкинбаевич
э.ғ.м., аға оқытушы*

*БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,
Арқалық, Қазақстан
nzhuzbai@bk.ru*

*Байшугулова Бакытгуль Кадырмендиновна
Информатика мұғалімі, тех.ғ. магистрі
Ш.Уалиханов атындағы №1 орта мектеп*

Аннотация. В этой статье рассматриваются методика реализации принципа наглядности с помощью современных информационно-телекоммуникационных технологии, в том числе с применением средств интерактивной доски в учебном процессе в среднеобразовательных школах Республики Казахстан.

Ключевые слова: информационные технологии, интернет-ресурс, новая технология, интерактивный, инновации

Annotation. For realization above said before teacher stands the question is it necessary to perfect, the quality a teaching, efficient and demonstrative using of new informational technologies, as well as complex use of education facilities on mathematics lesson in the secondary school. In this article we consider the notion of the visual teaching.

Keywords: Information Technology, internet-resource, new technology, interactive, innovation

Қазіргі заманда бүкіл әлем, әсіресе дамыған мемлекеттер қуатты ақпараттық инфрақұрылымды құрастырған және бірыңғай ақпараттық кеңістікті ұйымдастырып, ақпараттық қорды қалыптастыруды жоғарғы қарқынмен іске асыруда.

Мемлекет жоғары экономикалық және әлеуметтік жетістіктерге жете алады және әлемдік экономикалық жүйеде толығымен серіктес рөлін атқара алады, егер де ол қоғам өмірінің барлық аумағында, әсіресе бизнес пен басқаруда ақпараттық технологияларды және ақпараттық жүйелерді қолданса.

Елбасы білім беру жүйесін жаңғырту кезінде оқыту үдерісіне заманауи әдістер мен технологияларды енгізу, педагогикалық құрамның сапасын арттыру, негізгі педагогикалық білім беру стандарттарын күшейту, мектеп пен ЖОО оқытушылар біліктілігін арттыруының талаптарын күшейту сияқты шараларды жүзеге асыру керек екендігін белгіледі [1].

Осыған орай педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісінде елеулі өзгерістер болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Мемлекеттік білім стандарт деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді.

20 ғасыр ортасында атақты ғалым В.М.Глушков: ЭЕМ желілері мен оларға терминал арқылы байланысу жүйелерінің дамуы келесі ғасыр басында техникалық жағынан жетілген елдерде информацияның басым бөлігі, бірінші кезекте, ғылыми-техникалық, экономикалық, саяси-әлеуметтік мәліметтер қағазсыз күйде – *«ЭЕМ жадында саақталады. Соның салдарынан 21 ғасыр басында осындай информацияны пайдалана алмайтын адам 20 ғасыр басындағы оқи да жаза да алмайтын жанға ұқсас болады...»*, - деген болатын.

Ақпараттық технологиялардың білім беру жүйесіндегі алатын орны қазіргі информациялық қоғамдағы кәсіби қызметтің негізі болып табылатын әлемнің ақпараттық – жүйелік бейнесін жасау, ақпараттық орта мен адамның тиімді қарым-қатынасын қалыптастыру сияқты мәселелермен анықталып келеді. Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарлығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын игеру міндетіміз.

Жалпыға арналған сандық білім беру ресурстар арасында Интернет-ресурстар ерекше орынға ие, олар жаңа ақпараттың маңызды көзіне айналуда және сабақтарды модельдеу үшін айрықша материалды ұсына алады. Мұғалімдер бұны өздерінің күнделікті педагогикалық тәжірибесінде есепке ала алады. Интернет-технологияларды игеру қазіргі заманда мұғалімнің негізгі құзыретінің біріне айналды. Интернет-ресурстар мұғалім мен оқушылардың өз

бетінше білім алуларының көзі және ұйымдастырушысы болып табылады, өз және өзгенің тәжірибесінің кәсіби рефлексиясына жәрдемдеседі, қоғамның заманауи даму деңгейінде қажет болатын оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамытады [2, 32].

Біз ғаламторға қаншалықты терең үңілсек, қазіргі жағдайды соғұрлым жақсы түсінетін, білетін боламыз. Сондай қажеттіліктің бірі – ғаламтордан пайдалы ақпараттарды алу, оны өмірде қолдану. Біздің күнделікті өмірімізге байланысты ақпараттарды алудағы маңызды құрал ол - ғаламтор. Адамзаттың интеллектуальдық өмірі үшін ол аз мағына бермейді. Қазақ қоғамына ғаламтордың енгеніне аз уақыт болса да, әлемдік деңгейде және өмірдің кез-келген саласына қажетті ақпараттарды, жаңалықтарды дер кезінде алуға, басқа қолданушылармен ақпарат алмасу мүмкіндігіне ие болып отырмыз, және де ақпаратты алу немесе беруде белгілі уақытқа тәуелді болмайсың, керек уақытында қарауға, жіберуге болады. Қазіргі таңда ғаламтор техникасы біздің өміріміздің барлық саласына, тұрмыс-тіршілігімізге дендеп енді. Бұл адам баласының ой еңбегі мен дене еңбегін барынша жәңілдетіп, электронды тетіктер арқылы айлық алыс жерден қас қағым сәтте ақпарат алатын ғажайып мүмкіндіктерге ие етіп, адамдарды сан қилы әурешіліктерден жеңілдете бастады. Сол сияқты қоғамдық, экономикалық дамуды алға бастырып, өндіргіш күштерді өркендетуге жетелейтін, адамдарды біліктілікке бастайтын білім экономикасы дәуірінің ең маңызды қозғаушы күші.

Жастарға арнаған сөзінің бірінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым мен білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» деген болатын.

Бүгінгі таңда жастардың білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалана білуіне ықпал ету мақсатын көздейді. Технологиялар мен олардың негізінде пайда болған құралдар көпшілікке қолжетімді болған сайын, олардың мүмкіндіктері де кеңейе береді.

Біз жеңіл және ыңғайлы тәсілмен, қазіргі заманғы технологияларды белсенді қолдана отырып қарым қатынас жасайтын ақпараттық дәуірге әлде қашан жеттік. Қоғаммен бірге мемлекеттік билік органдары да өзгереді, себебі олардың міндеті халықтың талаптарын қанағаттандыру, басқаша болуы мүмкін емес. Мемлекеттің қарым-қатынасы барлық деңгейде орындалуы қажет: мемлекет – азаматтар, мемлекет – бизнес және мемлекет – мемлекет, ал қызмет көрсету мүмкіндігінше бір жерде, бірыңғай электрондық порталда – электронды үкімет порталына беріледі. Электрондық үкімет-ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кең қолдану жолымен азаматтарға және ұйымдарға қызметтерді ұсынуға максималды бағытталған, мемлекеттік органдардың жұмыс істеуі

Интернет, электрондық терминалдар немесе тіпті мобильдік телефонның көмегімен халыққа және де тек жеке тұлғалараға ғана емес компанияларға да немесе кәсіпкерлерге де қызметтер көрсетуге мүмкіндік беретін жүйе барлық қолданыстағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері азаматтарға және

бизнес- құрылымдарға қызметтерді көрсетуге бағытталған және «электрондық үкімет» инфрақұрылымына ықпалдастыруды ескерумен құрылуда [3, 134].

Оқу жүйесінде заманауи ақпараттық технология құралдарын қолданудың қазіргі заман талап етіп отырған дәрежедегі әдістемесін жасау бүгінгі күннің өзекті мәселесі болғандықтан, ЖОО сабақ барысында компьютердің көрнекілік мүмкіндіктерін толық, әрі тиімді пайдаланудың маңызы зор. Өйткені, болашақ мұғалім, ертеңгі күні жалпы орта мектепте сабақ барысында шәкірттердің ақпараттық-технологиялық білім негіздерін, сауаттылығын көтеруді мақсат ететінін ескерсек, онда дәстүрлі оқыту үдерісіне компьютерлік технологияны қолданудың әдіс-тәсілдерін енгізу, дәстүрлі және дәстүрлі емес оқыту технологияларын үйлестіре пайдаланып, болашақ мұғалімнің оқу материалын дұрыс түсіндіре алуы, кесте т.с.с. көрнекі құралдарды тақырыпқа сай орнымен қолдана білуі, өзіндік жұмысты ұйымдастыруы мен бақылауы т.б. функциялар арқылы жүзеге асады. Оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары, компьютер және техникалық оқыту құралдары мұғалімді кейбір жұмыстардан босатады және басқару тиімділігін арттырады. Өйткені өтілген материалды толық, тез меңгеру үшін әр алуан оқу құралдары қажет, яғни бор, тақтадан бастап, күрделі құрылғыларды айтуға болады. Оқу құрал жабдықтары мұғалімге оқу үрдісін ұйымдастыру, оқу материалын терең меңгеруін қамтамасыз ету, студенттердың өзіндік жұмыс істеуіне, жаңа білімді өз бетінше алуына және оны практикада қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға жәрдем етуі тиіс.

К.Өстеміров қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдарын былайша жіктейді: заттарды және объективтік шындықтың құбылыстарын шартты құралдармен (сөз, белгі, графика) көрсететін оқу құралдары текстік кестелерді, схемаларды, графикаларды, диаграммаларды, жоспарларды, карталарды, оқу кітаптарын: оқулықтар мен оқу құралдарын, есептер жинақтарын, өзіндік жұмысқа арналған нұсқауларды, дидактикалық материалдарды және т.б. қамтиды. Бұл оқу құралдары оқу процесі барысындағы хабарларды тарату құралы болып табылады және ол үшін арнайы техникалық жабдықтар қажет болады [4, 58].

Мемлекет басшысы «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары және «5 институционалдық реформа» бағдарламалық құжаттарында, “Мәңгілік Ел” идеясында білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту бойынша міндеттерді келтіруге, халықаралық стандарттарға сәйкес, нақты міндеттерді қойды. Бүгінгі әлемнің тез өзгеретіні соншалық, заманауи білім беру өзгерістерді соңынан емес, керісінше, алдын ала болжауы тиіс. Осыған байланысты отандық білім беру жүйесі қайта құруды, халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді және заман талабына лайықты азаматтарды даярлауды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі.

1. «Білім әлемінде, В мире образования, In the world of education» журналы. Алматы, №1-3. 2006.
2. Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар, – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.

3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника/ Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдаламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002.
4. К.Өстеміров. Оқытудың педагогикалық технологиялары. Алматы, 2005.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Оразбекова Роза Сундетбековна
аға оқытушы, тарих магистрі*

*Алтыбай Еркеғали Нұрғалиұлы
«Тарих» мамандығының 4 курс студенті*

*БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье рассмотрены эффективные методы и приемы преподавания истории. Автор указывает на современные технологии в образовании, которые в нынешнее время имеют большое значение для обучаемых.

Ключевые слова: обновленное образование, методы обучения, технология, методика, обучения.

Abstract. In this article it is said of effective methods in the studying of the history. The author points to modern technologies in education, which at the present time are of great importance for trainees.

Keywords: updated education, teaching methods, technology, education, methods

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп - үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, өзін-өзі ұстауы - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі-педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, шығармашыл тұлға құзіреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Бұл міндетті тек кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті ұстаздар ғана атқара алады.

Жаңа педагогикалық технологиялардың ерекшелігі - өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс еңгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы - өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Бүгінгі шәкірт-ертеңгі ел тізгінін ұстар, мемлекетіміздің болашағы. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру - жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі.

Мұғалімнің басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге бағытталған жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал мұғалімдерден негізгі кәсіби құзырлылық-тарын дамытуды талап етеді. Білім беру саласын ізгілендірудің басты бағыттарының бірі — белсенді оқыту түрлері мен әдістерін жетілдіру. Ескі мазмұнды ығыстыра отырып, елімізде білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасуда. Әлемнің оқыту технологиялары жоғары дамыған елдерінің (Жапония, Германия, Голландия) тәжірибесіне назар аударсақ, түпкі мақсаты-баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру, яғни, бірінші орында баланың білім, білігі мен дағдысы емес, жеке тұлғаның білім алу арқылы дамуын қояды.

Бүгінгі педагогика ғылымында жаңа оқыту технологиялары: дидактикалық біліктерді шоғырландыру, ізгілікті-тұлғалық бағдарламалар, дамыта оқыту, мәселелік, тірек сигналдары арқылы, деңгейлеп саралап оқыту, өздігінен ізденіп даму, оқытудың компьютерлік, модульдік технологияларды ғылыми тұрғыда дәлелдеп, баламен бірге жұмыс жүргізіп жүзеге асырушы мұғалім. Заманауи білім берудің ерекшелігі: жаңа ақпарат беру; заманауи технологияны меңгерту; іздендіру; өз бетімен жұмыстарды орындату; ой-қиялын, сынай ойлауын дамыту; іскерлік пен дағдыны қалыптастыру; қызығушылықты, ынта-ықыласты арттыру; топпен жұмыс істеуді үйрету және т.б.

Әр ұстаз - ХХІ ғасыр мұғаліміне сай болу үшін - ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болу керек. Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді - кәсіби күзіреттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы №265 бұйрығына сәйкес, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, жаңартылған орта білім мазмұны бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібі енгізілді. Мұнда тек қана мектептегі «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді. Тоқсанның («Дене шынықтыру»), жартыжылдықтың («Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка») және оқу жылының соңында аталған пәндерден «есептелінді»/«есептелінген жоқ» деген белгі жазылады. Ал, формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын педагог өзі дайындайды. Мектептегі

гуманитарлық ғылымдар ішіндегі тілдік пәндерден жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша жүргізіледі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым). Тыңдалым (тыңдау) және айтылым дағдыларын бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған аптаның ішінде сабақтың барысында жүзеге асады. Білім алушылардың тоқсандағы оқу жетістіктерінің нәтижелері бойынша жазбаша түрде өткізілетін жиынтық бағалауда объективтілік және ашықтықты қамтамасыз ету үшін модерация жүргізіледі. Модерация қорытындысы бойынша білім алушылардың өзгертуге жататын жиынтық жұмыстарының тоқсандық балы қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша қойылатын жиынтық жұмыс балы жоғарылатып, сол сияқты төмендетіліп те қойылады. Мектеп оқушысы немесе білім алушы белгілі себептермен екі аптаға дейін болмаған жағдайда (ауырып қалуына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуы, конференцияға, олимпиадалар мен ғылыми жобаларға (ғылыми жарыстарға) қатысу), білім алушы орта білім беру ұйымына қайтып оралғаннан кейінгі екі аптаның ішінде мектеп жасаған жеке кестеге сәйкес жиынтық бағалауды тапсырады. Сондай-ақ, бөлім (ортақ тақырып) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы болмаған жағдайда білім алушы уақытша аттестаттаудан өтпеген болып есептеледі. Ал, формативті және жиынтық бағалау қорытындысы бойынша ақпарат білім алушыларға және ата-аналарға немесе баланың заңды өкілдеріне қағаз түрінде немесе электронды нұсқада беріледі. Формативті бағалау нәтижелері тоқсандық және оқу жылының бағасын қою кезеңінде есепке алынбайды. Тоқсандық баға бөлім (ортақ тақырып) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылады.

Қалыптастырушы бағалау дегеніміз - оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін бағалаудың түрі болып табылады. Қалыптастырушы бағалаудың ерекшеліктері: қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды; ҚБ тоқсандық бағаға әсер етпейді; оқушылардың оқу мақсаттарына жеткендігі бағалау критерийлеріне сәйкес жүзеге асады; әр оқушының ілгерілеуі туралы кері байланыс беріледі.

Журналды толтырудың талаптары мен өзіндік ерекшеліктері де болады. Мәселен, журналдың әр бетінде мерзім мен тақырыпқа тек 20 графадан бөлінген. Сондықтан осыған байланысты мынадай шешім қабылданды:

1. Сабақ мерзімі мен тақырыбы жол қалдырылмай қатарынан жазылады (қаржы бақылауының талабы), мысалы, 34 сағат 1,5 бетке, 68 сағат 3,5 бетке жазылады (бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған беттерді қоспағанда).
2. Бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың бағалары бірінші беттен басталады – I тоқсан, 2-бетте – 2 тоқсан, 3-бетте – III тоқсан, 4-бетте – IV тоқсан, жылдық баға 5-бетте жазылады.
3. Бағаланбайтын немесе жартыжылдықта бағаланатын пәндерден (мысалы, “өзін-өзі тану” пәніне 3 бет қалдыруға болады) беттер санын

азайтуға болады. 7-сыныптарда музыка және көркем еңбектен де бет санын 3-ке азайтуға болады (“өзін-өзі тану” пәніне секілді).

4. Журналдың екі беті бір-біріне байланысты емес, жазулар дербес жүргізіледі, кейбір беттер толтырылмауы мүмкін.

Бөлім бойынша жиынтық бағалаусаны оқу бағдарламасына сәйкес анықталады. Бөлім бойынша жиынтық бағалауды өткізу ұзақтығы 15-20 минуттан артық болмағаны ұсынылады. 15-20 минуттық шектеу – шартты болып келеді, бұл – сабақтың бір бөлігін қамтитын, шағын тапсырмалардан тұратын бағалау жұмыстарын қолдану қажет екендігін көрсетеді. Бөлім бойынша жиынтық бағалауды қандай түрде (бақылау, практикалық, шығармашылық жұмыс, проект, ауызша сұрау, эссе және т.б.) және қай сабақта өткізетінін мұғалім өз бетінше анықтайды. Бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру кезінде тек өтілген материалдарды ғана қамту керек.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау үшін тапсырмалар мен дескрипторларды мұғалім өз бетінше құрастырады (әдістемелік нұсқаулықта берілген тапсырмаларды қолдануға рұқсат етіледі). Бөлім бойынша жиынтық бағалауда максималды балды дескрипторларды ескере отырып, мұғалімнің өзі анықтайды.

Бөлім бойынша жиынтық бағалауды өткізу тоқсан аяқталғанға дейін кемінде 1 апта бұрын жоспарланады.

Мұғалімге кез келген қолжетімді және қолайлы формада (электрондық күнделік арқылы ақпараттандыру қарастырылуда) бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижелері туралы оқушыны, ата-ананы ақпараттандыру қажет. Тоқсандық бағалау жұмыстарын және балдарды қою кестесін әзірлеу бір параллельдегі барлық сыныптар үшін біркелкі Тест спецификациясы негізінде жүзеге асырылады. Тоқсандық жиынтық жұмыстар әр түрлі болуы мүмкін (тест, сынақтар, бақылау жұмысы және т.б.). Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу кестесі мектеп директорының бұйрығымен бекітіліп, тоқсан басында ата-аналар мен оқушылардың назарына жеткізіледі. Тоқсандық жиынтық жұмыс бір параллель үшін бірдей жағдайда өткізіледі. Тоқсандық жиынтық бағалауды қайтадан орындауға (көшіруге) болмайды. Егер оқушы тоқсандық жиынтық бағалауға белгілі бір себептермен қатыса алмаған жағдайда (ауырып қалуы, конференцияға, олимпиадаға және басқа да ғылыми жарыстарға қатысқан жағдайда), пән бойынша орындай алмаған тоқсандық жиынтық жұмысын мектепке келгеннен кейінгі екі апта ішінде орындауы тиіс; бұл жағдайда тоқсандық жиынтық бағалау жұмысының қосымша нұсқасы қолданылады.

Бағалаудың аталған рәсімдерін ұйымдастыру, жоспарлау кезінде жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныста берілген тапсырмалар үлгілері бар тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы қолданылады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы мазмұнын, құрылымын анықтайтын келесі ақпараттардан тұрады:

- тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты;
- пән бойынша күтілетін нәтижелер;
- пән бойынша ойлау дағдылары деңгейлерінің сипаты;

- ойлау дағдыларының деңгейіне байланысты тексерілетін мақсаттарды тоқсандарға бөлу;
- тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу ережесі;
- тоқсандық жиынтық бағалауға шолу;
- тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы;
- тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері;
- тапсырмалардың балл қою кестелері.

Әр мектептің ұсынылған үлгілерді қолдануынан емесе өз бетінше тапсырмалар құрастыруына мүмкіндігі бар.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру спецификацияға сәйкес бір параллельдегі барлық сыныптарда бірыңғай талаптар негізінде жүзеге асырылады.

Модерация – бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін қойылған балдарды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмыстарын талқылап қарастыратын үдеріс. Әрбір мұғалім үшін модерацияға қатысу тиімді болып келеді.

Мүмкіндіктері:

- балл қою кестесі ескерілмегендіктен дұрыс жауап қабылданбаған, балл қою кестесінде қате жіберілген, жалпы балл дұрыс есептелмеген, және т.б. жағдайларды анықтау;
- әріптестердің бағалауды қалай жүргізгенін көру;
- бағалаудағы өз тәжірибесімен бөлісу;
- жиынтық бағалаудың дұрыс өтуін, білім алушылардың барлық жауаптарының есептелуін, мұғалімдер арасында бағалаудың айырмашылықтарын талқылау және түсіну;
- балл қою кестесіне өзгертулер мен толықтырулардың енгізілуі және білім алушылардың алған балдарын қайта қарау туралы шешімдер қабылдау.

Модерацияға дейін: жиынтық бағалау жұмыстарын балл қою кестесіне сәйкес бағалайды; баға қарындашпен қойылады; жиынтық бағалау жұмыстары іріктелініп алынады (максималды, минималды балдары бар, бағалауда қиындық туғызған жұмыс); іріктелген жиынтық жұмыс үлгілерінде білім алушылардың жеке мәліметтері шифрленеді.

Модерация кезінде: жұмыс қорытындысын ұжымда талқылайды және балл қою кестесіне сәйкес қойылғанына көз жеткізеді; қажет болған жағдайда нәтижелерге немесе балл қою кестесіне өзгерістер енгізеді; отырыс хаттамасына қол қояды.

Модерациядан кейін: білім алушылардың жұмыстарын қайта қарайды, балдарды жоғарылатуы немесе төмендетуі мүмкін; нақты балл бағалау нәтижелерін тіркейтін электрондық журналға қойылады.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері: пән мазмұнын жобалаудың спиральділік ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру); таным заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы; білім беру деңгейлері және тұтас

оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік беру; бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптардың» болуы; бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аудару; оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспар түрінде технологияландыру болып табылады.

Жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден – бір жолы. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» - деп ұлы жазушы М.Әуезов айтқандай тәуелсіздік туын тіккен елімізді өркениетке апарар жолдың бастауы – мектеп. Сол алтын ұяда оқушыға сапалы білім, саналы тәрбие берумен қатар, заман талабына сай білімді, нарық заманында бәсекеге түсе алатын, өзінің білім деңгейі мен кәсіби шеберлігін көрсете алатын адал азамат тәрбиелеу басты міндетіміз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиғи байлық емес, сонымен қатар жасөспірім ұрпағы, өйткені олар – біздің ұлтымыздың болашақ айнасы» - дегені мәлім. Демек, жас ұрпаққа білімді жан-жақты беру, мектептен бастап оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту негізінде білім беру үрдісіне Бағдарламаның жеті модулін енгізу қажет деп есептеймін.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
2. 17 қаңтар 2014 жыл http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevtyn-kazakhstan-halkyna-zholdauy-2014-zhylgy-17-kantar
2. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
3. Шаймерденова К.Ш. Қазіргі сабақ және өзекті мәселер. Алматы, 1990
4. Исахов М.З. Тарихи танымдық ойындар. Өскемен, 2002
5. Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К. Сыни ойлауды дамыту әдістері. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген №2 оқу құралы. - Алматы, 1998.

ШАҒЫН ЖАНРДЫҢ ШЕБЕРІ

*Рахметова Базар Анасқызы
филолог.ғ.к.*

*Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан*

В статье рассматривается авторское мастерство видного представителя казахской литературы **Beimbet Maylin**

Ключевые слова: писатель, **Beimbet Maylin**, мастерство.

The article deals with the author's skill of a prominent representative of the Kazakh literature **Beimbet Maylin**

Keywords: writer, **Beimbet Maylin**, mastership

Көрнекті ғалым, әдебиет зерттеушісі, сыншы Темірғали Нұртазиннің мол әдеби мұрасының бір саласы классик жазушы Бейімбет Майлин шығармашылығына арналған.

Ғалымның 1966 жылы жарық көрген «Бейімбет Майлин творчествосы» [1] атты монографиясы қазақ әдебиеттану ғылымының даму тарихындағы аса елеулі еңбек болып табылады.

Б.Майлин шығармашылығының ең бай және ең тартымды саласы - әңгіме жанры екені белгілі. Төңкерістен кейін жалпы прозаның құрамында әңгіме де көптеп жазыла бастады. Оның тез қауырт қарқын алып өркендеп өсуіне, көркеюіне Б.Майлиннің қосқан үлесі айрықша зор. Монографияның негізгі тарауында Т.Нұртазин соны айта келіп: «Қазақ әңгімесі дегенде алдымен Майлин есімі тілге оралады. Бұл қаламгер әңгімені сан жағынан да, сапа жағынан да жазушыларымыздың бәрінен көп жазды, келістіріп жазды» [1,46], - деп бағалап, оның әңгімелерінің алар орны алдыңғы қатарда екенін айқындап берген. Сонымен бірге, Бейімбет әңгімелерінің сапасы үлгі боларлық классикалық дәрежеде екенін анықтап айтады. Оны суреткер жазушы, сөз зергері, әдебиет білгірі М.Әуезовтің өзі мойындап, жоғары бағалағанын келтіреді.

Т.Нұртазин Бейімбет әңгімелерін талдап зерттеуге, оларды баспасөз беттерінен іздеп табуға көп уақыт жұмсап, монографиядан көп орын берген, елу сегіз бет жазған. Сонша мол мұраны саралай келіп, ғалым оларды қамтыған тақырыптарына қарай салалап топтайды. Атап айтқанда: кедейлер өмірі, мемлекет жұмысы, әйелдер өмірі және от басы мен махаббат, әдет-ғұрып, салт, халық ағарту және мәдениет, 1916 жыл, төңкеріс, азамат соғысы, байлар кеңес тұсында, дін және атеизм, ауылды колхоздастыру, жаңа адамдар, өнеркәсіп пен техника адамдары атты тақырыптарға топтап қарастырады. Сөйтіп зерттеуші ұтымды тәсіл қолданған.

Бейімбеттің өзі ауыл кедейі отбасынан шыққан; жоқшылықтың, байға жалшылықтың тақырыптарын тартып өскен, кедейлердің өмірі мен тұрмыс тауқыметін жете білген. Сол себепті оның кедейлер тірлігінен жазған әңгімелері мейлінше шынайы, оқушысын баурап алады. Әңгімелері тағы несімен баурайды? Т.Нұртазин өз зерттеуінде осы сұраққа жауап беруді мұрат тұтқан.

Жекелеген әңгімелерді талдау барысында жазушының кедей өмірінен алып жазған оқиғаны қалай суреттегенін, қалай өрбіткенін, жазу стилін, тіл көркемдігін, оқушысын жалықтырып алмас үшін кейде оқиғаны ортасынан кие бастап жіберіп, оңтайлы тәсілдер қолданып отыратынын, болған істі басты кейіпкердің естелігі түрінде, немесе хат арқылы сыр шертуі түрінде беретінін, сөйтіп әңгімелерін бір-біріне ұқсатпауға күш салатынын байыптайды. Бейімбет Майлиннің әңгіме жазудағы шеберлігін ашып отырады. Жазушының сол әңгімелерді жазып отырғандағы мақсатын алға тартады. Ол мақсат: Қазан төңкерісінің нәтижесінде кедейлердің мүддесін қорғайтын өкімет орнағанын, соның арқасында кедейлердің теңдікке қолы жеткенін, олардың сана сезімінде, психологиясында өзгерістер болып, өздерін қоғамның белсенді, елеулі мүшелері сезініп, билікті бұрынғы байлардан өз қолдарына ала бастағанын, сөйтіп, қазақ даласына жаңа өмір, жаңа тұрмыс орнап, қанат жайып жатқанын көркем тіл, көркем сөзбен баяндап, суреттеп беру. Т.Нұртазин әңгімелерді

талдау барысында Бейімбеттің сол мақсатына ойдағыдай жетіп, қай заманның прозашыларына да үлгі боларлықтай дүниелерді өмірге әкелгенін жазады.

Мысалы, «Кедей теңдігі» атты шап-шағын әңгімесінде бай есігінде салпақтаумен күн кешіп, өмірін зая өткізіп жүрген Бұқабай батырақтың әңгіме соңында 1923 жылы ауылнай болып сайланғанын баян етеді. Сол сияқты «Ақталған еңбек», «Шапайдың хаты» әңгімелерінде кедейлердің біртіндеп оянып, саяси қоғамдық жұмыстарға араласып, байлардан теңдік алып, тап күресіне қатынасқанын, күрескерлік дәрежеге көтеріле бастағанын суреттейді. Т.Нұртазин сол суреттеулердің қалай жүзеге асқанын, Бейімбет Майлин тілінің қарапайымдылығын, кедейлерге түсінікті тілмен, яғни солардың өз тілінде жазатын білгірлігін ерекше атап өтеді.

Ғалым Б.Майлин әңгімелерін сөз етіп, пікір айтуда тәсілін өзгертіп отырады. Кей әңгімені бірер абзацта айтып түйіндесе, кейбіреулерін ұзақ талдайды. Мысалы, қаламгердің алғашқы әңгімелерінің бірі - «Айранбай». Оған зерттеуші мынадай пікір айтады: «Бұл - жасалу шеберлігі жағынан мұқтаждық құрсауында отырған кедейдің рухани серпініске ұшырап, таптық санасы оянуын нәзік ашуы жағынан үлгілі шығарма. Әңгімеде қимылды, құбылысты оқиға, сюжет жоқ сияқты. Сюжет басты герой Айранбайдың жан құбылысына негізделіп құрылған. Автор оқиғаның арпалысты ортасына оқушыны тікелей душар етеді. Ескерте кету керек, арпалыс Айранбайдың жан әлемінде» [1,51], - деп түйеді. Әңгімеде қимылды, әрекетті оқиға жоқ дей отырып, оның бар екенін, бірақ сол арпалысты оқиғаның кейіпкердің психологиясында, ішкі жан дүниесінде жүріп жатқанын тауып айтады. Одан әрі әңгімені автордың қалай қиюластырғанын, кейіпкері Айранбайды қалай бейнелегенін, жазушы тілінің шұрайлылығына ұзағырақ тоқталып баяндайды. Т.Нұртазин қатардағы ғалымдардың бірі емес, сыншы да. Сол себепті де ол Бейімбет шығармаларын бірыңғай мадақтай бермейді. Мысалы, «Қосылды» атты әңгімеде Медет Дайрабаев деген кедей жігіттің бай баласына еріп адасуы, ұлтшылдыққа бой алдыруы кейін қатесін түсініп, кеңестік жолға түскені айтылады. Сыншылық тұрғыдан осы әңгімедегі схематизмді, көркемдік шешімнің кемістігін, кейбір жасандылықтарды көрсетіп сынға алған. Ал «Қысқы ауылда» әңгімесі очерктік, жүргіншінің жол жазбасы деңгейінде қалғанын мін етеді.

«Әңгімелері» тарауында талданған екінші топтағы әңгімелердің тақырыбы - мемлекет жұмысы. Оған «Бекберген мектебі», «Күлтай болыс», «Раушан коммунист», «Кеңес ағасы Кәмила», «Әбділда төре», «Баянсыз бақ» және «Желдібай Жындыбаев» әңгімелері жатқызылған. Б.Майлин шығармашылығында мемлекет жұмысы, ел басқару мәселесі, жұртты Кеңес үкіметінің жаңа істеріне жұмылдыру едәуір орын алады. Ол жазушы, журналист есебінде өзін бар іске жауаптымын деп сезінген. Күн тәртібіндегі кезеңдік проблемаларды уақытында көтеріп отырған. Соны ортақ іске қосқан үлесім деп сезінген. «Гүлденсе ауыл - гүлденеміз бәріміз» деп ұран тастағандай, мемлекет жұмысы, ел басқару, басшылық жақсарса, халықтың тұрмысы да тез жақсарады деп түсінген. Сол себепті де мемлекеттік жұмыстарды әңгімелері мен очерктеріне, фельетондарына өзек етіп отырған.

Кешегі сауатсыз, кедей, жалшылардың саяси сана сезімі оянып, хат танып, қоғамның белсенді мүшелеріне айналып, мемлекеттік қызметтерді атқара бастағаны жазушы жанын тебіренітіп, оларды кейіпкер етіп суреттеп насихаттаған. Бейімбетті, әсіресе, кеше ғана байлардың күндігінде жүрген әйелдердің мемлекет жұмыстарына тұрып, қызмет атқарып жүргендері ерекше қуантып, шабытына шабыт қосқан. «Күлтай болыс», «Раушан коммунист», «Кеңес ағасы Кәмила» әңгімелері аттарынан көрініп тұрғанындай, ең алғашқы ел басқарған, ауыл басқарған қазақ әйелдерінің бейнелерін жасауға арналған. Олардың қай-қайсысы да қиындықтарға, түрлі арандату әрекеттерге қарамай болыстық, ауылнайлық қызметтерді жап-жақсы атқарып кеткендіктерін суреттейді.

Сатириктік - Б.Майлиннің көп қырларының бірі. Оның сатиралық әңгімелері бірталай. Кеңес үкіметінің кеңсе жұмыстарына тартылған, бірақ сол сеніп тапсырылған жұмыстарды атқара алмаған, ел қамынан гөрі құлқын қамын ойлайтын тоғышар, даракы, бастықсымақ адамдардың жағымсыз бейнесін жасауда Бейімбет сатираны тиімді пайдаланады. «Әбділда төре», «Баянсыз бақ», «Желдібай Жындыбаев» әңгімелерінде сондай жағымсыз атқамінерлер суреттелген. Т.Нұртазин солардың бейнелері шеберлікпен қалай жасалғанын талдап берген.

Б.Майлиннің басты тақырыбының бірі - әйелдер өмірі, отбасы мәселесі және махаббат. Төңкеріске дейін де, одан кейін де қазақ ақындары мен жазушыларының бұл тақырыпқа қалам тартпағандары жоқ десе болады. Қазақ қоғамында қазақ әйелдерінің теңдік тағдыры, қалыңмал құрбаны болып өксіген өмірлері туралы жазылған поэмалар мен әңгіме, хикаялар көп-ақ. Солардың ішінде Бейімбет әңгімелері де тартымды, алуан оқиғалы. Б.Майлиннің әйелдер тақырыбына арналған әңгімелерінің ерекшелігін Т.Нұртазин төмендегідей түйіндейді.

«Ал Бейімбеттің творчествосына келсек, халықшыл, еңбекші бұқараның жақсысына сүйініп, жаманына күйінетін жазушы әйел мәселесінің тағы бір күрделі проблемасын өзінше көтеріп, жаңа шешім ұсынды. Ол қараңғы әйелдердің - кедейдің жұбайларының «свабода» деген дақпыртқа еліріп, байларға қосылсақ, бақытты боламыз деп ұйытқылы орнынан безуін құптамау, малдыларға шығып, бақытқа молығу былай тұрсын, күндіз-түні жұмыстан тыным көрмей, күндік күйге ұшырағандарын, аянышты ауыр халде екенін кең аша, жұртшылық шошынарлық ете суреттеу» [1,65], - деп, бұл мәселеде жазушының өзіндік позициясы болғанын, кейбір әйелдердің бостандықты басқаша түсініп желөкпелікке салынуын құптамағанын, оны мораль тұрғысынан ағаттық есебінде суреттегенін атап өтеді.

Зерттеуші жазушының «әйел, отбасы, махаббат» тақырыбына жазған әңгімелері тобына төмендегі шығармаларын жатқызады. Олар: «Қырмызы», «Серттескендер», «Құрымбайдың жігітшілігі», «Күлшара жеңгей», «Зейнештің серті», «Талақ», «Ел күйеуі», «Әже», «Аштық құрбаны», «Күлпаш», «Ерік құрбаны», «Көшпелі махаббат», «Қара бала».

Бұл, кең тараған, ересектердің денсаулық жағдайы мен физикалық дамуының арасында тікелей байланыс бар тұжырымына күмән келтіреді. Дене дамуы мен денсаулық жағдайы параллель жағдайлар, басқа себептерге тәуелді, яғни бір жағдайда дене дамуына, үшінші жағдайда денсаулыққа байланысты.

Балалар мен жасөспірімдердің физикалық дамуын бағалау кезінде олардың денсаулық жағдайын, қозғалыс мүмкіндіктерін, еңбекке қабілеттілігін және ағзаның иммунологиялық реактивтілігін ескеру қажет.

Оқушылардың физикалық дамуын бағалау кезінде педиатриялық жас дәуірлеу мынадай болады: 7 жас – бірінші балалықтың аяқталу кезеңі; 8-11 жас (қыздар) және 8-12 жас (ұлдар) - екінші балалық кезеңі; 12-15 жас (қыздар) және 13-16 жас (ұлдар) - жеткіншек кезеңі. 16 жастан жасөспірімдер шағы басталады. Алайда, оқушыларды дене шынықтыру және спорт медицина жұмыс тәжірибесінде жасқа байланысты топтарға бөлу әлдеқайда ыңғайлы: кіші (7-11 жас), орта (12-15 жас) және одан жоғары (16-18 жас) [3]. Сонымен қатар, оқушының «төлқұжат» жасы әрдайым өз биологиялық жас деңгейіне сәйкес келе бермейтінін қарастыру маңызды болып табылады. Соңғы жылдары, мұндай айырмашылық жеделдету құбылыстардың әсерінен жиі кездеседі.

Оқушының физикалық дамуын бағалау үшін сипаттамалық белгілер деп аталатын ұғымды анықтайды және антропометриялық өлшеулерді жүргізеді. Физикалық дамудың сипаттамалық белгілеріне: дене бітімі, қаңқаның бітімі, бұлшықет дамуы, келбеті, кеуде қуысының, арқаның, омыртқаның, аяқ және табанның, май басу пішіндері жатады.

Физикалық даму деңгейі балалардың дене қуаты қорын анықтайтын морфологиялық және функционалдық ерекшеліктерінің өлшемдерінің бірі болып табылады. Осы көрсеткіштердің қалыптасуын зерттеуге, олардың динамикасын анықтауға және дене шынықтырудың оларға әсерін анықтау үшін, 1-10 сынып балалардың дене дамуы туралы білім өте маңызды.

Алынған мәліметтерден балалардың дене дамуының морфологиялық және функционалдық белгілерінің жеке және жас өзгермелілігінің орта және шеткі нысандарын анықтау маңызды. Сондықтан қадағалау процесінде 1-10 сынып оқушыларының жас сипаттамаларын мен бастапқы белгілерін анықтауға зор көңіл бөлінеді.

Қойылған мәселелерді шешу үшін келесі 10 негізгі антропометриялық сипаттамаларын зерттеуге қажет: тұрған биіктігі, дене салмағы, үш өлшемдегі кеуде шеңбері, кеуде аралауын, оң және сол қолдарының сүйек беріктігін және дененің динамометриясын. Осы параметрлерді егжей-тегжейлі талдау физикалық даму белгілерінің тығыздығының түрленгіштігі мен дисперсия өзгермелілігін қадағалауға, сондай-ақ диагностикалық критерийлерін немесе озық дамытуды анықтау үшін мүмкіндік береді.

Өсуді зерттеу есебінен генетикалық шартты өсу мен дамудың салдарынан болатын морфологиялық ерекшеліктерінің эволюция тетіктерін айқындау үшін өте маңызды болып табылады. Сонымен қатар, осы процестің зерттелуі адамдардың жеке айырмашылықтар нысанын және функциясын түсіну үшін маңызды болып табылады.

Оқушыларды дене тәрбиелеу кезінде міндетті түрде ағзаның жас шамасын ескеру керек.

Ең кіші жас тобы (7-11 жас). Екінші балалық шақ балаларды дамытудің ең бейбіт кезеңі болып табылады. Алайда, өсуінің баяулауына және құрылымдар мен функциялардың бірқалыпты өзгеруіне қарамастан дене ұзындығы өсімі қыздарда 12 жасқа дейін, ұлдарда 11 жасқа дейін салмақтың артуына қарағанда қарқынды өтеді. Жыл сайынғы салмақтың өсімі орташа алғанда 3-4 кг. салмаққа, дене ұзындығы 4-5 см. артады, және кеуде қуыс

шеңбері 1,5-2 см. артады. Дененің үйлесімділігі өзгереді, айтарлықтай аяғы ұзарады, кеуде көрсеткіші (дененің ұзындығына кеуде шеңбері қатынасы) азаяды. және Эрисман индексі (дененің жартылай ұзындығымен байсал күйіндегі төс қуысының айырмашылығы) азаяды, яғни дененің созылуын білдіреді. Қыздар мен ұлдардың салмағы мен дене үйлесімділігінің өсуінің арасында нақты айырмашылық байқалмайды. 7 жастағы ұл баланың саламағы қыз баланың салмағынан тек 0,2 кг. артық, ал 10 жасында 0,4 кг. кем болады; 7 жастағы ұл баланың бойы қыз баланың бойынан тек 1 см., ал 11 жаста 0,6 см. кем болады [4].

Қаңқаның сүйектенуі де сондай әрқалай өтеді: 9-11 жастарда қол саусақтарының фалангісінің сүйектенуі бітеді, сәл кейінірек 12 жаста білек сүйектеніп бітеді. Қыздардың жамбас сүйектері 3 жас 10 жасқа дейін қарқынды дамиды. Жыныстық жетілу басында жамбастың шұқыршығының дамуы 10-12 жас аралығында қарқынды дамиды. Атаусыз сүйектің үш сүйегінің жетілуі, бұғананың, иық сүйектерінің, жіліншіктің сүйектенуі, аяқ саусақтарының фалагасының және табан сүйектерінің сүйектенуі кешірек болады, кейде тіпті ересек кезде аяқталады.

Дене шынықтырумен айналысқан кезде қаңқаның қалыптасу ерекшеліктерін ескеру керек. Секіру кезіндегі жерге түскендегі шорт соққылар және оң, сол жақ аяқтарға әркелкі жүктеу жамбастың жылжып кетуіне және сүйектердің дұрыс емес жетілуіне әкелетінін естен шығармау керек. Шамадан тыс жүктемелер аяқтарға және де сүйектену аяқталмаған жағдайда жалпақтабандылыққа әкелуі мүмкін.

Бастауыш мектеп балалардың қаңқасы көбінесе шеміршектерден тұрады, буындары өте жылжымалы, байлам аппараты оңай созылады. Байлам аппаратының құрылымының, шеміршек және сүйек элементтерінің өзгеруінің нәтижесінен, омыртқа біртіндеп омыртқа иілімдері бекітіледі: 7 жасқа дейін мойын және омырау қисығы, ал 12 жаста белі. 8-9 жастағы оқушылардың омыртқалары өте қозғалғыш болады. Осыдан, көбінесе бастауыш мектеп балаларының бітімі бұзылып, омыртқалары пішінсізденеді. Оған сабақта және үй тапсырмаарын орындау барысында ұзақ отырғандығы әсер етеді. [5].

Сондықтан дене шынықтырудағы маңызды мәселелердің бірі: ол қаңқаның дұрыс жетілуін қамтамасыз ету, бұлшықеттер жүйесінің нығаюы, бітімнің бұзылуын алдын алу. Алайда, созылу бұлшықеттер дамуы, салмақ түскен кездегі тұрақты біркелкі күштің салдарынан болатын жиырылу бұлшықеттер күшінің дамуынан бәсеңдеу болатынын есте сақтау қажет.

Сондықтан бір - келбеттері бұлшық ет жүйесінің және қылмыстың алдын алу нығайту қаңқасының тиісті қалыптастыру қамтамасыз ету үшін. Бұл алда бұлшық дамыту, гравитациялық аяқ әрекет туындаған тұрақты тоник стресс майыстыруға бұлшық беріктігін арттыру екенін есте маңызды.

12 жаста аяқ бұлшық еттері дене тұрқы бұлшықеттеріне қарағанда әлсіз дамиды. Сондықтан, көлбеу және тік қалпында (ермелеу) салмақты жеңу күшін тәрбиелеу жаттығулары кеңінен пайдаланылады. Жалпы көлемі бойынша қарқынды жүктемелерден абай болу керек, өйткені ол бойдың өсуін бәсеңдетеді [6].

Орташа жасы топ - бұл 12-15 жас. Жасөспірімдік кезең - бүкіл денесі мен әр бөліктерінің ең жоғары өсу қарқынымен, тотығу процестерінің күшеюімен, ағзаның функционалдық резервтерінің өсуімен сипатталады. Осы кезеңдегі оқушылардың физикалық дамуы алдыңғысынан айтарлықтай ерекшеленеді. Жыныстық жетілу барлық дене өлшемдерінің тез өсуіне және арттыру әкеледі. Жыл сайынға дененің ұзындығы 4-7,5 см өседі, ең бастысы аяқ ұзындығының салдарынан артады. Жыл сайын дене салмағы 3-6 кг. өседі.

Ұл балалардың өсу қарқыны 13-14 жаста байқалады, ол кезде дененің ұзындығы 7-9 см., ал қыздарда орташа есеппен алғанда 7,22 см. өседі.

Жасөспірім шақта дененің жеке бөліктерінің өсуі біркелкі еместігі анық байқалады. Аяқ-колдардың өсуі дененің өсуінен басым болады. Сондай-ақ қолдар мен аяқтардың өсуі біркелкі бола бермейді, нәтижесінде дене үйлесімділігі өзгереді. Алдыңғы-артқы кеуде өлшемдері, әсіресе төс қуысының көлденең өлшемдері айтарлықтай артады. Алайда, төс қуысы сүйектерінің өсуі жалпы дене өсуінен қалады. Қыздардың ұл балаларға қарағанда денесі ұзындау, ал аяқтары қысқа болып келеді.

Пубертаттық кезеңде бұлшық ет жүйесі өте тез қарқынмен дамиды. 14-15 жасқа дейін буын байланыстырғыш аппаратының дамуы жоғары деңгейіне жетеді. Салмақтың абсолютті өсуімен және бұлшықет тінінің көлемінің өсуімен бірге бұлшықет күші де артады. Күштің ең қарқынды өсуі 13-14 жас аралығында болады.

Дене шынықтыру тәрбиелеу кезінде осы жас аралықта бұлшықет күші дене салмағынан бәсеңдеу өсетінін есте сақтау керек.

Егде жас тобы (16-18 жас). Жоғары мектеп жасындағы дененің өсуі мен дамуы алдыңғы кезеңдерге қарағанда жаңа мүмкіндіктермен ерекшеленіп жалғасады. Бұл жас аралығында дене бойының өсуі бәсеңдейді де лапақтыққа өсу басым болады. Егде жастағы қыз балалардың бойы бозбалалардың бойына қарағанда 10-12 см., ал дене салмағы бойынша 5-8 кг қалып қояды. Және де бұлшықет күші тұрғысынан қыздар мен ұлдар арасындағы айырмашылықтар арттыруын жалғастырады.

Адамның физикалық қасиеттерінің даму кезеңдерінің мәселесі онтогенетикалық заңдылықтарын зерделеу тұрғысынан іргелі ғылыми теориялық мәнін ғана емес, сондай-ақ сыртқы ортаның бүкіл ауқымының ағзаға әсерін ескере отырып, өсіп келе жатқан ағзаның қозғауыш әрекеттігін бағдарламалаудың практикалық қолдануын білдіреді [7].

Физикалық қасиеттерінің жастық даму кезеңдерінің төмендеуі оқушылардың жастарына қарамастан тиісті физикалық қасиеттерінің таңдалып бағытталған дамыту шағын деп есептелінеді.

Физикалық қасиеттерінің қарқынды дамуымен айрықша ықпал ету уақыттарын ұштастырса, оқушылардың жастық физикалық қасиеттерінің дамуы жеделдетіледі. Алайда, бірқатар мәселелер ашық қалады: педагогикалық әсер етудің нәтижесі бола ма, жедел дамыту әсері мен басқа да қозғалғыш мүмкіндіктерін бір уақытта ұштастыруы; бірдей қозғалғыш мүмкіндіктерінің сезімтал және қиын кезеңдерде сәйкес келуі; аймақ ерекшеліктерінің әсерінен сезімтал кезеңдерінің өзгеруі.

Арнайы қозғалыс әрекеттерін жоспарлау (дене тәрбиелеудің бастапқы және вариациялық бөлітеріне негізделген жылдық жоспарлар) әр баланың тұратын жерлеріне байланысты отогенез және динамикалық негізіндегі физикалық дамытуынан тұрады. [7].

Пайдалынған әдебиеттер

1. Баршай В.Н., Бобкин А.И. Дене дамуы, физикалық дайындық және оқушылар мен жастардың жұмыс қабілеттілігі – Ростов на Дону, 1978 ж. 102 б.
2. Волков Л.В. Балалар мен жасөспірімдердің физикалық мүмкіндіктері – Киев: Денсаулық. - 1981 ж. 46 б.
3. Аманбаев Р.Р. Методические указания по изучению теории физической культуре, Алма-Ата, 1985. 78 б.
4. Нестеров В.А. Оқушылардың денелік қасиеттерінің даму кезеңі. -1998 ж.
5. Н.А., Филин В.П. Дене тәрбиесінің жас негізі -М.: Дене шынықтыру және спорт. – 1972 ж. 302 б.
6. Гогонов Е.Н., Мартынов Б.И. Дене тәрбие және спорт психологиясы, 2000 ж.
7. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Дене тәрбиесі және спорт теориясы мен методикасы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу әдістемесі. – М.: Баспа орталығы «Академия», 2000 ж.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТТЫҚ ҮЙІРМЕЛЕРДІҢ МАҚСАТ - МІНДЕТТЕРІ

Толегенов Талант

п.ғ.м.,

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан
Talant_78kz@mail.ru*

Хамит Сая Сәбибекқызы

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
ДШС-41 тобы студенті
Арқалық, Қазақстан*

Анотация: Одним из показателей роста и развития каждого государства является система физической культуры, спорт. Спортсмены и их достижения, показатели, представляющие страну или единственную нацию во всем мире. Воспитание этих спортсменов, формирование к занятиям одним видом спорта начинается со школы. Дети по интересам эффективно используют свободное время, участвуют во многих кружках, в том числе выбор спортивных кружков, способствуют формированию у ребенка здорового образа жизни.

Ключевые слова: физическая культура, учащихся, в спортивном кружке.

Abstract: one of the indicators of growth and development of each state is the system of physical culture, sports. Athletes and their achievements, indicators representing a country or the only nation in the world. The education of these athletes, the formation of lessons as one sport starts at school. Children with interests effectively use their free time, participate in many circles, including the choice of sports clubs, contribute to the formation of a child's healthy lifestyle.

Key words: physical culture, students, in a sports circle.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Спорт – игілікті іс. Спортта мінез-құлық, мәдениет қалыптасады. Спортпен айналысқан адам ар-ұятқа тиетін іс жасамайды. Жастайынан дене тәрбиесімен шұғылданған адам бүкіл ғұмыр бойы табысқа жетуге талпынады. Мен мұны өз тәжірибемнен білем» - деуі тарих сахнасының төрінен спорт қозғалысының өзіндік орны бар екендігін дәлелдейді.

Тарихи деректерді сараптасақ, адамзат қоғамы пайда болып, алғашқы өмір сүру кезеңінен-ақ дене тәрбиесіне көңіл бөлініп, сол еңбек пен тұрмыстық өмірдің шарты ретінде дамыды. Алғашында дене тәрбиесі арнайы ұйымдастырылған ойындар мен ойындық қимыл-қозғалыстар түрінде көрініс берді. Бұл кезде дене шынықтыру қарапайым болғанымен, тұлғаны қалыптастырудағы маңызы зор.

Дене шынықтыру – адамның денсаулығын нығайтып, күш-жігерін арттыруға, қозғалыс белсенділігін жетілдіру мақсатында қоғамның жасайтын және пайдаланылатын рухани, материалдық құндылықтарының жиынтығы. Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың «дене мәдениетіне жеңіл қарауға болмайды, дененің қанша керегі бар деп ойлау дұрыс емес. Дене жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі затта берік болмақ. Дене – жанның құралы. Құрал мықты болса, иесі де мықты» болады деп пайымдаған [1].

Әрбір мемлекеттің өсіп өркендеуі мен даму көрсеткіштерінің бірі – дене мәдениетінің жүйесі, спорт. Мемлекетті немесе бір ұлтты күллі әлемге танытатын да спортшылар мен олардың жетістіктері, көрсеткіштері. Сол спортшыларды тәрбиелеу, спорттың бір түрімен шұғылдануға қалыптастыру мектептен басталады. Бала өз қызығушылығымен бос уақытын тиімді пайдалануда, көптеген үйірмелерге қатысып соның ішінде спорттық үйірмелерді таңдауы, баланың салауатты өмір салтын қалыптастыруына негіз болады. Қазіргі таңда барлық мектептерде спорттық үйірмелердің жұмыс жасауы, дене шынықтыру сабағының бағдарламасына зор үлесін қосты. Әрине, үйірмелерді ұйымдастыру оқушылардың жас ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына байланысты.

Оқушылардың дене шынықтыру білімі мен тәрбиесіне, мәдениетін қалыптастыруға факультатив сабақтар, сыныптан, мектептен тыс жұмыстар, клубтар, үйірмелер, оқытудың жаңа технологиялары тағы да басқалары ықпал етеді [2].

Мемлекеттің дамуы, ең алдымен жақын болашақта дене тәрбиесі және спорт саласында кәсіби іс-әрекетпен айналыса бастайтын оқушылар тұлғасының дене мәдениетінің қалыптасу деңгейіне тікелей байланысты болып отыр. Сондықтан, жалпы білім беру жүйесінде еліміздің жалпы мектептерінде оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру міндеті қойылады және білім беруде дене тәрбиесіне, оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру жүйесі, дене мәдениеті және спортты дамытуға орай білім беру саласын реформалаудың маңызды бағыттарының біріне айналады. Осыған байланысты, мектептерде оқушыларға дене шынықтыруды оқытудың мақсаты - оларға дене мәдениетін қалыптастыру, заманауи технологиялар негізінде оқытып, үйрету мен білім беруді басқаруда пайдалану туралы білімді меңгеру, қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыру және оны жетілдіру мен еңбек етуге, Отанды қорғауға дайындау болып табылады.

Оқушылардың дене тәрбиесі Қазақстан Республикасының келешек ұрпағын жоғары дәрежеде азамат қылып тәрбиелеуге бағытталған. Оқушылардың дене тәрбиесімен күнделікті айналысуының маңызы өте зор. Мектептегі дене тәрбиесі дұрыс жолға қойылып, мүмкіндігінше нәтижелі жүргізілсе, онда бұл шаралар олардың келешек өмірінің дұрыс дамуына үлкен үлес қосатыны анық. Спорт мектептерінде, секциялар мен үйірмелерде және басқа да спорт мекемелерінде балаларды спорттық жаттығуларға баулу, оларды түрлі спорт түрлеріне қызықтыру олардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға және түрлі жағымсыз әрекеттерден сақтандырудың негізгі түрі болып табылады. Дене шынықтыру және спорттық үйірмелерді мектептің жалпы оқыту және тәрбиелеу жүйесіне енгізу, баланың жан - жақты дамуына үлкен көмегін тигізеді (денсаулығына, ақылдылығына, еңбекқорлығына, эстетикалық тәрбиесіне) [3].

Дене шынықтыру және спорттық үйірме сабағының мақсаттары:

- дене шынығуының жан - жақты дамуын, дұрыс мүсін ұстау қабілетін тәрбиелеу, салауатты өмір сүруге және тазалық сақтаудың өмірдегі пайдалы әсерлерін қамтамасыз ету;
- қозғалыс әрекеттерінің негізін үйрету;
- қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру, жылдамдық - қуатын, төзімділігін, күшін және икемділігін қалыптастыру;
- тазалық сақтау білімінің негіздерін тұрақты қалыптастыру, дене шынықтыру жаттығуларының дене құрылысының негізгі жүйелеріне тигізетін әсері, еріктілік пен сана - сезім қабілетін дамыту;
- өздігінен дене тәрбиесімен және дене шынығумен шұғылдану дағдысын тәрбиелеу;
- сабақ кезінде қауіпсіздік ережесін сақтау, алғашқы дәрігерлік көмек көрсету;
- жеке басының шынығу қабілетін қалыптасуын бағалай білу;
- өз бетімен жұмыс істеуге, бір - біріне көмектесуге, жауапкершілік сезіміне және тәртіптілікке тәрбиелеу [4].

Дене шынықтыру – спорттық үйірмелерді ұйымдастыру мақсатына жету үшін, ең алдымен оқытып үйретудегі алатын орны мен қызметін есепке алуымыз керек, сонымен қатар осыған байланысты дене шынықтыру мен спорттық үйірмелерді ұйымдастырудағы міндеттеріне тоқталайық:

- оқушының өз жас ерекшелігіне сай келетін спорттық үйірме түрімен жарақаттандыру;
- бала денсаулығының нығайуына және оның жан - жақты дамуына жәрдемдесу;
- спорттық жаттығулардың айла тәсілдерін білу арқылы қозғалыс әрекеттерінің сапасын байыту;
- оқушыларды бір тұтас жағымды, ақылды, еңбекқор және эстетикалық тәрбиелі азамат етіп тәрбиелеу;
- салауатты өмір салты жайлы білімін жүзеге асыруға дағдыларын, денсаулыққа зиян кетіретін факторларды анықтау, өз өміріне талдау жасай білуі, денсаулықты сақтау және қорғау жолдарын меңгеру, өз

мінезіне басшылық ету, жағымсыз әсерлерге қарсы тұру қабілеттерін қалыптастыру;

- өз денсаулығына деген жеке жауапкершілік танытуын, өзге адамдардың денсаулығы мен салауатты өмір салтын сақтау құқығын сыйлау қабілетін қалыптастыру;
- дене қуаты дайындығын жоғарлатуға көмектесу, уақыттарын пайдалы өткізулерін ұйымдастыру;
- спорттық мамандықты таңдау және жас шамасына сәйкес спорттық дәрежені жетілдіру талаптарын орындап, қалаған спорт түрі бойынша жоғары нәтижеге жету;
- мектепте дене шынықтыру - спорттық үйірмелер оқушыларынан қоғамдық белсенділер тобын құру;
- спорттың бір түрін үйренуді өз бетімен орындауда іскерлік пен дағдыны қалыптастырып және оны әдетке айналдыру;
- бос уақытты тиімді пайдалану.

Оқушыларға дене шынықтыру спорттық үйірмелерді өткізу оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан-жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық. Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

- а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;
- ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;
- б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Спорттық үйірмедегі сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны даярлаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс .

Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу-тәрбие үдерісінің кішігірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны меңгеруге үйрету тәсілдерінің кез-келген түрінің жағымды оң ықпалдары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретудің толық қамтамасыз етпейді, сондықтан спорттық техниканы меңгеруге бағытталған барлық іс-әрекеттер бірін-бірі толықтыратындай болып пайдаланады. Олар үнемі бір мезгілде қолданылады.

Талдау, жалпы білім беру мектептерінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға білім беру мен спорттық мекемелерге тән компоненттер – мақсат, жалпы және арнайы міндеттер, әдістер мен қағидалар, оқу кеңістігінде жүзеге асатын, нақты бағыттылығы бар, оқу материалының теориялық және тәжірибелік мазмұны кіретінін көрсетті. Оқушы-спортшының осы білім беру кеңістігіндегі таңдаған жолының басы, мектептегі оқу мерзіміндегі бастапқы кезеңнің де нақты құрылымы немесе мазмұны болады.

Дене шынықтырудың негізі - жеке тұлғаның өз қолында. Мысалы, әр күні дағдылы жаттығулар жасап, тазалықты қастерлеуді қалыптастырса, екіншіден, түрлі сауықтыру қимылдарын міндетті түрде жасап, дене қимылдарын шынықтырса, онда ол денсаулығын, ой парасатын таза сақтай алады.

Дене тәрбиесі түрлі жаттығулар арқылы жеке тұлғаның бойындағы қимыл анализаторларын іске қосып, қимыл жүйесін, сымбатын, симметриялық салмағын қалыптастырады, оның ұстамдылығын, төзімділігін, еңбекке бейімділігін арттырады.

Әр оқушы өз денесін жан - жақты жетілдіру үшін қажетті қимыл - қозғалыста болуы керек. Ол үшін әрбір тұлға бос уақытында дене шынықтырумен айналысу қажет екенін өмір көрсетіп отыр. Дене шынықтыру арқылы қажетті қимыл - қозғалыс түрлерін жасау тәсілдерін үйреніп, оларды спорттық үйірмеде өз беттерімен орындай алатын дәрежеге жету үшін үнемі спорт жаттығуларымен таныс болуы керек. Дене шынықтыру сабағынан басқа бос уақытта қазақ халқының ұлттық ойындарын пайдалану арқылы оқушылар денелерін шынықтыруға мүмкіндіктері бар. [5].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Мотылянская Р.Е., Стогова Л.И., Иорданская Ф.А. Физическая культура и возраст. – М.: Физкультура и спорт, 1967. – 280 с.
2. Габриелян К.Г., Ермолаев Б.В. 500 тестов по дисциплине «Физическая культура». – М.: Физкультура и Спорт, 2006. – 122 с.
3. Кузнецов В.С., Колодницкий Г.А. Прикладная физическая подготовка: 10-11 классы: Учебно-методическое пособие. - М.: Владос, 2003. - 184 с.
4. Манжелей И.В. Средо-ориентированный подход в физическом воспитании: Монография.-Тюмень:Издательство Тюменского государственного университета, 2005.–208 с.
5. Физическая культура студента: Учеб. для студ. вузов / ред. В.И. Ильинича. – М.: Гардарики, 1999 .-448 с.

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ЖАҢА ИНОВАЦИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

*Ұзақов Сапарбек Әбілбек
Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, АрқМПИ доценті*

*Серікбай А, Қасымбек Е
3 курс студенті*

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

В данной статье рассматриваются вопросы активизации студентов к творческой деятельности при изучении художественных дисциплин. В настоящее время проблема активизации студентов к творческой деятельности при изучении художественных дисциплин актуальна.

Ключевые слова: скульптура, художественные особенности, молодое поколение, преподавание искусства, духовное возрождение.

This article addresses the issues of enhancing students' creativity in artistic disciplines. The current problem intensify students for creative activities while exploring the artistic disciplines.

Keywords: sculpture, artistic features, younger generation, art teaching,

Мүсін өнері көлемді-кеңістікті өнер түрі, бірақ оның түпкі табиғаты қашанда бейнелеу өнері болып саналады.

Мүсін-шындық өмірді өзінің ерекше әдісімен көркем бейнелей алатын өнердің бір түрі. Кейіннен пішіндеу арқылы жасалған шығармалар да осы ұғыммен білдірілген. Мүсін жан-жақты қоршаған кеңістік пен жарықтың ортасындағы шынайы дүниені материалды түрде сезілетін көлемді пішіндер түрінде бейнеленеді. Мүсін өнерінің басты тақырыбы-адам, оның сыртқы бейнесі арқылы ішкі рухани дүниесін жоғары сезім күштілігін, ерік жігерін күрделі психологиялық күйін ашып көрсету. Мүсін жасау ерекшелігіне байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Дөңгелек мүсін-нақты көлемді сомдау. Оған кеуделік, тұлғалық мүсіндер жатады. Дөңгелек немесе жұмыр мүсіннің өзіндік ерекшелігі-образды әр қырынан қабылдап, оның үздіксіз өзгеріп отыратын сұлбасына қарап, жаңа әсер тудырып отыруы мүмкіндігі. Табиғат пен күннің әр мезгіліне байланысты ауысып отыратын жарық пен көлеңке алмасуының ерекшелігін шебер қолдану мүсінің пластикалық көркемділігін әсерлей түседі.

Монументалді мүсін өнерінде терең ой- идеяларыды қатаң пішіндермен бейнелейді. Сондай-ақ монументальді мүсін өнері тікелей сәулет өнерімен тығыз байланысты, қала көшелерін әсемдеп тұрған ескерткіш, мимориалдық тақталар осының дәлелі. Қондырғылы мүсін өнері көбінде жақын арадан қабылдауға, ішкі көрініске арналған. Мұнда әсіресе күрделі психологиялық мақсаттар қойылады. Мысалы, психологиялық портреттер. Декоротивті мүсін өнері сәулет өнерінің негізгі бөліктерін жіктеуге және тұрмысты көркемдеуге қолданады [1.86].

Сонымен мүсін уақыт пен кеңістікте өзінің әр алуандылығымен қабылданады. Мүсінің көркемділігіне: пішін салмағы, жобаның негізгі құрылымы, жарық жазықтығы, көлем, сызықтар, түсік және ырғақтық арақатынастар тәрізді негізгі заңдылықтар арқылы қол жеткізіледі және образ мазмұнын да нақты ашатын осы айтатын заңдылықтар. Монументалды мүсін өнерінде сұлбаның нақтылығы мен біртұтастығы өте маңызды. Сырт пішіні мен детальдарды фактуралық өңдеу, мүсіндік бейненің пластикалық шешімінің көркемдігін күшейте түседі. Мүсінде материалдың табиғи тілін пайдалана отырып, жобаланған туындының мазмұнына байланысты материал таңдайды. Мысалы, мәрмәр тас материалы өзінің нәзіктігі мен ақшыл түсімен адам бейнесін мүсіндеуге ыңғайлы әрі лайықты. Диорит, гранит, базальт сияқты материалдардан детальді өңдеу қиынға түседі, сондықтан бұл материалдарды монолитті монументалды пішіндерге қолданады. Қола материалмен динамикалық күүді, контурдың нақтылығын көрсету мүмкіндігі бар. Ағаш материалы өзінің жылылығы, текстура мен фактурасының әртүрлілігімен тартымды. Мүсін өнерінде пластилин, балшық, балауыз тәрізді жұмсақ материалдар мен қатты тас мәрмәр, піл сүйегі, қола, темір, мыс, ағаш материалдарын қолданады. Сол сияқты мүсін өнерінің үш техникасы бар: бірінші жұмсақ-материалдан мүсіндеу, екінші-қатты материалдарды қашап, өңдеу, үшіншісі-металдан құйып, шекімдеу техникалары.

Сонымен қатар мүсін өнерінде дөңгелек, жұмыр мүсіннен басқада қолданатын түрі рельефтік әдісі. Ол рельеф, барельеф, горельеф болып үш түрге бөлінеді.

Рельеф-тақтаның ішіне қарай қашалып салынса, барельеф-ол тақтаның бетіне жартылай шығыңқы қылып бедерленеді, ал горельефте тақта мүсіндік бейненің артқы фоны ретінде қолданады. Мүсіндердің негізінен екі түрі, көлемді және жазық түрі белгілі. Қандайда болмасын аймақтың ерекшелікті анықтайтын спецификалық сипаттар негізінен көлемді мүсінге тән. Мысалы, соғдылық және буддалық негіздердің ықпалын көрсететін бет пішінін нәзік модельдеу, тұлғаның табиғи пропорциясын мұқият анықтау, сондай-ақ қас пен қолды біршама боямалы түрде стильдеу. Жетісу монументтік мүсін өнеріне тән белгілер болып табылады. Қазақстан бүгінгі күнде ең кең, тығыз ареалдардың бірі. Негізінен, бұлар ерлердің (киінген) мүсіндері. Сондай-ақ әйелдер (көбіне жаңалаш) мүсіннің де көп мөлшері табылады. Қазақстанның солтүстік және шығыс аймақтарындағы көлемді мүсіндер жетісулық мүсіндерден айтарлықтай ерекшелінеді. Мұндай көлем рельефі бәсең шығып тұрады, шебер оны аса мұқият модельдемеген, бөлшектері анық берілген, сәндік элементтері аз, оның есесіне көлемнің, монолиттік, біртұтастық әсері күшейтілген. Қазақстанның барлық аймақтарының мүсіндерінде киелілік элементтерін енгізді [2.10,116].

Қазіргі заман талабына жас балаларды сезімталдыққа, рухани мәдениетті болуға, әдемілікке баулу, әсемдікке баулу, әсемдік әлеміне бейімдеу-әр адамның қолынан келе бермейтін іс. Жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру және оны мектепте тәрбиелеу ең алдымен әдебиет, ән- күй, бейнелеу өнері сабақтарында іске асады.

Бейнелеу өнері-балалардың сүйікті істерінің бірі, олар өз шығармашылық белсенділігінен ләззат алады. Әсіресе, еркін тақырыпқа сурет салуға тапсырма берілгенде, баланың ішкі жан дүниесінің айнасын көргендей боласын. Ол өз ойын, сезімін, қиналысын сурет арқылы береді. Салған суреті оның құралы. Дәл осы кезде оқушы суретті баға үшін салмайды, ол өзінің болмысынан хабар беріп отырады. «Темірді қызған кезде соқ» дегендей, тәрбиедегі ол қылықтарды байқап, дұрыс бағыт бағдар беру үшін бұны педагогиканың таптырмайтын бір әдісі деп таныған абзал. Көбіне мінезі тұйық, жасық балалар үшін бейнелеу өнері сабағы-өз ойын еркін жеткізудің жолы. Бейнелеу өнерінде мүсін, кескіндеме, композиция және сурет сабақтары бірізділікті сақтай отырып жалғастырылады. Мүсін пәні бағдарламасы оқушылардың көру, қабылдау қабілеттерін арттырады, олардың эстетикалық ойлау, сезіну, түсіну сонымен қатар шығармашылық қабілетін шындайды, әр түрлі материалдармен жұмыс жасап, ептілік қабілеттерін шындауға әсерін тигізеді. Оқу бағдарламасы бойынша мүсіндеу сабағының ерекшелігі оқушылардың тұтас көру, қабылдау және форманың барлық көлемін анық көре білу үлгісін қалыптастырумен қатар олардың образды ойлау дәстүріне үйрету болып табылады.

Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру-өмірдегі және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдау және эстетикалық түсінікті, сезім мен талғамды тәрбиелейтін, өнерде және өмірде сұлулықты жасау, оған қатысу қабілетін қалыптастырудағы процес. Мүсін өнері арқылы оқушылар әсемдікке, көре білуге, заттың формасын айыра білуге үйренеді. Жалпы баланың ақыл-ойын дамытуға, ісмерлікке баулуға, эстетикалық тәрбие алуына көмек береді. Мүсін өнері арқылы оқушылардың қолын машықтандыру, еңбекке үйрету үрдісітеріне бару жолында, ең алдымен баланың осы өнерге қызығуы пайда болады. Содан кейін іске машықтануы арқылы икем мен бейімділігі қалыптасып, даму үрдісінде шығармашылық немесе эстетикалық қабілеті артады, өз қиялы, өз идеясы пайда болады, шығармашылық ізденісі жетіледі, еңбек ету қабілеті ашылады, шеберлік, ісмерлік дағдылары қалыптасады. Сабақ кезеңінде мүсін туралы, немесе үлкен атақты мүсіншілердің еңбегімен таныстырып, әңгімеге белсене араласуы, көрген туындыны өз ойымен сабақтастыра айтуы әр баланың ой түйіндей білуін, үлкен суретшілер шығармаларын қаншалықты түсінгені, оны өзіне қабылдауын, оның эстетикалық қабілетін айқындай түседі [3.27-28 б].

Сонымен қатар мүсін өнерінің тарихын саралап, даму кезеңдері туралы мағлұмат алады. Соның ішінде қазақ даласында табиғат жағдайлары мен уақытқа төтеп беріп, қазіргі біздің заманымызға дейін жеткен ескерткіштермен танысып мақтаныш сезімге бөленеді. Қазіргі қазақ мүсін өнерінің дамуына үлес қосқан Х.Наурызбаев, Е.Сергебаев, Е.Мергенов шығармашылықтарымен танысады. Осындай мүсіншілердің сомдаған Қазақстан қалаларындағы мүсіндік туындыларының атауларын, тақырыптың мазмұнын талдап, көркемдік идеялары ашылады.

Міне, осылай жүйелі түрде әр түрлі жұмыстар жүргізілсе, оқушылар құстардың пішінін, қимылын тағыда басқа аңдардың қозғалыстарын және олардың әр алуандығын немқұрайлы қабылдамай, әсемдік әлемінің бір бөлшегі ретінде сезініп, санаға сіңіріп, эстетикалық әсемдік тәрбиенің дамуына зор ықпалын тигізген болар еді.

Өмір болғасын тынымсыз тіршіліктің соңында жүріп, кейде айналамызда жүрген талантты адамдарды аңғармай да қалып жатамыз.

Кезінде қазақтың тума талант суретшісі Әбілхан Қастеев атамыздан сурет салуды қайдан үйрендің дегенде, «Ешкінің мүйізінен, әжемнің киізінен, таудың жотасынан үйрендім» - деген екен. Міне осыдан қарап-ақ қазақтың, қазақ даласының өнерге тұнып тұрғанын көреміз, қазақтың әрбір тасында сурет, тауында құдірет бар екенін байқайсың. Қазіргі кезде де ата-баба жолын жалғастырып, дамытып, өнердің өресіне шықсам екен деп ұмытылып жүрген жастар баршылық. Әлі де сондай хас таланттардың ұрпақтан-ұрпаққа өнерді жалғастырамына сенуге болады. Сондай айтулы азаматтың бірі жас талант иесі, жаңа бағытта жұмыс жасаушы, Торғай даласының тумасы Айдос Есмағамбетов. Айдос Есмағамбетов 1986 жылы, 27 қараша күні Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Ашутасты ауылында дүниеге келген. 1998 жылға дейін Қайыңды орта мектебін, 6 сыныптан бастап Ашутасты, Макаренко орта мектебін бітірді. 2010 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығын тамамдады. Айдос бейнелеу өнерін бала кезден-ақ жақсы көріп, шебер меңгерген. Институтта оқып жүргенде қалалық көрмелерге қатысты. 2006-2008 жылдары «Шабыт» фестиваліне қатысты. Белгілі қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтың кеңесімен Абылайханның 300 жылдығына орай хан бабаға арнап мүсін жасады. 2013 жылы Көкшетау қаласында өткен «Абылайханның 300жылдығы» атты көрмеге қатысты. 2014 жылы «Жас толқын» конкурсна қатысып, 1-ші орын жүлделеді. Айдос тек қана мүсін өнерімен емес, сонымен қатар кескіндеме өнерімен де айналысады. Айдос Есмағамбетов бейнелеу өнерінде өте сирек кездесетін тәсілді меңгерген. Ол-гиперреализм деп аталады. Бұл не дейтін болсақ, силиконнан түрлі бейнелер, мүсіндер жасаудың бір тәсілі. Гиперреализм жанрының ерекшелігі бейненің түпнұсқадан еш айырмашылығы болмайды. Денедегі әрбір сызық, әжім, тіпті кішкентай балапан түктерге дейін қамтылады.

Гиперреализм сурет өнерінің ерекше бағыты. Бейнелеу өнерінде өте сирек кездесетін жанр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Т. Самұратова. Бейнелеу өнері тарихы. Астана-2013.- 8 б
2. Әлемдік өнертану , үш томдық. 2-т. - Алматы: Өлке, 2008.- 10,11 б.
3. Мектептегі өнер №6, 2011.-27,28б.
4. М.С. Мұқашева, А.Ф. Сейітімов, Н.А. Хамзин. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі Астана -2008.- 204-205 б.
5. Энциклопедия искусства XX века. -66,67с

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК
DIGITAL TECHNOLOGY IN TEACHING OF SCIENCE

1.	<u>Сенькина Г.Е.</u>	Летняя школа для учителей математики как средство повышения квалификации учителей в условиях цифрового образования.....	5
2.	<u>Серік М.</u>	Бұлтта сервер мен деректер қорын ұйымдастыру әдістері туралы.....	12
3.	<u>Кудубаева С.А.</u>	Включение семантического анализатора в систему автоматического перевода жестового языка казахов.....	17
4.	<u>Қуанышбаев С.Б.</u> <u>Темірбеков Н.М.</u>	Оқытудың жаңа технологияларын педагогикалық процесте пайдаланудың тиімділігі мен ерекшеліктері	21
5.	<u>Умбетов А.У.</u>	Лазерлер және сандық технология.....	26
6.	<u>Жданов Э.Р.</u>	Смарт-технологии и электронное образование.....	30
7.	<u>Крутько Д.В.</u> <u>Жамалова С.А.</u>	Разработка проектанучной статьи с целью успешной публикации в информационных баззах web of science / thomson reuters, scopus.....	34
8.	<u>Сенькина Г.Е.</u> <u>Ескермесұлы А.</u>	Международное сотрудничество вузов России и Казахстана в условиях цифровизации образования: на примере смоленского государственного университета и Аркалыкского государственного педагогического института им. И.Алтынсарина...	41
9.	<u>Базылева А.А.</u>	Использование 3D моделирования и проектирования в проектной деятельности обучающихся при изучении физики в общеобразовательной школе: построение модели	45
10.	<u>Мусабеков О.У.</u>	Обучающая деятельность преподавателя физики в вуза по использованию цифровых образовательных ресурсов.....	50
11.	<u>Рахышов Т.Т.</u>	Сандық технология заман талабы.....	55
12.	<u>Демеуов А.Б.,</u> <u>Аяпбекова А. Е.</u>	География оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.....	59
13.	<u>Абдыманапов С.А.</u> <u>Муратбеков М.М.</u> <u>Барлыбаев А.Б.</u>	Вопросы цифровизации вузов.....	65
14.	<u>Тохтаганов Т.Р.</u>	Использование инновационных технологий на уроках биологии.....	71
15.	<u>Ескермесұлы Ә.</u> <u>Байзакова С.С.</u> <u>Алимгереева Г.Е.</u>	Білім беруде сандық технологияларды қолдану Барысында бірлескен ынтымақтастықтың алатын орыны.....	75
16.	<u>Ерсултанова З.С.</u> <u>Смаилова Э.М.</u>	Электронная образовательная среда Е-стади.....	79

17. <u>Ерік Ж.Р.</u>	Оқытудың инновациялық технологияларын физика сабағында пайдалану тиімділігі.....	84
18. <u>Ахмедина А.Қ.</u>	Биология пәнін оқытудағы инновациялық технологиялардың орны мен рөлі.....	88
19. <u>Әбілдина Ә.Б.</u>	Информатика сабағында сыни тұрғысынан ойлауды тиімді пайдалану.....	93
20. <u>Алматова А.М.</u> <u>Айдар Н.Н.</u>	Оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи құралдары.....	96
21. <u>Досмағұлова К.К.,</u> <u>Хамит А.Ж.</u>	Химия курсы компьютерлік моделдеу арқылы оқытудың тиімділігі.....	101
22. <u>Ескермесұлы Ә.</u> <u>Елемісов Ш.Қ.</u>	Электронды құжат айналымын ЖОО-да ұйымдастыру.....	107
23. <u>Ескермесұлы Ә.,</u> <u>Жаденов О.А.</u>	Photoshop графикалық редакторын пайдалану.....	111
24. <u>Жаксылықова А.Т.</u>	Әлемдік стандартқа сай жаңа білім негізі – сандық технология.....	116
25. <u>Нурханов М.А.,</u> <u>Балыкбаева Г.Ш.</u>	География пәнін оқытуда ақпараттық технологияны қолдану.....	121
26. <u>Жамалова С.А.,</u> <u>Сайыпова Г.Б.</u> <u>Байғарин Ә.С.</u>	Информатика мен геометрия пәндері арасындағы пәнаралақ байланыс орнатудағы қолданылатын әдіс-тәсілдер.....	125
27. <u>Сүндетбаева А.Ж.,</u> <u>Назарова Б.Қ.</u>	Информатика курсынан цифрлық білім беру контентін жасақтаудың тиімді әдістері мен білім берудегі маңыздылығы.....	128
28. <u>Тотыбекова А.К.</u>	Химия сабағында жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.....	131
29. <u>Алиева Г.С.</u> <u>Ханыбек Ұ.</u>	Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында Scratch бағдарламалау ортасын оқу үрдісінде қолдану.....	138

СЕКЦИЯ 2

SECTION 2

ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ ГУМАНИТАРНЫХ ДИСЦИПЛИН

USING OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN TEACHING HUMANITIES

30. <u>Байдалы Р.Ж.</u>	Тарихи пәндерді оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.....	142
31. <u>Калимжанова Р.Л.</u>	Влияние тенденций цифровизации и технологизации образования на речевую культуру студентов.....	145
32. <u>Амрина М.С.</u>	Қазақ батыры Шақшақ Жәнібекке қатысты тарихи зерттеулер.....	153
33. <u>Amrina M.</u>	F.A. Shcherbina expedition on the study of Kazakh steppe in late xix and early xx centuries.....	157
34. <u>Бүркітбаева М.А.</u>	Оқыту үдерісінде сын тұрғысынан ойлау	

	<u>Бостанова И.О.</u>	технологиясы арқылы эссе жазуды жетілдіру жолдары.....	163
35.	<u>Маденова Л.М.</u>	Жаңғыру жолындағы цифрлық Қазақстан.....	167
36.	<u>Аманбаева Н.Ж.</u>	Проблемы и перспективы развития образования в современном мире.....	171
37.	<u>Бадаева М.С.</u>	Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.....	174
38.	<u>Нүркенова М.М.</u>	Бастауыш сыныпта оқытудың жаңа технологияларын қолдану тиімділігі.....	177
39.	<u>Сабырбаева А.С.</u>	Отбасындағы жалпыадамзаттық құндылықтардың маңызы.....	180
40.	<u>Шалдыбай А.И.</u>	Применение икт на уроках русского языка и литературы.....	183
41.	<u>Абдуллина А.Ә.</u>	Ахмет Байтұрсынов және ауыз әдебиеті.....	188
42.	<u>Абилхаиров О.Е.</u> <u>Коркитбаев С.Е.</u>	Инновационные подходы к развитию адаптивной физической культурой с детьми с особыми образовательными потребностями.....	193
43.	<u>Абилхаиров О.Е.</u> <u>Құлтанов Д.Т.</u> <u>Кауханова М.С.</u>	Ерекше оқытуды қажет ететін инклюзивті және арнайы білім беруді дамытудың бағыттары.....	198
44.	<u>Айдарова Г.К.</u>	Прозадағы жан-жануарлар бейнесінің символикасы.	204
45.	<u>Ауезова Ш.С.</u>	С.Аманжоловтың мектеп оқулықтарын, оқу бағдарламаларын жазудағы орны.....	209
46.	<u>Елеусов Б.А.</u> <u>Мырзалиева Ж.Б.</u> <u>Еркенова Г.Б.</u>	Қазіргі жағдайда шағын жинақталған мектептерде жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі.....	215
47.	<u>Бейсенбаев С.К.</u> <u>Сармантаев А.</u>	Емдік гимнастиканың механизмі.....	220
48.	<u>Бейсенбек Г.А.</u> <u>Қошанов Н.Б.</u>	Дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды пайдалана отырып, білім сапасын арттыру.....	226
49.	<u>Бошыбаев Т.Б.</u> <u>Сейткерей А.М.</u>	Қазақ ұлтының санасында сақталып, оның қоғамдық өміріне мінсіз қызмет еткен билер соты	230
50.	<u>Валиханов Ш.</u>	Уақыт мінбері.....	233
51.	<u>Дүйсебекова А.Е.</u> <u>Абилғазина Л.А.</u>	Педагогикалық технологияларға қойылатын әдіснамалық талаптар.....	238
52.	<u>Ерманова А.Б.</u> <u>Нұрлыбай Ә.Н.</u>	Тарихты оқыту барысында педагогикалық технологияларды пайдалану.....	243
53.	<u>Ершатов Қ.Б.</u> <u>Сейдалиев А.М.</u>	Салауатты өмір салтына құндылық қатынастарды қалыптастыру.....	249
54.	<u>Жандилдина Р.Е.</u> <u>Саттар Т.Т.</u>	Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық білім берудің бағыттары.....	253
55.	<u>Жармагамбетов Е.Е.</u> <u>Кайырбек С.Ж.</u>	Исторические предпосылки внедрения латинской графики в Казахстане.....	256

56.	<u>Жұмабаева Г.С.</u>	Русские волшебные сказки (Архетипы национального поведения).....	261
57.	<u>Кара Ә.Б.</u>	Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудағы дүниетану пәнінің мүмкіндіктері.....	267
58.	<u>Нурканов Ж.К., Байшугулова Б.К.</u>	Білім беру жүйесінде сандық технологияларды қолдану – заман талабы.....	270
59.	<u>Оразбекова Р.С., Алтыбай Е.Н.</u>	Жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшелігі	274
60.	<u>Рахметова Б. А.</u>	Шағын жанрдың шебері.....	279
61.	<u>Расулов С.М. Христолюбова А.Ю.</u>	Методы совершенствования техника - тактических действий в борьбе.....	284
62.	<u>Расулов С.М., Цуркан А.В.</u>	Условия формирования здорового образа жизни детей дошкольного возраста.....	288
63.	<u>Шайменова Л.С., Құлманова А.А., Явенова Л.Г.</u>	Использование информационно-коммуникативных технологий в работе с родителями в условиях ДОУ.....	292
64.	<u>Темирханова Қ.Ш.</u>	Балабақшаның білім беру үрдісінде ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі.....	295
65.	<u>Толегенов Т. Ұлысбаев Н.Т.</u>	Дене дамыту тұжырымдамасының түрлі тәсілдері мен оқушылардың физикалық дамуының ерекшеліктері.....	299
66.	<u>Толегенов Т. Хамит С.С.</u>	Дене шынықтыру мен спорттық үйірмелердің мақсат – міндеттері.....	304
67.	<u>Ұзақов С.Ә. Серікбай А. Қасымбек Е.</u>	Білім сапасын арттыруда жаңа инновацияларды пайдалану жолдары.....	309

**«БІЛІМ БЕРУДЕГІ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР:
МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

17 қазан 2018 жыл

**МАТЕРИАЛЫ
международной научной-практической конференции на тему:
«ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ:
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

17 октября 2018 года

**THE MATERIALS
of the international scientific-practical conference
«DIGITAL TECHNOLOGIES IN EDUCATION:
PROBLEMS AND PROSPECTS»**

October 17, 2018

Компьютерлік беттеу: Г.Қ. Төлебаева
Басуға 16.10.2018 қол қойылды. Гарнитура Times New Roman
Пішіні 29,7x21½. Көлемі 19,92 ш.б.т
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №1089

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының
редакциялық-баспа бөлімі

110300, Арқалық қаласы
Әуелбеков көшесі, 17
e-mail: arkgpi@mail.ru